

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

ISSN 0142-0843

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 3(79)/2015
Серия ФИЛОЛОГИЯ

Шілде—тамыз—қыркүйек
30 қыркүйек 2015 ж.

1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Июль—август—сентябрь
30 сентябрь 2015 г.

Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГП **Карагандинский государственный университет
имени академика Е.А.Букетова**

Бас редакторы — Главный редактор
Кубеев Е.К., д-р юрид. наук, профессор

Зам. главного редактора
Ответственный секретарь

Х.Б.Омаров, д-р техн. наук
Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук

Редакция алқасы — Редакционная коллегия

М.И.Абдуов,
Г.Ю.Аманбаева,
Золтан Андраш,
Ж.А.Жакупов,
Ш.М.Мажитаева,
Матейко Любор,
Ж.Н.Жунусова,
Н.И.Букетова,
А.С.Адилова,
Б.Шалабай,
Н.Ж.Шаймерденова,
С.А.Матяш,
М.Д.Джусупов,
У.М.Бахтикиреева,
Т.В.Белюшкова,
К.Жанбозулы,
Ж.З.Кадина,

редактор д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук (Венгрия);
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
PhD д-р (Словакия);
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук (Россия);
д-р филол. наук (Узбекистан);
д-р филол. наук (Россия);
д-р филол. наук (Россия);
д-р филол. наук (КНР);
отв. секретарь
канд. филол. наук

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: vestnik.ksu.kz

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Техн. редактор *Д.Н.Муртазина*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 29.09.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 16,5 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 281.

Подписано в печать 29.09.2015 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 16,5 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 281.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Вариант фразеологизмдердің көркем шығарма тілінде қолданылуы.....	4
<i>Рахымберлина С.Ә.</i> Қазақ бейресми есімдері тарихы: бірінші кезең.....	10

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМІ

<i>Тимошенко В.</i> Заманауи тіл білімінде библеизм түсінігі	15
--	----

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРАНУ

<i>Такиров С.У., Шәмишева Ж.Н.</i> Асқар Алтай прозасының сюжеттік ерекшелігі	20
<i>Каренов Р.С.</i> Ұлы ғұлама әл-Фараби мұрасының әдебиетке, поэзияға қатысты қырлары.....	26
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Сал-серілердің ұлттық рухани мұрасы	37
<i>Әбдуова Н.М.</i> Мазмұн мен формадағы сабақтастық	43
<i>Каренов Р.С.</i> Әбу Насыр әл-Фараби: өмірі, шығармалары, жаһандық ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі	48
<i>Такиров С.У.</i> Сәбит Мұқанов және кеңестік сын	62
<i>Әлімақынұлы Д.</i> Ақын Зият Көбегенұлының өмірі мен шығармашылығы.....	69
<i>Әбілқасов Ғ.М., Жақан Ә.Қ.</i> Жоғары техникалық оқу орнында жастардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.....	76
<i>Қалыбекова Қ.С., Хамзина Қ.М.</i> Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы тартыс пен характер	81

ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Абишева В.Т.</i> Отандық журналистика жүйесінде толеранттылық тұжырымдамасы қалыпты норма ретінде.....	90
<i>Демьянова Ю.А.</i> Очеркист Жуковский: сөздік портреттің кескіні	96
<i>Абишева В.Т.</i> Мысқыл дүниетанымдық ұстанымды білдіру тәсілі ретінде.....	101

СОДЕРЖАНИЕ

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Использование вариативных фразеологизмов в художественной литературе ...	4
<i>Рахымберлина С.А.</i> История казахских неофициальных имен: первый период	10

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Timoshenko V.</i> The concept of biblical expression in modern linguistics	15
---	----

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Такиров С.У., Шәмишева Ж.Н.</i> Особенности сюжета в прозе Аскара Алтая	20
<i>Каренов Р.С.</i> Исследования в области литературоведения, поэзии как составная часть многогранного научного творчества великого ученого аль-Фараби	26
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Национальное духовное наследие сал-сери	37
<i>Abduova N.M.</i> The content and form of succession	43
<i>Каренов Р.С.</i> Абу Насыр аль-Фараби: жизнеописание, труды, вклад в мировую науку и культуру	48
<i>Такиров С.У.</i> Казахская литературная критика 30–40 годов XX века (на примере произведений С.Муканова)	62
<i>Алимакынулы Д.</i> Жизнь и творчество акына Зията Кубегенулы.....	69
<i>Abilkasov G.M., Zhakan A.K.</i> Formation of Youth Elocution in the Technical Higher Education Institutions.....	76
<i>Калыбекова К.С., Хамзина К.М.</i> О романе Рамазана Тоқтарова «Абайдың жұмбағы»	81

ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Абишева В.Т.</i> Концепция толерантности как норма в системе отечественной журналистики ..	90
<i>Демьянова Ю.А.</i> Очеркист Жуковский: штрихи к речевому портрету.....	96
<i>Абишева В.Т.</i> Ирония как способ выражения мировоззренческой позиции	101

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Құрман Н.Ж.</i> Қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту негіздері	107
<i>Масақова Г.А., Айтбаева Б.М.</i> Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі	114
<i>Балапанова Қ.Ж., Мизанбаева Г.Ш., Сатеева Б.С.</i> Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияның қолданылуы	122

СЫН

<i>Әбдуов М.И., Қазбеков Т.Б.</i> Кенесары көтерілісінің қаһарманы Мәнжі батыр туралы зерттеу	127
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	132

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Курман Н.Ж.</i> Основы развития функциональной грамотности в изучении казахского языка	107
<i>Масакова Г.А., Айтбаева Б.М.</i> Эффективность информационных технологий в преподавании казахского языка как иностранного	114
<i>Балапанова К.Ж., Мизанбаева Г.Ш., Сатеева Б.С.</i> Использование информационных технологий в обучении казахскому языку	122

РЕЦЕНЗИИ

<i>Абдуов М.И., Казбеков Т.Б.</i> Исследование о герое восстания под предводительством Кенесары — Манжи батыре	127
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ	132

ӨОЖ 81'1:81'36

Э.Н.Ажарбекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: elvira-2210@mail.ru)

Вариант фразеологизмдердің көркем шығарма тілінде қолданылуы

Мақалада тіл біліміндегі сөз және фразеологизмдердің варианттары қарастырылды. Автор тіл білімінде варианттылық мәселесін қарастырған ғалымдардың ой-тұжырымдарын негізге ала отырып, көркем шығарма тіліндегі фразеологизмдерге тілдік талдау жасаған. Фразеологизмдердің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, лексика-грамматикалық варианттарын тілдік деректер арқылы дәлелдейді. Фразеологизм варианттарының көркем шығарма тілінде қолданылуы кең әрі өрісті екендігін және олардың жазушы қолданысында стильдік бояуының арта түсетінін мысалдармен көрсетеді.

Кілт сөздер: сөз варианты, вариант фразеологизмдер, фразеологизмдердің лексикалық варианты, фонетикалық варианты, морфологиялық варианты, лексика-грамматикалық варианты.

«Варианттылық» ұғымы, жалпы алғанда, бір сөздің нормадан ауытқып, әр түрлі айтылуы немесе мазмұн, түсініктің бірнеше нұсқада жеткізілуі.

Тілдегі варианттылық — қазіргі тіл біліміндегі келелі мәселелердің бірі. Тіліміздегі сөздер мен сөз тіркестеріндегі варианттылықты «ескі» мен «жаңаның» қатар өмір сүруі десек, оның өзі тіл біліміндегі тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпы (синхронды) мен тілдің тарихи уақытта өзгеруі мен дамуы (диахронды) жағдайында қарастырылатыны белгілі. Зерттеушілер варианттылықты тілдің барлық сатысында өмір сүруін, ең алдымен, синхронды және диахронды дамудың арасын үзбей, алшақтатпай байланыстыруға қызмет ететіндігін айтады.

Сөздің варианттылығы — тілдің табиғи ерекшелігінен туған лексика-грамматикалық құбылыс. Сөз варианттылығы ауызекі сөйлеу тілінде жиі ұшырайды. Айтушы (сөз иесі) сөйлеу процесінде сөз варианттарының бірін қолдана отырып, айтар ойын өз қалауынша жеткізе береді. Коммуникация заңы бойынша бір сөздің қолдану өрісінде түрліше айтылуының өзі, бір жағынан, тілдің мол мүмкіншілігінен бұрын сөздің артықшылығын көрсетеді десек те, тілдің үздіксіз даму жағдайында вариант сөздердің болуы заңды нәрсе. Өйткені тіл — қоғамдық құбылыс. Тіл кеңістік категориясынан, уақыт категориясынан алшақ дамымайды. Тіл өзінің даму сатысында белгілі бір тарихи әлеуметтік жағдайға байланысты, қоршаған орта, адамдар арасындағы түрлі жағдайлардан оқшау өмір сүрмейді. Варианттылық — тілдік норманың тұрақты табиғи құбылысы. Тілде варианттылық болмаса, норма туралы ұғым болмас еді. Тілдегі сан алуан вариант түрлері (мысалы, лексикалық) түптеп келгенде стильдік мақсатпен жұмсалады.

Қазақ тіл білімінде варианттылық мәселесін Қ.Жұбанов, Ә.Болғанбаев, М.Балақаев, И.Қ.Ұйықбаев, С.Бизақов, К.Аханов, Ш.Ш.Сарыбаев, Х.Нұрмұқанов сынды ғалымдар зерттеген.

Ә.Болғанбаев: «Сөз варианттары дегеніміз — дыбысталуы мен мағынасы бір-біріне жақын, тілде жарыса қолданылатын, шыққан тегі бір сөздер.

Сөз варианттары мынадай үш түрлі белгі арқылы ажыратылады: а) сөздің түбіріне ортақ ұқсастық болу арқылы; ә) лексика-семантикалық жалпылығының сақталуы арқылы; б) дыбыстық өзгешелігі лексика-семантикалық өзгеріс тудырмайтыны арқылы.

Бір түбірден таралған, дыбысталуы бір-біріне ұқсас келген сөздердің бәрін вариантты сөздер тобына жатқыза беруге болмайды. Кейде бір түбірге бірнеше қосымша қосып, түрлендіріп айта беруге болады. Мысалы, *әнке* деген сөзден *әнкетай*, *әнкешім* деп құбылтып, әр түрлі көңіл-күй, көзқарасымызды, үлкен мен кішіге ілтипатымызды білдіреміз. Бұл тәрізді құбылыстардың бәрін сөз варианттары деп қарауға болмайды» [1; 115], — деген пікір білдіреді.

Қ.Жұбанов 1929 ж. 2–4 маусымында Қызылорда қаласында өткізілген ғылыми-терминологиялық конференцияда шылаулардың варианттары жөнінде айтқан.

Ғалым 1935 ж. жазған «К пересмотру казахской орфографии» деген мақаласында жарысып айтылып, жазылып жүрген мына сөздерді атап көрсеткен: *асыра-асра*; *Ақымет-Ақмет*; *көбірек* – *көбрек*; *ру* – *ұру*; *рет* – *ірет*; *Абыралы* – *Абралы*; *және* – *жәнә* – *жана*; *ешкім* – *ішкім*; *едеуір* – *әдәуір* – *нәдәуір*; *қарқын* – *қарғын*; *шыймай* – *шіймай* – *шыжбай*; *кірініш* – *керпіш* – *кербіс*; *бійбастақ* – *бейбастақ* – *бей-бастақ*; *жәнтік* – *жәндік*; *шыныра* – *шінара* – *ішінара*; *саржан* – *шажын* [2].

Проф. М.Балақаев 1941 ж. жазылған «Қазақтың әдебиет тілінің өсу жолдары» деген мақаласында жаңа терминдердің көбейіп келе жатқанын, олардың өздеріне балама, жарыспалы сөздерге қарағанда, кең орын алып отырғанын дәлелдеді. Ол 1965 ж. «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген кітап бастырып шығарды, бұл кітап 1971 ж. «Қазақ тілі мәдениеті» деген атпен ықшамадылы, екінші рет басылып шыққан. Осы еңбекте әдеби тіліміздің нормасы мен сөз варианттары туралы келелі пікірлер айтылады. Аталған кітапта «Әдеби тілдің нормасы» деген II-тарауы норма мен вариант мәселелеріне арналған.

И.Қ.Ұйықбаев 1976 ж. шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы» деген еңбегінде қазақ тілі мәдениетіндегі өзекті мәселелерінің бірі — өз варианттары проблемасын зерттейді.

И.Қ.Ұйықбаев сөз варианттарын: «лексикалық-семантикалық дублеттер, морфологиялық варианттар, синтаксистік және стильдік варианттар, орфоэпиялық және орфографиялық варианттар» деп бөлген [3; 16].

Сөз варианттары іштей бірнеше түрге бөлінген.

Комбинаторлы вариант сөздегі дыбыс өзгерістеріне байланысты болады (*ылғал* – *ығал*; *мүсәтір* – *мұсатыр* – *нысатыр*; *таяз* – *саяз* т.б.).

Факультативтік вариант — сөйлеушінің еркінше айтатын, не жазатын варианты (*кәрі жілік* – *кәржілік*; *көмей* – *көмекей*).

Сөздің индивидуалдық варианты жеке адамның сөйлеу ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Стильдік вариант жеке адамның сөз қолдану мәнерін білдіреді.

Графикалық варианттар терминдерде де кездеседі. Мысалы: *доңғалақ* – *доғалақ*; *шыл* – *шіл*; *диірмен* – *тиірмен* т.б.

Сөз варианттары тілдік дәрежеде сараланып қарастырылған. Ғалым сөз варианттарын синоним деп атаған: «Сөз мағыналарының тепе-теңдігі варианттылықтың белгісі болады, сөздердегі мағыналардың қатыстық, жақындығы, жуықтығы синонимдерге тән қасиет. Сондықтан да сөз варианттары абсолюттік синонимдер деп аталады» [3; 13].

Сонымен қатар И.Қ.Ұйықбаев сөз варианттарын абсолюттік және қатыстық деп қарастырады. «Абсолюттік варианттарға сөздердің мағыналарын тапжылтпай, дәлме-дәл сол сөздердің өздерімен түсіндіру үшін қолданылған сөздер жатады: *мал* – *мал*, *мал дегеніміз* – *мал*; *өрттің аты* – *өрт*; *тіл дегеніміз* – *тіл*.

Сөздердің қатыстық варианттары олардың құрылымдық, семантикалық және стильдік айырмашылықтары арқылы жасалады: *әйел* – *айал*; *болыпты* – *бопты*; *үлгіру* – *үлгеру*; *арбыз* – *дарбыз*; *діңке* – *қауын*.

Және де терминологиядағы сөз варианттарының екі жағдайда кездесетінін айтқан:

1. Халықаралық терминдер мен халықтық атаулардың жарысып қолданылуы.
2. Халықтық атаулардың екі немесе одан да көп вариантта айтылуы [3; 15].

С.Бизаков вариант сөздер жайында былай деген: «Бір сөздің жарыспалы тұлғалары дегеніміз — мағыналық жағынан абсолют теңдікте тұрған, сөйлемде ешбір реңктік, стильдік бояуымен ерекшеленбейтін, әр алуан себептермен, дыбыстық немесе тұлғалық ауытқауға ұшырап, әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген дыбысталуы бөлек, бірақ қолдануында мағыналық дербестігі жоқ бірнеше вариантта айтылатын сөздер» [4].

Ғалым тілдегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық заңдылықтар мен олардың өзгеру бағытына орай сөздің тұлғалық вариантына қатысты мынадай жәйттерді аңғарған:

1. Сөздің көп варианттылығы — көбінесе әдеби тілдің қалыптасуының ертеректегі кезеңіне тән құбылыс.

2. Сөздің вариант қатарлары тілде кездейсоқ пайда болған құбылыс емес, белгілі заңдылыққа сай ғана қалыптасып келеді. Сөздің жарыспа варианттарының түзілу себебін, ең алдымен, сол тілдің өзінен, ондағы түрлі процестен, даму заңдылықтарынан іздейміз.

С.Бизақов тілде сөздің фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық варианттарын топтап, фонетикалық варианттарды қолдану сипатына, тілдік қатынасына, шығу арналарына қарай, орфоэпиялық варианттарды сөйлеу тілі ауанымен болатын өзгерістен және жазу дәстүрі мен жазу нормасының ықпалымен қалыптасуына қарай жіктеп, грамматикалық варианттарды морфологиялық және синтаксистік варианттарға ажыратады.

Тіл білімінде сөз варианттарымен бірге тұрақты сөз тіркестерінің де варианттылығы зерттеу нысаны болды. Фразеологизмдердің варианттылығы жөнінде Ә.Болғанбаев, Г.Смағұлова сынды ғалымдар зерттеу жүргізген.

Ә.Болғанбаев тілдегі фразеологизмдердің варианттарын былайша топтастырған: 1. Фонетикалық варианттар. 2. Лексикалық варианттар.

Мысалы: *Ырза болды – риза болды, разы болды; өне бойы – өн бойы; ен дала – иен дала; адыра қал – әдіре қал – әдірем қал; бесенеден белгілі – пешенеден белгілі* т.б. фонетикалық вариант жасап тұр. Ал, *абыройын төкті – абыройын жойды; беті күйді – бетінен оты шықты; кәрін төкті – кәріне мінді; өш алды – кек алды; алдына жан салмады – алдына қара алмады* т.б. мағыналас фразеологизмдердің бір компонентті өзара мәндес сөздермен алмасып, лексикалық варианттар болып табылады [1; 233].

Г.Смағұлова фразеологизмдердің төмендегідей варианттарын көрсетеді:

1. Фразеологизмдердің фонетикалық варианттары.
2. Фразеологизмдердің лексикалық варианттары.
3. Фразеологизмдердің морфологиялық варианттары.
4. Фразеологизмдердің лексика-грамматикалық варианттары [5].

Фразеологизмдерді олардың синонимдері мен варианттарын қолданудың стилистикалық тәсілдері мен ерекшеліктері көркем әдебиетте айқын аңғарылады. Тіл қызметінің анық та сан қырлы мәнерлігі мен қуаттылығы ерекше айқындалатын тұсы — көркем әдебиет.

Фразеологизмдер шығарма тілінде айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық колорит береді. Халық тілінің бұл қат-қабатты қазынасына барлау жасап, көзін табу, қажетіне жарату «адам жанының инженері» — жазушының шеберлігіне байланысты.

Сөйлеу тілінің фразеологиясы, басқа стильдерге қарағанда, варианттар мен синонимдерге бай келеді. Сол себепті «фразеологизмдер — сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады». Тұрақты сөз тіркестері аз сөзбен көп мағынаны білдіріп, орамдылығымен, образдылығымен тілдің стильдік сапасын арттырады.

Әдетте тұрақты сөз тіркестерінің көркем шығармада қолдану ерекшеліктері қандай десек, ойға оралатын бір қағида — ол әр жазушы-ақынның өз мүмкіндігі, өз стилі.

Жоғарыда сөз етілген фразеологизмдердің вариант түрлерін көркем шығарма тілінен қарастырсақ. Мұхтар Әуезов шығармаларында аталған варианттар жиі ұшырасады. Мәселен, *тағат таба алмады* деген тіркестің варианты *тақат таба алмады* деп қолданылады. Мысалы: *Тағы да сабыр, тақат таба алмай, Тұрғанбайдың қасынан аттарын борбайлап, ағызып өткізді* (М.Әуезов). *Сері жігіт Әкімқожа тағат таба алмады* (М.Әуезов). *Тағат таба алмады, тақат таба алмады* саябырсыздық, дегібірсіздік деген мағынаны білдіреді, *з-қ* дыбыс алмасулары фонетикалық вариант жасап тұр.

Жазушының шығармасында протеза құбылысы кездеседі. Мысалы: — *Жол, жора мені тапса, мен жаман да бір ән тауып көрейін! — деп, үй ішін ырза қылып күлдірді де, домбырасын ширақ тартып, күйлеп алды.* (М.Әуезов). *Разы қылды* сөз тіркесінің протеза құбылысына ұшыраған күйі — *ырза қылды, риза қылды.* Яғни бұл тұрақты сөз тіркестері протеза құбылысына ұшырағанымен, мағыналарында өзгеріс жоқ, *көңілін тойдырды* деген мағынада.

Ләззат тас бүркеніп жатып қалды. Ана қыз оны мендей жақсы көрмейді. Мен бар ықыласыммен... Ал, егер Нияздың маған деген ықыласы болмаса ше? — дейді ішінен (Т.Ахтанов). *Кейде ол тарс бүркеніп жатып қалады екен де, ілі-шала атып тұрып шыға жөнеледі екен* (М.Ә). *Тас бүркеніп, тарс бүркеніп* деген сөз тіркестеріндегі бір компоненттегі бір дыбыстың түсіп қалу арқылы фонетикалық вариант жасап тұр. Тіл біліміндегі мұндай фонетикалық өзгерістер түрін апакопа дейді.

Фразеологизмдегі фонетикалық вариантты сөздердің түрлі стильдік мәнде қолданылып, семантикалық саралануы контексте берілген ойды айқындап, дәлелдеп көрсету үшін қажет.

Қырын қарап құйрықты сыртқа салған, келген достың көбінің жүні жығық, баяғы күріл де жоқ, дүниені алған (С.Торайғыров). *Ұлжанның, әсіресе, қамығатыны мына жаңа келе жатқан Бөжейдің асына да Құнанбай биыл қалыпта қырыс қарап, шырай беретін емес* (М.Әуезов). *Қырын қарап, қырыс қарап* деген сөз тіркестері алдыңғы компоненттегі дауыссыз *н-с* дыбыстарының ауысуы арқылы фонетикалық вариант жасап тұр.

Абай селт етіп шошып оянып, басын жұлып алып, айналаны шала танып, жастыққа қайта сұлқ құлайды (М.Әуезов). *Танакөз де жиіркеншек-ақ болатын. Поселкеге ене бергенде, май тұмсықтың бірі қорс етіп еді, ол селк ете қалды* (Ғ.Мұстафин). *Селк етті, селт етті* фразеологиялық тіркестердің бір сыңары дыбыс өзгерістерінің нәтижесінде мәндес сөздерге айналып кеткен.

Болат тонын сыпырып алсаң, немістер де бір, қоян да бір екен. Танкілері талқандалғаннан кейін, көп қарсыласа алған жоқ, зыта жөнелді, біз ұран салып қуып бердік (Ә. Әбішев). *Қараңғы түнде, арқасында қапшық, жытып отырды Бәйтен* (Ғ.Мұстафин) деген мысалдардағы *зыта жөнелді, жытып отырды* деген сөз тіркестеріндегі *з-ж* дыбыстарының ауысып қолдануы арқылы фонетикалық варианттар жасалған.

Сүйдірген сені маған көкішіл тісің, «Адыра қалғыр, ойбай», — деп қылған ісің. Салды балақ қарғадай салпылдаған, Біткен жоқ бұл әлемге сендей пішін. Былжыраған жүрісің, Жоғал арман құрысын (С.Торайғыров). *Әдіра қал, оңбаған күң, ұжмаққа бармақ шығар?... оған қайдағы ұжмақ! — деп кекетеді* (Б.Майлин).

Адыра қалғыр, әдіра қал деген тіркестерде жуан дыбыстың жіңішке дыбысқа ауысуы арқылы фонетикалық вариант жасалып тұр.

Қысқасы, бір кездегі айбынды елдің дұшпандары талап-таражын шығарып, ұлын ұрымға, қызын қырымға шұбыртады (І.Есенберлин). *Енді алдап шақырып алып, ақ патшаға ұстап бермек. Ұлыңды үрімге, қызыңды қытайға зытырмақ.*

Ұлын ұрымға, қызын қырымға шұбыртады, ұлыңды үрімге, қызыңды қытайға зытырмақ деген сөз тіркестерінде бір компоненттегі дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке келуінен фонетикалық вариант жасалып тұр.

Фразеологизмдердің жалпы мағынасын толық сақтап, құрамындағы компоненттердің бірін басқа мәндес бір семантикалық өрістегі сөздермен ауыстыру арқылы жаңа нұсқа пайда болады. Мысалы: *Қабақ қаққандай бір оқыс әрекет ішінде сол уақиғаның өзінде көргендей болды* (М.Әуезов). *Олай болса, кірпік қағымда өте шығатын қысқа өмірде жан сезімін, ар-қиятты адал сақтай білгенге не жетсін* (С.Әлжіков). Мұндағы *кірпік қағымда, қас қаққанша* деген сөз тіркестері *лезде, көзді ашып жұмғанша* деген мағына береді. Бұл вариантты тіркестер — *қабақ, кірпік* сөздері арқылы семантикалық трансформация негізінде пайда болған варианттар. Фразеологизмнің қалыптасқан үлгісіндегі бір компоненттік әрекеттің, түр-түсінің жақындығына, функционалдық ұқсастығына байланысты басқа сөзбен ауыстыру арқылы тіркестің эмоционалды әсерлігін арттыра аламыз.

Басында қызыға қарап тұрған қалпынан тез жалт бұрылып, салдар тобына серт берді (М.Әуезов). *Қарқаралыдан Құнанбайдың осы сапарына серт еткен Өндірбай қалпе қосылмақ еді* (М.Әуезов). Мұндағы *серт берді, серт етті* тіркестері айнымасқа сөз байлады, келісім ант жасасты деген мағынада. Бұл тіркесте *етті, берді* сөздері алмасып қолдану арқылы лексикалық вариант жасап тұр.

Мәкіш өлең сөзін, әсіресе, құлақ қойып тыңдап қалыпты (М.Әуезов). *Абай көтеріліп отыра бере, сыртқа құлақ салып тыңдап қалыпты* (М.Әуезов). Мұндағы *құлақ қойды, құлақ салды* деген тіркестер көңіл қойып тыңдады, зейін қойды деген мағынада жұмсалып, лексикалық вариант құрап тұр.

Қарашегірдің қоя бергені! — деп, Жабай бүркітінің түлкіден айырылғанын бір жағы Әділден көреді. Және де жерді сылтау етіп тұр (М.Әуезов). *Қаймығып оған қарсы жан шықпады, әр жігіт әр нәрсесін сылтау қылып* (Ж.Саин). Мұхтар Әуезовтің шығармасында *сылтау етті* деп кездессе, Ж.Саинның шығармасында *сылтау қылды* деп кездеседі. Бұл тіркестердегі *етті, қылды* сыңарларының алмасып қолдануы арқылы лексикалық вариант жасап тұр. *Сылтау етті, сылтау қылды* деген тіркестер болмашы нәрсені желеу, тиек ету деген мағынаны білдіреді.

Бұл түнді Абай қиналу, қызу, ауыр сандырақ күйінде өткізді. Тоғжан мен Ербол да бір сәтке көз іліп, тыным алған жоқ (М.Әуезов). *Генерал Разумов бұл күндері тыным көрген жоқ, құрама*

командирлерін ертіп жүріп, басқа да көп-көп әскер бөлімдерін аралап шықты (Ә.Нұрпейісов). Тыным алмады, тыным көрмеді деген сөз тіркестері тізе бүкпеді, жарғақ құлағы жастыққа тимеді, тыныштық көрмеді деген мағынада. Бұлар мысалдарда лексикалық варианттар жасап тұр.

Фразеологизмдердің грамматикалық варианттары белгілі бір морфологиялық түрлер мен синтаксистік конструкциялар арқылы жасалады [5; 90]. Сөйтіп, фразеологиялық тіркестерінің морфологиялық құрылысы әр түрлі болғанымен, іштей, яғни семантикалық жақтан, айырмашылығы болмайтын түрлері фразеологизмнің морфологиялық варианттары болып табылады.

Көркем шығармада фразеологизмдердің морфологиялық варианттары жиі ұшырасады.

Дәрмен сырын білген де, ішіне түйген тәрізді (М.Әуезов). *Дегенін жайлы осылай күйдің тілі, Мерген қыз ширатып кеп ішке түйді* (І.Жансүгіров). *Ішіне түйген, ішке түйді* деген тіркестердің алғашқысында алдыңғы компонентіне барыс септігі жалғауы тәуелдік жалғаудан соң жалғанса, соңғысында түбірге бірден жалғану арқылы морфологиялық вариант жасалып тұр.

— *Машина жайын білмеген соң, тынышыңа тұрсайшы, — деп жас шофер ананың аузын қақты. — Жә, жә! Болды, Тәуке, болды! — деп Танакөз одан әрі сөйлетпей, ауызға қақты* (Ғ.Мұстафин). *Аузын қақты, ауызға қақты* тіркестері септік жалғауларының орын ауысулары арқылы семантикалық құрылымына еш нұқсан келмейтіндей өзара вариант жасап тұр.

Келін шырағым, жұрттың өсегінееріп, мен де сенен бойымды аулақ салып жүр едім, — деді әйел Раушанға (Б.Майлин). — *Жақсы, жақсы сіз де менен бойыңызды аулақ сала бастадыңыз ба, — деді де Батырбай орнынан тұрып кетуге айналды* (М.Иманжанов). Бұл мысалдардағы бойын аулақ салды, бойды аулақ салды деген сөз тіркестері морфологиялық вариант жасап тұр.

Осындай ойлар жанымды жей береді. Өзімнен-өзім қиналып, сол орнымда отыра бердім (Б.Момышұлы). *Опасыз тілектердің қайғысы асып, жанды жеп, қоймағанда қуалап тым, талдырып бір-ақ нәрсе, барлық жерде, уында әурелесе ой азаптың, сол кезде сырластың іздеп таппаймыз ба, тобынан топырлаған жас бойдақтың* (І.Жансүгіров). Мұнда жанымды жей және жанды жеп тұрақты тіркестерінің алғашқысында алдыңғы компоненттегі табыс септігі тәуелдік жалғаудан соң, соңғысында түбірге бірден жалғанып тұр.

Ағайын, ұзында өшті, қысқада кекті емессің, бітім сұрап кісі салсам, бақайыңнан келтірмейсің (М.Әуезов). *Мақаштың үлкен баласы жазалана сөйледі: — Ау, ағайын, неге үндемейсің? Ұзыннан өшті, қысқадан кекті емес едік қой* (Ғ.Мұстафин). *Ұзында өшті, қысқада кекті, ұзыннан өшті, қысқадан кекті* деген сөз тіркестері жатыс, шығыс септік жалғауларының ауысып қолданылуы арқылы жасалған.

Фразеологизмдердің фонетикалық, лексикалық және морфологиялық варианттарының көркем шығармада қолданылуын біз жеке-жеке қарастырдық. Алайда тілімізде сөйлеу ыңғайына қарай, фразеологизмдер лексикалық та, грамматикалық та өзгерістерге бірдей ұшырауы арқылы олардың лексика-грамматикалық варианттары жасалып, көркем шығармада жазушының өзіндік қолдану стиліне байланысты жұмсалады.

Фразеологизмдерді мағына жағынан және сырт құбылысын өзгертіп қолдану — стильдік мақсаттан туған тәсіл. Бұл тәсіл шығармада, контексте танылатын әр жазушының халықтың тіл байлығын пайдаланудағы өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Көркем шығармада фразеологизмдердің лексика-грамматикалық варианттары жиі ұшырасады.

Қартты сөйлетіп қойып, тыңдай берсең арқасын кеңге салып жадырай түсетін сыңайы бар (С.Бакбергенов). *Ақбала деген әйелдің болғаны да есінен шығып кеткендей, ол жөнінде сыртқа сыр шығармай, тіпті түк болмаған кісіше арқа-етегін кең салып, Ақбаланы қоя берген күннің ертеңіне ел аралап кеткеніне таңғалды* (Ә.Нұрпейісов). Мұндағы арқасын кеңге салып, арқа-етегін кең салып деген сөз тіркестері лексика-грамматикалық вариант жасап тұр.

Орта жастағы әйелдер көзінен сорасы ағып, күнісіне қымтана түсіп, қымыз саудасын істеп тұр (Б.Майлин). *Соқыр көзінің сорасы сорғалап, тұңшығып келеді екен* (Қаз. ертегі). *Көзінен сорасы ағып, көзінің сорасы сорғалап* деген сөз тіркестерінде шығыс септігі мен ілік септік жалғауларының ауысуы арқылы және *ағу, сорғалау* сөздерінің алмасуы арқылы лексика-грамматикалық вариант жасалып тұр.

Сен өзің ақылыңнан адасқан біреуден сауымысың (Б.Момышұлы). *Кемпір-шалдар кемсеңдеп, ақылдан танып, мәңгірді* (К.Әзірбаев). *Ақылыңнан адасқан, ақылдан танып* бұл сөз тіркестерінде жатыс септігінің бірде тәуелдік жалғаудан соң, бірде түбірге бірден жалғанып, *адасу, тану* сөздерінің алмасуынан лексика-грамматикалық вариант болып тұр.

Келсем, десант он километр жерге түскен екен, ел у да шу, — дейді Русаков (Ә.Әбішев). *Ертеңіне балықшылар аулы у-шу болды да қалды. Тәңірберген бір топ жігітпен сайланып кеп, таң*

алдында *Ақбаланы алып қашыпты* (Ә.Нұрпейісов). *Ел у да шу, у-шу болды* деген фразеологиялық тіркестің бір компоненті алдыңғысында шылау арқылы байланысса, соңғысында косарлануалданып келуі арқылы лексика-грамматикалық вариант жасалып тұр.

Тұжырымдай келе, фразеологизм және оның варианттарының көркем прозада қолданылу аясы кең де өрісті. Тұрақты сөз тіркесі — қалам қайраткерлерінің алтын қоры. Тіл байлығын ұштауда, мәнерлі де бейнелі тіркестермен сөйлеуде фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат береді. Көркем шығарма авторлары жалпы халықтық тілдің тұрақты тіркес құрамынан ең қажетін талдай отырып, мүмкіншілігіне орай, оларды түрлендіріп пайдаланады. Өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты фразеологизмнің стильдік бояуын ажарлай түсіп, атқаратын қызметін күрделендіреді. Сөйтіп, сапалық мазмұнын күшейту арқылы фразалық тіркес варианттарының үнемі қолдануына, қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Фразеологизмдердің көркем әдебиет үлгілерінде орнын тауып қолдана білуде суреткердің әдіс-тәсілдері әр түрлі екенін аңғардық. Сөз шеберлері тұрақты сөз тіркесінің стильдік бояуын құбылтып, эмоциялық әсерін күшейту арқылы фразеологиялық тіркес варианттарының тілімізде өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы: Ғылым, 2005. — 264 б.
2. Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. — Алматы: Наука, 1966. — С. 18.
3. Уйықбаев И.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. — Алматы: Ғылым, 1976. — 144 б.
4. Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі. — Алматы: Білім, 2000. — 3-б.
5. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. — Алматы: Санат, 1996.

Э.Н.Ажарбекова

Использование вариативных фразеологизмов в художественной литературе

В статье рассмотрены варианты слов, фразеологическая вариативность в языкознании. Автор статьи, опираясь на обзор научных точек зрения на проблему вариативности, предлагает лингвистический анализ фразеологизмов на основе языка художественной литературы. В процессе анализа лингвистической литературы определены фонетическая, лексическая, морфологическая, лексико-грамматическая разновидности фразеологизмов. Автор показывает широкое распространение и использование вариативных фразеологизмов в языке художественной литературы, а также иллюстрирует их стилистическую окраску.

E.N.Azharbekova

Use of variable phraseological units in fiction

Variants of words, phraseological variability in linguistics are considered in the article. The author of the article, being guided by the review of the scientific points of view on a variability problem, offers the linguistic analysis of phraseological units on the basis of fiction language. In the course of the analysis of linguistic literature phonetic, lexical, morphological, lexical and grammatical types of phraseological units are defined. The author shows a wide circulation and use of variable phraseological units in fiction language, and also illustrates their stylistic coloring.

References

1. Kaliev G., Bolganbaev A. *Lexicology and phraseology of modern Kazakh language*, Almaty: Gylym, 2005, 264 p.
2. Zhubanov Kh. *Research on the Kazakh language*, Almaty: Nauka, 1966, p. 18.
3. Uiykbaev I.K. *Option problem in the Kazakh language*, Almaty: Gylym, 1876, 144 p.
4. Bizakov S. *Dictionary Words option*, Almaty: Bylym, 2000, p. 3.
5. Smagulova G. *Option phraseology*, Almaty: Sanat, 1996.

С.Ә.Рахымберлина

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail:sagila_a@mail.ru)*

Қазақ бейресми есімдерінің тарихы: бірінші кезең

Мақалада қазақ есімдерінің, оның ішінде бейресми есімдерінің тарихы жайлы сөз болады. Автор аңыз-ертегі кейіпкерлері мен ру, тайпа атауларынан бастау алатын бейресми есімдер тарихын тілші, тарихшы, этнолингвист-ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, дәуірлерге бөледі. Әр кезеңнің есімдер табиғатының ерекшелігіне, олардың түрлі қоғамдағы, ортадағы көрінісіне тоқталады. Бейресми есімдердің I дәуірі — көне түркі заманын, яғни V–VIII ғасырлардағы антропонимдерді қарастыра отырып, осы дәуірдегі ең басты ерекшелік – есімдердің ауысып отыруы туралы деректерді келтіреді. Мысалдар негізінде кісінің өз есімі мен бейресми есімінің шекарасын нақтылайды.

Кілт сөздер: антропонимика, лақап есім, титул, ономастикалық бірлік, косалқы есім.

Ономаст-ғалымдардың антропонимиканың бірінші заңдылығы оның тарихилығы екенін атап көрсеткен пікірлері бүгінгі күні де өзекті, бүгін де күн тәртібінде. Себебі, тарихтан тыс ешқандай құбылыстың болуы мүмкін емес. «...Исторически обусловлены сами виды антропонимов..., языковая принадлежность личных имен..., антропонимические системы у народов мира» [1; 7]. Өткені тарихтың қозғаушы күші адам болғандықтан да, адам өмір сүрген кеңістік пен уақыт адамзат тарихының бір беті. Ұлттың ұлт болып қалыптасуына себепші факторлардың негізгісі – тіл десек, тілдің ауқымды бөлігін құрап отырған есімдер ұлттық ерекшеліктің негізін құраушы фактордың бірі. Халықтың тарихымен біте қайнасып келе жатқан есімдер тарихы түрлі қоғамдық-саяси, шаруашылық-экономикалық, мәдени-тұрмыстық жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшырап, сонда да болса, өзінің табиғатын бар болмысымен сақтап отырады. «Әр тарихи кезеңдегі қоғамдық формацияның сол кездегі тілдік, мәдени ортаның өзіне тән ономастикалық бірліктер репертуары болғандығы белгілі. Кез келген онимдік атаудың артында үлкен фондық білім жасырын тұр, алуан түрлі энциклопедиялық ақпараттар желісімен байланысты болып келеді. Мәселен, көне түркі жұртына ортақ Білге бабаның, берідегі Абай, Сүйінбай, Махамбет т.б. есімдері немесе Ордабасы, Аңырақай сияқты топонимдер төңірегінде қаншама аялық білім бар десеңші!» — деп атап көрсетеді ономаст-ғалымдар [2].

Есімдердің тарихы, қоғамдық-әлеуметтік негізін қарастыру есімдердің пайда болуы, қолданылу сипаты сияқты ең алғашқы мәселелерден басталады. Адамзат тарихы өз дамуының әр сатысында есімнің жаңа түрлерін ойлап тапты және қолданысқа түсірді. Оның негізгі себебі — қарым-қатынасқа деген қажеттілік. Адамдар арасындағы қатынастардың күрделенуі — ортақ шаруашылықтың болуы, тайпа, одақтарға бірігу, сыртқы жауларға қарсы тұру — тілдің, сол арқылы атау, ат қоюдың қажеттігін сездірді. Атау беру айнала қоршаған ортаны танып-білудің әліппесі, бастауы болды.

Есімнің қай түрі бұрын шықты деген мәселеге Қ.Жұбанов тайпа атаулары деп жауап бере отырып, адамдар алғашқы кезде сол тайпа атауларымен аталған деген пікірін білдіреді. Есімдердің тарихына байланысты ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне жасалған талдау нәтижесі және халықтың бай ауыз әдебиетінің мысалдары алғаш лақап есімдердің пайда болғанын дәлелдейді. Бірақ ол қазіргі біздің түсінігіміздегі лақап есімнен сәл басқа. Ұқсастығы — оның да қазіргі лақап есімдердей тұр-тұлға мен мінез ерекшеліктерін көрсететін есім екендігі болса, айырмашылығы — қазіргідей кісінің төл есіміне қосымша есім емес, негізгі есім болғандығы. Аңыз-ертегілердегі Дәу, Қанбақ шал, Жезтырнақ, Көлтаусар, Желаяқ, Таусоғар, Шық бермес Шығайбай, Жиренше, Төстік, Жалмауыз сияқты «сөйлейтін есімдер» бұған куә. Белгілі ғалым-антропонимист Т.Жанұзақов халық ертегілеріндегі Тоңқылдақ, Шіңкілдек т.б. халық ойынан, шексіз қиялынан туған қойылған лақап аттар екенін айтады [3; 77–82].

Аталған есімдердің тайпа атауларынан бұрын шыққандығының дәлелі: тайпалық одақтарға бірігу — адамдардың арасындағы туыстық, қоныстық қарым-қатынастардың нәтижесінде, кейінірек болған құбылыс және тайпа, одақтардың атын, әдетте, өздері емес, сырт адам не басқа тайпалар қойған. Ұжымдық одаққа біріккенге дейін де адамдарды бір-бірінен ажырату, айыру үшін бойындағы көзге алғаш іліккен ерекшеліктері негізінде лақап есімдер қолданылуы мүмкін. Ұлттық тарихтың

алғашқы деректері — шежірелерден аталған құбылыстың нышандарын байқауға болады. «Қазақ құрамына енген қыпшақтар шежіре бойынша негізінен Қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасынан (*Ұзын, Бұлтың, Көлденең, Қарабалық, Торы*) бөлінеді. Алайда бір шежірелерде онымен қатар *Мүйізді-Сарыабыздан Қытайқыпшақ, Құланқыпшақ, Сарықыпшақ* та таралады» (Қазақ шежіресі).

Тарихтың қай кезеңінде де тілімізге екі құрылымды (компонентті) есімдер жүйесі тән болғаны белгілі. Бірі — кісінің өз есімі болса, екіншісі — не әкесінің аты, не ру, ата-тегі, не шыққан жері, не қызмет-мансабы, титулы, не қандай да бір қасиеті негіз болған лақап есімі. Ел басқарған хан мен сұлтан, ел мен жерді қорғаған батыр, ел тағдырын шешкен би мен шешен есімдері бұған дәлел: *Мүде қаған, Білге қаған, Әз Тәуке, Абылай хан, Еңсегей бойлы Ер Есім, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Мәшіһүр Жүсіп, Бауыржан Момышұлы* т.б.

Кеңес дәуірінде жалпыға міндетті саналған үш есімді жүйенің тілімізде толық мәнінде қолданыс таппағаны белгілі. Өйткені қандай да болмасын есімдер жүйесінің күрделенуі — есімдердің ажырату, айыру қызметтерінің әлсіреуінен туатын қажеттілік.

Қатал канонизация ұсынған шектеулі есімдер тізімі мұндай қажеттілікке көптеген тілдерді, оның ішінде орыс тілін де алып келді. Орыс ғалымдарының есімдердің ең басты қызметі — айыру қызметін үш есімді жүйенің өзі атқара алмауға айналғанын, тек Мәскеудің бір өзінде ғана мың Иван Иванович Ивановтардың бар екенін, бұл мәселені шешудің жолдарын ұсынған пікірлері — осыған куә [1]. Мұсылман дінінің келуімен тілімізге араб есімдері көптеп енгенімен, арнайы шектеу қойылмағандықтан, төл есімдеріміз де кең қолданыс тауып отырды. Қандай да бір шағын ортада күнделікті қарым-қатынас барысында адамның не өз есімінің, не лақап атының қолданылуы жеткілікті болды. Себебі тіліміздегі есімдердің бай қоры бұл қажеттілікті толығымен орындай алды деуімізге болады. Абай, Шоқан, Махамбет, Исатай т.б. есімдер ұлттың когнитивтік санасынан берік орын алып, қосымша есімді қажет етпей-ақ қолданыла береді. Есімдердің жеке қолданылуы есім бойындағы энциклопедиялық ақпараттың молдығы, көпшілікке танымалдығы сияқты факторларға тікелей байланысты (қазіргі кезде атақты өнер иелерінің (әншілердің) халыққа кейде өз есімімен, кейде бүркеншік есіммен танылуы осының айғағы. Мысалы, *Роза, Мақпал, Бүркіт, Шәкізада* т.б.).

Кез келген есімнің тарихы белгілі бір кезеңнен бастау алып, өз дамуында түрлі сатылардан өтеді. Қоғамдық формация, түрлі әлеуметтік жағдай, ұлттық ерекшелік, мәдениет жаңалықтары есімдердің барлық түріне өз әсерін тигізбей қоймайды. Тіліміздегі есімдердің тарихы арқылы бейресми есімдердің өз дамуында қандай сатылардан өткенін байқауға болады. Көпшілікке мәлім, ғалым-антропонимист Т.Жанұзақов қазақ есімдерінің тарихын төрт дәуірге бөліп қарастырады. Бұл көне түркі дәуірінен совет дәуіріне дейінгі мерзімді қамтыса, зерттеуші Ұ.Мұсабаева еліміздің егемендік алып, қоғамның өзгеруімен қоса өзгерген сана жемісі — 90-жылдардан бергі есімдерді бір дәуір, яғни қазақ есімінің V дәуірі, деп атайды [4]. Аталған бес дәуір кісінің тек өз есімдері ғана емес, бейресми есімдерге де қатысты. Біз бұл мақаламызда қазақ бейресми есімдерінің алғашқы дәуірін қарастымақпыз.

I дәуір көне түркі заманын, яғни V–VIII ғасырлардағы антропонимдерді қамтиды. Түркі антропонимиясы сөз болғанда айналып өте алмайтын бір мәселе — түркі халықтарындағы есімнің ауысып отыруы туралы деректер. «Тюрки не носили одного и того же имени от рождения до смерти, как европейцы. Имя тюрка всегда указывало на его положение в обществе. Мальчиком он имел кличку, юношей — чин, мужем — титул, а если это было хан — то титул менялся согласно удельно-лестничной системе» [5; 89]. Осы орайда жазушы Қ.Салғараұлы Түрік қағанатының атақты Мухән қағанының төл аты — Құшу, жігіт кезіндегі аты — Сыдоу (Сыжин), елге танылған аты — Иәнду (жеңімпаз), мансапқа ие болғандағы аты — Кигін Муюй-хан, ел билеушісі болғандағы аты — Мухән қаған болғандығын айтады [6]. Қазақ есімдерінің тарихын жан-жақты зерттеп-зерделеген ғалым Т.Жанұзақов мұның негізінің көне түріктердің қоғамдық мемлекеттік құрылысы мен ішкі тарихи жағдаяттарында жатқанын айтады [3; 35].

Ғалымдардың зерттеулеріне назар аударсақ, есімнің ауысып отыруы тек түркі халықтарында ғана кездеспейтінін, бір-бірінен қашық орналасқан, бір-бірімен алыс-берісі, яғни қатысы жоқ елдерде де осы дәстүрдің белең алғанын байқауға болады. Батыс Африкадағы моси негрлер тайпасында жасұландар (юноши) үлкен өмірге дайындалу үшін бөлек өмір сүреді. Осы кезде олар жаңа ат алып, оны өздерінен басқа ұстаздары ғана білетін болады. Ересек болған кезде де басқалар жоқта ғана бірін-бірі осы есімдерімен атайтын болған. Тәжіктер бала кәмелетке толғанша өз есімін атамай, шартты атпен жүрген. Қытайда, Жапонияда, Кореяда жас ерекшеліктеріне қарай есімдер де ауысып отырған» [1; 21].

Есімнің өзгеріске ұшырауына әсерін тигізуші бірнеше факторды атауға болады. Ең негізгі себебі — есімнің құдыреттілігіне деген сенім. Адам (жан) мен оның есімінің арасындағы байланыс тән мен жанның байланысынан да күшті, адамның тағдырына жауапты бірден-бір күш деген ой саналарын билеген бабаларымыз есімнің құпия сақталуына бар күштерін салған. Осы құбылыстың монғол тіліндегі көріністері туралы Н.Л.Жуковская: «Обычай замены имени уходит корнями в глубокую древность. Когда-то он был связан с шаманскими запретами называния имен, чтобы не привлекать к их носителям внимания злых духов. По мере классового расслоения монгольского общества древний обычай стал по-разному проявлять себя в среде аристократии и в народе. В среде знати он вырожден в обычай называния по титулу, а в народе превратился в систему замены имени на новое в случае болезни и счастливого выздоровления после нее, а также в обычай давать детям уничижительные имена в семьях, где большая детская смертность», — дейді [7]. Сол сияқты қалыптасқан дәстүрге байланысты есімдерге табу салу, атамау. Ол қазақ қоғамында әйел адамның күйеуінің туған-туыстарының есімдерімен байланысты.

Есімнің ауысуына қандай жағдай әсер етпесін, ең басты ұстаным — есім бойындағы ақпараттың молдығы, сол арқылы аталушының кім екендігінің тез де дәл анықталуы. Яғни, есімнің ажыратушылық қызметінің мүлтіксіз атқарылу кепілдігі.

Көне түркі ономастикасын зерттеуші В.У.Махпиров адамның өз атының бұл ескерткіштерде мүлдем аз кездесетінін айта келіп, аталмыш қоғамдағы басты антропонимикалық категориялар ретінде ер аты, ру аты, династиялық есім, титул сияқты түрлерін көрсетеді. «Типичными персонифицированными титулами в древнетюркском обществе являются компоненты антропонимов тюркских каганов: *Иль-каган* — титул Бумин кагана, *Эльтериш каган* — персонифицированный титул Кутлука, основателя Тюркского каганата, *Капаган-каган* — тронный титул Мочжо, брата Эльтериша, *Богю-каган* — уйгурский правитель, принявший манихейство и проч. Персонифицированные титулы правителей были известны многим историко-культурным типам общества (ср.: имена русских правителей — *Ярослав Мудрый*, *Иван Калита*, *Иван Грозный* и проч.» [8; 34]. Н.В.Подольская соңғы есімдерді «псевдоним возвеличивающий», яғни адамның ерекше қасиеті мен қызметін көрсететін мелиоратив лақап есім деп қарастырады [9]. Біз де осы пікірге қосыламыз.

Түркі халықтарының өмірі мен тарихын, этнографиясын көп зерттеген ғалым Л.Н.Гумилев басқа ел тарихшыларының түркі тарихына қатысы бар мәліметтерінде түркі есімдері танымастай болып өзгеретінін, көбіне титул кісі есімі орнына қолданылатынын баса көрсетеді [5; 89].

Есімнің қоғамдық қызметі қоғам мүшелерін атау және бір-бірінен ажырату болса, көне түркі ономастикасында осы міндетті орындау «басқа есімдерге» жүктелді. Ол — адамның (азаматтың) алғашқы ерлік қадамын көрсететін «ер аты», шен-дәреже, лауазымының көрсеткіші — «титул», бойындағы ерекше қадір-қасиет не кемшілік — «лақап», руы, ата тегі, туған, шыққан жері, айналысатын ісі, қызметі. Есімнің неғұрлым көп болуы — есімінің ұрпақтан ұрпаққа тарауының, жетуінің негізі деп түсінілді (Алланың тоқсан тоғыз есімі болғаны белгілі).

Лақап араб тіліндегі «титул, атақ-шен» емес, орыс тіліндегі «прозвище» қызметін атқарады. Себебі, көне түркі жазба ескерткіштеріне зерттеу жүргізген ғалымдардың деректері осыған саяды. Түрлі титулдарды білдіретін есімдерді лақап есімдерге жатқызуға бола ма, әлде өздері ерекше бір топты құрай ма, осы арасын ажырату үшін көне деректерге, ғалымдардың ой-пікірлеріне назар аударайық.

Көне түркі жазба ескерткіштері деректері жоғарыдағы аталған есімдердің алғашқы үшеуінің жиі кездесетінін көрсетеді. Бала 10–12 жасқа жетіп, алғашқы ерлік қадамынан өткеннен соң «ер атына» ие болады. «Ер аты» — көне түркі антропонимиясындағы жиі әрі кең қолданыста болған есімнің түрі. «...оно выходило за рамки не только семейно-родовой общности, но и за рамки племени и распространялось на все войско и, следовательно, на все государство» [8; 32]. «Ер аты» туралы мәліметті ауыз әдебиеті нұсқаларынан да, ғалымдардың зерттеу еңбектерінен де жиі кездестіруге болады. Осындай бір дерек Орхон өзені бойынан табылған Күлтегінге арналған ескерткіштің үлкен жазбасында беріледі: «Он йашта, Умаі тағ егім катун кутыңа інім Күлтгін әр ат болты (Он жаста, шешем Құдайдай қатынның бағына, інім Күлтегін ер атанды)» [10].

Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» еңбегінде Манас есіміне қатысты «Ұлан бірінші ерлік қадамын өткенше (бас кесіп, қан төккенше) оған ат қойылмайды. Оғыз бен қыпшақтарда, тағы басқа түркі тайпаларында ұлан қаһармандық көрсетпейінше — оған ат қоймаған. Манас та 12–14 жасқа дейін шартты атпен жүрген (Бокмұрын, Итбай т.б.)» дейді [11]. Яғни, «ер аты» — жас баланың азамат, жігіт болуының көрсеткіші. Қиын-қыстау жаугершілік заманда сапқа қосылған әрбір жауынгер-

сарбаздың орнының қандай екені түсінікті. «Можно предположить, что в отмеченных случаях сохранились отголоски древних обрядов посвящения» [12].

Титул мен лақап ат және кісінің шын атының әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, араларындағы байланысты анықтау көне түркі антропонимикасындағы күрделі мәселе. Көне түркі тарихы мен мәдениетін зерттеуші В.В.Радлов, С.Е.Малов, А.Н.Бернштам, Н.А.Баскаков, И.А.Батманов, тағы басқа ғалымдар еңбектерінде Орхон-Енисей, Талас т.б. ескерткіштер жазбаларында кездесетін антропонимика материалдарына қатысты өз көзқарастарын білдіріп отырған. Көпшілік жағдайда есімдердің этимологиясы сөз болғандықтан, ғалымдардың этимология туралы ойларына тоқталмай-ақ, Т.Жанұзақовтың пікіріне сүйенгенді жөн көріп отырмыз.

Т.Жанұзақов жазба ескерткіштердегі есімдерді құрылымдық типіне қарай төрт топқа жіктейді: дара тұлғалы, туынды тұлғалы, екі құрамды және көп құрамды. Есімдердің соңғы екі түрінің компоненттері *улыг, тутук, алп, тіріг, кулуг, куч, тегин, ынамчы, каган, кан, баг, билге, бори, барс* т.б. болып келетініне, бұл сөздердің көне түріктер қоғамында әлеуметтік-саяси терминдер ретінде қолданылып, сол кездегі адамдардың қоғамдағы орнын, титул, атақ-дәрежесін көрсеткенін, ал күрделі есімдермен қатар тұрғанда ол адамның ерлік, батырлық қасиетін т.б. ерекшелігін білдіретін эпитет ретінде де жұмсалғанына тоқталады [3; 32]. Ғалымның бұл пікірін 1897 ж. Селенга өзені бойында табылған Тоныкөкке арналған ескерткіштегі жазулар айғақтай түседі: «*Bilqa Tonuquq ban ozum ...*» (Я сам, мудрый Тоньюкук...) [13].

Титул, атақ-шенді адамның белгілі бір қоғамдағы дәрежесі, қызметтік лауазымы деп қарастырсақ, ал эпитет — оның бойындағы адами қасиеті, ерекшелігі. Екі арасын айыруда И.А.Батмановтың пікірі көңілге қонымды. Шен, дәреже, титул, атаққа тән деп; *кам, баг, бай, тегин, чур* (ең жоғарғы титулдардың бірі), *тутук* (ру басы), *саңун* (қолбасы), *ыначы, катун* (ханзада, бикеш) тәрізді сөздерді жатқызса, эпитеттерге *бори, барс, билге* сөздерін жатқызады [14].

Осы орайда түсініктеме бере кететін бір жәйт бар. Араб тіліндегі «лақап» сөзі атақ, шен-дәреже, титулдың көрсеткіші екендігі мәлім. Екеуінің де негізінде адам бойындағы ерекшелік, басқаға ұқсамайтын даралық қасиеттер жатқанына қарамастан, түркі руникалық ескерткіштерін зерттеушілер титулды бөлек, ал лақап есімді бөлек қарастырады. Десек те, осы екі арадағы шекараның өзінің анық болмауы, бір есімнің бірде титул, бірде лақап деп көрсетілуі жиі кездесіп қалады. Деректерде Білге ханның батылдығы мен ержүректігі үшін «*Богю*» (батыр) лақап есімін алғандығы айтылады. Ал, «*Білге*»-нің өзі жоғарыда көрсетілгендей «ақылды», «дана» эпитетінен жасалған лақап есім. Бұдан атақты ханның бойындағы ерекшелігіне, іс-әрекетіне сай бірінен соң бір лақап есімдермен аталып отырғанын байқаймыз.

«Жазба ескерткіштерде және басқа деректерде негізінен мемлекет қайраткерлерінің титулдары мен лақап аттары көрсетілген. Олар: Тоныкөк, Білге хан, Күлтегін, Қапаған хан т.б. Бұлар шын аттар емес — лақап аттар. Бұған ескерткіштердегі материалдар толық дәлел. Онда лақап есім, болмаса титулдар қандай жағдайда, не себептен берілгені анық айтылған». Т.Жанұзақовтың пікірінше, *Тоньюкук* (Тоныкөк) есімі «тон», «тоң» — «ұлы», «күшті», «зор», ал «юкук>кук>кок>көк» мағынасында, сонда Тоньюкук «ұлы көк», «көк тәңірі» деген мағынада қолданылған лақап ат болуы мүмкін» [3; 35, 36].

Қорыта келгенде, бейресми есімдер тарихының алғашқы дәуірі өзінің тарихи фактілерінің байлығымен, құнарлылығымен, жемістілігімен ерекшеленеді. Сөз болған есімдер топтарының (ер аты, титул, лақап) бәріне ортақ белгі — жас ұланның алғашқы ерлік қадамынан бастап өмірінің соңына дейін серік еткен даналық, алғырлық, батылдық, өткірлік, қайсарлық, ақылдылық, тапқырлық т.б. қасиеттері екендігін көреміз. Ер атының да, титулдың да, эпитеттің де лақап есім шенберіндегі есімдер екендігі, бойларында осы есімге қатысты белгілердің барлығы байқалады. Өмірдің әр сатысына лайық қадір-қасиетімен ерекшеленген ата-бабаларымыздың соған сай атақ-дәрежені иемденіп, сол атақ ұрпақтан ұрпаққа есім түрінде жеткені анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Никонов В.А. Имя и общество. — М.: Наука, 1974. — 276 с.
- 2 Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасының зерттелуі, болашағы мен жетістігі // Ономастикалық хабаршы. 2005. — № 2 (4). — 4-б.
- 3 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы: Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау. — Алматы: Ғылым, 1971. — 216 б.

- 4 Мусабекова У.А. Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. — Алматы, 1996. — 27 с.
- 5 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. — М.: Наука, 1967. — 513 с.
- 6 Салғараұлы Қ. Түрік әлемі. Тарихты қайта пайымдау. — Астана: Елорда, 2000. — 240-б.
- 7 Жуковская Н.Л. Заметки о монгольской антропонимии // Ономастика Востока. — М.: Наука, 1980. — С. 10.
- 8 Махпиров В.У. Особенности функционирования древнетюркских антропонимов // Вопросы антропонимики. — Вып. 1: Сб. ст. — Алматы, 2003. — 84 с.
- 9 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. — М.: АН СССР, 1988. — С. 115.
- 10 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»). — Алматы: Ана тілі, 1993. — 177-б.
- 11 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 367 б.
- 12 Урманчиев Ф. Имя эпического героя // Советская тюркология. — 1986. — № 4. — С. 22–33.
- 13 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. — М.: АН, 1951. — С. 61–64.
- 14 Батманов И.А. и др. Современная и древняя Енисейка. — Фрунзе, 1952. — С. 93.

С.А.Рахымберлина

История казахских неофициальных имен: первый период

В статье рассмотрена история становления неофициальных имен казахского языка. Автор, опираясь на труды историков, языковедов и ученых-этнолингвистов, предлагает периодизацию истории развития казахских неофициальных имен. Анализирует особенности собственных имен каждого периода, а также отмечает их место и роль в отдельной социальной среде и обществе в целом. На примере антропонимов I периода, который именуется как древнетюркская эпоха, т.е. VIII в., приводит факты и сведения, характеризующие переход имен, на основе языкового материала определяет границы между официальным и неофициальным именем.

S.A.Rakhymberlina

History of kazakh unofficial name: first period

The article discusses the history of the informal name of the Kazakh language. The author based on the names of the heroes of fairy tales and legends, clan and tribal names, and based on the writings of historians and linguists, scientists ethnolinguist shares periods. For example, the I anthroponyms period — the era of the ancient Turkic, highlights the characteristics of each period, each social environment and society, also determines the boundaries between his own name and optional.

References

- 1 Nikonov V.A. *Name and Company*, Moscow: Nauka, 1974, 276 p.
- 2 Zhanuzak T., Rysbergen K. *Herald*, 2 (4), 2005, 38 p.
- 3 Zhanuzakov T. *Linguistic, historical and ethnographic analysis*, Almaty: Gylym, 1971, 216 p.
- 4 Musabekova U.A. *Motivational aspect anthroponyms Kazakh and Russian languages*. Avtoref. dis. ... candidate of philological sciences, Almaty, 1996, p. 4.
- 5 Gumilyov L.N. *Ancient Turks*, Moscow: Nauka, 1967, 513 p.
- 6 Salgarauly K. *World Turks. Rethinking history*, Astana: Elorda, 2000, p. 240.
- 7 Zhukovskaya N.L. *Onomastics of the East*, Moscow: Nauka, 1980, p. 10.
- 8 Makhpirov V.U. *Questions anthroponimics*, 1. Proc., Almaty, 2003, 84 p.
- 9 Podol'skaya N.V. *Dictionary Russian onomastic terminology*, Moscow: USSR Academy of Sciences, 1988, p. 115.
- 10 Kashkari M. *General for all Turkic language («Diuanı lıǵat it-Turk»)*, Almaty: Ana tili, 1993, p. 177.
- 11 Margulan A. *The ancient songs of legends*, Almaty: Zhazushy, 1985, 367 p.
- 12 Urmancheev F. *Soviet Turkology*, 1986, 4, p. 22–33.
- 13 Malov S.E. *Monuments of Ancient Literature. Texts and Studies*, Moscow: AN, 1951, p. 61–64.
- 14 Batmanov I.A. et al. *A modern and ancient Eniseyka*, Frunze, 1952, p. 93.

V.Timoshenko

*Ye.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: Musalira@mail.ru)*

The concept of biblical expression in modern linguistics

This article considers the value and role of biblical expressions in modern linguistics. Biblical expression is a phraseological combinations and aphorisms of biblical origin. It is possible to emphasize phraseological units formed from the names of biblical characters or geographical names, phraseological combinations reflecting realia of the Biblical plot or ancient Judaic History and life, quotations. This article also presents examples containing biblical expressions, taken from literature, as well as the comparative analysis of English biblical expressions and their equivalents in Russian.

Key words: biblical, expressions, categorizing, the Bible phraseological unit, culture.

The given article is devoted to the concept of biblical expression in modern linguistics, problems of its definition and classification. The concept of biblical expression according to its name is directly connected with the Bible. The Bible influence on the English culture became apparent due to a great number of tokens, phrases and expressions.

Recently, in light of the human-centered approach in modern Linguistics problem «language and culture» becomes even more urgent. The closest ties of language and culture are visible in the area of vocabulary and phraseology. The general trend of the national language perception study extends to the study of linguistic units associated with sacred texts requested, including the study of biblical expressions. The increased interest in this subject can find an explanation of the key role such units in the national culture by virtue of their belonging to a field test of the phenomena of language units, norms and value orientations of society as well as cultural and tagged categorized emotions. Consideration of national and cultural signs of language units that represent the religious world picture could serve as a basis when designing problems of modelling of intercultural communication processes of in the field of religion and ways of religious adaptation of texts in intercultural dialogue. The modern science of language postulates that the signs of language certainly reflects the system properties of a culture in which determinate their semantics, and may not express exactly the same values in two different cultures. Representatives of different cultures may have different ways of categorizing the same phenomenon in other principles determining its significance. It leads to the fact that if one has one and the same text (the Bible), the representatives of different cultures differently perceive and evaluate it. However, the uniqueness of the Bible is preserved because it always remains the same sacred text; drop-down each language identity differently and with different cultural reflections in different cultural codes. Statements behind biblical expressions, serve not only as a result of the culture-specific codes, but also as samples, specify the perception models of the world and models of language behavior.

The Bible is a unique example of the case texts that contain a number of situations, utterances and names. For many of these phenomena there is a conventional minimized resulting, common to all members of the linguistic and cultural society. In collective memory remains the connection of phraseological units with the cultural code, resulting in the possibility of cultural references and provides a dialogical interaction of two semiotic systems — language and culture. Studies have shown that biblical expressions in different languages have semantic, lexical and grammatical differences. In addition, in any language, there are a number of biblical expressions that do not have equivalents in other languages, the so-called lacunar biblical ex-

pressions. So, the English language has such biblical expression as 'entertain an angel unawares', but in the Russian language the appropriate equivalent is missing. Every language shows selectivity in relation to objective extralinguistic world the world and its displays it. In this case, a fragment of objective reality, taking place in phraseology in phraseology, is the actual text of the Bible, from which biblical expression originated; they are 'a mean of translating cultural connotations into linguistic sign'. The content of the Bible and its stories and characters seem to be one of the «codes» of culture, which relate values inspired by biblical phraseological unit. For example, biblical expression 'as old as Adam' — is as old as the world — старо как мир, быльем поросло'. English idiom contains Adam, which creates the allusion to the biblical text mentioned this character, and the value of the expression is correlated with biblical data about Adam. Thus, the Bible as one of the «codes» of Christian culture in this case plays a main role in understanding the value of English phraseological unit, because the transfer of image of «limitation» of something in English occurs using a rethinking of the biblical text.

Speaking of biblical expression one should distinguish biblical phraseological unit and its biblical prototype. Prototype is used in direct meaning, but phraseological unit, based on this biblical prototype usually has metaphorical meaning, i.e. it serves as the result of rethinking. In this case the form and the meaning of phraseological unit can be changeable (one word inside can be replace by the other) [1].

For example, in the Bible the following expression: «When thou doest alms let not thy left hand know thy right hand doeth» and its Russian equivalent «У тебя же, когда творишь милостыню, пусть левая рука твоя не знает, что делает правая» is used in positive meaning. But present variant obviously has negative meaning: «Not to let one's left hand know what one's right hand does».

In linguistic literature there are several approaches to the concept of biblical expression:

- 1) biblical expressions constitute a separate stratum of phraseological basis of language and obey the laws of the latter;
- 2) biblical expressions being derived from the Bible language units bear a certain values laid down initially in sacral text;
- 3) a semantic relationship between the biblical text and biblical expression apply to the described situation the definite emotive and evaluative component.
- 4) the Bible, as any text carries an infinite number of meanings for different drop before different readers;
- 5) A. Birikh and J. Mateshych defined biblical expression as a linguistic unit, loaned from the Bible or feeling semantic impact of biblical texts;
- 6) biblical expression is the linguistic unit, which is connected with shaped, metaphorical rethinking of names characters, realia, and stories of the Bible. Accordingly, bibleism carries a certain semantic and emotional coloring. In this regard, the use of the biblical expression contributes to a more complete expression of feelings and enlivening of speech.

In brief it is possible to characterize biblical expression as word, word combination, and even as a whole sentence loaned from the Bible or derived from the contents of the Bible, for example the Russian expression «запретный плод сладок» — «Forbidden fruit is sweetest» [2].

In any case biblical expression contains the definite evaluative component which makes the speech more dynamic, metaphorical and color the speech with different tones that lay in the Bible. Thus, informational aspect of language is filled by feeling and intuitive description of our world and our life. Additional semantic content specified by original text arising from associative related attached emotive coloring to perception of a character or plot and sets a certain direction in their assessment. It is interesting to consider the following extracts from the book «Gone with the wind» by Margaret Mitchell: *'As God is my witness, and God is my witness, the Yankees aren't going to lick me. I'm going to live through this, and when it's over, I'm never going to be hungry again. No, nor any of my folks. If I have to steal or kill — as God is my witness, I'm never going to be hungry again.'* These are the words of Scarlet, on returning to the ruined House, clearly show that she reached the precipice, she's willing to transcend moral principles instilled into her in childhood. and if at the beginning of the war, Scarlet still retained faith in the form in which it has learned since childhood, but now, she's reaching the extreme features of despair, calls God to witness to her inner rebirth and defection from her moral principles.

Rhett Butler, comparing himself, young, exiled from home, with Ashley, returning after the war, says:

'At least, he had friends who took him in' and for the expression of all feelings, drawn to the character of Ishmael: 'whereas I was Ishmael'. In order to understand the depth of this extract, one must consider the original text, which gives a brief history of Ishmael. Ishmael son of Abraham from his concubine Hagar. After Abraham's wife Sarah gave birth to a legitimate son, upon request, the firstborn, together with his

mother was banished to the desert. Lost her way in the desert without food and water, the woman went aside her son at the distance shot from a bow, not to see her son's death. God saves them; *Ishmael* reaches welfare and subsequently becomes the progenitor of a whole people. For the reader who knows the character of *Ishmael* the comparison with him in this passage gives double or triple colorful meaning:

- gives an indirect characterization of the cruel father, who drove unsuitable for life young man out from home;
- emphasize the position of social outcast, feelings of bitterness, yearning, loneliness and impending doom, perhaps even a feeling of closeness to death, which young Butler could suffer from;
- and, though, Butler compares himself with *Ishmael* only in days of exile but he, like *Ishmael* achieves wealth, regardless of circumstances and only due to his abilities and work.

The above examples demonstrate how biblical expressions, as it was already mentioned above contribute to metaphorical and coloring the speech, maximally saturate characters with associations, deriving from the original text and can be classified as one of the most effective literary tools.

In modern linguistics there is a classification according to biblical expression derivation:

- before biblical, i. e. Jewish and Greek idioms, used in the bible texts;
- originally biblical, i.e. characters and figures acted in the Bible;
- postbiblical, i.e. loans from the prayer book, works of Christian leaders (missionaries, priests and theologians).

Defining biblical expression as a set expression that has place in different style levels of speech (artistic, publicistic, and colloquial styles) and also this expression has the definite semantic, stylistic and pragmatic components, one should consider the field of biblical expressions that have already assimilated in language and today they are not considered as biblical ones, for example:

- Mote in the eye — соринка/сучок в глазу;
- flesh and blood — плоть и кровь;
- whole skin — цел и невредим;
- despicable metal — презренный металл;
- a drop in the bucket — капля в море.

Classifying biblical expressions according to their structure it is possible to divide them into lexemes, set expressions and phraseological units, exclamations, and sometimes sentences [3, 4].

Biblical expressions sometimes have different forms: it can be exclamation, single word, word combination in the form of proverbs, aphorism and quotation.

1. Names of biblical characters that are used in the quality of common nouns:

- a) King Solomon is normally used as a characteristic of a person of great wisdom;
- b) Jezebel — cunning woman;
- c) Judah or Judah Iscariot — betrayer;
- d) Doubting Thomas is an extremely distrustful, aspiring to make conclusion about what is happening;
- e) Maria Magdalena is usually used for characterizing the repentant sinner;
- f) Herod — a man of extraordinary cruelty he is ascribed with beating male babies born at the same time with Jesus;
- g) Cain — a murderer, cruel person.

2. Names of God mentioned in the Bible or arising in consequence of the development of Christianity: Sabaoth, Jehovah, God of Israel, God the Father, the Father of all things, the Creator.

3. Names that are traditionally reserved for the name of Jesus: Christ the Savior, Son of God, the Psalter good;

4. Place names:

- a) Armageddon is the name of a small village, is used either as the image of the last decisive battle between good and evil, or as the image of a merciless war, horrific hostilities;
- b) Golgotha — the place of painful execution;
- c) Sodom and Gomorrah — the name of these cities characterizes places of debauchery;
- d) Jordan — the river in Israel — the name is used in the meaning of a sacred place or place of christening;
- e) such names as Bethlehem, Jerusalem is often used in theatricalities of Christianity devoted to Christ's life.

5. Biblical characters which are used for characterizing people:

a) these characters initially imply the person or persons and will be used either in plural or in singular form, for example: Pharisee and scribes — clever and educated but cruel people;

b) in the Bible there are also characters of animals, for example, scapegoat — the one who bears the sins of others; prodigal sheep — the person descended from the true way;

c) diseases: plagues of Egypt — somebody who is intolerable; an eyesore — who is considered as something alien in the team.

6. Phraseological units of biblical origins as any other phraseological units are characterized by semantic integrity and structural indivisibility. They can be classified by their structure:

a) noun+noun: the root of all evil, salt of the earth, Judas kiss, Judgment of Solomon, thirty pieces of silver, fishers of men, the vessels of wrath, Balthazar's feast;

b) verb+noun: to wash one's hands of it, to bring gifts, to kill the fatted calf, shake the dust off the feet;

c) adjective+noun: prodigal sheep, barren fig tree, forbidden fruit, etc.;

d) phraseological units formed due to conjunctions, prepositions and participles: flash and blood, the flesh from flesh and bone from bone, alpha and omega, wolves in sheep skins.

7. quotations from the Bible and their paraphrasing or short form. Render unto Caesar the things that are Caesar's;

8. the names of biblical scenes mentioned in the Old and New Testaments:

a) temptation of Eve, the expulsion from Paradise, the feast of Balthazar;

b) the Last Supper, the Passion, Temptation, Ascension.

9. religious formulas that can be used as exclamations expressing joy, fear, prayer: good Lord! God forbid, Thank God.

Among these kinds of biblical expressions there are those that can be used in direct and figurative meaning. Besides these biblical expressions semantically can be divided into:

a) positive (good Samaritan, good Psalms);

b) negative (Judas, Jezebel, Cain);

c) neutral or dependant on the context.

Briefly biblical expression can be described as a word, a phrase or sentence taken from the Bible (Solomon, o daughters of Israel, your faith has saved you) or derived from the contents of the Bible.

According to results of the analysis of linguistic and cultural features of biblical expressions, it could be argued that, like any text, the same biblical expression takes place in a culture that defines its appropriate understanding and national specificities in relation to the texts of other cultures. On the basis of this biblical expressions can be considered as a linguistic and cultural text. Biblical expressions present semantic of culture. Variation of emotive meanings of biblical expressions in analysed linguistic cultures, allows to conclude that the cultural specificity of the language is also found in the peculiarities of emotional perception of biblical situations and their reflection in biblical in the form of emotive concretization of semantics of biblical expressions. Since expressions can be traced back to one of the culturally significant texts of any Christian society, expressed their national and cultural meanings belong to the cultural constants, cultural standards, defined moral and behavioral guidelines, as well as the emotional interpretation of vectors in the processes of new knowledge cognition [5].

This article considered the most famous classification biblical expressions, in addition, the classification established by the author of this article were described in the article. Unfortunately the volume of this article does not allow considering the diversity of biblical expressions and methods of their use in English language literature.

References

1. Бирях А.К., Мокиенко В.М., Степанова Л.И. Словарь русской фразеологии. — СПб.: Филю-пресс, 1997.
2. Гак В.Т. Особенности библейских фразеологизмов в русском языке // Вопросы языкознания. — 1997. — № 5.
3. Еремина Е.Н., Рыжова Э.И. Этимологический словарь-справочник английских фразеологических единиц библейского происхождения. — Хабаровск: Изд-во ДВГУ, 2000.
4. Матвеева Н.П. Библизмы в русской словесности. — М.: Рус. словесность, 1993.
5. «The New Testament» by Slavic Gospel Association, Copyright Oxford Readers; Oxford University Press, 1993.

В.Тимошенко

Заманауи тіл білімінде библеизм түсінігі

Мақала библеизмдердің қазіргі тіл біліміндегі маңызы мен рөлін қарастырады. Библеизмдер дегеніміз библиядан шыққан фразеологиялық тіркестер мен афоризмдер. Библеизмдер библиядағы кейіпкерлердің аттарынан немесе жағрафиялық атаулардан жасалған, библияның сюжеттеріндегі немесе ежелгі иудейлік тарих пен тұрмыстағы реалияларды білдіретін фразеологиялық тіркестер, уағыздарынан алынған дәйексөздер болып бөлінеді. Сонымен қатар мақалада көркем әдебиеттен алынған библеизмдері бар мысалдар келтіріліп, ағылшын библеизмдері мен олардың орыс тіліндегі баламаларының салыстырмалы талдауы жасалған.

В.Тимошенко

Понятие библеизма в современном языкознании

В статье рассмотрены значение и роль библеизмов — фразеологических сочетаний и афоризмов библейского происхождения в современном языкознании. Автором выделены фразеологизмы, образованные от имен библейских персонажей или географических названий, фразеологических сочетаний, отражавших реалии библейского сюжета или древнеиудейской истории и быта, цитаты их проповедей. В статье также представлены примеры библеизмов, взятые из художественной литературы, а также проведен сравнительный анализ английских библеизмов и их эквивалентов в русском языке.

References

- 1 Birikh A.K., Mokienko V.M., Stepanova L.I. *The dictionary of Russian phraseology*, Saint Petersburg: Philio-Press, 1997.
- 2 Gak V.T. *Questions in linguistics*, 1997, 5.
- 3 Yeryomina E.N., Ryzhova E.I. *Etymological dictionary-reference book of English phraseological units with biblical content*, Khabarovsk: DVGU publ. house, 2000.
- 4 Matveeva N.P. *«Biblical expressions in the Russian»*, Moscow: Russian lore, 1993.
- 5 «The New Testament» by Slavic Gospel Association, Copyright, Oxford Readers; Oxford University Press, 1993.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 82.09

С.У.Такиров, Ж.Н.Шәмшиева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zhanka_bai@mail.ru)*

Асқар Алтай прозасының сюжеттік ерекшелігі

Мақалада қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы Асқар Алтай шығармашылығы ғылыми тұрғыда қарастырылған. Жазушының «Кентавр», «Альпинист», «Казино» сынды шығармаларын негізге ала отырып, сюжеттік құрылымы талданды. Жалпы қазіргі таңдағы көркем шығармадағы сюжеттің рөлі мен дәстүрлі прозадан ерекшелігі, мотивпен байланысы айтылды. Көркем шығарма сюжеті жөніндегі әдебиеттанушы-ғалымдардың пікірлері сараланды.

Кілт сөздер: проза, сюжет, сюжет құрастыру, стиль, фабула.

Тәуелсіздік жылдары қазақ жазушылары әңгіме жанрында қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, мазмұндық, түрлік, тағы басқа ізденістерге барғаны белгілі. Сондай-ақ дәстүрлі ұлттық таным тәуелсіздік тұсындағы әңгімелерде батыс әдебиетінде қалыптасқан әр түрлі әдеби ағымдармен толықты. Қазіргі қазақ прозалық шығармаларында модернистік, постмодернистік ағымдар көрініс бере бастады. Қазақтың қазіргі прозалық туындылары адам мен қоғам, адам мен әлем арасындағы қарым-қатынасқа, адам болмысының мәнін, өмірдегі орнын бағамдауға байланысты экзистенциялық дүниетаным шеңбері кең, өмірдің мәнін философиялық тұрғыдан түсінетін кейіпкерлерді өмірге әкелді. Қазіргі қазақ прозасындағы сюжеттің бөлшектері белгілі бір жүйеге бағынбайды, сондықтан шығармадағы оқиғаның баяндалуында хронологиялық тәртіптің сақталмауы заңды құбылыс.

Қазақ әдебиетінің кейінгі жас толқынының сюжет құру ерекшеліктерін дәстүрлі прозаға қарағанда өзгеше екені мәлім. Бұл ерекшелік авторлық ұстанымына, уақыт пен кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Ұлттық әдебиеттегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік әңгіме үлгісі заманауи прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде постмодерндік әңгіме үлгісіне айналды. Атап айтар болсақ, Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Роза Мұқанова, тағы басқа жазушылардың әңгімелерін ұғыну үшін олардың постмодерндік бағытының тереңіне үңілуіміз керек. Классикалық әдебиеттегідей сюжет, композиция деп талдаудан алыстап барамыз. Постмодернисттер сюжетке оқыс оқиғалар, образдарды басқаша түрде ұсынып, оқиғаны күтпеген тұста аяқтап тастап, оқиғаның шешімін оқырманның үлесіне қалдырады. Тіпті, мысалы, «Дидар Амантайдың әңгімесінен сюжет іздемей-ақ қойған абзал. Себебі сіздің іздеген сюжетіңіз бұл әңгімеде жоқ» деген пікірде Таласбек Әсемқұлов [1]. Қазіргі қазақ прозасында біраз қаламгерлердің шығармаларында виртуалды әлемді суреттеу көптеп кездеседі.

Сөздік-көркем туындыларда барлық кейіпкерлер виртуалды болып табылады, олар нақтылы өмірде емес, автордың ішкі дүниесінде, содан кейін барып оқырман туындыны оқыған кезде оның ішкі дүниесінде өмір сүреді. Сондықтан автор нақтылы өмірдің виртуалды сыңарынан қалыптастырған кезде өзінің виртуалды адамдарына өздерін нақтылы өмірдегі адамдар сияқты қылықтар жасауына мүмкіндік береді: олар басқа адамдарды бейнелейді немесе өзін сипаттайды.

Осы орайда мақаламызға арқау болып отырған қазіргі таңда өзіндік ізденісімен орта буын өкілдерінің алдыңғы қатарында есімі аталатын жазушы Асқар Алтайдың шығармаларындағы сюжеттік ерекшеліктеріне сипаттама бере кеткіміз келеді.

Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай — өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады. Оның «Қара бура» повесі, «Қараштың қарасы» әңгімесі қазақ басынан өткерген небір тарихи оқиғалардан сыр шертеді. Асқар Алтай шығармаларындағы бір ерекшелік — шығарма ішіне тағы бір шығармаға сюжет боларлық бір оқиғаны сыйғызып жіберуі. Мұндай тәсіл көбіне О.Бөкей шығармаларына тән болатын. «Қара бурадағы» ботасын іздеген ақ түйе туралы аңыз, «Қараштың қарасындағы» Қараш батыр туралы әңгіме мен «Ереуілтөбе» жайындағы тарихи оқиғалар шығарма құрылысына нұқсан келтірмей, негізгі оқиғамен жымын білдірмей кірігіп кеткен. Асқар Алтай көбіне қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін танытатындай тақырыпта жазады. Оның «Көзжендет» әңгімесінің өзі жазушылық шеберлік туралы көп мәлімет береді. Біреуге істеген қастандығың, тіпті аңға жасаған қатыгездігің өз алдыңнан шығады деген философиялық түйін жасайды. Талай аң-жануарды көзсіз қалдырған «көзжендет» сауысқанның иесінің немересі көзсіз туады. Әңгіме соңы адамға ой салады.

Ал, бүгінгі көзқарақты оқырман Асқар Алтайдың әр шығармасын асыға күтеді. Солай болуы заңды да! Өйткені Асқар Алтай қазақтың шұрайлы тіліне жөргегінен жарыған жазушы. Алтайдың әйгілі Марқакөл өңірінде бес мыңнан жеті мыңға дейін алалы жылқы біткен Шонжырбай бай — Асқар Алтайдың арғы атасы. Одан — Жылқышы, Жылқышыдан — Алпысбай, Алпысбайдан — Құмар. Алпысбай атақты Шәкәрімнің ұлы Зиятпен дос болған, Шығыс Түркістан Республикасы басшыларының бірі Сәліспен Семейде бірге оқыған. Арғы бетте генерал Мажунин дүңген көтерілісіне басшылық еткенде, оған қазақтар да қатысқан. Алпысбай ел басына күн туғанда әкесі Жылқышыдан қалған бес жүзден астам қыл-құйрықтан көтеріліске қатысқан қазақ жігіттеріне қосарлап ат та мінгізген.

Ал Құмар Мәскеу төңірегіндегі атақты Диверсиялық барлау мектебінің Шығыс барлау бөлімін (1936–1942) бітірген. Сонда жүріп кеңестік барлаушылық қатал тәжірибесінен өтіп, қытай, монғол, тибет, ұйғыр, орыс тілдерінде еркін сөйлеп, еркін жазған. 1942 ж. генерал Дәлелхан Сүгірбаевтың кеңесшісі болып, Совет Одағынан Зайсан шекарасы арқылы Шығыс Түркістанға енгізілген. Ол тәуелсіз Шығыс Түркістан Республикасын құрысып, Алтай аймақтық Сақшы бастығы қызметіне тағайындалады. 1951 ж. Оспан батыр ұсталғаннан кейін Құмарды қызметінен алып, Кеңес Одағының ұйғаруымен Пекин Заң университетіне білімін көтеруге жібереді. Ол сол кездегі қазақтар арасында жоғары білімді заңгер азаматтардың санаулыларының бірі еді.

Құмар Алпысбайұлы Мағжанның «Батыр Баянын», Жүсіпбектің «Ақбілегін» әңгімелеп отыратын. «Алтайда ел нары екен қалың найман, Қытайға қалың найман қанат жайған...» деп әкесінің әнге қоса ыңылдап айтқан сөздері Асқардың құлағында бала шағынан қалып қойған. Ол Шәкәрімнің көптеген өлеңдерін білетін, көп сөйлемейтін. Ал сөйлеп кетсе, сөздің майын тамызатын. Асқардың өз анасы Меңке де сөзге ұста адам еді.

Асқардың балалық шағы өте бай һәм құнарлы болды деуге толық негіз бар. Алты-жеті жасына дейін көп адамды көрген жоқ, қалың жылқы мен малды көрді. Құдды суретпен сызып қойғандай, қыл қаламның да құдіреті жетпейтін сұлу Алтайдай арда табиғаттың ортасында өсті. Өз көзімен көрген жабайы аң-құс, жан-жануарлар бала Асқарды рухани түлетті. Бала кезінен бөрі мен бөлтірік аулауға, бұғы мен аю атуға аңшы Қауқай, Буратай, Нұрғали қариялармен, әкесі Құмармен бірге барып жүрді. Сондықтан да оның шығармаларында аңшылық туралы оқиғалар жиі ұшырасады. Шынайылығымен, тылсымдығымен оқырманын тамсандырады.

Қаламгердің бірқатар әңгімелері оқырманды мынау әлеуметтік ортадан алыстатып көркемдік әлемге жетелейді.

Асқар шығармаларының кейіпкерлерінің де өзіндік әлемдері бар. Мысалы, «Лайбаран» атты әңгімесінде кезінде өзінің алдағы мақсаты бар Әкөн есімді жігіт Семейдегі медицина институтына оқуға түседі. Алайда ырың-жырың жүріс, ырду-дырду думан жас, лапылдап жанып тұрған жігітті қызыл «Талас» шарабы мен мөлдіреген түссіз «Водкаға» құмартады. Аяғы, бір курстың өзін аяқтамай жатып әскерге кетіп тынады. Әскерден келген соң оқуын жалғастырмайды. Бұл баяғы жүрісіне қайта басады. Сөйтіп жүріп Нұрайнаны жүкті етеді. Ащы суға жаны құмар болған соң отбасының шырқы бұзылып, сұлуы көп, жылуы жоқ Алматы асып, есіл-дерті екі стакан араққа ауған өзі секілділерге қосылып, тапқан таянғанын «түссіз суға» жұмсайтын БОМЖ-дың өзі болып шығады. Өзімен бірге өскен, сыныптасы Сейсен қаладағы базарда үсті-басы кір-қожалақ, сақал-мұрты өсіп кеткен Әкөнді қапыда көріп қалып, жабыса кетіп, айдаладағы аядай аудан Аягөзге алып келіп, Иван-кочегарға табыстайды. Вания-кочегар мұны қазандықтағы ыстық суға шомылдырып, бу бұлауынан кейін

200 грамм «ақанды» жұтқызып жіберіп, майға қуырылып піскен семіз, бірақ тарамыстау етті қарбыта соқтырып, жылы оратып, жеке бөлмеге жатқызып тастаған. Бір-екі мәрте ғана шарап көтерген, санасы сауығып қалған Әкөнді ертесі күні түнде кочегар ит аулауға өзімен бірге сыртқа алып шықты. Міне, осы күннен бастап дәу орыс пен Әкөннің арасында кикілжің туа бастады. Бұл Ваня-кочегардың итті Акон бауыздасын деуі еді. Әкөн болса, бірден «жоқ» деп бас тартқан. Келген күні қара кесек етті байқамай жеген Әкөн осы күннен бастап ет жеуді қойған болатын. Ет жеуді доғарған Әкөн-әпендіге ашуы келіп жүрген Ваня-кочегар: «Эфенди, мен сені ерте ме, кеш пе өлтіремін! Сен бәрібір адам болмайсың, лайбараннан артық саған қандай мал керек, малғұн!..» — деп жиі айтып жүрді. Әкөннің сөніп қалған намысын кочегардың «Иттен туып, іннен шыққан» деген соңғы сөзі жанып өткен еді. Басқасы басқа, соңғы сөзі жанына батып кетті. Осы сөз жанын жегідей жеді. Иван-кочегар мен Болат-бұзау ит аулауға кеткенде мұның ойынан әлгі сөз шықпай қойды. Олар қанжығалары майланып оралғанда үнсіз ғана есікті іліп, Болатқа көксұр иттің аяғын байлауға көмектесіп жүрді. Жүз грамм арақты сіміріп жатып, Әкөнді көзқиығымен баққан Иван Болатқа ит бауыздауды тоқтатып, пышақты Аконға берді. Әкөн: «Мен соймаймын. Пышақты да ұстамаймын. Керек болса, Иван-кочегар, өзін сой, өзін же! — деп ысылдады. Бұған шыдамаған Ваня-кочегар БОМЖ-ды ауызынан кеп отырғызды. «Жаныңның барында «барыныңды» бауызда! Болмаса балтамен басын шап!» — деп бұйырды [2; 115].

«Әкөннің санасын тұман тұтып, көзін қан басты. Қан аралас түкірігін тағы да түкіріп, пеш аузына жақын жатқан қайраулы балтаны барып алды. Қайырылып ит қасына келді. Тістенген қалпы аузына толған қасқа тістің қанын енді түкіріп тастамай, жұтып жіберді.

— Эфенди, — деді тұздай көзін қадаған Иван-кочегар, — балта өткір, бір-ақ сілте! Қорықпа!

— Неге қорқам?

— Е-е-е, бәсе! Аюға да жан керек... ха-ха-ха!..

— Қорықсаң сен қорық... — Бұл сөзің аузынан қалай шығып кеткенін Әкөн-әпендінің өзі де сезбей қалды.» [2, 118].

Ашуға булыққан Әкөн ешкім күтпеген, шапшаң қимыл жасап, өткір балтамен итке жақын отырған Иван-кочегарды қақ маңдайдан шауып жіберді. Сөйтті де байлаулы жатқан көксұр итті босатты.

Асқардың бұл әңгімесінің кейіпкері Әкөн екі әлемнің арасында дүбара күйде жүреді. Жас шағындағы намысшыл, таза қалпынан жүре пайда болған араққа деген тәуелділіктен айырылып, санасы уланып «БОМЖ»-дық әлемге бой ұрады. Бұл кейіпкеріміздің жүре қалыптастырып алған өзіндік әлемі. Ал, аздап тиымнан соң санасы серги бастаған Әкөннің, көңіл түкпіріндегі сезімдері оянып, қайта қалпына келе бастағандай еді. Баз баяғы табиғи әлемінің көкжиегі көрінгендей.

Сонымен, қорыта келгенде, Асқар Алтай әңгімелеріндегі виртуалдық әңгімелер желісі өзіндік соны өрнектері, жаңа ой түйіндерімен ерекшеленеді.

Жалғыздық сарынын қазіргі қазақ прозасында өмір мен өлім концепциясы тұрғысынан қарастыруға болады.

Соңғы жылдары қазақ қаламгерлері өлім туралы көп жазып жүр. Өлім болмаса, өмірдегі тірінің қадірін білмейтіндігіміз рас. Адам қимайтын арсыз жалғанда бір-ақ опасыз дүние бар. Ол — тіршілік. «Мені де, өлім, әлдиле», — дейді Мағжан. Мені де, мені де... Адам өлімді есіне алған кезде ғана Аллаға жақындай түседі. Қаламгердің кейіпкерінің Құдайды іздеуі бекерден бекер емес. Дүниеде Құдайдан асқан философия жоқ. Кейіпкердің мына уы мен шуы, қуанышы мен қайғысы мидай сапырылысқан тіршіліктен безіп, жалғыздыққа қарай қашуы — Құдайдың шұғылалы сәулесінің жылуын іздеуге ұмтылысы.

Автордың айтпағы Құдай — адам жүрегінің сәулесі. Ол — өлгенше пендесімен бірге болатын жалғыздығы, қуанышы мен қайғысы. Автордың кейіпкерінің жалғыздығы — Құдай. Жалпы адамзат басына түскен қайғыға, жаныңды ауыртқан жаманатқа қара емен болып қатып қалған күнде ғана сен бұл өмірдің қасіретін жеңесің деп ой түйдіреді. Ал, әзірше, автор кейіпкерінің ұлы идея үшін азап шегіп, қайғының отына күйі — қаламгердің сюжет ойыны тәрізді.

«Ақыл мен ғылым адамзат тарихында тек екінші сатыдағы қызметті атқарып келеді» деп күйінген еді Достоевский.

Суреткер кейіпкерінің күйінбеуін, бәрібір тастай қатып қалған өмірдің жүрегін жібите алмайтындығын бағамдатады. «Ұлылық дегеніміз — өзінді-өзін тергеу» (Ибсен).

«Өмірдің талаптарымен келісе алмаған адам азапқа түседі» (Бодлер) айтқаны еске түседі. Жалпы, Бодлер айтпай-ақ, Ұлылық дегеніміз — азап шегу. Абай «ойлы адамға қызық жоқ бұл

жалғанда», Мағжан «сұм өмір абақты ғой саналыға» деген ғақлияны ұлылықтың тонналық қасіретін бек сезгендіктен айтқан.

Жалғыздық сарынын прозадағы Құдай мен Адам тұрғысынан қарастыруға да болады.

«Жалғыздығыңа қарай қаш», дейді Ницше. Жазушының кейіпкерін жалғыздық қана құтқарып қалады. Жалғыздыққа Жаратушы ғана қарсы тұра алмайды. Алла тағала пендесін алып кеткенмен, біреудің жүрегінде жалғыздығы қалады. Ең құрығанда...Біреудің.

Жалғыздық сарыны туралы Г.Пірәлиева «Жалғыздық қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл адамның (кейіпкердің) ішкі табиғатынан, болмыс-бітімінен сыр берер, оның hareketін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет. Өйткені адам жалғыз қалғанда ғана ішкі ой еркіндігіне бой алдырады. Жалғыздық — адамға өз ойымен болуға, еске алу, елестету, қайғыру, сүйсіну, белгілі бір шешім қабылдау, тағы басқа толып жатқан философиялық, психологиялық категориялар мен процестерді, сан алуан түрлі сезімдік құбылыстарды бастан кешетін кезең [3].

Жалғыздық сарының Асқар Алтай шығармаларындағы көрінісі қандай болмақ. Осы мәселе төңірегінде ой өрбітеміз.

Асқар Алтайдың осы уақытқа дейін белгілі сыншыларымыздың назарына іліккен туындыларының бірі — «Кентавр» әңгімесі. Әңгіменің желісі бас адам тәрізді дене тұрқы жылқы іспеттес сәбидің дүниеге келу. Ата-анасының бір перзентке зар болып жүріп тапқан ұлдарын ел көзінен таса жерде өмірге әкеліп, өсіреді. Алайда күн санап өскен жылқы-жігіттің жалғыз екенін түсінуін автор былай жеткізеді.

Түзде тағы өскен құлын-бала құнан-жігіт шықты. Тұрқы зорайып, қуаты толысты. Бұла көркі көз тартып, бұғанасы бекіді. Тарлан Тарбағатайдың тағы аюын да алды, бұла бөрісінің белін де үзді. Тұнық табиғатта Басарыстың санасы сараланды... өзінің тірі пендеге ұқсамайтын жалғыз екенін түсінді. Жат екенін сезінді. Әкесі мен көкесі ескерткен, шешесі көз жасын төгіп айтқан: «Тірі пендеге жолама! Көздеріне түспе!» деген сөзді берік ұстанды [2; 182].

Ал Асқардың «Альпинист» шығармасындағы тау шыңына шығуды өзінің рухы, жан рахаты көретін Тайшынның қалаға сыймай әрдайым тауға қарай аңсары ауып тұрады. Қаладағы бейберкетсіз тіршіліктен жалығады. Автор кейіпкердің ішкі жай-күйін терең түйсінеді. Оның қаумалаған адамдардың ішінде әрдайым жалғыз сезінуін жеткізеді.

«Екеу елеусіз ғана иек қағысады. Иек астынан ащы тер тамшылайды. Бірін-бірі көздерімен ұғысады. «Нағыз адамдық асыл қасиет тау басында ғана оянады...» деген ой келді Тайшынға. Таудағы достық — бәрінен биік. Таудай биік, таудай қатал, таудай төзімді. Таудан төмен түскен жерде пендешілік бой көтереді. Төменде «достық» дегеннің өзі «қастық» дегенмен қатар жүреді. Ойда достыққа да, қастыққа да орын бар. Тауда орын жоқ. Тау — тарпаң.

Тайшынға бұл таңсық ой емес. Құз қиясында қырандай қанаттасып қатар жүрген, бар қиындықты қара нардай бірге бөліскен альпинистер етекке түскенде бұзаубас кесірткедей құбылып сала береді. Қар құлайтын, мұз жылайтын жалама беткейлерде адамдық жанашыр сезімдеріне сызат түспестей, сына қағылмастай боп көрінгенімен, қалаға кіре бере бұлғақсыз бауырмалдығы қорғасындай суынады. Адам атаулы бір-біріне суық қана жымиып, ішін бермейтін қаланың қалың қатпарлы тіршілігімен беттескен сәтте бәрі де әдіре қалып, тау төсіндегі сәбидей пәк сезімдері лезде ластанып қоя береді. Шың басындағы кешегі қара тастай берік достық, альпинистік адал сезім сынған хрустальдай шыл-шыпыры шығып, әрқайсысы бөтен біреулерге айнала жөнеледі. Тайшын осыны түсінбейді... ойға түсе көңілі күнгірт күздей құлазиды, жапанда қалғандай жалғызсырайды. Ал бозбала Сұңғат оны қайдан білсін?! Ол — әзірге әсершіл.» [2; 202, 203].

Бір сәт алаңдадың ба әңгіменің мәнісін басқаша түсініп қалуға ұрынасыз. Асқар Алтай әңгімелерінің күдіреті де осындама деген ойға қаласыз...

Қазіргі қазақ прозасы болып толған, өзінің ұстаздық-тәлімгерлік орнын әлем әдебиетінен алған және бұрынғыдай ұлттық поэзияның тасасында қалып қоядан мүлдем арылған. Өзгеден үйренуді доғарып, өзге үйретуді бағыт етіп ұстанған милет мақтанышы. Әңгіме жанры әдеби сын мен әдебиет назариятын өзінің жанашылдығымен қуантып жүр. Заманалық қазақ әңгімесі оқырманына мәтін ләззатын сыйлап жүр десек, артық айтқанымыз емес.

Бір кездегі ұлт әдебиетіндегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік әңгіме үлгісі, 40–50 жастағы сақа прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде постмодерндік әңгіме үлгісіне айналды. Иә, Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Думан

Рамазан, Нұржан Қуантайұлы, тағы басқалар өкілдері болып саналатын прозашылар шоғырының әңгімелерін ұғыну үшін олардың постмодерндік бағытының тереңіне үңілуіміз керек-ақ. Бұрынғыдай мынау сюжет, анау композиция деп белгілі процесті қаздың баласындай бірізділікпен қайыра айтып салып, жарыса жазудан тізгін тартып, аян нәрсені қайтара жайып салудан бойды аулақ ұстайтын кез келді.

Біз бұл мәселелерді теориялық жақтан шешіп алмай, қазіргі қазақ прозасындағы Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Думан Рамазан, Нұржан Қуантайұлы т.б. әдебиет алыптарының шығармашылығының есігінен қарай алмаймыз.

Ең бастысы, беллетристика мен классикалық әдебиеттің сюжеттерін түзілетін мотивтерге белгілі бір фабулалық кестелеулердің өзектенуін топтастыруда сюжет табиғатын біршама айқындай түсуге септігі бар тақырыптық қағидатқа арқа сүйеген жөн. Және әрбір фабулалық кестелеуге Асқар Алтайдың «Казино» әңгімесі бойынша мысал келтіре дәлелдеуді хош көрдік.

«Казино» әңгімесі — заманалық қазақ әдебиетінің дамуы процесіндегі ерекше құбылыс. «Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ» деген автор уәждауы «бай-шонжарлардың мырзаларының» қоғамдағы алатын орнын айқындайды.

Оқиғалық мәртебеге ие емес көптеген сюжеттік бөліктер (портрет, суреттеу, деталдандыру, диалог т.б.) Асқар Алтай әңгімелерінде оқиғаны өрістетуге дайындық ретінде, фабуланы тежей отырып, «әңгімелеу ағынын» тудыруға дайындық жасайды. Біздің байқауымызша, Асқар Алтай көбіне сюжеттік амал-тәсілдерді: психологиялық мінездеулер мен уәждаулар, суреттемелерді кең ауқымды қолдана отырып, өзіндік стильдік ерекшелігімен басқа қаламгерлерімізден өзгешелене түсіп отырады. Сюжеттік амал-тәсілдерді кең ауқымды постмодерндік қолдану қазіргі қазақ әңгімесінің өзіндік дәстүріне айналды. Әңгіме сюжеті моноцентрлік сипатқа ие (фабулалық оқиғалардың барлығы бас кейіпкер Жошының Сапалақпен кездесуіне және оған дейінгі оқиғаларға құрылған).

Асқар Алтай шығармашылығындағы әңгімелеуші мотивті дәстүрлі алаш фольклорлық және әдеби элементтерінің түр өзгерушілігіне ұшырап хикаяттануы деп санаймыз. Қазақ қоғамында жасалынған қылмыс «Казино» әңгімесінің басты мотиві болып табылады. Өйткені дей-дей түркі, орта түркі және қазақ халық прозасында мотив табиғаттың бабаларымызды бетпе-бет келтірген түйткілді мәселелеріне жауабын өздерінше баяндап шығатын бірімшелі бейнелікпен эстетикалық кестелеуі болып табылады. Әрі біздің қаламгерлеріміздің туындыларында ұшырасатын батыстық және шығыстық мотивтер әдебиет түгіл фольклордың өзінде бірін-бірі айырып алғысыз баламатамдыққа (контаминацияға) ұшыраған, сондықтан ұлттық прозаиктеріміз «сөз» сияқты одан ары бөлшектеуге келмейтін тұрақты мотивтерді өз әңгімелері мәтіндерінде кеңінен қолданып келеді.

Асқар Алтайдың әңгімелерінің көптеген сюжеттері белгілі бір фабулалық кестелеу арқылы XX ғасырдың соңғы және XXI ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы қазақ қоғамында орын алған қоғамдық процестерді айшықтайды. Тақырыпнамалар, біріншіден, адам мен қоғам, адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды көтерумен; екіншіден, қаһармандардың отбасылық және махаббаттық жағдаяттықтарымен байланысты осы бір «мәңгілік» тақырыпты әлеуметтік және жеке бастық мәселелік (проблематика) аясында белгілі бір кезеңге тән стильдік және жанрлық модалдылық реңкімен берумен; үшіншіден, ұлт қаламгері санасындағы кейіпкер келбетінің түр өзгешелігіне ұшырап, экзистенциалды сипатта сомдалуы бұрынғы қалыптасқан канондарға сыймауымен байланысты болып келеді.

Қорыта айтқанда, жаңашыл ойлау мен дүниені жаңаша тануға негізделген қағидаттармен түзіліп, әлеми адамды соны үлгімен өрнектеуге құрылған романдық замана сөзінде әрі дағдарысты, әрі алмағайып жаһандану жан алқымынан алған алаш рухы бойына тұнған жаңа көркем жүйенің бітім-болмысы қалыптасып отыр. Қазіргі қазақ романының әні де, жыры да көз үйренген, көңілде хатталған, жадыда жатталған кеңес дәуіріндегі романдардан тұрпаты мүлдем бөлек болатындығы содан да болар деген ойдамыз.

XXI ғасырда ұлттық дәстүрлі романды трансформациялап, бұрынғы жанрлық канондар позициясы тұрғысынан бағалау мүмкін емес, мүлдем жаңа көп деңгейлі, көп өлшемді жаңа романдық ойлау формасын қазіргі прозашыларымыздың өмірге әкелуі ұлттық мәдениет кеңістігіндегі мақтанышымызға айналып отыр. Жас толқын олардан (Таласбек Әсемқұлов, Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Нұржан Қуантайұлы және т.б.) үйреніп, өздерінің тәй-тәй басқан әдеби тырнақалды қадамдарына өнеге етуге бұрынғы проза алыптарын емес, ендігі жерде

біздің заманымыздың маэстроларына айналған осындай қаламгерлерді қош көрулері арқылы өз шығармашылықтарын шыңдап жатыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алматы ақшамы. — 2012. — 26 шілде.
- 2 *Алтай А.* Казино. — Алматы: Атамұра, 2008. — 368 б.
- 3 *Пірәлиева Г.* Ізденіс өрнектері. М.Әуезов әңгімелеріндегі жалғыздық проблемасы. — Алматы: Атамұра, 2001. — 10-б.

С.У.Такиров, Ж.Н.Шамшиева

Особенности сюжета в прозе Аскара Алтая

В статье рассмотрено творчество писателя Аскара Алтая, выделяющееся в современной казахской литературе своим неповторимым стилем. Проанализировано сюжетостроение таких произведений писателя, как «Кентавр», «Альпинист», «Казино». Авторами выделена роль сюжета в современной художественной литературе, показаны отличие от традиционной прозы, связь с мотивом. Приведены мнения литературоведов о роли сюжета в художественной литературе.

S.U.Takirov, Zh.N.Shamshiyeva

Features of plot in Askar Altai's prose

In the article considered creation of writer Askar Altai, which is widely known for its unique style of modern independent Kazakh literature. We analyze the plot construction works of the famous writer Askar Altai as «Centaur», «Climber», «Casino». Covers the role of story in modern literature, and unlike traditional prose, communication with the motif. Opinions and analyzes of literature about the subject in art literature.

References

- 1 Almaty akshamy, 2012, July, 26.
- 2 Altai A. *Casino*, Almaty: Atamura, 2008, 368 p.
- 3 Piraliyeva G. *Search path. Problem of singleness in novels M.Auezov*, Almaty: Atamura, 2001, p. 10.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Ұлы ғұлама әл-Фараби мұрасының әдебиетке, поэзияға қатысты қырлары

Шығыстың ғұлама ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің сан қырлы ғылыми қызметі туралы қысқаша деректер келтірілген. Оның өз уақытындағы ғылымның барлық салаларының құрамдас бөлігі болып табылатын әдебиеттану, тіл білімі, поэзия, лингвистика саласындағы зерттеулеріне айрықша көңіл бөлінген. Оның өзі өмір сүрген оныншы ғасырдан бастап қазіргі кезге дейін Батыс пен Шығыстың көптеген көркем сөз шеберлері айтып өткен және айтып жүрген дарынды ақын екендігі көрсетілген. Көрнекті ғалымның әдеби шығармашылығын өткен ғасырдың 70-жылдарынан қазіргі кезге дейін зерттеген қазақстандық әдебиеттанушыларының зерттеу нәтижелері суреттелген.

Кілт сөздер: ақындық өнер, өлең, рубай, шайыр, әдебиетшілер, мәліметтер, ой-пікірлер, сопылық поэзия, мадақтау.

Kіріспе

Шығыстық ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің классикалық ғылымның барлық саласын дерлік қамтитын мұрасы жайлы өзі туған түркі әлемі немесе өмір сүрген ортасы араб елдерінде ғана емес, Батыс пен АҚШ, Канада, сондай-ақ Жапония, Қытай сияқты Қиыр Шығыс елдерінде жүздеген ғылыми-зерттеу еңбектер күні бүгінге дейін жазылып келеді. Бұл ерекшелік осы ойшыл ғалым туындыларының сарқылмас мазмұнын, яғни уақыт өткен сайын арта беретін өміршендігін, айқындаса керек.

Осылардың ішінде отырарлық ғұламаның жалпы және отандық ғылым тарихы үшін зор маңызға ие еңбектерінің бірі — оның филология ғылымы, әдебиет теориясы, одан да нақты айтқанда, поэтикаға қатысты трактаттары. Әл-Фарабидің поэтикалық еңбектері, біріншіден, оның ғылыми мұрасының ажырамас бөлігі саналса, екіншіден, поэзия өнері араб халқының тек әдебиеті ғана емес, мәдениеті, оның бүкіл тарихынан маңызды орын алатын ежелгі шығармашылық. Осы себепті қазіргі заманғы араб зерттеушілері мысырлық ғалымның әдебиеттану саласындағы еңбектерін әлемдік қолжазба, кітапхана қорларынан іздеп тауып, ғылыми айналымға енгізуге көп еңбек сіңірді.

Ғұлама ғалым шығармашылығындағы тіл мәселесінің терең зерттелуі

Ұлы грек ғалымы Аристотельдің ізбасары бола тұра, әл-Фараби өз назарын тілдің философиялық жақтарына аудармауы еш мүмкін емес еді. Өйткені бұл мәселелер өте ерте кезден бастап бүкіл антикті толғандырған. Қойылған сұраққа тек қана әл-Фарабидің «Әріптер кітабы» трактатының көмегімен жауап беруге болады. Нақ осы трактатта қызықтыратыны, тілдің философиялық проблематикасы туралы материалды қамтитындығы. Демек, мұны талдау зерттеушілерге әл-Фараби шығармашылығындағы тіл мәселесін толығырақ әрі тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді [1]:

1. Ойшыл ғалымның тіл мәселесіндегі көзқарастары көп нәрсе жөнінде Аристотель көзқарастарымен үйлеседі. Бірақ тілді зерттеуді ол поэтика мен риторика шеңберімен шектеген Аристотельден өзгеше, яғни, ол тілді жеке зерттеу объектісі ретінде абсолютті қабылдамай, оны ғылыми ізденіс пен пәні ретінде белгілеп, оны оқып білуге сөзсіз қажетті, классификациялық тізіміне қосады.

2. Тілдің пайда болуы мәселесі тілді зерттеудегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені әл-Фараби келісімді теорияны ұстанған Аристотель жолымен шешеді. Бұл теорияға сәйкес, қоғамдағы білімді адамдар ішінде жекелеген «атауларды белгілеушілер» (ономатеттер) болады. Олар өзара келісіп, заттарды белгілейтін сөздерді тұрмыста қолдануға енгізеді. Соңынан бұл сөздерді, атауларды барлық адамдар пайдаланады.

3. Тілдің пайда болуын түсіндіргенде әл-Фараби тіл элементтері қалай қалыптасатынынан бастайды. Олардың эволюциясы мен толық жетілуі қарапайымнан күрделіге үдемелі түрде болады: әуелі адам ым меп ишара сияқты белгілерді пайдаланады, содан кейін ол әріп болатын, әріптен сөзге айналатын дыбыстарын пайдаланады.

4. Әл-Фараби тілдер арасындағы ерекшеліктер туралы сұрақты қозғайды және оны қандай да бір географиялық ортада жинақы қоныстанған халықтардың әрқайсысының өзіндік ортақ дене бітімі мен өздеріне тән әдеті бар екендігімен түсіндіреді.

5. Әр түрлі тілдердің болу себебін ғұлама ғалым дыбыстар құрылуындағы өзгешеліктерден көреді. Өйткені бір халықтар дыбыстар артикуляциясындағы тілі мен еріндерінің қимылдары өзгеше, басқалар үшін — басқа. Біреу үшін дағдылы нәрсе, басқалар үшін мүлде тосын.

Ғалымның кейбір трактаттарында («Риторика», «Бақытқа апаратын жол» т.б.) тіл білімі мен әдебиет тану ғылымының бірқыдыру маңызды мәселелері қарастырылған [2].

Тіл туралы ғылымды әл-Фараби екі бөлімге — лексикология және грамматика бөлімдеріне — ажыратып қарастырады. «Мұның біріншісі (лексикология) қайсыбір халықтың тіліндегі сөздерді еске сақтау және оның әрқайсысының мағынасын білумен шұғылданады».

Тіл туралы ғылымның екінші бөлімін, яғни грамматиканы, әл-Фараби тілдегі сөздерді меңгеретін, бағындырып ұйыстыратын бөлім ретінде қарастырған.

Шығыстың ұлы ғалымы тіл туралы ғылым жеті тараудан тұрады деп есептеген:

а) «жалаң сөздер туралы ғылымды» ғалым өзара бір-бірінен тек және түр жағынан ажыратылатын сөздер туралы білімнің жиынтығы деп түсінеді;

ә) «сөз тіркестері туралы ғылымды» Фараби халықтың мақалдары мен мәтелдері туралы, атакты шешендер, ақындар мен риторлар жасаған афоризмдер мен канатты сөздер туралы білім деп есептейді;

б) фонетика мен морфологияны ол «жалаң сөздердің заңдары туралы ғылымның» бөлімдері ретінде қарастырады;

в) «сөз тіркестерінің заңдары туралы ғылымды» әл-Фараби екі бөлімнен тұрады деп есептейді. Бірінші бөлім есімдер мен етістіктерді құрап тіркестіруде «соңындағылардың» (яғни аффикстердің) ережелерін жасайды. Екінші бөлім бұлардың құралу және тіркесу шарттары туралы ережелері жөнінде білім береді;

г) орфографияны Фараби тіл білімінің дербес бөлімі ретінде қарайды. Оның пікірінше, орфография тіл дыбыстарын, ең алдымен, жолға жазылмайтын және жолға жазылатын дыбыстар деп ажыратады. Мұнан соң бұл ғылым жолға жазылатындар қайсылар және оның жазылу әдісі қандай екенін түсіндіреді;

д) орфоэпияны ғұлама «дұрыс оқу заңдары туралы ғылым» деп таниды;

е) тіл білімінің соңғы, жетінші тарауы ретінде ғалым өлең құрастыру ережелерін — поэтиканы атайды.

Әл-Фараби поэтиканы үш жағынан қарастырған [3; 319].

Біріншіден, ол тілтанумен дәл келуі ретінде түсіндіріледі. Және шынында да, қазіргі зерттеушілер көрсеткендей, поэзия тіл ретіндегі тіл мүмкіндіктерін максималды түрде толық тауысады.

Екіншіден, поэтика логикаға оны құрамдас бөлігі ретінде, риторика, софистика, диалектика және анодейктикамен қатар енеді.

Үшіншіден, эстетикалық жағынан поэтика теориялық музыканың негізі ретінде қарастырылады.

*Әл-Фарабидің әдебиет мәселелеріне, соның ішінде
поэтикаға арналған зерттеулері*

Зерттеушілер әл-Фарабидің әдебиет мәселелеріне қатысты шығармаларынан «Риторика туралы кітап», «Жазу өнері туралы кітап», «Өлең өнері қағидалары туралы трактат», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы кітап», «Ұйқас пен ырғақ туралы кітап», т.б. еңбектерін атап көрсетеді [4; 66].

Энциклопедист-ғалымның жан-жақты мұрасының поэтикаға қатысты қырлары дегенде, оның бұл салаға арнаған бүгінгі ғылымға белгілі екі зерттеу еңбегінің бар екенін айту қажет. Оның біріншісі — «Поэзия өнері жайлы», ал екіншісі «Поэзия өнерінің қағидалары» трактаттары. Фарабидің бұл екі трактаты атауына қарағанда өзара ұқсас туындылар көрінгенмен, олардың мәтінімен жақын танысу екеуінің бір-бірінен бөлек нысанды, дербес мазмұнды еңбектер екенін айқындауға мүмкіндік береді.

Ғалымның «Поэзия өнерінің қағидалары» атты трактаты Аристотельдің «Поэзия өнері жайлы» еңбегін талдауға арналған туынды. Әл-Фараби бұл туындысында өзі «хакім» деп атаған Аристотельдің поэтика бойынша тұжырымдары мен ілімін түсіндіреді.

Поэтикалық шығармашылыққа қабілеттілік туралы айта келе, әл-Фараби ақындарды үш топқа бөледі. Біріншісі, теориялық тұрғыдан бұл өнер негіздері жайлы білімнен ада болғанымен, поэзияның немесе барлық жанрларына табиғи қабілеті барлар. Екінші топтағы ақындар, олар табиғи дарындарымен қатар, поэзия өнерінде де терең білгірлігімен сипатталады. Оларды «ойлаушылар» деп атауға тұрады. Үшіншісінде – шығармашылық төлтумалық пен өнер канондары туралы терең білім жоқ, алғашқы екі топтағы ақындарға еліктеушілер [3; 322].

Фарабидің ойынша, нағыз көркемдік өнерді, білімді табиғи таланты зор ақындар туғызады. Оның үстіне «ғажап поэзия» жасау үшін ақын еркіндігі болу керек. Ақын өзі игерген, әбден меңгерген жетік формада (жанрда) жазса да, жақсы туынды бере алады. Ал әр түрлі әсер ықпалдарға байланысты немесе өзі әбден игермеген жолмен жазса, білгір ақынның өзі де жақсы нәтижеге жете алмайды. Өлең шығаруда ақынның білімділігі мен табиғи талантына қоса тәжірибелілігі де қажет деп, жазушының өз өнеріне кемелденуін ерекше бағалайды [4; 76].

Әл-Фараби «Поэзия өнері жайлы» трактатында негізінен араб метрикасына сәйкес мәселелерге — бәйіттің соңғы дыбысы, ұйқас, бір бунақ немесе жолдағы қысқа дауыстылар саны, олардың өлең өлшеміне қатысты және т.б. тек араб поэзиясының өзіне ғана тән сұрақтарын талдап, сонымен қатар поэзияның оған жақын өнер — риторикада қолданылу ерекшеліктеріне қатысты тұжырым жасайды. Әдебиет теориясының «еліктеу» теориясына жан-жақты, әрі терең талдау жүргізеді.


Бұл еңбекте әл-Фараби тұлғасы Аристотельдің еңбегін талдаушы немесе оған түсіндірме беруші ретінде емес, араб поэзиясының заңдылықтарын зерттеуші ретінде танылады. Яғни, бұл екі еңбектің атауы ұқсас болғанмен, бірі классикалық грек поэзиясы тұрғысындағы, екіншісі әлемдік әдебиеттің ең көркем саласының бірі — араб поэзиясына арналған туындылар [5].

Қорыта келе айтарымыз, әл-Фараби пікірлері өте терең. Оның поэзия туралы зерттеу еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Сондықтан да ғұлама данышпанның әдебиет теориясына қатысты туындыларының мазмұны болашақта оның туған жерінде, өз елімізде дербес зерттеудің тақырыбына айналғаны дұрыс.

Даңқты ұстаздың «Ғылымның пайда болуы туралы» трактатында поэзияның түрлерін жіктеп беруі

Әл-Фарабидің «Ғылымдар жүйесі» («Ғылымның пайда болуы туралы») кітабында көптеген ғылымдарға жекелеп тоқталып, оның философиялық негіздеріне түсініктер беріледі. Аталған еңбектің ғылымдардың барлық саласы үшін де ерекше маңызы бар. Соның ішінде «Тіл туралы ғылым», «Логика», т.б. тараулары біз үшін ескерерлік. Онда тілтану, грамматика мәселелері, логиканың сан алуан сипаттары таңғажайып талданған. Бұл ғылымдардың маңызы, тараулары толық ескертіледі. Соған қоса, дана философтың поэтика, поэзия туралы ой түйіндері де ашық танылады. Поэзияның көркем ой желісі, адам санасының қиялдау мүмкіншілігінің нәтижесі болатынын көрсетеді [4; 66–67].

Ғұлама ғалым өзінің осы трактатында поэзияның түрлерін жіктеп берген. Ол поэзияны мазмұнына қарай мынадай жанрларға бөлген [6; 78–80] (сызбаны қара):



Трагедия — бұл арнаулы мөлшері бар поэзиялық жанр. Трагедияда басқаларға үлгі етуге болатын жақсы іс-қимылдар мен мақтан етерлік істер еске алынады. Әдетте, музыканттар жеке дара

билеп-төстеушінің алдында трагедияны ойнайды және билеуші өлгеннен кейін трагедияға қайтыс болған билеушіні еске алатын кейбір қосымша әуендерді қосады.

Дифирамб — көлемі трагедиядан екі есе үлкен поэзия жанры. Дифирамбта ешбір билеушіні немесе тұлғаны жеке мақтамайды, бүкіл адамзат баласына тән жақсы істер, жалпы мақталатын ізгіліктер мен қайырымды жандар ғана бейнеленеді.

Ямб — арнаулы мөлшердегі поэзиялық жанр, онда мақал-мәтелдер сияқты жалпы жұртшылыққа белгілі жақсы немесе жаман істер туралы нақыл сөздер орын алады. Бұл жанр араздасулар мен соғыстар кезінде, ашу мен ыза кернегенде пайдаланылады.

Драма — ямбқа ұқсас жанр, өзгешелігі мұнда белгілі адамдарға арналған мәтелдер мен нақыл сөздер еске алынады.

Айнос — өзінің жоғары шеберлігіне байланысты немесе олардың тамашалығы және таңданыс туғызуы арқасында қанағат сезімін туғызатын пайымдаулары бар поэзиялық жанр.

Диаграмма — егер де адамдар тәртіпке бағынбаса және түзелмесе заң шығарушылар адамдардың көңілдері күтетін қорқынышты суреттерді бейнелеуге қолданатын поэзиялық жанр.

Эпос пен риториканы Әбу Насыр бұл жанрлар стилінің салтанаттылығымен және тақырыптарының ұқсастығымен ерекшеленетіндігінен және қоғамдық-тарихи оқиғаларды көрсететіндігінен бір айдардың астына қойды. Эпоста бұрын болған оқиғалар, ал риторикада жақында өткен оқиғалар суреттелді.

Сатира (лат. Satira) — өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар.

Поэма — бұл артықшылық пен жамандық, дұрыстық пен қателік суреттелетін өлең түріндегі жанр.

Акустика — бұл оқушыларды музыка өнеріне үйреткенде пайдаланылатын поэзияның бір бөлімі.

Амфигенезис — бұл жаратылыстану ғылымдарын суреттеген жаратылыстанушы-ғалымдар жасаған жанр. Поэзия жанрларының ішіндегі поэзия өнерінен ең алшақ жатқан осы жанр.

«Риторика» трактаты, Әбу Насырдың риторикасы — шешендік өнер туралы ғылым ғана емес, сонымен қатар жалпы көркем сөз туралы ілім болғандықтан, барлық жағынан сендіру өнері болып табылады.

*Шығыс пен Батыс ақындарының, кемеңгерлерінің әл-Фараби
талантының терең болғанын таңдана еске алуы*

Әл-Фараби өз заманында талантты да білімді ақын болған. Тамаша өлеңдер жазып, нағыз поэзияның үлгісін көрсетіп отырған. Халық аузында сақталған бірауыз өлеңінде ол өзінің өмір жолын былайша баяндаған [4; 63]:

*Кешір мені, туған жер,
Сені артқа тастадым.
Кешір мені, туған ел,
Жолды алыс бастадым.
Кешірет мені, ұлыс-ұрпағым
Бақ, байлық, даңқ таппадым.
Кешірет мені, ар-ұжданым
Білім болды баққаным.*

Туа бітті сүйегіне сіңген ақындық өнерін жастайынан ана сүтімен бойына дарытқан әл-Фараби кейін ғылым жолына түскен кезінде де өзінің философиялық ойларын өлең, рубай, афоризм жолдарымен түйіп тастап отырған тәрізді [6; 32]:

*Жайнаған бейне бір гүл әлем сыры,
Құбылған мөлдір нәзік гауһар нұры,
Даналар талай нысан таққанымен,
Тапқан жоқ тектер тегін әлі бірі... .*

Әлем сырын, тектер тегін ашуға талпынған ғалымның диалектикалық ойлары осындай. Кейде ол ой түйіндерін шешен афоризмге де құратыны байқалады [4; 69]:

*Тірілеміз шешусіз көп түйінге,
Асылтас тек қалса өңделмей сүйінбе.*

*Айтса да әркім ойға берік түйгенін.
Ең басты сыр қалар жұмбақ күйінде.*

Ұла ғұламаның ел аузында сақталған сағынышқа толы жыр-шумақтары оның ақындық шығармашылығының бір көрінісі деуге болады. Онда ол [7]:

*Кеткенім жоқ, елім, сенен атақ, бақыт, тақ іздеп.
Шықтым, жұртым, шалғай ғылым атты шам іздеп.
Ақтадым мен ақ сүтіңді келгеніңше шамамның,
Ассамдағы сексен жастан сәбиіңмін, балаңмын.
Жүзім сынық, көңілсіз күйге түстім мен бүгін,
Саған деген серпе алмаймын ынтызарлық түндігін.
Айналайын, атам Қыпшақ, туған жерім сағындым,
Өз атыңа, құрметіңе қайда жүрсем табындым, —*

деп тебіренеді.

Бұл жолдар әрі ғалым, әрі шайыр бабаның жасы ұлғайған шағындағы туған еліне деген сағыныш сазы болса керек.

Сонымен, біз Фарабидің ақын-шайыр болғанына қазір күмәнданбаймыз. Оған куә — соңғы уақытта көпшілікке мәлім болған ақынның бірнеше шумақ өлеңдері.

Әл-Фарабидің замандастары және одан кейінірек өмір сүрген Шығыс пен Батыстың ақындары, әдебиетшілері мен тарихшылары ғұламаның ақындығы жөнінде көптеген мәліметтер жазып қалдырған:

1. Араб поэзиясының IX–X ғасырлардағы жұлдыздарын еске алғанда олар Фарабиді ең күштілерінің бірі деп бағалаған. Ақындық өнерді, таланттарды жоғары бағалап, оларға қамқорлық көрсетіп отыратын кейбір білімді, ойлы, адамгершіл адамдар халифтер мен қала әміршілерінен де шығып отырған. Солардың бірі (араб деректері бойынша) Сирияның Халаб қаласын билеген Сайф ад-Даула. Фараби осы адамның қарамағында жұмыс жасаған. Бұл әкім білімдар әл-Фарабиді өзіне жақын тұтып, басы ауырса дәрігері, көңілін сергітер күйшісі, домбырашысы, сыбызғышысы, қобызшысы, табан асты өлең шығарып айтар ақылшы шайыры ретінде ұстаған. Сонымен бірге ол Фарабидің көп тілдерді білетін полиглоттық, музыканттық, ойшылдық, шешендік қабілеттерін бағалай да білген [4; 71–72].

2. Кейбір тұстас шайырлар араб-парсы ақындарын алтын түйеге балап, сол түйенің басы Әбу Насыр әл-Фараби еді деп шебер бейнелепті. Мәселен, Фарабимен бірге Сайф ад-Даула сарайында болған атақты ақын Әбу Фирастың мынандай сөзі бар: «Поэзия — алтын түйе болса, оның басы — Әбу Насыр Мұхаммедке, өркені — Әбу Нувасқа, иығы — Омар ибн Әбу Рабаиға, кеудесі — Әбу Таммаға тиеді, қалғаны — ішек-қарын, оны екеуміз бөлісіп отырамыз» [8; 176], — депті сарай жаршысына.

3. Араб ғалымы Мұстафа Әбдел Раззақ әл-Фарабидің араб, парсы тіліндегі жазылған жырларынан мынандай үзінді келтірген [9; 9]:

*Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.
Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.*

4. XIII ғасырдың белгілі араб тарихшысы — Ибн Халликан. Ол өзінің атақты еңбегінде мұсылман елдерінің барлық атақты ғалымдарының өмірбаяны мен еңбектеріне шолу жасаған. Кітабының аты: «Уфиат аль-аиан фи ал-Заман» («Ғалымдар өмірінен ескерткіш»). Бұл кітапта жүздеген ғалымдар жайлы жазылған. Соның арасында әл-Фарабиге үлкен орын берген. Ибн Халликан әл-Фараби туралы: «Ол дәптерге өте аз жазып, өз ойларын көбінесе жеке парақтарға түсіре беретін болған. Оның көптеген шығармаларының жоғалып кеткені осы бір жайтпен байланысты еді. Оның өз үйі болмаған, ол ешқашан да өз қамын ойламаған, өте қарапайым жан еді. Сайф ад-Дәула оған қазынадан күн сайын төрт дирхам беріп тұруды бұйырған, өйткені әл-Фараби осы мөлшерді қанағат еткен», — деп жазған [9; 7].

Ибн Халликан әл-Фарабидің өлеңдері бар екенін, яғни ақындығы болғанын айтқан. Ол Фараби бәйіттерінің бірнеше шумағын жазып қалдырған [10; 204, 205]:

*Адамдар әлде құмға түскен із бе екен?
Біз соншалықты дәрменсіз болғанымыз ба?
Бір рет самал соқса-ақ бәріміз,
Мына өмірден ұшты-күйлі жоғалып кетеміз бе?
Адамға бір сәттік қысқа ғұмыр берілген,
Сол қас қағымдай сәттің өзін көп көріп,
Адамдар бірін-бірі жегідей жейді,
Бірін-бірі азапқа салып қинайды.
Түкке тұрғысыз атақ-даңққа таласып,
Қашанға дейін бір-бірімізді азаптай береміз?
Одан гөрі көк-тәңірісіне жалбарынып,
Өліп кеткеніміз жақсы емес пе?!*

Бұл шумақтардан аңғаратынымыз: ақыл-парасат пен оқу-ағарту ісінің жалынды күрескері болған әл-Фараби зорлық-зомбылық атаулыға барынша қарсы шыққан. Осы идеяны өз жырларына арқау еткен.

5. Әл-Фарабидің бірер шумақтары Ибн Саид әл-Кифти деген XIII ғасырда жасаған араб тарихшысының «Ғұламалар мен ойшылдар жайлы хабарлар» (Ибн Саидтың бұл кітабы 1908 ж. Каирде басылған) атты кітабынан да кезігеді. Сондағы шумақтарды сөзбе сөз аударғанда, мынадай жол боп шығады [4; 74, 75]:

*Бауырым менің, күйкіліктен аулақ қаш,
Шындығы бар жерді мекен ет.
Бұл өмір бізге мәңгілік пана емес,
Тағдыр жазмышынан тыс қалар адам жоқ жерде.
Бұл (адам) көр-жерге бола күндейді,
Тіпті қып-қысқа өмір сүрсе де.
Біз ұрық тамшысынан өзге кімбіз,
Басынан бақилық сәтсіздік кетпеген.
Аспан әлемі алған жаратылған құбылыстың бірі,
Жер ортасы үшін әбігерге түсетін несі?*

Бұл шумақтар араб тілінде әдемі поэзия үлгісінен саналады. Ал, сөзбе сөз аудармасы, әрине, әлсіз. Бұл арада өлеңнің көркемдігінен гөрі фактілік жағы бізге маңыздырақ.

6. Данышпан ғалымның еңбектерін қызыға зерттеумен айналысқан Ибн-Аби-Усайба өзінің 1882 ж. Мысырда жарияланған кітабында Фарабиді ұлы ақын деп атайды және оның өлеңдерінен қысқаша үзінділер келтіреді. Белгілі ғалым Байхаки кітаптарында да Фарабидің поэзияға үлес қосқаны сөз болған. Мұсылмандар дәуірінің ең мықты ақын-ғұламалары — әл-Фараби мен Ибн-Сина екеуі ғана еді деген пікір қалдырған. Кейбір зерттеушілер әл-Фарабидің бірнеше халықтардың тілін өзінің ана тіліндей жетік білгендігі және сол тілдерде өлең де жазғандығын айтады. Мысалы, Риакүли Хадоят өзінің «Мажму-Ал-Фусахо» деген 1878 ж. Тегеранда шыққан кітабында Фарабидің парсы тілінде шығарған өлеңдерінен мысалдар келтіріп отырған. Аталған парсыша үзінділерін өзбек ғалымдары өз тіліне аударып, 1959 ж. Ташкентте шыққан «Өзбекстанның философиялық пікірлер тарихының материалдары» деген жинағында жариялаған [4; 67, 68].

7. Белгілі түрколог Е.Э. Бертельс өзінің «Тәжік-парсы поэзиясы тарихы» (М., 1960) кітабының бірінші томында Фараби еңбектерін арнайы сөз қылған. Ол Фарабидің жан-жақты оқымысты болғанын айта келіп, оның ақындық талантына да баға береді. Туған елін сағынып шығарған өлеңінен үзінді келтіреді [6; 31]:

*С двумя стеклянными сосудами коротая я жизнь,
На них построил я все дела свои,
Один сосуд наполнен чернилами,
Другой — наполнен вином.
С помощью одного составляю я свои мудрости.
С помощью другого разгоняю тоску сердца.*

8. Мысырдың әдебиетші-ғалымы Махмуд Аббас әл-Аккад зерттеулерінде, атап айтсақ, «Әл-Фарабиани» (Каир, 1944) кітабында, Фарабидің ақындығы туралы мәліметтер беріп, Фараби шығармаларының бірнеше шумақтарын келтірген [4; 72].

Ол өлеңдерінде кемеңгер ақын ақыл-ой еңбегі үстінде кешкен қиындық, азаптарын, күйзеліске толы күнкөріс тіршіліктерін, даналық жолындағы талпыныстарын, қайсарлық, табандылық арқасында қолы жеткен табыстарын жырлап, терең толғанады. Ақын бабамыз тағдыр тәлкегіне түскен өз ғұмырын сол тұстағы қоғам тіршілігімен ұштастыра суреттейді.

Біздің ойымызша, жоғарыда айтылған пікірлердің түйіні: әл-Фарабидің ғылымдар саласында ғажайып жаңалықтар ашуының негізгі бір себебі өмірге ақын көзімен, қиялдай қарай алғандығында сияқты.

*Қазақ елінде Шығыс ойшылының ақындығы
жайлы жүргізілген зерттеулер*

Қазақ жерінде тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, Ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама ғалымы әл-Фараби туралы айтылған деректер аз емес.

Мәселен, XVIII ғасырда өмір сүрген Қазыбек бек Тауасарұлы Бағдад, Шамға барған сапарында әл-Фараби еңбектерін көргенін жазған. Мұстафа Шоқай «Түркістан» атты мақаласында әл-Фарабиді еуропалық ғылыми ойдың дамуына зор үлес қосқан тұлға ретінде бағалаған [8; 177].

Жиырмамыншы ғасырдың 70-ші жылдарында отандық баспаларда Фараби поэзиясының кейбір үлгілері жарық көре бастады. Мысалы, Аян Нысаналиннің аудармасы бойынша, 1971 ж. ғұлама бабаның төрт жолды, он шақты өлең шумақтары жарық көрді. Бұл өлеңдерді ол 1944 ж. Бейрутта шыққан Аббастың кітабынан алып аударғанын атап көрсеткен (Нысаналин А. Фараби — поэзия падишасы // Қазақ әдебиеті 1971, 7 мамыр).

Әл-Фарабидің осы жарияланған өлеңдеріне көз жіберсек, ең алдымен, ақынның шалқар шабыты мен кемел ой-өрісі бірден сезіледі. Бойын кернеген, жүрегін сыздатқан жан сырлары нәзік сезімді лирика арқылы құйылады. Гүл бағында жалғыз сайрап, жапа шеккен сандуғаш үніндей естіліп, оқушысының тұла бойын билеп алады. Автор өмірге, білімге құмартып, жеке бас махаббатын ұмыта жаздағанына өкініп аласұрады. Кешіксе де, кезі келіп тұтанған құмарлық отын баса алмай, оны сөндірер, отқа су болып себілер шәрбәт шарабын аңсайды.

Қазақстанда атақты ғалымды тұңғыш зерттеген А. Ж. Машанов (әл-Машани). Ол әл-Фараби еңбектерін түпнұсқасында оқу үшін 60 жасқа таяған шағында араб тілін меңгеріп, ғұлама ғалым еңбектерін тереңінен зерделеуге мүмкіндік алады [11]. Ақжан Машани қазақ тіліне аударған Фарабидің үш рубайы мынадай:

*Жайнаған бейне бір гүл әлем сыры,
Құбылған мөлдір нәзік сауһар нұры,
Даналар талай нысан таққанымен
Тапқан жоқ тектер тегін әлі бірі.
Ей, қарындас! Қашыңдар жалған жолдан,
Ақиқатты шығарма әсте қолдан,
Бұл дүние мекенің сыйға берген,
Жер нүктеге телміріп болма алаң.
Біз бір мейман бұл жайда аз-ақ күндік,
Болымсызға таласып күн өткіздік,
Анталасып аптықпа тар қапасқа,
Адамға әлем мекен ол мәңгілік...*

Философ-ғалым Ә. Дербісәлиев «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегінде әл-Фарабидің мына бір шумағы оның өз өлеңдерін сопылық поэзияның ықпалымен жазғандығын аңғартады дейді [12]:

*Бәйітім менің кәдеңе сенің жараса,
Нұр сәуле одан тапқаның.
Ұға алмасаң, гақлия,
қараңғыда мәңгілік
Көзіңді жұмып жатқаның
Қысыр сөз бізге не керек
әбден мезі кетсе де.
Нәсіп болған дәмімді
әлі де татып келемін...*

Филология ғылымдарының докторы, профессор А.М. Қыраубаеваның пайымдауынша, әл-Фараби өлеңдерінен бірде Шығыс даналығын, бірде күйінішті аңғарасың [8; 176, 177]:

*Қашықтасың туған жер — қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен,
Қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.
Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп түңіледі.
Қайтейін мен көкжиек көңілімді.
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,
Соны медет етеді болашағым.
Бір шөлмекте көк сия толып тұрса,
Екіншіде — шарап бар, жайы мәлім,
Даналықты сиямен молықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын.*

Бұл өлеңдегі ақынның аңсары — туған жерге деген сағыныш, өмірдің өтпелілігіне өкініш. Фараби туған жеріне бір оралып, келіп-кетіпті. Бұхара өкілі Нұх Самани шақыртып, жалпы ғалымдардың негізі жөнінде кітап жазып беруін өтінген. Әл-Фараби сонда «Екінші оқулық» («Тағлым — әс-Сәни») атты еңбек жазыпты [13; 54].

Белгілі ғалым, ЮНЕСКО-ның Франц Кафка атындағы Халықаралық сыйлығының және Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты, профессор Немат Келімбетовтің пікірінше, әл-Фараби өлеңдерінің негізгі тақырыбы — өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу және білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру [10; 206–208].

Әл-Фараби белгілі бір өлеңінде бұл ғұмырдың мәңгі еместігін еске салады. Ол жастық жүректің жалынын осы өмірдің игілікті істерін атқаруға жұмсау керектігін аңғартады:

*Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.
Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бейопа мына заманда,
Бақұл боп кетер адамда.
Жұрт кілең күнін көп қызық,
Жіберер зая өткізіп.
Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтай бейне тартылған.
Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне,
Қайыспай тұрса нар тұлғаң.
Сонда да беріп кетеміз,
Жүректің отын молында.
Арманды аңсап өтеміз,
Біз ұлы мұрат жолында.*

Әрине, әл-Фараби сияқты шалқар шабыт иесі, терең ойлы, абзал азамат ақынның көркем шығармашылығын толық ұғу үшін жоғарыда келтірілген өлең жолдары тапшы-ақ. Сөйтсе де, сол шумақтардың өзінен-ақ оның сол замандағы ақындардан әлдеқайда озық шыншыл поэзия өкілі,

жарқын өмірдің шынайы уағыздаушысы болғанын тану қиын емес. Әсіресе төмендегі өлең жолдары ұлы ғұламаның ақындық тұғырының биік болғандығын толық дәлелдейді [10; 207]:

*Тамылжып бал тыныштық айналамнан,
Тылсым түнге құшағын жайған далам.
Мен жатырмын ұйқысыз жапа-жалғыз,
Жанымды ой жарығы аймалаған.
Аққан жұлдыз құласа кейде егер,
Сенің нұрлы бейің боп кеудеме енер.
Әлдеқайда ғайыптан ынтызар ғып,
Өміріме бір ғажап сәуле берер.
Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең,
Сезініп мен деміңді гүл атқанмен.
Оның өзі бір-ақ сәт...содан кейін,
Мұңды әуенді жалғаймын бірақ та мен...
Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.*

Өкінішке қарай, данышпан ақынның поэзиялық мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмаған. Әйтсе де саусақпен санарлықтай аз ғана жыр жолдарының өзінен оның зор шабытты, кең тынысты, терең ойлы, нәзік сезімді, дарынды ақын болғанын аңғару қиын емес.

Түйін

Өткен ғасырдың 70-жылдары басында бүкіл прогресшіл адамзат Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толу мерекесін қызу қарсы алды. 1973 ж. Фараби шығармашылығына орай Алматыда өткізілген мәжілісте ұлы ұстаздың еңбектері екі құрлық ғалымдарының жоғары бағасына ие болды. Фарабидің философиялық трактаттары қазақ тілінде тұңғыш рет жарық көрді. Осы тұста Қазақстан жұртшылығы Фараби еңбектерінің тағы бір томымен танысты. Оның «Әлеуметтік-этикалық трактаттары» бөлек кітап болып орыс, кейін қазақ тілінде басылып шықты. Аталмыш кітапқа әл-Фарабидің «Бақыт жолы», «Адамзаттық саяхат», «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Бақытқа жету туралы» трактаттары енді.

1975 ж. қыркүйектің алғашқы жартысында Мәскеу және Алматыда Әл-Фарабидің мерейтойлық мерекесі жоғары дәрежеде өтті. Шет елдерден, Араб, Иран елдерінен келген өкілдер ұлы ғалым туралы орасан бағалы пікірлер айтты. Олардың әрқайсысы өз елдерінде Фараби еңбектерін ерекше қадірлейтіндіктерін ескертті. Ғалым қалдырған мұраның барлық прогресшіл жұртшылық игілігіне айналғанын атап көрсетті [4; 79].

Кейінгі жылдарда Орта Азия мен Қазақстанның Орта ғасырда жасаған ұлы адамдары туралы зерттеулер көбейе бастады. Қазақстан ғалымдары да бұл салада айтарлықтай бет бұрыстар жасады. Қазақстан ғылым академиясында әл-Фараби мұраларын зерттеушілер тобы ғалым мұрасын жариялау, зерттеу ісіне қызу атсалысты. Ә. Марғұлан, А. Көбесов, Р. Бердібаев, тағы басқа ғалымдардың Фараби туралы зерттеулері баспа бетін көрді.

Ең алдымен, ұлы ғұламаны Отанына қайтарған көрнекті ғалым Ақжан әл-Машаниге үлкен рақмет айтуымыз керек. Ол әл-Фарабидің зиратына елімізден тұңғыш барған адам, сонымен бірге «Әл-Фараби және Абай» атты құнды кітап [13; 192] жазған. Бұл еңбегін фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани (Машанов) осы екі ірі ғалым қалдырған рухани мұра қай тұрғыдан үндес екенін көрсетуге және олар не себепті үндес келетінін анықтауға арнаған.

Әл-Фарабиді Қазақстанға шынымен қайтарған ғалымдардың бірі — А.Қасымжанов. Ол кісінің жетекшілігімен Философия және құқық институты жанынан 1975 ж. әл-Фараби мұрасының зерттеу орталығы құрылды. Сол жылы А. Қасымжановтың Б. Ғафуровпен бірлесіп жазған «Әл-Фараби — мәдениет тарихында» деген монографиясы Мәскеуде жарық көрді. Бұл еңбек қоғамда үлкен серпіліс тудырды [14].

Белгілі жазушы Әнуар Әлімжановтың Ағын Қасымжановтың ғылыми редакциялауымен «Ұстаздың оралуы» атты романы да әл-Фарабиге деген қызығушылықты арттыра түсті.

«Великий Мухаммед из Отрара» атты қызықты мақаласында Ә. Әлімжанов ұлы ғұлама туралы былайша толғанады: «Он, как никто другой, сочетал в себе дар поэта и естествоиспытателя, математика, медика, философа и музыканта, он первым распределил науку по категориям и дал основы современной музыкальной теории. А главное — все ученые Востока, начиная с Авиценны, называли его своим Учителем...

...Он был одним из первых философов-материалистов, и потому мы пишем о нем трактаты, изучаем его труды, — объясняли мне студенты Делийского и Калькуттского университетов. Один из студентов подарил мне свой реферат, названный «Ислам и материалистическая философия Мухаммеда аль-Фараби».

Как о гениальном ученом древности говорит о нем в статьях и лекциях крупнейший литератор и историк Алжира Башир Хадж Али. Труды Мухаммеда аль-Фараби и книги о нем до сих пор остаются объектом пристального внимания ученых Каира и Стамбула, Дамаска и Багдада, Тегерана, Самарканда, Душанбе, Герата и Алма-Аты. В библиотеках Лондона, Парижа и Берлина вот уже много веков хранят как бесценное сокровище его трактаты, переведенные на языки народов Европы» [15].

1993 ж. А. Қасымжанов пен Ә. Дербісәлінің ұйытқы болумен бұрынғы С.М. Киров атындағы университетке әл-Фараби есімі берілді және сонда әл-Фараби атындағы орталық ашылды.

Әл-Фараби еңбектерін жинастыру, зерттеу үшін біраз жұмыс жасаған ҚР Ұлттық ғылым академиясының Философия және саясаттану институтының директоры философия ғылымдарының докторы Ә. Нысанбаев. Оның ойынша: «Антика дәуіріндегі ғұлама ойшылдар Платон мен Аристотель — бүкіләлемдік мәдениеттің ең жоғарғы шыңы. Әл-Фараби осы антикалық мұраны игеріп, оны араб-мұсылман мәдениетінің гүлденуіне жұмсап, үлкен екі жаңалық ашты. Біріншіден, әл-Фараби антикалық заман мен исламды өзара жақындастыра синтез жасап, жаңа бір мәдениеттің өркендеуіне жол ашты. Екіншіден, әл-Фараби грек ойшылдарының асыл мұрасын жаңғыртты. Сөйтіп, Шығыста үлкен қозғалыс, жаңа бағыттар басталды. Араб-мұсылман мәдениеті негізінде антикалық дәуірдегі шешілмеген мәселелерді шешіп, оны ілгері дамытты» [16].

Философия және саясаттану институты әл-Фараби мұрасының 10 томдығын және «Қазақ ғылымының озық үлгілері» деген сериямен «Әл-Фараби ғылымы» атты кітапты жарыққа шығарды. Бұған қоса, осы Институт 2003 жылдан бастап «Әл-Фараби» атты рухани-танымдық журнал шығарып келеді. Журналдың редакциялық кеңесінің құрамында көптеген шетел ғалымдары бар. Журнал арқылы әл-Фараби мұрасы жан-жақты насихатталып, оқырмандардың рухани сұраныстары өтеліп келеді.

Әл-Фарабидің ықпалы еуропалық ренессанс дәуірінің басталуына алып келді. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде 2010 жылдың 18 қарашасында — Бүкіләлемдік философия күні аясында «Әл-Фараби және еуропалық ренессанс дәуірі» деген тақырыппен дөңгелек үстел өтті.

Иә, ұлы ғұлама ойшылдың есімі мәңгі жасай бермек. Оның ұрпақтары Фараби шығармаларының сырын жан-жақты аша түсіп, жылдар өткен сайын данышпан бабаның кемеңгер тұлғасы жарқырай түспек. Фараби шығармашылығы — қазақ мәдениетінің қорына қосылған сүбелі үлестің бірі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тәжікова К. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Әріптер кітабы» трактаты // Фарабитану. Жиырма томдық. — 16-т. — Астана: Аударма, 2006. — 227–229-б.
- 2 Аханов К. Ұлағат ойлар // Жұлдыз. — 1975. — № 9. — 23–30-б.
- 3 Қасымжанов А. Поэтика, музыка және психология // Фарабитану. Жиырма томдық. — 16-т. — Астана: Аударма, 2006. — 440 б.
- 4 Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928 б.
- 5 Қалиева Ш. Әл-Фараби мұрасының поэтикаға қатысты қырлары // Ақиқат. — 2010. — № 11. — 67–71-б.
- 6 Төреқұлов Н. Ғұлама поэтикасы // Жұлдыз. — 1975. — № 9. — 30–32-б.
- 7 Ел аузынан: Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер / Құраст.: Б. Адамбаев, Т. Жаркынбекова. — Алматы: Жазушы, 1989. — 277-б.
- 8 Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет: 5 томдық шығармалар жин. — 2-т. / Томды баспаға әзірл.: Г. Асқарова, Н. Мәтбек. — Алматы: Өнер, 2008. — 216 б.
- 9 Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым «Екінші ұстаз» Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін // Әбу Насыр әл-Фараби (870–950). — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 5–9-б.
- 10 Келімбаев Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432 б.
- 11 Ақжан Жақсыбекұлы Машанов (1906–1997) // Әбу Насыр әл-Фараби (870–950). — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 37-б.

- 12 *Дербісәліев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-философиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 32-б.
- 13 *Машанов А.* Әл-Фараби және Абай. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 192 б.
- 14 *Алтай Ж.* Әсіресе жаратылыстану ғылымдарына қатты ықпалды болды // Әбу Насыр әл-Фараби (870–950). — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 14–16-б.
- 15 *Алимжанов А.* Избранные произведения: В 2 т. — Т. 1. Повести, рассказы, очерки. — Алма-Ата: Жалын, 1979. — С. 318, 319.
- 16 *Нысанбаев Ә.* Әл-Фараби мұрасы — түркі халықтарын біріктіретін рухани негіз // Әбу Насыр әл-Фараби (870–950). — Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 10–12-б.

Р.С.Каренов

Исследования в области литературоведения, поэзии как составная часть многогранного научного творчества великого ученого аль-Фараби

Даны краткие сведения о многогранной научной деятельности гениального ученого Востока Абу Насыра аль-Фараби. Особое внимание уделено его изысканиям в области литературоведения, языкознания, поэтики, лингвистики, явившимся составной частью его научно-исследовательской деятельности почти во всех сферах науки своего времени. Отмечено, что аль-Фараби был и одаренным поэтом, особый талант которого отмечали и отмечают многие видные мастера слова Запада и Востока, начиная с десятого столетия, когда он творил, и до настоящего времени. Описаны результаты изучения поэтического творчества выдающегося ученого казахстанскими литературоведами за период с 70-х годов прошлого века до сегодняшнего дня.

R.S.Karenov

The research in the province of literary criticism, poetry as an integral part of a multifaceted scientific work of a great scientist al-Farabi

In this article provides a summary of multifaceted scientific activity of the genius scientist East Abu Nasir al-Farabi. Special attention is paid his research in the field of literary studies, linguistics, poetics, linguistics, which were the integral part of its research activities in almost all fields of science of his time. This article emphasized that al-Farabi was a gifted poet, a special talent which were observed and noted by many prominent masters of the words of the West and the East, starting from the tenth century, as it did, up to the present time. In this article describes the results of a study of the poetic work of the outstanding scientist, the literary critics of Kazakhstan for the period from the 70-ies of the last century until today.

References

- 1 Tazhikova K. *A knowledge of the heritage of al-Farabi, Dvadsatiletnih*, 16, Astana: Audarma, 2006, p. 227–229.
- 2 Akhanov K. *Zhuldyz*, 1975, 9, p. 23–30.
- 3 Kasymzhanov A. *The knowledge of the heritage of al-Farabi, Dvadsatitonnikov*, 16, Astana: Audarma, 2006, 440 p.
- 4 Suinshaliev Kh. *History of Kazakh literature: a textbook*, Almaty: Sanat, 1997, 928 p.
- 5 Kaliyeva Sh. *Akikat*, 2010, 11, p. 67–71.
- 6 Turekulov N. *Zhuldyz*, 1975, 9, p. 30–32.
- 7 *From folklore: Edifying words, reflections of the poet, fairy tales*, compiled by B. Adambayev, S.Zharkynbekova, Almaty: Zhazushy, 1989, p. 277.
- 8 Kyraeva A. *Ancient literature. Collected works in 5 volumes*, 2, Volume prepared for publication: G. Askarova, N. Malbec, Almaty: Oner, 2008, 216 p.
- 9 Koylysh Zh. *Legendary personality: Star family*, 2011, 17 (29), p. 5–9.
- 10 Kelimbetov N. *Ancient literary heritage of the Turkic peoples*, Almaty: Rarity, 2011, 432 p.
- 11 *Legendary personality: Star family*, 2011, 17 (29), p. 37.
- 12 Derbisaliev A. *Stars of the Kazakh steppe (philological and historical study)*, Almaty: Rauan, 1995, p. 32.
- 13 Mashanov A. *Al-Farabi and Abay*, Almaty: Kazakhstan, 1994, 192 p.
- 14 Altai Zh. *Legendary personality: Star family*, 2011, 17 (29), p. 14–16.
- 15 Alimzhanov A. *Selected works: In 2 vol., 1. Novels, stories, essays*, Alma-Ata: Zhalyyn, 1979, p. 318, 319.
- 16 Nysanbaev A. *Legendary personality: Star family*, 2011, 17 (29), p. 10–12.

Ж.А.Кенжебекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: jib_a_k@mail.ru)*

Сал-серілердің ұлттық рухани мұрасы

Мақалада сал-серілер бейнесі арқылы ұлттық рухани мәселесі қарастырылған. Сал-серілер — ғасырлар бойы ұлт мақтанышына айналған қайталанбас талантты өнер иелері. Қазақ халқының суырып салу өнері ұлттық рухани мұраға айналды. Атап айтсақ, Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Естай, Қанапия сияқты өнер тарландары XIX ғасырдың II жартысында және XX ғасырдың I жартысында ұлттық музыка мәдениетінде және қазақ әдебиетінде маңызды орын алады.

Кілт сөздер: сал-серілер, мәдениет, ұлт, өнер, дәстүр, дүниетаным, рухани келбет.

Сал-серілер дәстүрді ұстанған, адамзаттық құндылығы бар, танымдық, тағылымдық мұраларға бай жан-жақты өнер иелері — қазақ сахарасының рухани келбеті. Дәл нақты кезеңі белгісіз, сал-сері типі ескі дәуірден сақталған. Тарихи-археологиялық мәліметтерге сүйенген Е.Тұрсыновтың зерттеуінде андронов дәуірі кезеңінде, б.з.б. XIV–XIII ғасырларда, ру, тайпалардың өз ішінде отау құрып, даралау болған. Үлкен отаулар рудан бөлініп, аруақтарды қастерлеу, ас беру салтын ұстанған. Бұдан шығатын қорытынды сал және сері типінің пайда болуы мифологияның жаңғыруы нәтижесінде «даралану», яғни, құпия одақтардың, тотем-ру атасының болуы төркінінде жатса керек.

Зерттеуші Е.Тұрсынов «сал» мен «серінің» кейде қатар айтылатынын, серілер салдардан кейін пайда болған богема сарындарын жырлаушы өнер адамдары деген қорытындыға келеді. «XIX ғасырда сал дәстүрінің түр ерекшеліктерінің ғана кейбір элементтерін сақтап қалған Біржан секілді жаңа сапалы салдармен қатар, серілер тобына жататын Ақан сияқты өнер иелерінің пайда болуына және осы кезде «сал», «сері» деген ұғымдардың бір тектес ұғымдар есебінде пайдалана бастауына қарағанда, сал, серілер творчествосы мен дәстүрлерінің тығыз ішкі байланыстылығына қарағанда, серілер сал типінің негізінде өткен ғасырда қалыптасқан өнер иелерінің жаңа түрі деп айтуымызға болады. Генезисі жағынан алғанда, серілер ыдырай бастаған құпия одақтар мүшелерінің соңында жүріп, олардың ойындары мен билеріне қатысқан «фанаунау» секілді серіктерімен тамырлас болғанға ұқсайды. Серілердің жүріс-тұрыстары мен репертуарларында оларды салдардан спецификалық айыратын элементтер жоқ. Алайда салдар творчествосына тән негізгі сарындар-богема сарындары өз дамуын серілер поэзиясынан тауып отыр» [1]. Ендеше, сал-серілер — музыкалық шығармаларды, ән-күйді қазақ даласында өркендетіп, таратушы өнер иелері. Олардың ерекше қасиеті — ақындығы, әншілігі, күйшілігі, елді ән мен сәнге бөлейтін, адам жанына ізгілік нұрын себетін зиялылығы.

Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрге сай өнердің даму сатысында хас таланттардың өзіндік дүниетанымы, эстетикалық талғампаздығы, табиғи жаратылысындағы ерекше дарындылығы — өнердің бірнеше түрін меңгеруде. Олардың әрқайсысы халықтың рухани тұрмысында өнерді насихаттап қана қойған жоқ, әлеуметтік тұрғыда ой қозғап, қоғамдық мәселелер көтерді. Ұлт бірлігін, жерін сақтау, өнерді қастерлеу — ғасырдан ғасырға жеткен сал-серілер өнернамасының негізі болмақ. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығында сал-серілік дәстүр былайша сипатталады: «Сал-серілік дәстүрі бірте-бірте ұмтылып халық жадында тек Ақан сері, Сегіз сері, Біржан сал секілді өнерпаздарға ғана байланысты сақталып отыр. Сал және серінің айырмашылықтарын тап басып, ажырату үшін де этнографиялық айғақтарды ашып көрсеткен орынды... Серілер таза, әдемі киіну, кербез пандық мінездерімен өз ортасынан оқ бойы озық тұрады, олар жомарттық, сақылық, білімдарлық қасиеттерімен айналасына өнеге шашатыны, тек өнер жолына беріліп, сауық құрып, аңшылық саясатшылықпен айналысып жүрген.

Елбасы Н. Назарбаев ұлт мәселесіне басты назар аударып, егеменді мемлекет пен тәуелсіз ұлттың дамуында ұлттық сипаттың мәнін атап көрсетті. «Кеңес кезінің өзінде шын ұлттық мемлекеттілік таптық сипаттан ұлттық сипатты жоғары қою жолымен жүзеге асатынына көз жете бастады. Өмірдің барлық саласына, жаңа тарихи қауымдастық — кеңес халқының моральдік кодексін

күштеп енгізу адамдардың ұлттық сезімін, халықтардың өзінің этникалық тегін тануға ұмтылысын жойып жібере алмады» [2].

Ұлттық әдебиет пен халықтық музыка мәдениетінің көрнекті өкілдері — сал-серілер мұрасы мен дәстүрі ерте дәуірден осы заманға дейін сақталған.

Көп уақыт дәріптеліп келген коммунистік жүйе ұлт тәуелсіздігінің, жекелеген ұлттың жойылып кету қауіпін туғызды. Уақыт өткен сайын коммунистік партия саясаты, шовинистік идеяның тар шеңберінде біртұтас мемлекеттің, ұлттың болашағы үшін күрескен қазақ қоғамындағы ірі тұлғалар есімі жалаң, жалпылама түрде айтылып келді. Ендеше ұлт тәуелсіздігі жеке тұлғаны қалыптастырған қоғамдағы тарихи шындықты, рухани сабақтастықты биік деңгейге көтерді.

Ғалым Р.Нұрғали XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қазақ қоғамындағы рухани құндылығы, шынайлығы тұрғысында: «Саясаттан қашу, тоталитаризм құрығынан құтылу үшін қаламгерлер шыншыл сөз өткізудің сан алуан тәсілін тапты: бүгінгі тақырыптардан кетіп, тарих қойнауына сүнгіді: астарлы емеурін ой айту амалдарын меңгерді: сөз өнерінің табиғатына жат сарындардан безді. Көкейкесті сырларды бейнелі, суретті, ишара сырлы сөзбен айта білген үздік шығармалар халық махаббатына бөленді, ұлттың рухани игілігіне айналды: еліміздің тұрмыс-салтын, тарихын, мінез-құлқын өзге жұрттарға таныстырды», — деп пайымдау жасады [3].

Заман талабы халықтың да санасын оятты, бүгінгі уақыт еншісінде өткенді зерделеу арқылы тарихқа, ұлттық әдебиетімізге деген жаңа көзқарастар пайда болды.

Сал-серілер тұлғасы — ғасырлар бойы ұлт мақтанышы болатын, жаратылысында дарынды, қазақтың өзгеге ұқсамайтын дара болмысын жаһандану үрдісінде жарқырата көрсететін сегіз қырлы, бір сырлы, импровизаторлық, синкретті өнерді дәріптеуші, дарынды өнер иелері. Ұлт әдебиеті қазақтың халықтық музыка мәдениетінде өзіндік орны бар XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Естай, Қанапия, тағы басқалар.

Е.Ысмайыловтың, Ә.Марғұланның, Е.Тұрсыновтың, А.Сейдімбектің, М.Мағауиннің, С.Кенжеахметұлының, С.Негимовтің, Қ.Әбдезұлының ғылыми еңбектерінде сал-сері феноменіне жан-жақты анықтамалар беріліп, құнды пікірлер айтылды. Академик Ә.Марғұлан сал және сері типінің өзгешелігі мен ұқсастығын жан-жақты талдап көрсетеді: «Бір айтатын ой, сал мен сері бір типті емес, екеуі алуан, екі дәстүр өрнектері. Олардың бірінен-бірінің өзгешелігі — тұрмыс көрінісінде, типінде. Ең алдымен, сал, сері деген сөздер қалай туған? Осыдан бастайық. «Сал», еуропа тілімен айтқанда, эксцентрик немесе өз бағытымен жүретін бір алуан адам. Оның бар арманы сылқымдық, кербездік, киімді әдемі киіну, өзімен қатар жүрген адамның бәрінен де қияпатымен де, киімімен де артық болу, асып түсу. Ертоқымның өзі де басқаныкіндей болмайды, алтынмен, күміспен өрнектеліп, ерекше салтанатпен жасалады.

С.Жүнісов сал-серілер тобының көш салтанаты сияқты сәнін, өзгеге ұқсамайтын ұлттық ерекшелігін «Қазақтың кең сахарасында бұлайша топ-тобымен жүру, бүгінгі күнгі бір мекемеге бағынған артистер ұжымы секілді гастрольдік сапармен жүру салты бұрын-соңды тап осындай болды ма екен? Бұл топ — орыс халқының трубадурларына да, француздың жонглерларына да, испандық хугларлерге де, немістің шпильмандері мен тәжіктің масқарапаздарына да ұқсамайтын, тағдыры, сүйегі жағынан паяцтарға, өзбектің қызықшыларына, Шолом Алейхан жазатын еврейлік «қаңғырған жұлдыздарға» аздап жақындайтын, тіршілігі жағынан тек қазаққа ғана тән Ақан сері, Біржан сал атымен байланысты өзінше бір жаңа серілер, салдар тобы еді» [4].

Академик Ә.Марғұлан сал-серілік дәстүр жайында нақты деректер келтіреді. «Тарих көзімен қарасақ, серілік ту бастан Түрік қағанаты кезінен шыға бастаған. Серілікті әдет қылған ойшы кісінің бірі — Иоллық тегін деген кісі. Ол өзі ғажайып аңшы, мерген, атты күтіп ұстайтын бапкер, сонымен қатар асқан ақын, жырау болған дейді. Ағалары Білгі хан мен Күлтегін қайтыс болғанда оларға арнап, эпикалы оқиғаларды әдемілеп құрып, тасқа жазып қалдырған. Түрік қағанатының асқарлы биі Тоныкөк терең ойшыл кемеңгер білгіш кісі болған өлерінде басына қоятын құлпы тасқа атақты жазуды ол өз қолымен жазып қалдырған... Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт ескі дәуірдегі серілікті бастаушының бірі. Ол атақты шешен, ел басқарушы, онымен қатар дүлдүл жырау, асқан күйші, бірінші рет қобыз жасаушы, қазақ музыкасының атасы. Қорқыттың қобызы мен музыкасын өзіне мұрат еткен ұрпақтары — әл-Фараби, Нысан абыз, Қойлыбай, Балақай, Жанақ ақын, тағы басқалар» [5; 173, 174].

Сал-серілердің даму эволюциясы қазақ музыкасымен, драмалық, сонымен қатар спорт, жонглер, плоди өнерімен тығыз байланысты. Сал-серілер импровизаторлық, жыршылық, орындаушылықпен

катар, драмалық элементтерді ұштастырған. Мимика, ишара, яғни бет-жүзін құбылту, бас терісін қозғалту, бір орында тұрып бірнеше қимылды кезекпен сәтті орындау негізінен салдарға тән құбылыс. Адамзат баласы өмір сүрген уақыт, өткен дәуір тарихи фактілерімен құнды.

Тарихи деректерге қарағанда, сал-серілікті насихаттаған, дәріптеушілердің бірі Жошы хан болған. «Қыпшақ даласында серілік пен салдықты көп таратқандардың бірі — Жошы хан. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді топтап, бірыңғай сауық үстінде жүреді екен. Оның серілікті жақсы көруі сонша, әкесі жыл сайын Балқаш төңірегіндегі Құлан-ойнақ даласына әдейі аң аулауға келгенде қыпшақ елінің «сыйы» деп, оған он мың боз ат, он мың қара ат тарту етіп отырған. Жошының аңда жүріп көп шыққан биік жері Ортаудың сұңқар ұя салатын ұшар басы. Ол жерді Жошы ерекше қадірлеген, сұңқардың ең алғырын осы арадан ұстайтын. Ол биік шыңды қазақтар осы күнге дейін «Жошының қиясы» деп атайды. Оның серілік өмірінен туған атақты күй «Ақсақ құлан», «Жошы хан қазақтардың есінде осы күнге дейін сақталған» [5; 174].

Сал-серілік дәстүр әр алуан өнер өз ортасынан оқшау тұратын өнер адамдарының ел мен жерге деген кіршіксіз сүйіспеншілігінен, ұлттық болмыс-бітімінен, мейлінше сөздік қоры бай қазақ тілінің көркемдігінен бастау алып, «сал» мен «сері» типтерінің пайда болуына негіз болса керек. Адам мен қоғам арасындағы тарихи сабақтастық өткен дәуірден сыр шертеді, адам баласының сана-сезімінің жаңаруына ықпал етеді. Сал-серілерге тән ұлттық сипат уақыт пен кеңістік аясында әрқилы дамып, қоғамның ілгері дамуында дара тұлғалардың ұлттық болмысын жан-жақты көрсетіп, ұлт өкілі ретінде халық арасында болатынын айғақтайды.

«Ұлттық сипат — бір қалыптан өзгермейтін, қатып қалған нәрсе емес. Өмірдің ілгері басуына, қоғамның дамуына сәйкес ол да дамиды. Ұлттың тарихи һәм әлеуметтік өмірлеріндегі дамулар нәтижесінде, адамның сана-сезімінің, түсінуінің жаңаруына ықпал ететін соны қатынастар тұмақ. Солардың арқасында адамның затты, құбылысты тануы, түсінуі мен сезінуі бұрынғы қалыптағысынан тереңдей түспек» [6].

Олай болса, сал-серілердің ұлттық келбеті, болмыс-бітімі ұлттық менталитеттен туындайтын қазақ ұлтының даму диалектикасымен тығыз байланысты. Салдық пен серілік өнерінің биік тұғыры қазақ дәуірі «Қазақ хандарының көбі өздерінің бабалары Жошы, Орда ежендердің серілік дәстүрін жалғастырған. Ең бірегейі — әз Жәнібек. Ол атақты аңшы, құладыңға қу ілдірген саятшы болып, ойын-сауықты көп қуып, ел-елді аралап қалыңдық іздейді екен... Қасымханның баласы Ақназар да атақты серінің бірі болған. Бірақ серілікті ол бір сұлулық үшін, елге үлгі ету үшін пайдаланған. Серілікті аса биік сатыға жеткізген — Есімхан. Оның қамқа тоны, басындағы бөркі, аяғындағы қызыл етігі тегісімен алтынмен кестеленіп отырған. Құстың да ең қырандарын — сұңқар, лашын, тұйғын, Алтайдың ақ иық бүркітін ұстаған. Абылай мен Әбілқайыр ханның ұрпақтарына дейін серілік пен сал өнері үздіксіз дами береді. Абылайдың жауынгер батырлары, Уақ Баян батыр — атақты серінің бірі» [5; 175].

«XIX ғасырдағы аты шулы Біржан сал, Ақан сері, Толыбай, Жаяу Мұса, Ағашаяқ, Әздембай, онан бергі Шашубай, Естай сал, тағы басқалары әншіліктің, халық өнерпаздығының дәстүрін дамытып, қалыптастырған қазақтың әнші ақындары, сал-серілері, өнердің тұтастық қасиетін бойына жинаған адамдар... Бұрын да, қазір де сал, сері ақындарға тән негізгі ерекшелік ән мен өлеңнің үнемі түйісіп, ұштасып айтылмайтындығы дедік, осы ұштасудан әнші ақындар тыңнан өлең, жыр ғана шығарып қоймай, әнді де шығарып айтатын халық композиторлары болды. Атақты Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Мәди — барлығы да әнші, ақын ғана емес, өзінің шығарған тың әндері бар композиторлар» [7; 66]. Зерттеуші ақындық, музыкалық, өнерпаздық дәстүр жағынан сал мен серінің арасында үлкен айырмашылық болмағанмен, қимыл-әрекетінде, жүріс-тұрысы, киім киісінде, мінез-құлқында өзгешелік бар екенін айтады. «Салдарға тән салтанаттылықты сауықшылдықты айта келе, профессор Е.Ысмайылов «сал» сөзін «салдырату», «салтанат» сөздерімен түбірлес сөз деп тапқан» [7].

Сал-серілердің ішінде өмірі жұмбақ ертегідей ел еркесі, ұлт мақтанышы, сұлулық пен пәктіктің символына айналған Ақан сері Қорамсаұлы болды. Ол жастайынан домбыраның үнімен жанын тебіренітіп, қазақ музыкасына ден қойып өсті. Серіге тән кербездік, жинақылық, сезімталдық Ақанға тән. Серіліктің алғышарты сыртқы формасы (пішіні) — әсем киіну болғандықтан, өзінің дене бітіміне, денесіне киімнің сай келіп, жарасуына, оны жұрт қабылдап, ерекше назар аударуына Ақан қатты көңіл бөлген. Рыцарь кейпіндегі қазақ серісінің ат спортына да қызығушылығы кейбір деректерде кездеседі. Эстетикалық идеалы, талғамы жоғары Ақанның адам ретінде өмірді тануы, қабылдауы ғажап құбылыс. Сондықтан ол өз ортасынан оқшау. Ақан серінің өзгелерде қайталанбас эмоциялық, психологиялық ерекшеліктері оның жеке индивид ретінде қалыптасуына себеп болды.

Жазушы С.Жүнісов Ақанның қоғамдағы ролін оқырман сұранысына сай дер кезінде көркем шығармаға арқау етіп, ұлттық тұлғаны биік деңгейге көтерді. Сал-серілердің жинаған байлықты саналы ғұмырына, сәнді де мәнді тіршілігіне жұмсау қазақ халқының ежелден келе жатқан дархандығы, жомарттығы болса керек.

Сәкен Жүнісовтің әлеуметтік мәселелерге арнайы тоқталып, шымыр жазу мәнері қанау мен әлеуметтік теңсіздік жайлаған қоғамда, нағыз творчество адамының қиын тағдыры бүкілхалықтық трагедияға айналатындығын айқын көрсетеді. Аса көрнекті халық композиторы, әрі әнші Ақан серінің өмірбаянын қазбалап жатпай-ақ, автор халықтың жасампаз рухының сарқылмас күші мен жеңілмейтіндігін, оның бостандық сүйгіш қасиеті мен талантын ешқашан өлтіруіне мүмкін еместігін білдіретін барынша шыншыл шығарма туғыза алған.

Ұлттық рухта ұрпаққа эстетикалық нәр беретін көркем туындыдағы Ақан тұлғасы тарихи факт негізінде қаламгердің дүниетанымы мен ізденуінің жемісіне айналды. Адамды зерттейтін көркем туынды жеке адамдардың өмірі арқылы қоғам тынысын, әлеуметтік тұрмыстың ахуалын ой таразысына салады.

Жаһандану, яғни әлемдік үрдісте ұлттық сананың оянуы, ұлттық зерденің жаңғыруы, — ұлттық менталитет ерекшеліктерін айқындап береді. Ақан — ұлттық болмыс тұтастығын жинақтаған ұлттық образ. Қаламгер танымдық тұрғыдан таразылап, Ақан бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы қоғам мен адам арасындағы байланыс проблемасын көтерді, өз қаһарманын поэтикалық деңгейге көтеру арқылы жазушы ұлттық болмысты, өнер адамдарына тән асыл қасиеттерді жарқыратып көрсете білді.

Қазақтың өнерпаз ұлы тұлғалары жайлы жазылған көркем шығармалар жайында зерттеп жүрген ғалымдар қазақ жазушыларының өз туындыларында қазақ тарихында, қазақ қоғамында елеулі орын алған тұлғалардың елдігіміз, ұлттық бірлігіміз, рухани ынтымағымыз үшін сіңірген еңбегін әдеби кейіпкерлер арқылы жарқыратып ашуы оқырман назарын бірден өзіне аударды... Қазақ қаламгерлері осынау әдеби тұлғалар арқылы қазақ тарихының тереңіне бойлады. Ұлтымыздың, халқымыздың тәуелсіздік, азаттық жолындағы сан тарапты күрес-тартысын нақты оқиғалар арнасына сыйғызуға мүмкіндік алады деп қарастырады.

Сал-серілік дәстүрден, олардың өнер жолынан өткен дәуір оқиғасын бүгінгі күн тұрғысында зерделеу, ұлттың асыл қасиеттерін биікке көтеру — ұрпақтың еншісі. Ғалым А.Сейдімбектің пікіріне сүйенсек, халық өміріндегі елеулі оқиға, рухани сабақтастық ешуақытта өз маңызын жоймайды. «Тарихта болған, жекелеген оқиға халық өміріндегі маңызды, күрделі басқа құбылыстармен тығыз байланыста, сабақтастықта бейнеленеді. Халықтың өткен өмірінде айтарлықтай үлкен маңыз-мәні жоқ шағын оқиға ірі құбылыстармен байланысты, сабақтастықта бейнеленіп қана қоймайды, сол байланыс пен сабақтастықтың нәтижесінде өмір құбылыстарына тән ең басты, мәнді белгілерді айқындап, толықтырып, ажарын аша түсуге қызмет етеді» [8].

Сал-серілер заман ағымымен, әр алуан тағдырымен сыр шертеді, өнер туындылары өзекті оймен гуманизм тұрғысында шынайылықты білдіреді. «Ерте кезде өткен салдардың асқан ерекшелігі — олардың сыртқы қияпатының өзгеше болып көрінуі. Олардың сыртқы сипаты, киім киісі, жүріс-тұрысы қарапайым кісіге ұқсамайтын. Олар жүргенде ылғи қойқандай басып, кербез жүреді. Сөзі асқақ, еркін, өзінен басқа жан бар деп ойламайды, болса да олардан иығы асып отыруына кәміл сенеді. Салдарды қазақ халқы өте еркелетіп өсірген. Ол өте нәуетек, кербез, бойкүйез, паң, онымен қатар мінезі өте жайдары, ашық ер көңілді келеді. Шоң, Торайғыр би, Дәулеткерейлер бұрынғы ата дәстүрі бойынша салдардың кейбір асқан мінезіне бөгет болмай, оларды еркелетіп қызық көрген...

Сал-серілер тұлғасынан олар өмір сүрген кеңістік — қазақтың ұлы даласын, өзгеге ұқсамайтын төлтума мәдениетті, ұлттық болмыс тұтастығын көруге болады. Бұл ретте ғалым Ш.Ыбыраев «Уақыт пен кеңістік ұғымдарының дәстүрлі ұлттық сипатта, алдымен фольклорда сақталатыны айтып, көркемдік ойлаудың тарихынан уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихын бөліп алуға болмайтынын ескертеді» [9]. Ерте дәуірден басталған сал-серілер өмірі XIX ғасырда жалғасты. Уақыт адам санасына өзгеріс, жаңалық әкеледі. Уақыт пен кеңістік аясында өмір сүрген сал-серілер — тіршіліктің иесі — адам. Қоғамның жаңғыруы, уақыттың алмасуы сал-серілер өміріне әсерін тигізбей қоймайды.

«Сері мен салдың көп тараған жері — Көкшетау төңірегі. Олардың бұл өлкеде көп екенін бірінші рет айтып жазған түрік елдерінің тілін жүйрік білетін офицер-ғалым Услар деген кісі. 1840 ж. Усларды Кенесары көтерілісін басқаруға жіберген. Бірақ ол қазақ тұрмысын зерттеуге айрықша көңіл бөледі. Оның бақылауынша қазақ тілі әзербайжан тіліне жақын, айырмасы тек дыбысты өзгертіп сөйлеуінде. Қаланың іші толып жүрген қазақ. Солардың ішінде өзгеше киінген көп қазақ салдарын

көреді. Олардың бәрі фронт — сылқым, форсим — кербез. Кигендері ылғи жібектен тігілген қырмызы, не жасыл шапан, аса кең, басында шошақ бөрік, аяғына кигені көксауыр шоңқайма етік. Олар әдемілеп кестеленген, түсі не қызыл, не жасыл болып кездеседі» [5; 179].

Жалпы адамзаттық құндылығы бар тәлімге мәдениетімізді қалыптастыратын өнердің өміршендігі, жан-жақтылығы адамзат баласының қоғам мен тарихқа деген объективті көзқарасынан бастау алады.

Ұлттық психология мен халықтың санасы қоғам дамуы мен тарих заңдылығынан тыс қала алмайды. Рухани құндылықтар ел санасына сіңіп, жаңғырған бүгінгі таңда өткенге үңіліп, ұлт тәуелсіздігі жолындағы сал-серілердің қоғамда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде өзіндік орны бар екенін айта аламыз. Біржан әндері, өнері жайында А.В.Затаевич, С.Мұқанов, А.Жұбанов, Б.Ерзакович, Қ.Қаңтарбаевтың зерттеу еңбектерінде бар.

Сал-серілер қашанда халықтың ойын-сауық өнерін жаңа көркемдік сипатта дамыта отырып, ұлт мүддесіне, халық игілігіне жаратты. Сұлулықты сүю, жан сұлулығын сезіну — сал-серілерге тән қасиет. Табиғатынан ерекше, текті өнер адамдарының сыртқы келбеті мен жан әлемінің кіршіксіз тазалығының үйлесуі заңды құбылыс. Ел алдында актер болып, сайқымазақ ретінде әзіл мен қулық элементтерін жетік меңгерген сөз тапқыш, суырып салма, яғни өнердің хас шеберлері, ел аралап, биік парасаттылықты, адамгершілік негізін, ұлт келбетін көрсете білген.

Қазақ қаламгерлері өз туындылары арқылы тарих қойнауына, ғасырлар көшіне барлау жасады, ұзақ мерзім бойы салтанат құрған ұлттық болмысқа, ұлттық болмыс аясындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа, әлемде теңдесі жоқ құбылыс — сал, серілер феноменіне зерделеу жүргізді. Белгілі бір тарихи оқиға, құбылысты бейнелегенде оны сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардан, рухани өмір санасынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Олай болуы заңды да, себебі әдебиет — адамтану ғылымы. Адамдар тобы қоғамды құрайды. Сол қоғамда өзіндік заңдылықтар қалыптасады. Ендеше, тарихи сипаттағы көркем шығармалардың танымдық, тағылымдық мәні ерекше.

Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі заман шындығын көрсете білген ата-бабаларымыздың ігі мұраттар жолындағы өмірі, әлемдік өркениетке бет алған Қазақстан мемлекетінің өткен тарихы, қазақ халқының ұлттық рухани мұрасы деп танымыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. — Алматы: Ғылым, 1976. — 148-б.
- 2 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. — Алматы: Өнер, 1996. — 129-б.
- 3 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: Зерттеу. — Астана: Күлтегін, 2002. — 8-б.
- 4 Сәкен сері (Жүнісов С.) Ақан сері — алыптардың бірі // Егемен Қазақстан. — 1993. — 31 шілде. — 2-б.
- 5 Марғұлан Ә. Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер... Қазақтың сал, серілік дәстүрі // Жұлдыз. — 1983. — № 9.
- 6 Рабдуллин Н. Қаһарман және ұлттық сипат // Жұлдыз. — 1971. — № 10. — 129-б.
- 7 Ысмайылов Е. Ақындар. — Алматы, 1956. — 149-б.
- 8 Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 1997. — 40-б.
- 9 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1997. — 14-б.

Ж.А.Кенжебекова

Национальное духовное наследие сал-сери

В статье проблемы национальной духовности рассмотрены на основе анализа творчества сал-сери. Отмечено, что сал-сери, как талантливые импровизаторы, ярко выражающие неповторимую сущность казахского народа, восхваляющие искусство, являлись гордостью нации на протяжении многих веков. Биржан сал, Жаяу Муса, Ақан Сери, Укили Ыбырай, Култума, Естай, Канания и другие, жившие во второй половине XIX и в первой половине XX в., занимают особое место в казахской народной музыкальной культуре и литературе.

Zh.A.Kenzhebekova

Spirituality and Kazakh national sal-serine

The literature reveals reality, the image of the time through the description of the object of his study — a man in a period in the historical environment. Over the fate of man reveals to the reader lives, brings it instills a sense of morality, and this is the aesthetic history lesson ". Image sal Seri is the talented improvisers, vividly expresses the unique nature of the Kazakh people in globalization to praise secret art, is the pride of the nation for centuries. Birzhan sal, Zhayau Musa, Akan Seri, Ukili Ybyray, Kulutma, Estay and others who lived in the second half of the XIX century and in the first half of the XX century, have a special place in the Kazakh national musical culture, and literature.

References

- 1 Tursynov Ye. *Ancestors of Kazakh oral creativity*, Almaty: Nauka, 1976, p. 148.
- 2 Nazarbayev N. *On the turn of the century*, Almaty: Oner, 1996, p. 129.
- 3 Nurgali R. *Golden Age of Kazakh literature. Research*, Astana: Kultegin, 2002, p. 8.
- 4 *Yegemen Kazakhstan*, 1993, July, 31, p. 2.
- 5 Margulan A. *Zhuldiz*, 1983, 9.
- 6 Gabdullin N. *Zhulduz*, 1971, 10, p. 129.
- 7 Ysmaiyllov Ye. *Poets*, Almaty, 1956, p. 149.
- 8 Seydimbekov A. *Kazakh world. Ethno-cultural study*, Almaty: Sanat, 1997, p. 40.
- 9 Ybyrai Sh. *World epic*, Almaty: Kazakh University publ., 1997, p. 14.

N.M.Abduova

*Ye.A.Buketov Karagandy State University
(E-mail: princes_naz@mail.ru)***The content and form of succession**

Mongolia Kazakh the population living in the works of poets between the content and form of the problem of succession in the article thoroughly investigated. Poets, poems dealt with the tolgau modern appearance, it shows the author's use of language skill in the art by means of concrete examples of the scientifically proven.

Key words: people's poets, literary heroes, has become traditional applications, tolgau, detail, national folklore.

Kazakh literary science is considered «form» as «pishin». Look at from the point of view of the content of a work of art in the world, shape, or form is the external appearance. Z. Kabdolov scientist: «The content of a literary work — in terms of their aesthetics ideal artist recognized the truth of life in the form of this reality in terms of generalized system of artistic images, or the life of literary heroes is not difficult to understand» [1; 149] If so, consider some poets of the heritage of the people, content and trend with the opening of the issue of succession in the form of folk art worlds available to determine the distinctiveness of being true.

The Kazakhs of Mongolia poets and literary heritage and way of life of the population has been studied in a comprehensive but it would be a big mistake on our part. This was the announcement of the mass of their heritage of different political positions. Works were first listed into account favorites, and is only necessary for publication. As a result, some of the poets completely unknown remains unrecognized, is now one of the songs was released in August It was released only selected.

Q.Qaliasqaruli researcher, says: «People poets poetry, works in the middle of the people in the form of oral and manuscript spread. Despite the advantages that the names of their creations spread their creative complete collection, research, they lived through a period of more media arts, archive storage requires a lot of time because of the lack of comprehensive research» [2].

Guided by this opinion to say, first published complete works of artists appears on the printed page, and then moved to the word of mouth spread in the country. Resume, with the approval of the crowd in the world does not disappear by themselves have disappeared. Second, the literary heritage gathered in a special manner or is classified because it was necessary to find out more.

The reason is, stop trying to make a certain level of signatures. Third, press on the key elements of this approach, and has been working hard for a long time and the need for specialized studies.

In the same direction, and then, during the work, often many of the poet's name and a heritage preserved in Baqabayuli Akylbai was determined. Only one in the Tolgau (when the poet characterizes the state of the population) of the «modern Sing», a collection of the poet: «The illiterate of the proposed poems of the poet read forty, forty two years, the child composed a letter Kakimbeku, secretly hiding immediately became known to a new country. Cobda area of Bulgan some of the descendants of the poet», [3; 173] — wrote his. This introduction to the subject of the word, we were convinced were detained in the course of the analysis of the works of the poet.

The mind of the poet of the nineteenth century and the first half of the twentieth century created a poetic verses say that the image of the era of the open face of the transparent truth to improvise, sharp language, witty and, eloquent creative idea. Sable lived on the edge of it, from the beginning of the country in difficult times, compose yourself, poets reacted the inherent reality, sharp criticism of the gaps.

White, black clearly shown that this is not in accordance with the political of this period of time so that they could not receive its legal price.

We got about three hundred Tolgau (when the poet characterizes the state of the population) Akylbaya. They are: «Muni aitkan Akylbay», «Ayta bersem sozim kop», «Osimemen sap boldy», «Keshirersiz kopshilik», «Zaman mine turlendy», «Bilimdi bolsan kundeisyn» and «Bul kunde». Now, let us analyze this works of.

As for the people to pay attention to the heritage of poets is further evidence of the many traditional uses. One of them, the poet presents itself, bringing the status of the saga. For example, one of the most popular poets of the Kempirbay Bögembayuli about himself:

*Bogembay — akem ati, men Kempirbay,
Ozge akin men soilesem, turar bulai.
Talabim tanir bergen taudan ulken,
Almasa oz bakytyñ kaityp kудay [4].*

Here the poet for his poetic ability to a higher level, should be estimated. Such questions are often a way to encourage poets often. For example, Birzhan sal and Orynбай, Suyunбай persons such as this is well-known that there is a contents of works. We consider the mind of the poet with the same relative rests. However, the determination of the content of the personal creative ability of the students, rather than to describe the appearance of more and more of the time.

*Bastaimyn bismilla dep sozdin basin,
Kop aytıp baska sozdi ne kilasin.
Nakantan-nakak, ketken zamandastar,
Keledi sony oilasam kozden zhasım [3; 173].*

The first two verses of the poet in the way we religious, satisfy people understand that. After all, this song means to speak the name of Allah. And, in the last rows, adults repressed citizens in the country, and detention, were involved in the response to the insinuation. These lines is also our opinion that speak for themselves. Summary of the last poem of the poet exemplary wish survival in the word will be lost to future generations.

*Tartpaimyn zhalgan aityp soz kunasin,
Karasam duniege koz tunasin.
Balalar, kalam alğan zhaza bershi,
Artimda ozim ketsem sozim kalsin [3; 173].*

The wishes of the religious poets M. Akmullah that is inherent in this type of service, Shadi, Shortanбай can see by reading the works. For example, Shortanбай:

*Atim da shikty ar tusta,
Shasim da zhetti alpiska.
Zhogaltpasa ozimdi,
Zhok kilmasa sozimdi,
Men rizamyn Allaga! [5] —*

said. But, Akyлбай this poem the poet seems to mean our Muslim to stick to the road, but has not committed to it as the basis for their work, and popularizing, how Shortanбай poets, such as the existence of the group of artists.

His next tolgau «Aita bersem sozim kop» said all the terrible burden of the country, near the poet's mastery of human influence on art. The tolgau of the negative action of the first lines of the new society and It told the truth.

*Sabaz edi bari de,
Shudabay, Tashken, Orazbek.
Kaisibirin aytayın,
Artinan ketty talay kop.
Zare kalmay otirdyk,
«Sakta, ozin kудay», — dep [3; 177].*

One of the politics that led to the Soviet period, the first «enemy of the people» in the country, slander, persecution, deportation, destruction. This situation on the territory of Kazakhstan twenties, thirties years, gave a clear picture. This political system was also the beginning of the Kazakhs of Mongolia. There was a terrible poets of the world, could not stay out of sight. So, therefore Akilбай:

*Karamady keshuinder,
Kim kisisnin aline.
Ne kiligi zhakpagan,
Alip ketti barın de [3; 174], —*

he wrote. Even if innocent people were punished, receiving the theft of property, livestock and milk stagnation environmental poet wrote every detail.

*«Esirku» dep at koidy,
Mal kurauga lap koidy,
Uy-mukamal tugel ap,
Yesine tap koidy. [3; 174]*

Here «Esirkeu» it means concept enemy of the people, «mal kurau» meaning to confiscate funds or confiscation. The poet wants to say that the population of pets sold useless low price. One sheep was sold for one tenge:

*Aidan baryn satipty,
Bir tengege bir koidy [3; 174].*

It's part. And context lies the burden of our time-pressed narrow, reflecting receipt of the country. In this picture, there is the saga of determination regarding the existence of a master poet and artist. However, the tolgaу of the country, we had a difficult period of the cold time can let them know in detail.

In «Keshirersiz kopshilik» tolgaу will witness the poet's philosophical poem. Once again the subject of modern cry of the burden of work longer than 87 lines. Seven, eight-generation line of poetry, a poem of the tolgaу created, especially in the greatest test of the country's rulers. They lie, slander, sent to take up a lot of people, to destroy the spiritual heritage of all approaches is the use of sound.

*Talay zhala zhapytgy,
Murani otka zhaktytgy,
Barimiz de zhalbardik,
Zhan degenin tattytgy,
El zhamandau — zhumysy,
Bettin aryn satti tgy [3; 177].*

In Tolgaу such moments Shortanbay modern systems of thoughts related to the flow of the poet remembers. When the end of the world a chance to focus on the actions of the governors of the country sang the poet:

*Zhon bilmegen zhamandar,
El bilegen bek boldy.
Kotere almai bilygyn,
Ulaskan ulken kek boldy [3; 10].*

How he said management showed that people who are unable to distinguish the direction of the work. Confronted with the words of such poets nationalism think it should be understood that the needs of the country.

In Tolgaу we see national philosophy, that is, compatible with proverbs and sayings found tubercles. Of course, such uses of our identifiable, Akylbay increased sources of literature and art of the country by combining folklore. For example,

*Otirsyn eldin «torinde»,
Sol elinnen zherinbe.
Kezigersin aynalip,
Ozin kazgan korine [3; 177], —*

that way, «He that mischief hatches, mischief catches». is a manifestation of the article. Tolgaу articles are faced with roads used unchanged.

*It minezi ustasa,
Otirikke zhigatyn.
«Tanir aldy tarazy»,
Ogan-dagy kun bar tgy,
Isip-keup tynatyn [3; 178], —*

in offers «Tanir aldy tarazy» a key phrase among Kazakhs of Mongolia is the most common proverbs.

The harsh reality at the same time afraid to say what is the reason? Poet and man, is not it? Thus, where a measure to avoid? Such questions, we find a responsible, well-known scientist E. Ismayilov the study: «the poetic soul of the phenomenon. He was curious and fall, and that would have been a dream for a long time if you do not follow, of course, he will suffer serious: he had dreams, and he could not sleep on these dreams; a normal person, there is no obscene behavior, and sometimes loss of consciousness am confused things» [6].

If so, the person is not poetry, poetic people conquered. Poets bravely and without fear speech, and this is due to tell the truth.

Akylbai tolgaуs structure consists of seven, sometimes eight-generation line of poetry, we said that. It is shown that the folk tradition ustanđandıđın understanding. Scientist Z. Kabdoloz: «Kazakh unique, As the professional literature, folklore samples will not be able to wear the shoes of the seven generation psalm.

A song, proverbs and sayings, proverbs and riddles are more than seven generation and fell into the rhythm of each one of these criteria will be deceptive» [1; 274] writes.

The realistic nature of the criticize of the the population caused poets and poetry. They say social reality smiling, gap-painful trial and preached to the conclusion of the node. Knowledge is no burden. People are not ready to think about the tragedy of so much of the work of the wicked thought. Thinking that hinder the development of the society and requires no action.

«Zhar astinda zhauyn bar, zhelemik shiksa dauyldar». Therefore, the «zhaksy tугan alash azamatyn zhatka sanama» They say hope and believe. This is a country in the way of words. Thus, in the national consciousness raised to the rank of poets space, perfect beat up.

Independence nations under the handcuffs of religion, language, traditions and customs of the circuit, self-absorption, aimed from the beginning. Dependence penetrate deep into the lives of the population, the mentality and desire to change the behavior of the people, began to leave the units offer a religious topic was the importance of his works. Spend against such diseases as weapons of town, liquid word poetry. Therefore, humanity is linked to religious and pure propaganda, which works to preserve the traditions of our forefathers, which will need to write a lot.

First of all, better people, then society will be corrected. For this reason, the poet's pen-to-date and there is nothing in the rest of the people raised on feed. Will not get the good and evil in man, with the involvement of civil is any way forward. This feels will keep the national spirit.

But the most important poets of the the population were able to see the needs of the people in the dark and from the way the deadlock is not an option. The main condition as well as the arts and education, honest work, unity propaganda. Much depends on the crowd as a poet and a talented considerations for them. However, since they are the first works until the end of his life, a poem written by tolgau job portraying the idea of the liberation of the nation.

Number of lyric poetry of the epic genre popular people caused by the works of national poets. They knew the tradition of the eastern countries is widespread in ancient literature. So wrote several works on the basis of the tradition of Nazira. Poets East and represents an example of the books, legends and stories, composed for the purposes of his ideas, has become the spiritual wealth of the population. Formed as a branch of one of the region's literature.

Issued by the common poets poems can be conditionally divided into three groups. First, the East network, the second of religious works of the third historical topic. East Wind national life composed adapt, ideological and aesthetic of the work highly artistic. That was a good sign. This group of works of art and education needed, carefree way of teaching the people affected.

And the historical topic composed illustrates the significant events in the life of the country. Earth and create the image of men who defended the country. How to attract and religious subject matter for the first Akyt Ulimjiuli. Composes presenting the life of the Prophet Muhammad, his creative work is a significant value in the field of vision.

References

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Жазушы, 1976. — 374 б.
- 2 Қалиасқарұлы Қ. Халық акындары. — Баян-Өлгий, 1986. — 3-б.
- 3 Замана жыршылары. — Баян-Өлгий, 1989. — 342 б.
- 4 Бес ғасыр жырлайды. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1984. — 167-б.
- 5 Шортанбай. Шығармалары. — Алматы: Жалын, 1998. — 25-б.
- 6 Ысмайылов Е. Акындар. — Алматы: ҚБМКӘБ, 1956. — 76-б.

Н.М.Әбдуова

Мазмұн мен формадағы сабақтастық

Мақалада Монғолияда өмір сүрген қазақ халық акындарының шығармашылығындағы мазмұн мен форманың арасындағы сабақтастық мәселесі жан-жақты зерттеліп жазылған. Акындардың өлең-толғауларындағы айтылатын заман келбеті, оның көріністерін көрсету барысындағы автордың тіл шеберлігі, қолданған көркемдік құралдары нақты мысалдар келтіру арқылы ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Н.М.Абдуова

Взаимосвязь формы и содержания

В статье рассмотрены проблемы взаимосвязи содержания и формы в творчестве казахских народных поэтов, живших в Монголии. Исследовано поэтическое и языковое мастерство. Показано использование художественных средств и приемов и обоснование их применения с научной точки зрения с иллюстрацией конкретных примеров.

References

- 1 Kabdolov Z. *The art of writing*, Almaty: Zhazushy, 1976, 374 p.
- 2 Kaliaskaruly K. *People's poets*, Bayan-Olgii, 1986, p. 3.
- 3 Modern Sing. Bayan-Olgii, 1989, 342 p.
- 4 Five centuries sings, 2, Almaty: Zhazushy, 1984, p. 167.
- 5 *Shortanbay. Works*, Almaty: Zhalyn, 1998, p. 25.
- 6 Ismailov E. *Poets*, Almaty: QBMKAB, 1956, p. 76.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Әбу Насыр әл-Фараби: өмірі, шығармалары, жаһандық ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі

Ғұлама ойшыл және терең білімді ғалым ретіндегі әл-Фарабидің бейнесін қалпына келтіруге ұмтылыс жасалған. Оның әлемдік ғылым тарихындағы орны ашылған. Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары баяндалған, олардың философиялық ойдың одан әрі дамуына ықпалы көрсетілген. Әл-Фарабидің ойларының ерекшеліктері және оларда рационализм мен демократизмнің ұштасуы суреттелген. Аталмыш ойшылдың әлемдік өркениетке қосқан үлесі қарастырылған. Өзі өмір сүрген кезге дейінгі және тарих пен саз ілімінің барлық тұстары жүйеленген тұғырлы еңбек жазғаны көрсетілген. Әл-Фарабидің барлық адамдар өз ой қабілеттерін дамытуда тең екендігін уағыздайтын, олардың өз білімдерін жетілдіруге бағыттайтын ілімдік ұстанымдары айрықша көрсетілген. Шығыстың ұлы ойшылының шығармашылық мұрасы барлық әлем үшін зор екендігі айрықша айтылған.

Кілт сөздер: ғалым, еңбектер, мұрасы, даму, философия, интеллект, дін, әлеуметтік-этикалық, бақыт, астрономия, медицина, музыка, фарабитану.

Kipicne

Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби.

Ол Отырар қаласында 870 ж. дүниеге келген. Ежелгі Ұлы Жібек жолында, Арыс өзенінің Сырдарияға құятын жерінде бой көтерген Отырар қаласын арабтар Фараб, Барба-Фараб деп атаған. Осында әл-Фараби жастық шағын өткізген. Нақты айтқанда, әл-Фараби Фарабтың өзінде емес, соның маңындағы Весиж қалашығында туған. Весиж — Сырдарияның сол жағалауында орналасқан қала. Археологтар Весиж қалашығы Отырардан солтүстік-батысқа қарай шамамен 20 шақырымдағы Ақжар сайында орналасқан Оксус қалашығына сәйкес келетінін анықтады. Қалашық ішкі қамалдан, қабырғамен қоршалған шахристаннан және рабаттан тұрады. Қалашықтың VIII–XV ғасырларда өмір сүргені анықталды. Уақыт өте келе Весиж ұмытылып, асқан ақыл ой иесінің Отаны Фараб қаласы саналып кетті [1].

Фарабидің толық аты-жөні — Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат Түркі. Ат Түркі — шыққан тегі түркі дегенді, әл-Фараби — Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған аты — Мұхаммед, әкесінің де аты — Мұхаммед, атасының аты — Тархан, бабасы — Ұзлағ. Кейде оны жай ғана «Тархани» деп те атаған. Әл-Фараби түркі тайпасының дәулетті отбасында дүниеге келген, әкесі әскербасы болған. Бір нұсқада руы қаңлы-қыпшақ делінген. Әкесінің әскербасы болғанын «тархан» деген атаудан да байқауға болады. Біздің жерімізде мекендеген ежелгі түркі тайпалары «тархан» деп әскери лауазымды кісілерді айтатын болған. Яғни Фараби әскери ортадан шықты деп жорамалдауға әбден болады. Оған қоса тарихи еңбектерде «әл-Фараби мықты, күшті және ержүрек болған. Ол жебені жақсы тартқан, атқан оғы нысанаға дәл тиетін», — деп жазылған. Осыған қарағанда әкесі әскербасы болғандықтан, жас Мұхаммедтің те жауынгерлік, соғыс өнерінен хабары болған сияқты. Екіншіден, ежелден Сыр, Отырар бойын жайлаған, тарихқа ертеден мәлім қаңлы тайпасында тархан (кейде дархан деп те атайды) атты ру болған, қазір де бар. Сондықтан Фараби қаңлы-қыпшақ руынан шықты деп айтуға толық негіз бар. Тағы бір деректерде «Фарабидің әкесі Весиж қаласының әміршісі болған» деп те айтылады [2; 6].

Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған еңбектеріне қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырардағы кітапхана, ел аузындағы аңызға қарағанда, кітабының саны жағынан атақты Александрия кітапханасынан соң екінші орында болған. Әл-Фарабидің ғылымға деген ынтасы осы

Отырар кітапханасында пайда болған сияқты. Осы аймақты мекендеген тайпалардың сонау арғы заманнан қалыптасқан өнері, ғылымы, түркі тілдес жазуы болған.

Бала Мұхаммед қала медреселерінің бірінде сауатын ашып, хат танып, Отырар кітапханасының мол қорынан сусындап өскен. Тіл үйренуге жастай көңіл қойған тәрізді. Өйткені араб тарихшысы ибн Халликан «әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген» деп жазып қалдырған. Ғалымдардың бір тобы: «Бұл шындыққа жанаспайды» десе, біраз ғалымдар ибн Халликанның жазғандарын мақұлдап, қайталап та жүр. Яғни бала Мұхаммед өз кезіндегі ұлы ғұламалардың еңбектерін оқу үшін жастайынан тіл үйренуге ден қойғандай.

Ұлы ойшылдың өмірбаянына қатысты кейбір деректер

Зерттеуші-ғалымдар әл-Фарабидің балалық, жастық шақтары туралы мардымды әңгіме айтпайды. Себебі ұлы ғалымның өмірінің бұл кезеңі туралы мағлұматтар жоқтың қасы. Сондықтан да зерттеушілер ұлы ойшылдың өмірбаянын оның елуден асқан шағында Бағдад шаһарына қоныс аударуынан ғана бастайды. Оның ғылым жолындағы ізденістері мен ұзақ сапарлары нақ осы кезден басталса керек.

Әл-Фараби жастайынан түрлі ғылымды оқып үйренді. Оның ақыл-ойының ұшқырлығы мен білімінің молдығына тәнті болған талай жан еріксіз таңдай қаққан. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерді.

Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды (Нәсірді) ата-анасы Таяу және Орта шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ ол Бағдадқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін молықтырған секілді. Әйтсе де Әбудің мұнда қанша болғаны жайлы араб шежілері ештеңе айтпайды. Кейін ол жолай Иран еліндегі Мешһед, Нишапур, Рей, Исфаһан қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдадқа аттанады [3].

Әбу Насырдың Бағдадқа баруының өзіндік себептері бартын. Сол уақытта Бағдад шаһары ғылым мен өнерге ден қойған адамдарға қақпасын кең ашып, оларға ғылыммен айналысу үшін бар жағдайды жасаған. Бағдадта «Байт әл-Хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Екіншіден, сол кездері Бағдад халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болыпты.

Бағдад шаһарында әл-Фараби логиканы Әбу Бишр Матта ибн Юнустан үйреніп, кейін өзі ұстазынан да асып түседі. Лингвистикалық ғылымдарды жетік меңгеруді қалап, грамматика саласының маманы Әбу Бәкір ибн әс Сирадждан грамматикадан дәріс алады. Әли Юхан ибн Хайланнан тәуіптік өнер (медицина) мен логика саласынан дәріс алған.

Сонымен, ұлы ойшыл біраз жылдар Бағдад шаһарында ғылыми ізденістермен айналысады. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударады да, сексен жасқа жетіп, өмірден өткенше сол өлкеде қалады.

Шам аймағына келгеннен кейін әл-Фараби алғашында Дамаск қаласындағы бір бақта бағбан болып жұмыс істейді. Мұнда ол жеміс ағаштарын баптай жүріп ғылыммен айналысуын әрі қарай жалғастырады. Ол, әсіресе, логика ғылымын терең зерттейді. Осы салада бұрын-соңды жазылған еңбектердің бәрін парақтап оқып шығады. Тұрмысының жұпынылығына қарамастан, қолындағы бар қаражатын кітап сатып алуға жұмсап, күні-түні ғылыммен айналысады. Ол бақ қарауылшысы ретінде берілетін май шамның жарығымен талай томдарды оқып тауысады. Өзінің еңбектерін де жазып шығады.

Еңбектері шартарапқа тараған соң есімі дүниеге әйгілі болады. Уақыт өте келе оны білім иелері мойындап, өз заманының бірегей ғұламасына, біртуар дара тұлғасына айналады. Әл-Фарабидің аса парасаттылығы туралы естіген Халеп қаласының әкімі Сәйф әд-Дәулә (Сайф ад-Дәула) әл-Хамдани оны басқа да мұсылман ғалымдарымен бірге сарайына шақырып, құрметтеп, қонақ қылады. Ұлы данышпанның даналық сөздерін ден қойып тыңдаған әмірші оны өзіне жақындатуды ойлайды. Оны қазылыққа тағайындайды.

Әл-Фараби киетін киімі мен тұрмысына аса көп назар аудармайтын. Оның қарапайым тіршілік кешкені сондай, кейде тіпті, тек қана қара сумен күнелткен кездері де болған.

Ұлы ойшыл қазылық қызмет атқарып жүрген тұсында да ғылымнан қол үзген емес. Бірде таным өрісін одан әрі кеңейтіп, білімін молайта түсуді көздеген данышпан қазылық мансаптан бас тартады. Одан кейінгі өмірінде ғылымның алуан түрлерімен, өнермен шұғылданады.

Ол өз дәуірінің материалдық және рухани мәдениет жетістіктерін жинақтаумен қатар, озық философиялық жүйені жасады. Сол арқылы әлеуметтік-философиялық, этика-эстетикалық, жаратылыстану-ғылыми ой қазыналарына бағалы үлес қосты.

*Ұлы данышпанның ғылыми еңбектері туралы
қысқаша мәліметтер*

Әбу Насыр әл-Фарабидің өзінен: Сіз қандай ғылымдар саласында еңбек еттіңіз? — деп сұрай қалсақ, ол не дер еді? Біздің ойымызша, ол былай дер еді: Менің айналысқаным бір-ақ түрлі ғылым, оның аты — «Табиғат пен адамзат» деп аталады. Оп-оңай, екі-ақ ауыз сөз. Бірақ осы екі сөздің шеңберінен тыс ғылым қайда, ондайды естіген жан бар ма? Олай болса, Фараби қамтыған ғылым мен өнер жоқ деуге болады.

Ол жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан 164 трактат жазғаны мәлім [4; 192, 193].

Бір қызығы, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш — 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді [5; 111].

Келтірілген еңбектер санының өзі Фарабиден бізге көп мұра қалғанын байқатады. Мың жылдан асса да осынша рухани мол дүниесінің қолдан қолға өтіп бізге аман жетуі Фарабидің ұлылығының, данышпан білімпаздығының тағы бір айғағы болса керек. Ендігі парыз осы еңбектердің барлығын жинап, екшеп-талдап ұрпақтар кәдесіне жарату болып отыр.

Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге жол ашқан немістің атақты ғалымы Дитерици болды. Осынау зерделі зерттеушінің бағалауынша, әл-Фараби ғылымдағы ержүрек қаһармандар санатына қосылады. Ол «соқыр сенім кесапатына қарсы, өзінің тарихын қанмен жазған, рухани бостандық пен гуманизмнің қасиетті заңдарын таптау үшін бар зұлымдығын жасап баққан баққұмар мансапқорлыққа қарсы аянбай күресті» [6].

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің барлық жұмыстарын адамға арнады. Арабтілді философтар шешкен басты мәселелер – білім, таным, дүниедегі Ақиқатты іздеу мәселелері болды.

Ол үшін әл-Фараби ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін өз бетінше оқып, талдап, түсіндірмелер жазып, ары қарай дамытқан, трактаттар жазған. Ол шамамен Аристотельдің барлық кітаптарына түсініктеме берген. Птоломейдің «Алмагестіне» және Порфирийдің «Эйсогесіне» түсініктеме жазған. Эфклидтің геометрия жайындағы кітаптарын терең зерттеген. Платонның күллі кітаптарын оқыған [7].

Өкінішке орай, ұлы ғалымның ұшан-теңіз еңбектерінен біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тигені қырыққа жуық ғылыми еңбек деуге болады. Осы шығармалардың ежелден бері-ақ жұртшылыққа танымал болып, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына тигізген әсері толассыз.

«Фарабидің энциклопедиясы»

Ғылымның даму тарихында жинақталған білім қорларын сұрыптап, реттеп белгілі бір жүйеге салу тәртібі ежелден бар.

Бабамыз Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмай, өзінің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Бұл еңбектің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Осы трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды.

Бұл кітап мындай бес тараудан тұрады: 1. Тіл білімі және оның тараулары; 2. Логика және оның тараулары; 3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым (механика); 4. Физика мен метафизика және олардың тараулары; 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәләм (дін ғылымы) [8].

Тіл білімі. Фараби тіл білімін 7 тарауға бөледі: дербес және қарапайым сөздер мен сөйлемдер туралы; мәнерлеп оқу ережелері; тілдің заңы мен ережелері жайлы ғылым; дұрыс оқу ережелері; өлең жазу; шайырлық туралы ғылым немесе поэтика. Кейінгінің өзі ырғақ, ұйқас және поэзия болып үшке бөлінеді.

Логика. Фарабидің анықтауы бойынша, логика — ойлаудың заңдары мен ережелері туралы ғылым. Бұл ғылымның арқасында адам өзінің ойлау әрекетін тәрбиелей алады; өзінің ойын анықтап

айқын, жүйелі түрге келтіреді; ой қорыту, талқылау барысында логикалық қателер жіберуден аулақ болады.

Математика. Фарабидің энциклопедиясында математика ғылымдарына көп орын берілген. Ол математиканы үлкен-үлкен жеті тарауға бөлген. Арифметика, яғни, сан туралы ғылым. Оған практикалық және теориялық арифметика деп айрықша мән берді. Фарабидің түсіндіруі бойынша, сан объективті ақиқат нәрселердің сезіп-түйсінуге болатын, яғни «көзбен көріп, қолмен ұстауға» болатын жақтарын елеусіз қалдырып, тек саналуға, есептеуге тиісті қырларын бейнелейді. Бұл өте дұрыс материалистік түсінік.

Геометрия. Бұл ғылымның мазмұны мен мәнін ғалым төмендегіше тұжырымдайды. Геометрия екі ғылымды біріктіреді: біріншісі — практикалық геометрия; екіншісі — теориялық геометрия. Практикалық геометрия сызықтар мен беттерді, ағаш ұстасы, темірші, тас қалаушы, жер өлшеушілердің ыңғайына лайық ағаш, темір, тас денелердің бетінде қарастырылады. Теориялық геометрия сызықтардың, жазық фигуралардың, геометриялық денелердің формасы мен мөлшерін, теңдігі мен теңсіздігін, олардың түрлері, реті және басқа осыларға байланысты барлық нәрселерді зерттейді.

Оптика. Фарабидің жіктеуі бойынша, математикаға оптиканы да жатқызған. Бұл туралы ол былай дейді: «Оптикада геометрия тәріздес форма, шама, рет, тәртіп, орын, теңдік, теңсіздік, т.б. нәрселерді қарастырады». Оптиканың мәні мен ақиқаты, анық пен оның алдамшы көрінісінің парқы ажыратылады, қатаң дәлелдеу жолымен мұның себебі айқындалады, көзбен көруде кездесуі мүмкін болатын қателердің барлығы ескеріледі, одан құтылуға көмектесетін, яғни қарастырылып отырған нәрсенің мөлшері, формасы, орны, құрылысы, т.б. туралы ақиқатқа жеткізілетін әдіс, айдалардың түрлері көрсетіледі.

Астрономия. «Астрономия деген бір атпен екі ғылымды түсінеміз, — дейді ғалым. Олардың біреуі — жұлдызнама. Бұл ғылым жұлдыздарға қарап болашақта не болатынын, кейде қазіргі кезде болып жатқан және өткенде болған оқиғаларды болжауға арналған. Екіншісі — математикалық астрономия. Астрономияның осы бөлігі ғана математикалық ғылымдардың қатарына жатады, ал қабілет — өнердің бір түрі; ол арқылы не болатынын адам болжамдай алады; мәселен, түс жору, құстың ұшуы бойынша жорамалдау, бал ашу, т.б. қабілеттер».

Жаратылыстану мен метафизика. Фарабидің анықтауы бойынша, физика, яғни жаратылыстану, — табиғат туралы, оның негізгі принциптері мен бөліктері жайлы, табиғи денелерге тән акциденциялар туралы, табиғи деректер мен элементтердің өзара әсері жайлы ғылым. Ал метафизика болмыстың жалпы принциптері мен категорияларын зерттейді.

Қала, заң жөніндегі ғылымдар және дін ғылымы (кәләм). Ғылымдардың бұл салалары этика, тәрбие, мемлекет басқару мәселелерімен айналысады.

«Фарабидің энциклопедиясы» XII ғасырда арабшадан латын тіліне екі рет аударылған. Одан кейінгі ғасырларда бұл еңбек толық немесе үзінді түрінде ескі еврей, неміс, ағылшын, француз, түркі, т.б. тілдерге тәржімаланған. Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980–1037) және басқалар тікелей соның әсерімен өздерінің көпке мәлім энциклопедиялық еңбектерін жазған [9].

Ұлы ғұламаның бұл еңбегінің құндылығы, оны басқа халықтардың өз қажетіне жаратып, оның еңбек заңдарына, еңбек адамдарының өз жұмысына саналылықпен, ұқыптылықпен қарап, өндірісті дамыту, еңбек өнімін, жеке адамның еңбекке құштарлығын, ынта-жігерін арттыру мақсаты көзделгендігінде.

«Ғылымдар энциклопедиясында» ойшыл ғалым Аристотельден өзіне дейінгі 1300 жылдай уақыт ішінде өркендеген ғылымдарға талдау жасаған, пәнін тағайындаған, мазмұнын анықтаған, үйрену және үйрету жолдарын белгілеген. Бұл еңбек Фарабиден кейін де 500 жыл бойы Шығыс, Батыс оқымыстыларының қолынан түспес кітабына айналды. Жоғары мектептерге ғылым негіздері жөніндегі басты оқулық болды.

*Ұлы ойшылдың еңбектерінің бәрін де философиялық
тұрғыдан қарауы*

Араб мәдениетінің философиялық екі тарауы болған деп саналады. Оның бірі ертеден келе жатқан теологиялық-мистикалық, дүниеден безуші — аскеттік-дәруіштік ағым; екіншісі дүние кілтін табиғатты зерттеуші адам ақылынан іздейтін ақли (рационалдық) ағым.

Ғылым мен білімнің өркендеуіне ақли ағымның зор әсер еткені мәлім. Осы айтылған ақли — рационалдық ағымның негізін салушы ретінде көбіне үш адамның — әл-Кинди, әл-Фараби, Әбу Әли

Ибн Синалардың есімдері аталады. Араб мәдениетінің негізін салушы осы үш философ. Фараби алғашқы жаңа талап кезінде әл-Кинди еңбегімен танысып, содан әрмен қарай өрлей бастаған болса, кейінгі Әбу Әли ибн Сина да өзінің философиялық бағытын Фараби еңбегінен бастаған. Фарабидің атағы философ ретінде Аристотель, Платон сияқты ірі философтардың еңбектерін талдаумен әйгілі болады.

Әл-Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» атты еңбегінде Аристотельдің философиясын меңгеру үшін қажет болатын тоғыз шарты жайлы өз пікірлерін ортаға салған. Оның пікірінше, тұңғыш рет грек философы Пифагор философиялық бағыттың алғаш негізін құрастырған.

Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» мен «Софистикасына» түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды [10; 31].

Фараби Аристотельдің философиясына түсініктемелер жаза отырып, өз тарапынан да «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдар энциклопедиясы немесе тізбегі», «Кеменгерлік меруергі», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы», «Ақылдың мәні туралы», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Философиялық трактаттар», т.б. сол сияқты көптеген философиялық еңбектер жазған.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді.

Осы трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек — басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [11], — деп жүрекке шешуші мән береді.

Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге»... атты өлеңінде де әрі ойшыл-кеменгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген [12]:

*Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?
Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма.
Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.*

Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі болып табылады. Ал бойына осы екі қасиетпен

қоса қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни ол енді «нұрлы ақылдың» өкілі деп танылады.

Әл-Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде [13] адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келіп, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллекттің өзі жүре келе, есітіп, көріп барып қана дамидынын ескертеді.

Ғұламаның интеллект жөніндегі философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып барып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен [13].

Фарабидің философиялық еңбегін талдау деген сөз — оның барлық ғылыми табыстарының қорытындысын шығару деген сөз. Ол өзінің еңбектерінің бәрін де философиялық тұрғыдан қарайды. Кейбір табиғи құбылыстарды талдаған қағидаларында оның табиғат зерттеуші ғалымдығы мен ойшыл философиясы арасын айыру өте қиын.

Философия жөнінен алғанда Фарабиді Аристотельдің шәкірті дейді. Оның шындығына біз де таласпаймыз. Фараби Аристотельді (Арстулаизды) аса жоғары бағалаған. Әсіресе, оның логикасын жақсы көріп: «Бұл кітапты жүз мәртебе оқыдым, тағы оқысам деген ойым бар» деп жазады ол.

Сонымен қатар Фараби Аристотель қосымша математика мен табиғат ғылымдарына сүйенуі қажет еді дейді. Ол Аристотель ілімін толықтырды, сынады, талдады, дамытты. Осылардың арқасында өзінің философиялық жүйесін салып кетті. Оның философиясы ертедегі гректердің антикалық философиясы емес, онан басқаша қасиеттері бар. Сол себептен оны философия демей, фалсафа деп өзгеше мән береді. Бұл кезде Аристотельдің еңбегін талдау, сынау, дамыту түгіл, тіпті оның еңбегін дүние жүзінің көптеген ғалымдары түсініп оқудың өзін арман ететін. Осы жайды ескергенде, Фарабидің Аристотельді сынап, оны толықтырып еңбек жазуы аса зор оқиға еді. Фарабидің философиялық дәрежесіне Батыс елдерінің философтары тек көптеген ғасыр өткеннен кейін ғана жете алды. Ал оның Аристотельдің философиялық іліміне геометриялық-физикалық анализді ғылыми арқау ету керек деген тамаша батыл пікірі — оның асқан даналығының көзі болғанын көрсетеді.

Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар туралы рисала» деген еңбегінде: «Айналадағы табиғат дүниесін адамдық адал ниетпен зертте, онан тапқаныңды ақыл таразысына салып өлшеп ал, логиканың қисыны мен геометрияның айнымас дәлелдік үлгісіне сал. Осылардың сынынан өткен нәрсе шындық жолға апаратын нысана болмақ. Философия атты ақиқат табуға арналған ұлы ғылымға сол нысаналар алып барады», — дейді.

Өзінің Евклид еңбегіне берген бір сынында нокат, сызық, жазық деген түсініктердің барлығы денеде болатын, содан алынған түсініктер деп ашық айтады да, соны дәлелдейді. Демек, бұл арада Фараби Платонның дерексіз жайға соғатын көмескі ойларын түзетеді. Сонымен қатар ол Аристотельдің логикалық қағидаларына геометриялық дәлді әдісті жанастыруға тырысады. Аристотель мен Платон арасын жақындастыруға тырысқан ойдың түпкі өзегі осында болу керек деп білеміз. Басқаша айтқанда, материалдық дүниені математикалық логика арқылы тану керек деген қорытынды шығады. Бұл арада Фараби Аристотельге де, Платонға да жүгініп отырған жоқ. Ол Аристотель мен Платонның және басқаларының еңбектерін табиғатты акли көзбен тану тұрғысынан қарап, еркін түрде, өзінше саралап отыр. Сонымен бірге Фараби дүние танудың акли тұрғыда түсінуде жаттама (догмалық) жолдың жарамсыз екенін көрсетеді.

...Замана, өмір, тұрмыс, ғылым, мәдениет барлық жерде бірдей емес, өзгермелі. Адамның жеке басында субъектив мінезі тағы бар. Осылардың баршасына бір ғана жаттанды абстракты догма өлшеуімен келуге болмайды. Олардың әрқайсысына өзінің нақтылы қалпына қарай анализ (талдау) жасайтын әдістер ұғымы керек.

«Ғылымдардың шығуы», «Ғылым меруерті» деген еңбектерінде де Фарабидің осындай ойлары айқын көрініп отырады. Ел билеу, саясат жөнінде де ол Аристотель мен Платонның ешқайсысына қосылмайды. Мысалы, Фараби өзінің «Қайырлы шаһардың адамдары» («Арә аһл әл-мадинате әл-фасилате») деген еңбегінде осы тақырыпта жазған Платонға қосылмай, мәселені өзінше шешеді.

Ұлы философ өз заманының дәстүрі бойынша барлық материалдық дүниенің басын жалғыз Жаратушыға апарып тірейді. Осы жағынан алып қарағанда оның философиясында идеализм бар екені рас. Ақиқатында, бұл оның зор жетістігі еді. Өкінішке орай, Кеңес кезінде мұны діншілдік деп

түсіндіріп келді. Фараби көптеген мәселелерде дұрыс ғылыми көзқарасқа жетіп отырады. Дүниенің даму жолдарын бірталай еңбектерінде дұрыс түсіндіреді. Осы еңбектерінің арқасында ол адам баласының мәдени өсуіне, рухани дамуына зор атсалысып, Екінші ұстаз атанды.

Фарабидің ұлы ұстаздығын тек Шығыс елдері, араб халықтары ғана танып қойған жоқ. Оны Батыс елдерінің Қайта Өркендеу дәуірінің алғашқы кезеңіндегі ұлы адамдарының бәрі де таныды. Мысалы, Бэкон, Леонардо да Винчи, Коперник, Кеплер, Лейбниц сияқты ғалымдар одан көп үлгі алған.

Еуропалық шығыстанушылар мен тарихшылардың пайымдауынша, әл-Фараби сондай-ақ Шығыс философиясының да негізін қалаушы. Олар ұлы кемеңгердің келелі пікірлерінің астарларына үңіліп, көп зерттеген. Әл-Фарабидің ойшылдығына тәнті болған.

Әсіресе ғұламаның «Жоғары табиғатты тану негізі» еңбегі бүкіл Шығыс философиясының тереңдігін, көне тылсымын қорытқан еңбек болды. Фарабидің осы еңбегін түсіну арқылы Шығыс әдебиетіндегі көптеген аңыз, мифологияны танып-таразылауға болады.

Бұл шығармада келтірілген ғалымның пікірлерінің құндылығы сонда — ол философиялық ой-толғаныстарын ежелгі грек философтары Аристотель, Платондардың пікірлері негізінде өрбіте отырып, сол пікірлерді ислами негіздерге орайластырған.

Әл-Фарабидің діни философиялық туындылары

Философия мен дін, олардың қарым-қатынасы — Әбу Насыр әл-Фарабиді толғандырған күрделі мәселелер. Мәңгілік пен осы дүниелік, өмір мен өлім, адам мәселелері, философия мен діннің ара-қатынасы ойшылды көп толғандырған.

Тәуелсіздік аясындағы Қазақстан ғылымының діни дүниетанымға басымдылық берген тұсында, Фарабидің ғылыми мұраларын, діни философиялық толғауларын ғалымның ұлы тұлғасын пайымдай отырып зерттеудің жаңа бағыттары қолға алына бастады.

Мәселен, ұлы ойшылдың «Дін туралы кітап және өзге де мәтіндер» еңбегі ғалымның діндар адам болғандығын нақтылай түсетін бірден бір туындысы болып табылады. Фарабитанушы Ғалым Мухсин Маһдидің басшылығымен Бейрутта 2 рет жарыққа шыққан аталмыш еңбектің (араб тілінде) 89–92-беттерінде кездесетін «Әбу Насыр әл-Фарабидің ұлы дұғасы» атты трактаты ұлы ғалым дүниетанымының мән-мағынасын аша түседі.

Данышпанның аталмыш еңбегінің алғашқы мәтіні «Дін кітабы» деп аталады және ол «Дін анықталған көзқарастар мен іс-әрекеттер тізбегі» деген дінге берген анықтамасымен басталып, кейінгі кезекте осы көзқарастар мен іс-әрекеттерді жіктейді. Іс-әрекеттерді жіктеуде ғалым: «Алланың құдіреті мен ұлылығын дәріптейтін іс-әрекеттер мен оң пікірлер басты орынға шығады. Одан кейінгі орынды көсемдер мен періштелер иеленеді» дейді. Діндегі іс-әрекеттер, Фараби бойынша, тек қана дене арқылы жүзеге асатын әрекеттер емес, сонымен қатар дұға жасау, зікір ету сияқты тілмен айтылатын құлшылықтардан тұрады. Бұдан, әл-Фарабидің «Алланың құдіреті мен ұлылығын дәріптейтін оң пікірлер ...» деп басталатын дұға жазғандығы анықтала түседі [14].

Әл-Фараби әрдайым пәни дүниелік пендешілік қасиеттерден қалыс қылуын сұрап Алла Тағалаға шынайы түрде жалбарынатын. Ол күндіз-түні дұға қылатын. Жаратқаннан күнә-қателіктерден тазартып, айқындыққа бастайтын таза ақыл нәсіп етуін сұрайтын. Тегінде тылсым дүниенің құпия-сырларын білуге деген зор ынтықтық оны түрлі білімдерге жетеледі, даналық пен хикметтің саф бұлағынан сусындатты.

Алла Тағалаға деген шексіз сенімі мен ықыласын ғұлама дәйім аузынан тастамайтын мына бір мінәжат-дұғаларының бірі арқылы былайша жеткізетін [15]:

«Уа, Алла! Уа, болуы сөзсіз міндетті, һәм болуының ешбір себеп-салдары жоқ, әзәлдән (басталуы жоқ мәңгіліктен) бар, әзіз Иләһім! Пендеңнен надандық пердесін сыпырып, пәнилік кінәраттардан пәк ете гөр. Өзің разы болатын іс қылуды нәсіп ет!

Уа, Алла! Мәртебемді биік ет! Әр ісімнің соңын қайырлы қыл! Мақсат-мұраттарымды асыл қылып, іске асыр! Уа, шығыстар мен батыстардың Иесі!

Уа, Раббым! Бойыма тектілік пен бекзаттықты сіңіргейсің, пайғамбарлардың кереметтерін көрсеткейсің, байлардың бақытын бергейсің, данышпандардың даналығын дарытқайсың, тақуадарлардың тақуалығын танытқайсың!

Уа, Алла! Пәни жалғанның ғапылдығынан сақтап, таза ақылдың иелерінен қылғайсың! Аспан әлемінің тұрғындарының әулиелігіне, шыншылдар мен шәһидтердің мәртебелеріне жеткізгейсің. Шын мәнінде Сенен басқа ешбір Құдай жоқ. Әр нәрсенің себеп-салдары Сенсің, аспан мен жердің

нұры Сенсің! Маған ақиқатты ақ қылып көрсет һәм соның соқпағындағылардан қыл! Жалғанды жалған етіп көрсет һәм оның жолынан жырақ қыл!

Уа, Алла! Өзіне деген тақуалығымды адасудан арашалайтын алдаспаным қыл! Расында, Сен әрбір нәрсені толық Білушісің!

Уа, Алла! Нәпсілік нақұрыс сипаттардан, надандықтан құтқара гөр! Өзіңнің биік дәрежелеріңе жеткізіп, дәргейіңе жақындат!

Уа, Алла! Өзің сыйлаған рухымды тазартып, сол арқылы жарылқа. Даналықтың ең биік деңгейіне жеткізіп, пәкізат періштелеріңнің әлеміне жақындат!

Уа, Раббым! Өткінші қызықтарға қарсы күресімде өзіме ыстық қайрат, керемет күш-қуат бер! Туралыққа бастап, иманымды тақуалықпен берікте! Жанымды дүниеге деген құштарлықтан құтқарып, пәнилік пенделіктен, ластықтан айықтыр. Жанымды биік рухтардың әлеміне бастағайсың! Шынында мені туралыққа бастап, қамқорлыққа алатын, пана болатын тек бір Өзіңсің!».

Әл-Фарабидің ойынша, дүние мәңгілік мекен емес, өткінші, жалған әлем. Сондықтан да әрбір ақылды жан осынау жалған пәни дүниені тәрк етіп, рухани тазалыққа, бекзаттыққа бет бұруы тиіс.

*Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық
тақырыптағы шығармалары*

Әбу Насыр әл-Фарабидің этикалық трактаттарын, солардың ішінде «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектерін оқып, талдау барысында байқайтынымыз, ойшыл ғалым қарапайым ұғымдар арқылы адамның бойындағы кез келген мінез-құлықтардың, әдеттер мен түрлі қасиеттердің тумысынан емес, жүре келе, бірте-бірте барып қалыптасатынын логикалық жүйелілікпен баяндап, дәлелдеп берген.

Энциклопедист-ғалымның әлеуметтік-этикалық мәселелерді қозғайтын ой-толғаныстары көп. Мәселен, ол мынадай мәселелерді сөз етеді: адам өмірінде кездесетін және онымен тығыз байланыста болатын нәрсе, оны мадақтауға немесе жазғыруға болмайтын жағдайлар және мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлар. Мадақтауға немесе жазғыруға болмайтын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Ал әрі мадақтауға, әрі жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде адам бақытқа жетеді. Әрі мадақтауға, әрі жазғыруға жеткізетін жағдайларды ғұлама үшеу дейді. Олар: 1) Әрекеттер. Адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер. Мысалы, тұру, отыру, көру, есту т.б. 2) Жан аффектілері. Мысалы, рахат, қуаныш, өкініш, ашу, қызғаныш т.б. 3) Ақыл-парасат. Бұл адам өмірінің бүкіл бойында болады немесе кейде болады, кейде болмайды [16].

Әл-Фараби «жақсы немесе жаман ақыл-парасат тудыратын күйдің түрі екеу» дейді. Оның біреуінің арқасында жақсы ақыл-парасат туады және мұның өзі ақыл күші деп аталады; екінші түрінің арқасында жаман ақыл-парасат туады, бұл ақыл кемдігі деп аталады.

Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу нысанасы — мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады [4; 205].

«Бақыт» — Фарабидің негізгі мәселесі, саяси философиясы.

Ғұлама ғалым «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» және тағы басқа саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталған.

Бақыт дегеніміз — ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар — өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы: ақша, атақ, тағы басқалары. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар — данышпан адамдар [5; 115, 116].

Бақытқа жетудің маңызды шартын, әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт.

Ойшыл данышпан тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен.

Ғалымның мұрасында әсемдік мәселесі ерекше орын алады. Сұлулықты, үйлесімділікті сұлулық пен сәнділіктің жоғары дәрежесіне ие Алла ғана жасай алады деп дәлелдейтін мұсылман идеологтарына қарағанда, Әбу Насыр ізгі істі іздеуге және жасауға тек адам ғана қабілетті деп дәлелдейді: «Адам рухани ізгілігіне байланысты ғана жағымсыз және ізгі істерге барады», «Адамға қысқа ғана ғұмыр берілгенмен, ол қас-қағымды көп екен деп есептейді, адамдар бір-біріне азап шектіре отырып бірімен-бірі жауласады, бір-бірімізді қашанға дейін азап шектіре береміз. Табиғатта әсемдік мәңгі өмір сүреді, ал қайталау түрінде пайда болатын өнердегі ізгілік пен сұлулық адамнан ғана шығады».

Әл-Фарабидің эстетикасында әсемдік пен пайдалылық, сұлулық пен пайда бірімен-бірі үйлесімді түрде тұтасып кеткен, бірінен-бірі бөлінбейді.

«Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды», — дейді ғұлама.

Фарабидің астрономия мен астрология жөніндегі еңбектері

Әл-Фарабидің аса зор нәтижеге жеткен ғылымдары — астрономия мен геометрия. Ол оптикалық аспаптар жасаған. Оның ішінде ойыс парабола айна, уақыт өлшегіш күн сағаты бар. Осы ойыс парабола (арабша: «мухарак», оны еуропалықтар «фокус» деп аударған.) Еуропаға әл-Фарабидің шәкірті ибн Хайтам арқылы Кеплерге жеткен екен. Әл-Фарабидің күн сағатын жасау әдісі осы күнге дейін қолданылады. Ғылымда көлеңке өлшеу әдісі, күн сағаты арқылы жердің меридианын табу әл-Фараби әдісі деп саналады. Сондай-ақ ғалым сфералық тригонометрияға негіз салған.

Астрономия ерте замандардан бастап-ақ барлық ғылымдардың атасы болып саналған. Өзінің еңбектерінде бүкіл ғылымдар саласын түгел қамтыған Фараби заманындағы барлық астрономиялық және астрологиялық еңбектерді тегіс оқып шыққан. Мысалы, Фараби Птолемейдің атақты «Алмагест» кітабын арабша аудармасы бойынша да, өзінің грекше түпнұсқасы бойынша да толық білген. Сонымен қатар өз заманындағы астрономиялық обсерваторияларда болып, бақылау жүргізген деп білуге болады. Оның бұл сияқты істері жөнінде біздің қолымызда қазір анық мәлімет жоқ. Бірақ оның астрономиялық құбылыстар мен астрологиялық жорамалдар туралы жазғандарына қарағанда, оның бұл мәселелер жөніндегі ғалымдар арасындағы беделіне қарағанда, Фараби астрономия ғылымының барлық саласын қолынан өткерген адам екені айқын.

Мысалы, оның «Астрология заңдарының анығы мен танығы туралы» деген рисаласын алайық [17; 21–22].

Бұл еңбек Фарабидің замандасы, атақты ғалымдардың бірі Әбу Исах Ибраһим бин Абдулла әл-Бағдадидің алғы сөзімен басталады. Әл-Бағдади астрология ғылымын білуге құмар болған. Қалайда оның сырын ашуға барлық ынтасын қойып, сол жөнінде жазылған барлық кітаптарды қалдырмай тегіс қарап шығады. Мұнымен қатар астрологияға өзінің қатты сенгенін айтып жазады. Ал астрологиядағы жаңсақ пікірлерді, айтқаны келмеушілікті бақылаудан болған кемшіліктен немесе астролог-астрономның білімінің шалалығынан деп түсінетінін айтады. Егер осы кемшіліктер жойылатын болса, ғылым дұрыс жолға қойылып, астрологияны қолдану арқылы табиғаттың жасырын сырлары ашылар, тамаша табысқа қол жететін болар деп сенген едім, — дейді. Әл-Бағдади: барлық математикалық білімім мен астрономиялық өнерімді салып есептеп, түрлі аспаптармен бақылаулар жүргіздім, көптеген мәліметтерді пайдаланып, астрология қағидаларына қолымды жеткіздім-ақ қой деп үміттендім, — дейді. Бірақ ойына алған мақсаты барған сайын алыстап, астрологияға күдіктене бастайды да, астрологияның арғы тегін, ерте замандардағы ғалымдардың, данышпандардың кітаптарын қарастырады. Бірақ олардың ішінен де қазіргі астрологияны ақтайтын ешқандай дәлел таба алмайды. Ол үміті кесіліп, астрологияға сенер-сенбесін білмей қобалжып жүргенде Әбу Насыр Фарабиге жолығады. «Онымен көп сөйлесіп, кеңескеннен кейін мен оған астрология жөніндегі пікірін жазуға сұрадым. Ол жазды, мен оны оқыдым. Сонан кейін ғана жүрегім орнына түсіп тынышталдым, анық пен танықтың арасын айыратын болдым», — дейді.

Фараби астрономия мен астрологияны өте терең білген адам. Орта ғасырдан бастап дүние жүзіне тараған астрологияның бетін ашып, сырын шешкен осы Фараби болып саналады. Бірақ ол астрологияны үйретіп, оны қолдануды көздеп, түзету енгізген емес. Оның шын мағынасында негізі қайдан шыққан, шындығы мен өтірігі қайда, осыны көрсету мақсатын көздеді. Бал ашу кітабы «Талиғынаме» («Гороскоп») бойынша болашақты білуге болады деушілердің ісін Фараби ашықтан-ашық надандық немесе адам аулаған арамзалық дейді. Осы пікірін ол жалпы астрономиялық, математикалық-логика әдісімен дәлелдейді.

Фараби астрологияны өзінің ақыл елегінен өткізіп, зерттемей тұрып, одан сырттай безген жоқ. Ол астрологияның жалғандығына әбден өзінің көзін жеткізген соң ғана одан біржола қол үзді.

Астрологияның орта ғасырларда және кейінгі замандарда, тіпті осы күнге дейін елдерге көптеген адамдардың басын қатырып келе жатқаны мәлім. Осыған қарап, Фарабидің ғалымдық дәрежесі өз заманынан мың жылдай озық, әрі асқақ тұрған ұлы ойшыл екеніне көзің жетеді.

Жалпы астрология негізін, оның ішінде Фарабидің оған көзқарасын талдау өте қызықты және ғылымға аса қажет.

Планеталардың салыстырмалы жүрісін Фараби былай түсіндіреді: Ай шапшаң, Сатурн (Зұхал) баяу жүреді деп саналады. Оның себебі Ай бізге ең жақын планета, Сатурн алыс планета. Сондықтан оның айналыс жолы (орбитасы) қашық, бізге оның жүрісі жай болып көрінеді. Расында, керісінше болуы да мүмкін, бәлки, Сатурнның жүрісі Айдан шапшаң да болар деген пікірді айтады. Осы пікірдің өзі аспан денелерінің қозғалысы жөнінде Фарабидің дұрыс бағытта болғанын көрсетеді [17; 22].

Фарабидің астрономия мен астрология жөніндегі еңбектері өз алдына талдап, зерттеуді керек етеді. Оның астрономия-астрология жөніндегі пікірлері бүтіндей ғылым тарихымен, қала берді Шығыс елдерінің, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанның ертедегі мәдени мұраларымен астасып жатыр. Осы арқылы біздің халқымыздың жыл қайыру, есептеу, аспан «ертегілерін» талдау мәселесінің талай тамаша жұмбақтары шешілмек.

Ғұламаның физика, медицина, биология салаларындағы туындылары

Әл-Фарабидің физика саласындағы көрнекті еңбегі — «Вакуум» туралы деп аталады. Мұнда ол табиғатта вакуум (бостық) жоқ екенін ежелгі грек оқымыстыларында да сирек кездесетін тәжірибелерге (экспериментке) сүйенген логикалық қорытындылар арқылы дәлелдеуге тырысады. Бұл еңбегінде ол вакуум проблемасынан басқа да физиканың әр түрлі мәселелерін қарастырып, сол кездегі ғылымның деңгей-дәрежесіне сай шешімдерін тауып беруге тырысады. Олардың ішінде түсірілген кернеу-күшке, қысымға байланысты ауаның көлемінің ұлғаю немесе кішірею құбылыстарының заңдылықтары, ол күштің жан-жаққа берілуі және басқалар бар [10; 54, 55].

Данышпан ойшылдың медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән бергені мәлім болып отыр. Ол, әсіресе, бұл ғылымдарды теориялық философиялық тұрғыда негіздеуге көп күш жұмсаған.

Әл-Фарабидің шығармашылық мұраларындағы медицина сауалдары бойынша шығармасы ғалымдарға осы ғылымның теориялық қайнар көзінің негізгі білімімен және оның тарихымен жете таныстығын көрсетеді. Оның дәрігерлік-философиялық ойлары тек соңғы жылдары ғана «Адам [тәнінің] мүшелері туралы» және «Галеннің Аристотельмен адам тәніндегі мүшелер жөніндегі оның келіспеушілігі туралы қарсылығы» трактаттарын орыс тіліне аудару және оқып-білуге байланысты ғалымдардың зерттеу тақырыбына айналды. Осы еңбектерден басқа әл-Фарабидің медицина мәселесіне арнаған тағы бір шығармасы — «Жануарлар [денесінің] мүшелері, олардың қызметтері мен потенциясы туралы» [18].

Ұлы ғұламаның бұл еңбектерінен — атақты ғалым, Фарабидің шәкірті, медик Әбу Әли ибн Сина (Авиценна) тәлім алған. Мәселен, оның «Медицина негіздері» атты әйгілі шығармасы теориялық-әдіснамалық жағынан ұстазының «Адам ағзалары жайлы» трактатына өте жақын келеді.

Фарабидің жақсы дәрігер болғаны белгілі. Оның пікірінше, дәрігердің медицина өнеріне жетілуі мынадай нәрселерді білуге байланысты. Біріншіден, адам ағзаларының ерекшеліктерін білу — медицина мен табиғат зерттеушілерге ауадай қажет. Екіншіден, саулықтың өлшемін (критерийін), оны дұрыс сақтау және қалпына келтіру үшін қолданылатын шараларды білу керек. Үшіншіден, ол аурудың түрлерін білумен қатар, оның себептерін, әсіресе, кеселді жоятын жолдарды білуге, организмдегі аурудың әрекетін бақылауға алуы тиіс. Төртіншіден, дәрігерге сау және сырқат мүшелердің айырмашылықтарын айқындау, оның басты белгілерін білу, ішкі мүшелерді зерттеу қажет. Бесіншіден, тамақтану тәртібін, дәрі-дәрмекті (фармакология) қолдану жолын және күрделі дәрілердің ерекшеліктерін, олардың әсерлілігін арттыратын барлық құралдарды білу қажет. Алтыншыдан, ауру адамның денсаулығын нығайтуға себепші болатын әсер заңдарын білу және қолдану жолдарын меңгеру керек [19].

Қорыта айтарымыз, әл-Фараби сауатсыздық жайлаған заманда жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – медицина туралы қызықты пікірлер айтып, бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттеріне пайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен.

Асыл тастарды, минералдық заттарды Фараби негізінен алғанда су ерітінділерінен пайда болады деп білген. Ол алхимияны да үйренген адам. Бірақ оның астрологияға байланысты, сиқырға сенетін жерін қабыл алмаған.

Бұл ғылымның негізгі мақсаты — «жаман» металдарды алтынға айналдыратын «философиялық тас» табу немесе адамға мәңгі өмір берерліктей «өмір өзегін» жасау болған. Фараби «Алхимия өнерінің қажеттілігі туралы» деп аталатын арнайы трактат жазып, алхимия өнерінде не дұрыс және не теріс екендігін ашып беруге тырысқан.

*«Музыканың ұлы кітабы» — әл-Фарабиді әлемге танытқан,
музыка теориясына арналған шығармаларының бірі*

Әл-Фараби музыка саласында да іргелі еңбектер жазып қалдырған. «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын еңбегі жарық көрген соң-ақ, оны дүние жүзінің барша ғалымдары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп таныған.

1200 беттен тұратын бұл кітаптың екі томын француздың белгілі шығыстанушысы Р. Эрланже 1930–1935 жж. өз тіліне аударған.

Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге әкелген. Қазір музыкада жеті нота болса, әл-Фарабидің еңбегінде нота саны — 12. Сол бес нотаны әлі күнге дейін ешкім тапқан жоқ.

Трактат негізгі төрт бөлімнен тұрады. А. Көбесовтің жіктеуінше, олар мыналар: а) «Музыка өнеріне кіріспе»; ә) «Музыка өнерінің теориялық негіздері»; б) «Музыкалық аспаптар»; в) Музыка композициясы [20].

Әл-Фараби «канун» деген музыкалық аспап ойлап тапқан. Цитраға ұқсас құрал да шығарған. Оған интервал бөлімдерін өлшеп, әуендердің кемел түрін анықтайтын кескіндері бар сызғыш қойған.

Ойшыл ғалым музыканың тек теориясын зерттеп қана қоймаған. Ол сондай-ақ тәжірибе жүзінде де қолданып, көптеген аспаптарда тамаша ойнаған. Оның шебер орындаушылығы жөнінде Шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар бар.

Үндістанда жүрген бір күні әл-Фараби Патша әскерінің киімінің киіп алып, жай адам ретінде Үндістандағы ең атақты адам Патша Суффиудиннің үлкен соты өтетін бөлмеге кіреді. Патша өзінің бөлмесінен қарапайым адамды көріп таң қалып, ол не істеп жүрген адам деп білгісі келеді.

— Сіз қайда болуға тиістісіз? — дейді патша.

— Мен ана сіз отырған тақта отыруға тиістімін, — деп жауап береді. Сөйтіп тақтың қасына барып, оның бір шетіне отырады. Патша қатты ашуланып, күзетшілердің бірін шақырып, оған түсініксіз тілде бір нәрселерді сөйлейді. Ол «мына адамның есі дұрыс емес болуы керек немесе адамды тандандыратын ғажап адам шығар. Мен бірнеше сұрақтар қойып, қандай адам екенін білейін», дейді. Патша сұрақ қою үшін әл-Фарабиге бұрыла беріп еді, ол аузын ашқанша «Патша сіз неге мазасызданаңыз?» деп патша сөйлеген тілде сұрақ береді. Осы мезеттен бастап патша мен әл-Фараби бірнеше сағат бойы үздіксіз философиялық таласқа түседі. Бұл дебатқа Үндістанның ең атақты философ-шешендері қатысады. Олардың бәрі әл-Фарабиді сүріндіре алмай, таласта жеңіліс табады. Ақырында патша жеңілісін шын жүректен мойындап, «не қалайсың, сұрағаныңды үлкен ризалықпен берем» дейді. Әл-Фараби «ештеңе керек емес» деп жауап береді. Содан патша әлемдегі ең мықты музыканттарды жинап, қонақтың құрметіне музыка ойнандар деп бұйырады. Музыканттар ойнап жатқанда әл-Фараби оларды тоқтатып, аспаптарының құлақ күйін басқаша келтіреді. Содан музыканы қайта ойнап шығуды сұрайды. Бұл жағдай жиі қайталанады. Ақыры болмаған соң патша өз музыканттарын қуып жібереді де, Фарабиден «менің музыканттарымды жақтырмадың, енді өзіңнің олардан артық екеніңді дәлелде», дейді. Фараби қалтасынан кішкентай үш шек алады да, шатшадыман музыканы ойнай бастағанда тыңдап отырғандар бірі орындықта, бірі отырған жерінде Фарабиден басқасы шетінен тәтті ұйқыға кетеді. Осы кезде Фараби бөлмеден жайлап шығып кетеді. Содан кейін оны ешкім көрмепті. Патша оянғаннан кейін қанша іздетсе де, таппапты [21].

Арабтар Фарабидің музыкалық шығармаларын осы уақытқа дейін пайдалануда. Сондықтан да араб музыкасының жалпы тарихын жазған белгілі ғалым Г. Фармер: «Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби — «Екінші ұстаз». Ал музыка саласын алатын болсақ, әл-Фараби бір өзі ғана бас король болып табылады. Басқаша айтқанда, музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған» [2; 8], — деген екен.

Қорыта айтқанда, әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» — музыка өнері хақында толық білім беретін қайнар көз. Оқырман бұл кітаптан музыкалық өнердің тәжірибесі және теориясы туралы пайдалы білімдерді табады.

Түйін

Қорыта келе айтарымыз, Ұлы бабамыз — Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазды. Әл-Фараби ғылымының философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістанның ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады.

Әл-Фараби тек Шығыстың ғана емес, Батыстың да ғылым мен мәдениетінің дамуына зор үлесін қосқан энциклопедиялық білімі бар ғалым. Оны толық растайтын мына деректер:

– 941–942 жж. ғалым «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты еңбегін Бағдатта бастап, 942–943 жж. Шамда аяқтайды.

– Фараби трактаттарының әрқайсысы өзіндік бір дүние, қағида теория мен әдіс. Солардың бірі 948 ж. Египетте жазылған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» болып табылады.

– XV–XVI ғғ. еңбектері Еуропада басылып шыға бастайды. Әл-Фараби еңбектері алғаш рет еврей тіліне аударылды.

– 1869 ж. Ресейде «Әл-Фараби, оның өмірі мен шығармалары» атты кітапты М. Штейншнейдер жарыққа шығарды.

– 1895 ж. Ф. Дитерици «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегін басып шығарды.

– 1927 ж. Хайдарабатта «Азаматтық саясат» атты еңбегі жарыққа шығады.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (ҚазҰУ), осы оқу орнының 80 жылдық мерейтойына байланысты, Фараби мұрасын зерттеу қызу қарқын алды. 2013 ж. 23 желтоқсанында университетте «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасы жол тартты. Ол әл-Фараби бабамыздың ізгілік қаласы туралы іліміне негізделген. Жобаны жүзеге асыру мақсатындағы басты шаралардың бірі — әл-Фараби мұрасын қалың көпшілікке жеткізуге бағытталған оқу құралын қазақ және орыс тілінде дайындау.

– 2014 ж. ҚазҰУ-дегі Әлем халықтары әдебиеті институты және «Әл-Фараби» орталығы бірлесе отырып, Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала» мен «Музыка туралы кітап» атты еңбектерінің екі томын, «Ақыл кітабын» («The Book of Mind» орыс және ағылшын тілдерінде) және «әл-Фараби туралы кітап» жинағын жарыққа шығарды.

– 2014 ж. мемлекет Басшысының тапсырмасымен қолға алынған «Халық — тарих толқынында» бағдарламасы аясында тарихшыларымыз Испания музейінен әл-Фарабидің бұзау терісіне жазылған 10 трактатын, Ғұндардың көсемі — Еділ қағанның бейнесін және сайын даламыздан шыққан ғалымдардың араб тіліндегі қолжазбаларын тапты. Еуропада сақталып келген бұл аса құнды жәдігерлердің көшірмелері мен CD-дискіге түсірілген нұсқасы елге жеткізілді.

– Рамазан Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры белгілі ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі сонау Еуропа төрінен ұлтымызға тән тарихи құжаттардың табылғанына байланысты хабарды жеткізе отырып: «Әбу Насыр әл-Фарабидің 150 беттен тұратын он трактаты ішіндегі керекті сөздердің асты қызыл сиямен сызылыпты. Мұны бабамыздың өзі сызды ма, мүмкін, кейіннен біреу белгіледі ме, білмеймін, зерттеу керек» [22], — деген ұсыныс жасады.

Елімізде фарабитану ғылымымен айналысып жүрген ғалымдардың айтуынша, ғалым өз ажалынан қайтыс болған. Жасы сексеннен аса бергенде хижраның 339 жылы (милад бойынша 950 ж.)

реджеб айында Шам шаһарында дүние салған. «Екінші ұстазды» о дүниеге құрметпен жөнелту ісін он бес нөкерін ерткен Сайф ад-Дәула әмір өзі басқарыпты. Қаланың «Кіші қақпа» («Баб ас-Сағир») аталатын жағындағы зиратқа жерлеген. Басына ескерткіш қойған.

Кенес үкіметі кезінде әл-Фарабиді көптеген адамдар зерттеді. Кемшілігі — оны Ислам өркениетінен алшақтатып көрсетті. Фараби туралы ақиқатты айтқан жоқ. Тәуелсіз Қазақстанда Ұлы бабамызды алдағы уақытта ешқандай шектеусіз зерттеуге толық мүмкіндік бар деп ойлаймыз. Сонау Х ғасырда жазылған ғұламаның еңбектері ХХІ ғасырдағы ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шолақова Р. Әл-Фараби — Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. — 2012. — № 5 (116). — 32, 33 б.
- 2 Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр әл-Фарабиге дейін (870–950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 5–9-б.
- 3 Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 12-б.
- 4 Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432 б.
- 5 Қасымжанов А., Әлінов А. Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 176 б.
- 6 Қасымжан А. Әл-Фарабидің рөлін ұмытушылық — тарихи әділетсіздік // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 39-б.
- 7 Бейсенбай Б. Әбу Насыр әл-Фараби өмірбаянына жаңа қисын // Ана тілі. — 2011. — № 25 (1073). — 23–29 маус. — 6, 7-б.
- 8 Сүлейменов П. Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы // Ақиқат. — 2011. — № 12. — 67–70-б.
- 9 Исахметұлы Ж., Даутбаев М. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие мәселелері // Ақиқат. — 2013. — № 6. — 105, 106-б.
- 10 Орынбеков М., Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы // Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). — Алматы: Ғылым, 1995. — 160 б.
- 11 Мырзахметұлы М. Абайдың философиялық ойларының бастарын әл-Фарабиден табамыз // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 19–21-б.
- 12 Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық жинағы. — I-т. — Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. — 205, 206-б.
- 13 Екінші ұстаз әл-Фарабидің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» пайымдамасы // Қазақ: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 1994. — 116–129-б.
- 14 Хаван А. Ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ұлы дұғасы» жайында бірер сөз // Ақиқат. — 2010. — № 11. — 118, 119-б.
- 15 Ислам ғұламалары / Ауд. С. Ибадуллаев. — Алматы: «Гибрат» баспа үйі, 2008. — 80-б.
- 16 Сағындықов Н. Фарабитану қайта жаңғыру кезеңінде тұр // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2011. — № 17 (29). — 31, 32-б.
- 17 Мұсылман ғалымдары / Баспаға әзірл. Д. Тоқмырза. — Алматы: «Шапағат-Нұр» баспасы, 2006. — 104 б.
- 18 Бурабаев М. Ғылым тарихындағы әл-Фараби // Фарабитану: Жиырма томдық. — 16-т. — Астана: Аударма, 2006. — 87, 88-б.
- 19 Жарықбаев Қ. Әбу Насыр әл-Фарабидің психологиялық көзқарастары // Фарабитану: Жиырма томдық. — 16-т. — Астана: Аударма, 2006. — 360-б.
- 20 Көбесов А. Әл-Фараби. — Алматы: Қазақстан, 1971. — 124-б.
- 21 Қайбалдина А. Әбу Насыр әл-Фараби // Қазақ тарихы. — 2012. — № 2 (113). — 46-б.
- 22 Базар Ж. Испанияда ұлы ұстаздың 10 трактаты табылды // Егемен Қазақстан — 2014. — 18 қазан. — 12-б.

Р.С.Каренов

Абу Насыр аль-Фараби: жизнеописание, труды, вклад в мировую науку и культуру

В статье сделана попытка воссоздать облик аль-Фараби как гениального мыслителя и ученого во всей его глубине и полноте. Изложены философские взгляды аль-Фараби, показаны их истоки и влияние на последующее развитие философской мысли. Описаны оригинальность мышления аль-Фараби, сочетание в нем моментов рационализма и демократизма. Рассмотрен вклад этого выдающегося мыслителя в мировую цивилизацию. Указано, что он создал монументальный труд, в котором систематизировал всю историю и все аспекты теории музыки. Подчеркнуто, что идеалы аль-Фараби, проповедующие равенство всех людей в развитии умственных способностей и нацеливающие их на достижение совершенства, созвучны нашей эпохе. Особо отмечено, что интерес к творческому наследию великого мыслителя Востока огромен во всем мире.

R.S.Karenov

Abu Nasr al-Farabi: biography, works, contribution to world science and culture

Attempt to recreate al-Farabi's shape as the ingenious thinker and the scientist in all its depth and completeness becomes. A philosophical opinion of al-Farabi is stated, their sources and influence on the subsequent development of philosophical thought are shown. Originality of thinking of al-Farabi, a combination of the rationalism moments in it and democratism are described. The contribution of this outstanding thinker to a world civilization is considered. It is specified that he created monumental work in which systematized all history and all aspects of the theory of music. It is emphasized that al-Farabi's ideals preaching equality of all people in development of mental capacities and aiming them at achievement of perfection are conformable to our era. It is noted especially that interest in a creative heritage of the great thinker of the East is huge around the world.

References

- 1 Sholakova R. *History of Kazakhs*, 2012, 5 (116), p. 32–33.
- 2 Koylysh Zh. *The Person a legend: Star family*, 2011, 17 (29), p. 5–9.
- 3 Derbisaliyev A. *Stars of the Kazakh steppe (historical and philological research)*, Almaty: Rauan, 1995, 12 p.
- 4 Kelimbetov N. *Ancient literary heritage tyurskikh of the people*, Almaty: Rarity, 2011, 432 p.
- 5 Kasymzhanov A., Alinov A. *Kazakh: Manual*, Almaty: Bilim, 1994, 176 p.
- 6 Kasymzhan A. *Person a legend: Star family*, 2011, 17 (29), p. 39.
- 7 Beisenbai B. *Ana tili*, 25 (1073), June, 23–29, 2011, p. 6, 7.
- 8 Suleymenov P. *Akikat*, 2011, 12, p. 67–70.
- 9 Isakhmetula Zh., Dautbayev M. *Akikat*, 2013, 6, p. 105, 106.
- 10 Orynbekov M., Altayev Zh. *Thinkers of the Kazakh degree (H –H II centuries)*, Almaty: Gylym, 1995, 160 p.
- 11 Myrzakhmetuly M. *Person a legend: Star family*, 2011, 17 (29), p. 19–21.
- 12 Kunanbayev Abay (Ibrahim). *Complete works in two volumes. I v.*, Almaty: Nauka publ. house Kazakh Soviet Socialist Republic, 1977, p. 205, 206.
- 13 *Kazakh: Manual*, Almaty: Bilim, 1994, p. 116–129.
- 14 Khavan A. *Akikat*, 2010, 11, p. 118, 119.
- 15 *Thinkers Islam*, Transl. S. Ibadullayev, Almaty: Gibrat publ. house, 2008, p. 80, 81.
- 16 Sagindykov N. *The Person a legend: Star family*, 2011, 17 (29), p. 31, 32.
- 17 *Scientists from the musylmanky world*, D. Tokmyrza Is prepared for printing, Almaty: «Shapagat-Nour» publ., 2006, 104 p.
- 18 Burabayev M. *Doctrine itoriya about al-Farabi*, 20-vol., 16, Astana: Audarma, 2006, p. 87, 88.
- 19 Zharykbaev K. *Teachings of Al-Farabi*, 20-vol., 16, Astana: Audarma, 2006, p. 360.
- 20 Kobesov A. *Al-Farabi*, Almaty: Kazakhstan, 1971, p. 124.
- 21 Kaybaldina A. *History of Kazakhs*, 2012, 2 (113), p. 46.
- 22 Bazar Zh. *Egemen Kazakhstan*, 2014, October, 18, p. 12.

С.У.Такиров

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: arzhan68@mail.ru)*

Сәбит Мұқанов және кеңестік сын

Мақалада XX ғасырдың қыркыншы жылдарындағы қазақ әдеби сынының өзекті мәселелері мен жазушы С.Мұқановтың шығармашылығы ғылыми тұрғыда зерделенді. Көркемдік даму үдерісін, қаламгер шығармашылығын сын талқылауынан өткізудегі, тоталитарлық жүйе қысымындағы сын табиғаты жүйелі талданды. Әдеби сынның жанрлық тұрғыдан ізденістерімен қатар, С.Мұқановтың көркем туындылары мен сын мақалалары жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ сынның проблемалық мақала, полемикалық мақала, әдеби шолу, тағы басқа түрлерінің жандана бастауы жан-жақты сарапқа салынды.

Кілт сөздер: ұлттық әдебиеттану, сын, әдеби және классикалық мұра, идеология, теория, шығармашылық көркем өнер.

XX ғасырдың отызыншы-қыркыншы жылдарында сын мен әдебиеттану ғылымы маркстік-лениндік әдіснаманы түпкілікті басшылыққа ала отырып, дәуір талабы жүктеген келелі істерді қолға алуға, яғни өзінің өткен жолын біржақты терістей отырса да, жаңа бағыттағы ізденістерге ден қоюға мәжбүр болды. Бұл жерде ұлттық әдебиеттану, соның ішінде әдеби сын идеологиялық қыспақ пен теперішке толы 1937–38 жж. қасіретінің қиянатын өткергенімен, 1940 жж. өзінің жетілу, қалыптасу кезеңіне қадам басқанын атап өткен жөн. Ашығын айтсақ, ұлттық әдеби сын өзінің тарихи туу жолындағы қиын-қыстаулы кезеңдерінде ерінбей-жалықпай, тіпті, ұлтшыл атандыратынын біле тұра, басын бәйгеге тіккен сын сардарлары мен сарбаздарының 1940 жылдардан басталатын жаңа дәуіріне қадам басты. Профессор Т.Кәкішев оны «қазақтың ұлттық әдеби сынының қалыптасу дәуірі» деп атағаны мәлім [1]. Оның алғашқы қадамдары отызыншы жылдардың соңында-ақ белгі бере бастағаны анық. Біріншіден, А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» ғылыми қолданыстан шығарылып тасталса да, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірде ізденістердің жалғасып жатқанын дәлелдеген Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) секілді еңбектері жарық көрсе, екіншіден, мектеп оқулықтары мен оқу құралдары жазылды. Сондай-ақ қазақ әдебиеті тарихын жасау, дәуірлеу мәселесіне қатысты Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев мақалалары, классикалық мұра, соның ішінде С.Торайғыров, М.Өтемісұлы, Ш.Уәлиханов, Нарманбет, Әріп, Ақмолла сынды ақындарға қатысты 1939–40 жж. жарық көрген мақалалар әдебиеттанудың өзекті мәселелерін көтерумен қатар, оның ғылыми сипатынан таза айрылып қалмағанын аңғартты.

Отызыншы жылдардың аяқ кезінде әдеби сынның көлемі азайып, «жауынгерлік» сипаты төмендегенімен де, оның зерттеушілік жағы, ғылыми сипаты анықтала түсті. 1939 ж. «Әдебиет майданы» журналы «Әдебиет және искусство» аталып шықты. «Журнал бетінде «Сын және библиография» деген айдар ашылып, онда сыни мақалалар жүйелі түрде жариялана бастады.

Сонымен қатар отызыншы жылдар соңына қарай жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын жазу жұмыстары қолға алына бастады. «Оған басты себеп — Қазақ ССР Оқу халық комиссариаты 1939 жылы «Орта мектептердегі 8–10 кластардағы әдебиет сабағы 5–7 кластардағыдай әдебиеттік оқу болмай, тарихи әдебиеттік курс ретінде жүруі қажеттігіне» шешім қабылдап, жаңа жүйедегі оқу бағдарламалары мен оқулықтар жасауды талап етті. Осыған сай алғашқы барлау ретінде әдебиет пәнінен бағдарламалар жобасы жасалып, соның негізінде хрестоматиялар құрастыру қажет болды» [2].

Саясат шылауында жасалған жаңа бағдарламада халық ауыз әдебиетінен бастап кеңес дәуіріндегі әдебиет аралығының тарихын оқытудың өзі ұлттық сөз өнерінің тарихын кезең талабына сай зерттеуге мүмкіндік жасап қана қоймай, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің жандануында үлкен маңызы болғанын терістей алмаймыз. Бұл мәселеге тоқталуымыздың себебі — сын әдеби даму үрдісіне қатысты ғана емес, әдеби және классикалық мұраны сын тезінен өткізуден де шет қала алмайды. Және де әдебиеттанудың қалыптасу барысында сын мен әдебиет туралы ғылым қанаттаса дамығанын да назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Өз кезегінде әдеби өркендеу үрдісі үзілген жерде сынның да дамуы тежелетіні, дағдарысқа ұшырайтыны мәлім. Қазақ әдебиеті тарихында есімдері

ерекше аталатын Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Б.Майлиндердің атылуы, М.Әуезовтің қуғын-сүргін көруі, ұлттық сөз өнерін дағдарысқа ұшыратқаны, оның көркемдік дамуына зор нұқсан келтіргені — бүгінгі әдебиеттануда аз айтылып жүрген жоқ. Ең бастысы, әдеби өркендеудегі тарихи сабақтастыққа, дәстүр мен жаңашылдық арнасына сызат түскені ұлттық сөз өнерінің шынайы даму бағытына, жанрлық сипатының кемелденуіне кереғар әсер етуінде десек, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды қаламгерлердің әр саладағы ізденістері әдебиетімізді заман талабынан туған осы дағдарыстан арылтты. Бұл мәселеге байланысты қазіргі әдебиеттануда 1937-38 жылдардағы ойранға дейін де және одан кейін де көркем сөз өнері, оның ішінде, әрине, проза тұйыққа тірелді деу — артық. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сынды алыптарынан айрылып, әдебиет тоқырау індетіне душар болса да, мүлдем тосылып қалған жоқ. Алдыңғы буын айта алмай кеткен өрелі ойды, аяқтай алмай кеткен іргелі істі С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин есімді көрнекті жазушылар одан әрі жалғастырды. Әңгіме, повесть, роман жанрларында елеулі-елеулі шығармалар жазылды деген байыпты пікірлер айтылуда.

Ал поэзияда Т.Жароков, Ә.Сәрсенбаев, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ж.Саин, Қ.Аманжолов, Д.Әбілов, А.Тоқмағамбетов, Қ.Әбдіқадыров, Ж.Сыздықов, И.Байзақовтар жаңа өлең, поэмаларымен көрінсе, 1939 ж. Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім», С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым», С.Мұқановтың «Ботагөз» романдары жарық көрді. Шынын айтқанда, 40-жылдардан бастап қазақ әдебиетінің қай жанрда болса да жазылып жатқан туындылары социалистік реализмнің әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы секілді қағидаларын басты назарда ұстануына мәжбүр болды. Кеңестік идеология талап-тілектері әдеби сынды да осы қағидаларды негізге алуына, кез келген шығарманы талдап-талқылауда, баға беруде саяси және социологиялық тұрғыда келуіне мәжбүр етті. Мұндай келеңсіз құбылыс тұтас кеңес әдебиетіне де тән еді десек, «...біздің өміріміздің бір ерекшелігі 30-жылдардан бастап әлеуметтік-мәдени «дәстүрдің» я барлық ерекшеліктерін бойына сіңірген партия саясатына сын айтуға болмады. Керісінше, партия саясатын жоғары дәрежелі «позиция» ретінде қабылдап, осы саясатқа идеология, теория, шығармашылық көркем өнер де толық бағындырылды» деген орыс әдебиетші-ғалымдарының пікірімен келісуге болады [3]. Бұл тек қазақ әдебиетіне ғана емес, тұтас кеңес әдебиетіне де тән құбылыс болатын. Қазіргі кезде сол тұстағы идеологиялық өктемдікті орыс әдебиеттануы «Кеңес империясы құлағаннан кейін кеңестік әдебиет империясы да біржола құлады» деп түсіндіреді [4]. Ал қазақ кеңес әдебиеті де саясат шокпарының құқайын аз татқан жоқ.

Қазақ кеңес әдебиетінің әр жанрдағы серпілісі, өрісі тарылып солақайлыққа ұрынуы — әдеби сынның заман талабына сай жаңаша жандануына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Мысалы, 1930 жж. ортасындағы әдеби сындағы формализм мен натурализм туралы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров шығармалары туралы сыншылдық пікірталастың репрессия тұсында желісі үзілсе, мұндай үрдіс 1939 ж. қайта жалғасын табуға ұмтылыс жасап, әдеби-теориялық тұрғыда талдаудағы ізденістерге мұрындық болды.

Мәселен, 1939 ж. 3 маусымда С.Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романына әдеби талдау болып, сыншы Е.Ысмайылов шығарманың тақырыптық-идеялық және көркемдік сипаты туралы баяндама жасады. Ал баспасөз бетінде Б.Кенжебаевтың «Жұмбақ жалау», Е.Ысмайыловтың «Жұмбақ жалау туралы», Ж.Жұмахановтың «Жұмбақ жалау» атты сын мақалалары жарияланып, романның жетістіктері, кемшіліктері сөз болды. Әрине, аталған туындының таптық сипатына баса назар аударылғанымен, көркемдік мәселесі де өткір қойылды. Бұны әдеби сынның репрессиядан соң өзінің шын мәніндегі табиғатын, басты мақсатын, яғни туындыны теориялық және ғылыми негізді сын тезінен өткізу болып табылатынын байыптаған талпынысы еді деп бағалауға болады.

Әдеби сында орын алған солақайлық пен олқылықтардан арылу жолында оған белгілі бір дәрежеде қозғау салтын сын жанрлары қатарында проблемалық сын мақалалардың алар орны маңызды. Бұл орайда Ғ.Мүсіреповтің «Өсер әдебиетке өсірер сын керек», С.Мұқановтың «Проза және сын туралы», М.Әуезовтің «Жақсы сынға жан пида», Е.Ысмайыловтың «Келелі үш мәселе» мақалалары сынды жандандыру, оған эстетикалық сипат дарыту мақсатын көздеуі де соның нақты дәлелі болса керек.

М.Әуезовтің ғылыми, сын еңбектерін зерттеген К.Сыздықовтың мына бір тұжырымы осы бір мақаланың құндылығын аша түседі: «Әдебиет сыны, көркем өнер туралы ғылым әрқашан да дәуір тынысын, заман ерекшелігін, замандас қажетін, қоғам талабын танып, аңғарып, соны өтеу жолында

кажетті тақырыптарды және солардың мүмкіндіктерін, жалпы заңдылықтар аясында сарапқа салып отыруға міндетті» [5].

Егер де отызыншы жылдар ортасында, яғни репрессиялар тұсындағы, сында полемикалық мақалалар табиғаты «халық жауларын» әшкерелеу, шығарманың «ұлтшылдығы» мен «буржуазиялық» белгісін айқындау тұрғысында өрбігенін айтар болсақ, отызыншы жылдар соңында ондай басты кемшіліктен арылуға деген талпыныс айқын байқалды. Мысалы, Ғ.Мүсірепов «Өсер әдебиетке өсер сын керек» мақаласында «Сыншы емеспін, жазушымын, сынаушы емен, сыналудымын. Бірақ, сыншы кім оны да білгім келеді» дей келіп, сынның ғылыми сын, халық сыны түрлерін нығарлай ескертеді. «Арзанқол, құр айқай» сынның орын алуы, оның әдеби дамуға тигізген зардабын байыптай кеп, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов баяндамаларындағы әдебиет мәселелеріне қатысты кейбір үстірт пікірлерімен ғылыми негізді, эстетикалық сипаттағы полемикаға түседі.

«Мәдениетті әдебиет болсын деген адам мәдениетті ғылыми сынға ұмтылсын» деп ескертуі де әдеби сынға қойылар талап пен талғамды ұштау қажеттігіне биік жауапкершілікпен келгенін де танытады [6]. Полемикалық сынның эстетикалық арнаға бет бұруының ендігі бір көрінісі «Жақсы сынға жан пида» атты М.Әуезов мақаласы болды.

М.Әуезов С.Мұқановтың «Проза және сын туралы» сыни мақаласындағы кейбір даулы мәселелермен ой бөлісіп, өзінің байыпты пікірін білдірді. Жазушы полемикалық сынның тамаша үлгісін таныта отырып, өзінің «Айман-Шолпан» пьесасына қатысты айтылған С.Мұқанов пікірімен келіспейтін тұстарын дәлелдеп көрсетеді. Қаламгер халық ауыз әдебиетіндегі «Айман-Шолпан» жыры мен өз пьесасының сюжеттік желісі, тартыс сипаты және кейіпкерлер сомдау ерекшелігіне салыстырмалы тұрғыда баса назар аударады. Әсіресе Көтібар бейнесіне қатысты ғылыми пікірлер түйеді. Лирозпостағы, либреттодағы, пьесадағы және нақты өмірдегі Көтібар болмысының ара-жігін ашуда С.Мұқанов тарапынан кеткен ғылыми алшақтықты парасат пайымына, ғылым тезіне салады.

«Сынай көрме» деп сенің қаламыңа ешкім жармаспайды. Бірақ айтқанын дәлелдеп, таратып алып, объективті келіп қорытсақ болмай ма?» деген пікірінен де ғылыми нақтылыққа шақыруын көреміз [7; 155]. Дүдәмал ділмарлық емес, парасатты пайымға шақырған М.Әуезов туындап отырған дәйексіздікті түзету қажеттігін лироэпос, либретто және пьеса негізінде ғылыми екшеу арқылы жүзеге асыру керектігін де ескертеді.

«Тек сын атынан қиястық жүрмесін, дәлел орнына далбай жүрмесін» деген пікірі қатты айтылғанына қарамастан, С.Мұқанов пікірінің үстірт топшылауын сын тезіне салудағы М.Әуезов байыптылығын тағы бір дәлелдей түседі [7; 156].

Ғ.Мүсірепов М.Әуезовтің полемикалық мақалалары, біріншіден, ендігі кезекте сын әдебиеттің мүддесін көздеп, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық нақтылықты темірқазық етіп ұстану қажеттігін көтерсе, екіншіден, сынның объективтілігі, эстетикалық, ғылыми негіздеріне үңілуге және оған нақты бағыт-бағдар беруімен ерекшеленеді. Шын мәніндегі сын табиғатына қатысты Ғ.Мүсіреповтің «өткір сын», М.Әуезовтің «жақсы сын» деген анықтамалары да ғылыми және эстетикалық сынға ғана жүктелер келелі міндетті күн тәртібіне өткір қоюымен де дараланады.

Елуінші жылдың басында қабылданған қаулы-қарарлар шешімінен туындаған қателіктер қазақ әдебиеттануы мен сынында мына мәселелерге қатысты анық байқалды: Абайдың ақындық мектебі мен ақын шығармашылығын зерттеу; Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жырлар мен көтеріліске қатысты әдеби мұраларды мансұқтау; XIX және XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті өкілдерінің өмірі, туындыларындағы отаршылдыққа қарсы күрес сарыны; М.Әуезовтің «Абай» романы, С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин және өзге де ақын-жазушылар шығармашылығындағы керітартпалық пен «ұлтшылдық» және қазақ эпосына қатысты нигилистік көзқарастар.

Идеология майданындағы «ұлтшылдыққа» қарсы алғашқы күрес 1950 ж. Қазақстанда Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың мән-маңызын байыптаған еңбектерді терістеу арқылы көрінді. «Ол — әрбір халықтың тарихындағы ұлттық қозғалыстарды қаралап, — деп жазады Р.Бердібай, — тек Ресейдің мәртебесін көтеретін құбылыстарды ғана қолдау арқылы бағынышты елдердің санасын мәнгүрттендіру мәселесін шешу болатын» [8]. Осы ұлт-азаттық қозғалыс туралы Т.Жұртбайдың мына пікірі де сол заман шындығын аша түседі. «1941–1953 жылдардың арасындағы отандық тарих ғылымы мен кеңестік идеология дүбірлерінің бастапқыда домалақ арыз, жай арыз түрінде ұйымдастырған, кейіннен ашық пікірталасына түрткі болған Кенесарының іс-әрекеті ақыры жаппай жазалау науқанына алып келді. Панкратова, Греков, Державин, Кучкин, Зутис, Миллер, Лурье, Вяткин іспетті ғұлама ғалымдардың табанды қарсылығына қарамастан, үнемі арандату

арқылы тобырды «қырағылыққа шақырып» дәнiккен отарлаушы, «коммунистiк-колонизаторлық» саясат Яковлев, Морозов, Юшков, Айдарова, Шойынбаев, Якунин, Толыбеков, Ақынжанов, Нұрышев, Ким iспеттi заманға бейiмделгiш жалтақ та жарамсақ жандардың жандайшаптығына сүйене отырып, Кенесарыға және сол арқылы, ұлт-азаттық идеясына қарғыс таңбасын басты» [9]. Бұл ретте 1950 ж. 26 желтоқсанда «Правда» газетiнде Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якуниннiң «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» мақаласының жариялануы қатерлi роль атқарды. Ол 1951 ж. өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетiнiң VIII Пленумында Ж.Шаяхметов жасаған баяндамаға басты арқау бола отырып, саяси билiк жүйесiнде түпкiлiктi қолдау тапты.

Баяндамашы: «Идеологиялық жұмыста, әсiресе тарих ғылымы, әдебиет және искусство саласында әлi де iрi кемшiлiктер, саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалаушылықтар бар. Бұл қателер, әсiресе Кенесары Қасымовтың қозғалысына баға беруде айқын көрiндi», — дей келiп, тарихшы Е.Бекмаханов, әдебиетшiлер Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, қаламгерлер М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Бекхожиннiң Кенесарыға қатысты еңбектерi мен шығармаларын идеологиялық тұрғыда өткiр сынға алып, «ұлтшылдық» таңбасын басты [10]. Сонымен қатар Қ.Әбдiқадыров, Қ.Аманжолов, С.Бегалин, Ә.Әбiшев, Ә.Тәжiбаев шығармаларындағы ұлт тарихына тамыр тартқан идеялық арналардан «қателiктерi» терiлiп, олардың «кемшiлiктерiн» көрсете кетуi де назардан тыс қалдырмады. Бұл кеңестiк қоғам орнағаннан бастап саясаттың «қол шоқпары» болып қит етсе, жау iздеуге әбден дағдыланып алған, әшкерелегiш жолды қатты ұстанған әдеби сынға жаңа нысана тауып беруге жасалған бағыт-бағдар десе де болады. Коммунистiк идеология осы қаулы-қарар негiздерiндегi ұлтшылдықты әшкерелеу жұмыстарына бұрынғыдай әдеби сынды тағы да кеңiнен пайдалануға ұмтылды.

Сондықтан да қазақ әдебиеттануы мен сынында Кенесарыға, Наурызбайға қатысты зерттеулер мен көркем туынды жазған ғалымдар, қаламгерлердiң бәрi де «ұлтшыл» атанып шыға келдi. Мәселен, Е.Ысмайыловтың «Кенесары Қасымовтың қазақ халқын азат ету жолындағы күресi туралы» мақаласы, Қ.Бекхожиннiң «Батыр Науан» поэмасы, М.Әуезовтiң «Хан кене» драмасы мен «Ақын ағасы» романы, С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесi, Қ.Жұмалиевтiң «Батыр Мәлiк» мақаласы саяси өлшеммен қаралғандықтан, «қара тiзiмге» алынып, қауiптi шығармалар сипатында танылды. Әдебиет пен өнердегi «саяси ауа жайылушылықты» барынша әшкерелеудi мақсат еткен Ж.Шаяхметов: «Қ.Аманжолов «Дауыл» деген өлеңдер жинағында қайдағы бiр ежелден келе жатқан, жапа-жалғыз «Қазақстанды» жырлайды. Ол Қазақстанды «ата-бабаларының жерi» деп сүйедi. Ол үшiн Қазақстан «Жер мен көктiң бiрден-бiр жұмағы», ал Ертiс өзенi — «бостандықтың бесiгi». Ә.Тәжiбаев «Жас казак» деген өлеңiнде елеулi ұлтшылдық қате жiбередi. Ақын Бекхожин «Мария Жагорқызы» деген поэмасында халықтар достығы туралы маңызды тақырыптағы тарихи шындықты бұрмалайтын өрескел қателерге жол бердi», — деп әдеби сынның ендiгi ұстанар бағыты мен мақсатын да «айқындап» берумен қатар, «ұлтшыл» ақындар қатарын жаңа есiмдермен толықтыра түстi.

Идеология кеңес саясатының қол шоқпарына айналған жағдайда республика басшысы Ж.Шаяхметовтың Кенесары сынды тарихи тұлға туралы пiкiрiн мың құбылтуы — таңғаларлық жағдай емес. Нақты айтсақ, 1944 ж. айтқан «майдандағы қазақ жауынгерлерiн Абылай, Кенесары, Наурызбай рухы қолдасын» деген өз пiкiрiне қарсы шығып, оны қателiк деп табуы — соның бiр ғана мысалы бола алады. Ұлт тарихына қатысты соны iзденiстердi, кемшiлiктер орын алған деп тауып, себебiн сол кездегi ҚК(б)П Орталық Комитетiнiң идеология жөнiндегi хатшы I.Омаровқа арта салуы да дәуiр кескiнiн көрсететiн шындық едi.

Ал «Идеологиялық жұмыстағы бұрмалаушылықтар мен қателiктердiң бiр себебi мынау: ұлтшылдықтың қайталаған жеке белгiлерiне қарсы республика партия ұйымдарының күресi нашар болды, партия ұйымы тарихтағы және әдебиеттегi ұлтшылдық әрекеттерге тиiстi маңыз бермедi» деген Ж.Шаяхметовтың тезистiк бағдарын әдеби сын iлiп әкеттi де тiптен даурықтырып жiбердi [10; 13]. Соның салдарынан әдебиет тарихын зерттеу саласында көркем шығармаларды әдеби-теориялық талдау мен сыни тұрғыда бағалау барысында әсiре бұрмалаушылықтар орын алды да, оны әдеби сын кезектi дәйексiздiк пен бiржақтылық көзқараста насихаттауды қолға алып, идеологиялық тұрғыда негiздей бастады.

«Әдебиет тарихының көп беттерi «ақтаңдақ» күйiнде қалды, социалистiк реализм теориясы әдебиеттiк әдiсiмiздi бiржақты, жалаң мадақтаудан аса алмауы салдарынан әдебиет сыны да өз мiндеттерiн ойдағыдай орындаған жоқ», — деп академик С.Қирабаев атап жазғандай, әдеби сын саяси

науқанға белсене араласып, ғылыми-теориялық сипатынан және танымдық-эстетикалық табиғатынан қол үзе бастады. 1951 жылдың 20 сәуірінде Қазақстан Кеңес жазушылары Одағы жанындағы партия ұйымының ашық жиналысында «Правда» газетіндегі «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген мақала мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің осы мақала жөніндегі Қаулысының шешімдерін талқылауда, оны жүзеге асыруда әдеби сын саяси «белсенділік» танытты.

Баяндамашы Қазақстан Кеңес жазушылары Одағының жауапты хатшысы Қ.Жармағамбетов Кенесары туралы жазылған мұралардың бәрін тұрпайы социологиялық көзқараспен қарап, әдебиеттің таптығы сияқты қағиданы алға тарту арқылы елеулі қателіктерге бой алдырды. И.Байзақовтың «Қойшының ертегісі», М.Әуезовтің «Хан Кене», Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» туындыларының көркемдік сипаты емес, саяси бағыты басты орынға қойылды да, олардың саяси-идеялық «кемшіліктері» қазбаланды. Ал ғылыми-зерттеушілік ізденістегі М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев еңбектері сын нысанына алынып, ондағы бисаясаттық, таптық көзқарастан алшақтау мәселелеріне баса назар аударылды. Кеңес саясатына жат істерді ұйымдастырушы, дем берушілер есімдерінің нақты аталуының өзі де баяндамашының басты мақсатын танытады. Мәселен, «Кенесары Қасымовтың реакциялық қозғалысын әдебиетте дәріптеудің жаңа толқыны 1939 жылдардан басталды. Бұл мәселеге КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының сол кездегі әдеби секторы ұйытқы болды да, сол сектордың сол кездегі басшысы Е.Ысмайылов ұйымдастырушы болды», — деп табады [11; 56]. Мұндай келеңсіз көрініс қазақ зиялыларының халық тарихы мен әдебиетін ұлттық мүдде тұрғысынан таныту жолындағы береке-бірлігіне түскен сызатты ғана емес, бірін-бірі даттауға, ғайбаттауға душар еткен кер заманның кереғар келбетін де таныта түседі. Бұған бірінші кезекте сол тұстағы өктем саясат кінәлі дегенімізбен, қазақ зиялыларының бір-біріне жасаған қиястықтарының негізінде басараздық, өш алу жолында өзінің жанрлық сипатында көріне алмай отырған әдеби сынды да мол пайдаланғанын көреміз.

Аталған талқылауда баяндамашылардың қазақ тарихы мен әдебиетіндегі Кенесары тақырыбы аздық етердей, Абайдың ақындық мектебі, оның шәкірттеріне қарай ойыса берулері де тек осымен шектелмей, алдағы уақытта идеологиялық талапқа сай кезекті талдана жайттың да бағыт-бағдарын айқындай түсті. Мысалы, баяндамашы Қ.Жармағамбетов С.Мұқановтың, Қ.Жұмалиев М.Әуезовтің өткендегі «қателіктерін» термелеп, ұлтшылдық жаңаша сипатта көрініп отырғандығын дәлелдеу үшін сөз арасында іліп-шалып өтулері әдеби сынның сынампаздыққа, ашығын айтқанда, саясаттың сойыл соғарына айналғанын дәлелдей түсті.

Сын ызғары С.Мұқановты Кенесарыға қатысты өз қателігін ашық мойындауға мәжбүр етсе, М.Әуезовті өзіне қарсы айтылған негізсіз қате пікірлерден қорғануына, еріксіз ақталуына душар қылды. Ал қазақ зиялыларын бір-біріне айдап салған саяси билік жүйесі олардың пікір қайшылығына дем бере отырып, идеологиялық науқан барысын өз уысынан шығармай, бұл жолда әдеби сынның жауынгерлік және ұшқырлық қасиетін тиімді пайдаланып отырды. Бұл орында Ә.Тәжібаевтың Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмасындағы саяси қателіктерді сын тезіне алуы, ол өз кезегінде Қ.Бекхожиннің Ә.Тәжібаевтың «ұлтшылдығын» «дәлелдеуі» айтуға оңай болғанымен, сынның сынампаздыққа, әшкерлегіш, қаралағыш сипатқа қалай ойысқанын жаңа бір қырынан аңғартады. Сынның тұрпайы социологизм теориясын басты темірқазық етіп ұстануынан «ұлтшылдық» қателіктерді «мойындату» сияқты 1937–38 жылдар ойраны кезінде орын алған көрініс те талқылау барысында айтылмай қалмады. Мысалы, «Исмайылов өзінің сөзінде Кенесарыны мадақтаушыларға дем бергенін батыл мойындаудың орнына, келешекте сол саяси қателерін қалай түзететінін айтудың орнына, «адал жұмыс істеуге уәде етемін» деген жалпылама сөзуарлыққа салынды» деген саяси қырағылық соның нақты бір дәлелі бола алады [11].

Осы Кенесары-Наурызбай тақырыбындағы зерттеу жұмыстары мен көркем шығармаларға байланысты ғана көрінген әдеби сынның алған бағыт-бағдарын бағамдасақ, елуінші жылдардың алғашқы жартысындағы әдеби сынның кескін-келбетін жан-жақты көрсетуге негіз болған төмендегідей мәселелердің бетін аша алар едік.

Біріншіден, 1947 жылғы аты-шулы қаулылардан бастап сын ұлттық әдебиеттану ғылымының жеке бір саласы ретіндегі өзінің ғылыми сипатынан көп төмендеді, әдіснамалық, теориялық ізденістерінен айырылды. Көркемдік дамуды бағамдап отыратын жетекшілік рөлінің ұлттық рухани өмірдегі мән-маңызынан айырыла бастады. «Сойып салу», «тас-талқанын шығара» сынау үрдіске айнала бастауының салдарынан қалың жұртшылықтың, оқырман қауымның сыншылдық-эстетикалық талғамы төмендеді. Саяси қателігі әшкереленген шығармалар мен еңбектерді іздеп жүріп оқып, көркем өнер саласындағы идеологиялық саясат талабына сай саяси қырағылықта сын тезінен қаға

беріс қалған зерттеулер мен туындылардан маркстік-лениндік әдіснамаға сай келмейтін кемшіліктер іздеу белең ала бастады. Ал бұл — ұлттық әдебиеттің жанрлық, тақырыптық-идеялық, көркемдік тұрғыда өсіп-өркендеуіне, дамуына кереғар ықпал етті.

Екіншіден, сын «халық жауларын» әшкерелеу науқанынан бастап 1947 жылғы Қаулыға дейінгі әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ұлттық мүддеге тамыр тартатын, маркстік-лениндік әдіснамаға, оған сүйенген кеңестік идеологияға сәйкес келмейтін азды-көпті соны ізденістерін толығымен жоққа шығаруға ұмтылды. Бұл — ұлттық әдебиеттанудың әдебиет тарихын толықтай түгелдеуге деген тың қадамдарын тежеуге, әдебиет теориясы саласындағы ізденістерін социалистік реализмнің әдебиеттің таптығы, халықтығы аталатын қате қағидаларының тар шеңберінде қарауға мәжбүр етіп қана қойған жоқ, әдеби сынның өзінің де дағдарысқа ұшырауына әкелді. Осы кезге дейінгі қол жеткізе алған ұлттық әдеби сынның туып, енді қалыптасу дәуіріне қадам басқандағы жауынгерлік жетекші позициясынан кері шегініп, «тұрпайы социологизм» теориясы ықпалындағы батпаққа қайта бата бастады. Сондықтан елуінші жылдардың басындағы әдеби сынның кескін-келбетін таразылау жолында заман талабына сай қателіктерге бой алдырған сыншы, әдебиетші ақын-жазушыларға айып таға бергеннен гөрі, алдағы талдауларда ұлттық сынның бұндай жағдайға душар болуының тарихи, саяси-әлеуметтік және әдіснамалық себептеріне баса назар аударған абзал болмақ.

Үшіншіден, қыркыншы жылдардың алғашқы жартысында ғылыми-зерттеушілік, сыншылдық ой-пікірде төңкерісшілдік ұстаным сипатындағы «әр ұлтта екі түрлі мәдениеттің элементі» болатындығы туралы қате қағидасы назардан тыс қала бастаған болатын. Әдебиетші-ғалымдардың ұлт әдебиетінің өткен жолын тарихи шындыққа сай түгелдеуге жасаған ұмтылысы, әдебиет теориясы мен сынның бар мүмкіндікті сарқа пайдалануға деген қадамдары — оған анық дәлел. Оны «батысқа бас июшілік», «саяси көрсоқырлық пен ауа жайылушылық» деп бағалаған кеңестік идеология осы қағиданы қайтадан күн тәртібіне қойды. Нақты айтар болсақ, 1947–53 жылдары алынған қаулы-қарарлардың негізінде осы қате қағида жатыр. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы әдіснамалық тұрғыда да, көркем әдебиетте де, көркемдік әдісте де маркстік-лениндік әдіснамасының, оған сүйенген социалистік реализмнің әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидаларының басшылыққа алынуын талап етті. Ендеше, әдеби сын да бұдан алшақ тұра алмады. Керісінше, өзінің жанрлық ұшқырлығына сай белсене кірісті. Оған оң-солына қарап, дұрыс-бұрысын таразылап алуға уақыт талабы, саяси науқан ешқандай мүмкіндік бермеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. — Алматы: Білім, 1994. — 3-б.
- 2 Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 330, 331-б.
- 3 Плиев А. Политика и художественная литература // Вопросы литературы. — 1989. — № 10. — С. 67–89.
- 4 Иванова Н. Литература последнего десятилетия — тенденции и перспективы // Вопросы литературы. — Вып. II. — 1999. — С. 9.
- 5 Сыздықов К. Мұхтар Әуезов — әдебиет сыншысы. — Алматы: Білім, 1973. — 124, 125-б.
- 6 Мүсірепов Ф. Суреткер парызы. — Алматы: Жазушы, 1970. — 139-б.
- 7 Әуезов М. Жиырма томдық. — 19 т. — Алматы: Жазушы, 1985. — 496 б.
- 8 Бердібай Р. Мұхтар шыңы. — Алматы: Ана тілі, 1997. — 117-б.
- 9 Жұртбаев Т. Талқы. — Алматы: Ел-шежіре, 2012. — 63-б.
- 10 Шаяхметов Ж. Республиканың партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы // Әдебиет және искусство. — 1951. — № 10. — 1–14-б.
- 11 Кенесары — халықтың қас жауы // Әдебиет және искусство. — 1951. — № 4. — 54–64-б.

С.У.Такиров

Казахская литературная критика 30–40 годов XX века на примере произведений С.Муканова

В статье рассмотрены актуальные проблемы казахской литературной критики сороковых годов XX в. и творчество писателя С.Муканова. Отслежены художественные процессы указанного периода и их влияние на художественную природу творчества писателей тоталитарной системы. Автором статьи исследованы жанровое своеобразие литературной критики, художественные произведения и критические статьи известного писателя С.Муканова. Подробно проанализированы такие виды публикаций, как проблемная статья, полемическая статья, литературное обозрение и др.

S.U.Takirov

Kazakh literary criticism of 30–40 years of XX century for example S.Mukanov's creation

In the article considered actual problems of Kazakh literary criticism of the forties of the twentieth century and writer S.Mukanov's creation. Tracked artistic processes specified period and the impact on the artistic nature of the writers of the totalitarian system. The author explores the genre originality of literary criticism and artistic works and critical articles of the famous writer S.Mukanov. However, the report focuses on these types of as a problem article polemical article, literary review and others.

References

- 1 Kakishev T. *History of Kazakh literary criticism*, Almaty: Bilim, 1994, p. 3.
- 2 Smagulov Zh. *History of Kazakh literary*, Almaty: University Kazakh, 1999, p. 330, 331.
- 3 Pliev A. *Questions of literature*, 10, 1989, p. 67–89.
- 4 Ivanova N. *Problems of Literature*, II, 1999, p. 9.
- 5 Syzdykov K. *Mukhtar Auezov — literary critic*, Almaty: Bilim, 1973, p. 124, 125.
- 6 Musrepov G. *Critic's debt*, Almaty: Zhazushy, 1970, p. 139.
- 7 Auezov M. *Twenty volume edition*, 19, Almaty: Zhazushy, 1985, 496 p.
- 8 Berdibai R. *Skill top*, Almaty: Ana tili, 1997, p. 117.
- 9 Zhurtbayev T. *Discussion*, Almaty: El-shezhire, 2012, p. 63.
- 10 Shayakhmetov Zh. *Literary and art*, 10, 1951, p. 1–14.
- 11 *Literature and art*, 4, 1951, p. 54–64.

Д.Әлімақынұлы

*Ле педагогика институты, Шыңжаң, Қытай
(E-mail: sarzhan68@mail.ru)*

Ақын Зият Көбегенұлының өмірі мен шығармашылығы

Мақалада Шыңжаң қазақтары арасындағы беделді тұлға, халықтың жан күйер ақыны Зият Көбегенұлының өмірбаяны, шыққан тегі, шығармашылығын, көпке таныс бола бермеген кейбір қырын негіз ете отырып, өзге ақындардан өзгеше ақындық стилі, даралық қасиеті таныстырылды. Автор шешен ақынның ел ішінде тап бермеде тауып айта алатын қабілетімен, өлең арқылы айтқан тәлім-тәрбиесімен ерекшеленген талай айтыстары, қоғамдағы келеңсіздіктерді сынай сөйлеген өлеңдерінен мысалдар келтіріп, қолданған теңеу, эпитет, салыстырулар жарастығын көрсетті. Әр жылдардағы жинақтарының мазмұны мәнерін талдап қарастырды.

Кілт сөздер: Көбегенұлы Зият, ақын, өмірі, өнері, шығармашылығы, саясат, ру.

Әйгілі айтыс ақыны Зият Көбегенұлы 1945 ж. 12-айдың 25-күні Шыңжаң өлкесінің Санжы облысы Мичуан ауданы Отынқозы ойындағы Қаратөбе деген жерде Зәңгі Мажырұлының отбасында дүниеге келген.

1956 ж. бастауыш мектепті сәтті тамәмдаған ол сол кездегі өрістің тарылып, қоныстың кішіреюі себебінен отбасымен сол жылдың 11-айында Алтайдың Бурылтоғай ауданы Жетіарал деген жеріне ірге тебеді де, 1978 ж. 5-айдың 16-күні өзінің бұрынғы туған жері Отынқозыға қайта көшіп келеді.

Тума талант Зият Көбегенұлы өздігінен үйіреніп, жоғары орта білім дипломына қол жеткізеді. Аласұрған саясаттың салқыны тиіп, жазықсыз жазаланған әкесі Көбеген 1958 ж. қамауға алынады да, мәдениет төңкерісі кезінде Зият Көбегенұлына да қалпақ кигізіліп, мектептен қудаланады. Саясат оңалып, атақ-абыройы қайтадан қалпына келген Зият Көбегенұлы 1980 жылдың соңынан 1994 жылдың орта шеніне дейін Отынқозыда қыстақ бастығы болып қызмет жасайды.

Зияттың ақындық жолын ұстанып, өнерлі де қарымды азамат болуына әкесі Көбегеннің ықпалы ерекше күшті болады, текті жанұядан шыққан Зият «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны алады» дегендей, халықтың қалаулы ері болып жетіледі. Зияттың әкесі Көбеген Мажырұлы 1891 ж. төменгі Алтайдың Аққаба деген жерінде дүниеге келген. 1967 ж. 4-айдың 17-күні Бурылтоғайдың Жетіарал ауылы Малақай қыстағында 76 жасында дүниеден өткен. Зияттың ата-тегін айтар болсақ: Зият—Көбеген—Мажыр—Биекен—Қожас—Қазыбек т.б.

Халқымызда «Төбесіз жер болмайды, төресіз ел болмайды» деген киелі мақал бар. Міне, осыған байланысты Биекеннің әкесі Қожас Қазыбекұлы кезінде ақсүйек төре әулетінен адам әкелуге барған салауатты кісі болған. Осы жолы төре әкелуге барғандар: Қазыбек баласынан Тауасар батыр, Шұбаш батыр, Қарақастан Байқан батыр. Қожас Қазыбекұлы қатарлы 9 адам барып Тұмар ханымнан туған Көгедәй, Сәмен, Жабағы қатарлы Әбілпейіздің үш ұлын Керейге алып келген. Кейін уақыт өте келе Көгедәй ержетіп Манжурияға мансап белгісін алуға барғанда Қожас та бірге барған. Манжурия патшасы оған көк тас беріп, қалпақ кигізіп, бір рудың билігін жүргізуге толымды жігіт деп сыйлап қайтарған. Кейін Көбегенге көк тасты билік қалпағы тиіп, шағын Қожас руының зәңгісі болған. Содан ел ішіндегі талас-тартысты ақылмен шешіп, ел құрметіне бөленіп отырған. Еліміз азат болғаннан кейін, Көбеген елдің сүттей ұйыған қаймағын бұзбай, елге басшылық қызмет жасайды.

Әкесі Көбеген — ұсталық, өрімшілік сынды сан өнердің иесі, алқалы елі аға тұтар жігерлі де қатаң болған адам. Сауатын діни кітаптармен ашып, өздігінен талаптанып жүріп орыс жазуын танып, орысша, түрікше романдарды оқып, білімін кеңейтіп алға басар идеяны қалыптастырған адам екен.

Көбеген Мажырұлы жасында домбыра ұстап, өлең айтып айтысқа түсіп, «Аумалы дүние» атты ұзақ дастан жазып, Ақшымпу деген қызбен айтысқан делінеді. Өкінішке орай, бұл еңбектері бізге жетпей қалған.

Көбеген тап бермеде тауып айтатын кісі болса керек. Әкесі Көбеген туралы ел арасында мынадай әңгімелер айтылып жүр. Көбеген түскі демалыстарында тыныш қарап отырмайтын, пышақ соғып, ұсталық жасайтын адам екен. Бір күні түсте есік алдында ағаштан астау шауып отырғанда малақай отрядының бастығы руы Ителі Дәлелхан Шалабайұлы қасына келіп: «Түсте демалмай

жекелік істейсің бе, коллектив еңбекке әсер жеткізесің. Мынауың не? Гуәнсәй (қабыр сандығы) ағашың ба?» — депті. Сонда Көбеген:

*Бар едік Жетіаралда қос қара шал,
Құдай-ау алар болсаң, байсалаңды — ал.
Байсалаңның гуәнсәйі жоқ боп қалса,
Мына итаяқты үстіне төңкере сал, —*

дегенде дәлелқан теріс айналып мұның тілінде у бар екен деп, жүріп кетіпті.

Көбегеннің кемпірі Ителі руының қызы екен. Сондықтан әзіл-қалжың ретінде айтса керек. Бурылтоғай аудандық шикізат мекемесінде істейтін Ителі Құрманғали батыр дейтін адам Көбегенге:

*Сенің атың — Көбеген,
Бүркіттей көзің көреген.
Алдыңа барса тістеуік, —* дегенде,

Көбеген:

*Артыңа барсақ тебегенсің, —
Алдында жүрем тұстастың,
Қартайған кезде ұшқастың.
Әліңді білмей әлек боп,
Менімен бекер ұстастың.
Керемет ерге кең қолмын,
Дұспандық еткен жандардың,
Жағын қарыстыратын,
Болаттан соққан қышқашпын, —*

деп тойтарыпты.

Демек, әкесі Көбеген ел басқарған көсем, сөз бастаған шешен болған адам болса керек. Көреген әкенің қағылез көзінен аршындап келе жатқан жас баланың жалынды таланты қағыс қала қоймайды, ендігі бар үмітін ұрпағы болған Зиятқа артады. Зият та әке үмітін жерде қалдырмай, топ арасында сөз бастайтын ақиық ақын болып жетіледі.

Ақын Зият Көбегенұлының шығармашылық жолы және шығармалары Зият Көбегенұлы қаршадайынан әке өнеріне мұрагерлік етіп, үйінен үзілмейтін көрген-білгенді, шешен-шежіре адамдардың кеңесіне ден қойып, олардың нәрлі сөз, қисса-дастандарын көңіліне тоқиды. Осы бейімділікпен ауыл арасының сауық-сайранына зауқы бұрылып, өлең-жырға елігетін, тамаша ақындық сезімнің жырын ауыл арасына, құрбы-құрдастарына байқата бастайды. Жас болса да, жалыны зор, дарыны бар, мінезі жайлы, әзіл-қалжыңшыл жасты ел ендігі жерде ойын-тойынан, салтанатынан қағыс қалдырмайды. Ол сонау бастауыш мектеп оқып жүрген кезінен бастап қара тақтаға өлең жазып сабақтастары мен ұстаздарының көзіне түсе бастайды. 1958 ж. қарашадан бастап ел иесі Көбегеннің баласы деген жаламен ауыр еңбекке жегіліп, айдауда жүрген қиын-қыстау кездерінде қағаз-қаламын тастамай, сарала домбырасын жүгінің арасына жасырып, оңашада дыңылдатып, бірталай еңбектер жазған. 1962, 1963 жж. тұңғыш рет «Сарала тегеш» атты ертегі кітапты 577 шумақты өлеңге айналдырып жазып шығады. Сонымен қатар «Сар кезең», «Қиядағы қыспақ» атты екі дастан жазған. Енді ғана ес жиып, еңсе көтерген ақынның өлеңдерін әсіре солшылдық қимылы тоздырып жоғалтты. Ол тұстан қолжазба нұсқа да, басылым көрген өлеңдер де болмады. Ақынның көптеген дастандары, толғау өлеңдері мәдениет төңкерісі кезінде, отқа жағылып, күлге айналған.

Ақынның «Жетей қоңыр», «Арман ағынында» қатарлы деректі дастандары, «Әнімнің қайырмасы қырық бунақ» атты өлеңдер жинағы бар. Бұлар «Ақындар айтысы» деген кітапқа енгізілген.

Ақынды туа білген халық ардақтай да біледі. Әсіресе дарынды дәріптеп, өнер адамын өрге жебеп отырған компартия басшылығындағы бүгінгі тамаша таңда тіпті де солай болмақ. Партияның 11-құрылтай 3-жалпы мәжілісінен кейін ақынның көзі қайтадан ашылып, жоғалғаны табылып, өлгені қайта тірілді, көп өмірін тар заман, тауқыметті жылдарда зая өткізген ақын неше жыл ұмыт болған өнерімен қайта қауышып, топтық ортада бұлбұлдай сайрай бастайды. Ақын шабытын тұсайтын да, шарықтататын да орта ғой, 1980 ж. шілдеде Санжы Хүйзү автономиялы облыстық I Ақындар айтысына қатысып, жүлдегер сыйлығын иемденеді. Бұл сапарлары ақын шабытына қанат, жырына тиек болды. Осыдан бастап Санжы Хүйзү автономиялы облысының 1985, 1987 ж. Санжы Мөргу фермасында, 1990 ж. Шонжы ауданының Дабанқу жайлауында, 1994 ж. Құмыл аймағы Бәркөл

ауданының 40 жылдық тойына қатысып марапатталып қайтады. 1995 ж. Шонжының Алтынқол жайлауында болып өткен ақындар айтысында бас бәйгені ұтып алған. 1996 ж. автоном райоауданының ұйымдастыруында Іле қазақ автономиялы облысының Тоғызтарау ауданы Шашы жайлауында өткізілген солтүстік Шыңжаң малшылар мәдениет апталығына қатынасып, ел алқауына бөленіп, даңқпен оралады.

1998 ж. Алтай аймағының ақындар айтысы Ертістің екі өзенінде өткізіледі, ақын осы айтысқа ұсыныспен қатысып ерекше сыйлықтың иегері болып, ақ боз ат мініп, оқалы тон жамылып қайтады. 1999 ж. Үрімжіде өткізілген автономды аудандық І-кезекті Ақындар айтысына қатысып, Шыңжаңдағы төрт ардагер ақынның бірі деген даңқты атаққа қол жеткізіп қайтады. Шонжының Аттіс жайлауында өткізілген 2001 ж. Санжы облысының VI-кезекті Ақындар айтысында құрмет сыйлығына ие болады.

Бұдан басқа аудандарда, ауылдарда өткізілген ақындар айтысына үнемі қатысып, ерекше сыйлықтың иегері болып бағаланып отырған. 2010 ж. автономды аудандық III-кезекті Ақындар айтысында 30 жылдан бері әдебиет саласына еңбегі сіңген әйгілі өмірлік ақын атағын еншілеген.

Ақиық ақын Зият Көбегенұлының 88-ге жуық өлеңі, 28 әдеби мақаласы, естеліктері 1980 жылдардан бастап «Шалғын» журналы, «Алтай аясы», «Іле айдыны», «Боғда» журналы, «Шыңжаң» газеті сынды газет-журнал, ақпарат салаларында жарияланып, оқырман қауымның жақсы бағасына ие болған. Ақынның көп тақырыптағы өлеңдері, дастандары 2003 ж. «Ақындар айтысы» деген тақырыппен «Шыңжаң» халық баспасы жағынан жарық көрді. Қазір ақынның әр тақырыпта жазылған екі жинағы қаржының жетіспеуі, қолдың қысқалығы себепті баспа көре алмай тұр, оның ұзақ өлеңмен поэтикалық романы жазылу үстінде.

Зият, сонымен қатар, ауызы дуалы батагөй ақын. 1994 ж. Баркөл қазақ автономиялы ауданының 40 жылдық торқалы мерейтойында болған айтысының соңында Жамыш ақынға:

*Ырысжандай, сары қызым, алымды бол,
Сараланған сарадай жалынды бол.
Әкеңдей сансыз іске сабыр сақтап,
Ел-жұртыңа үлгілі, нанымды бол.
Мүдірмейтін бықыштың тілін берсін,
Көмейіңе бұлбұлдың үнін берсін.
Жүрегің қайтпас болсын Ақшолпандай,
Таңжарықтың тартымды жырын берсін.
Жәмішке бата берген әкесі кеп,
Кешір, сөздің болса егер қатесі көп.
Жақса егер айтқандарым көңіліңе,
Айтып жүр әкем берген батасы деп, —*

деп жырын төгіп-төгіп жібереді. Ақынның баталары ел көңіліне терең ұялап, тәрбиелік құны өте жоғары болып отырған. 1995 жылдан бері қарай топтық, жеке тойларда айтылған баталарының ұзын саны 60 тан асады екен. Мұның ішінде 20 батасы «Халық баталар жинағына» енгізіліп, халық баспасы жағынан жарық көрген. 11 термесі «Халық термелер жинағына» енгізіліп, халық баспасы жағынан жарық көрген.

Зият ақын ғана емес, күй шертудің майталманы, халық күйлерін тамылжыта шерте білетін адам және өз жанынан да көптеп күйлер шығарған күй жасампазы да болған. Ол халық арасында шертіліп жүрген тарихи күйден 35-ін, жаңа күйлерден 5-ін орындаған. Оның өзі шығарған күйлері — 4, «Жұңғар керуені» атты күйі нотаға түсіріліп жарияланған. 2009 ж. «Өмір-ай» деген күйді жаратқан. Ал музыкалы ән жинақтарынан екеуі, жазған ән мәтіндерінен 21 бар.

Жинақтай келгенде, Зият Көбегенұлының 1980 жылдан бастап 2010 жылға дейінгі 30 жылдан бері Еренқабырға, Боғданың әрқайсы аудан, ауылдарында, облыстарда, аймақтарда, жүйеден қазақ баласы ірге тепкен өңірлерде төккен жырлары ән болып айтылып, өлең болып қалықтауда, бұл жырлар халық жүрегінде мәңгі сақталары даусыз.

Зият Көбеген ұлының айтыс өнеріндегі осы жетістіктері арқылы алысқанды жығып, айтысқанды жеңген ақын ретінде ел-жұртқа жастай таныла бастайды. Өлеңге, домбыраға елітеді, ышқырынан асық кетпеген балалық шағынан бастап, самайын ақ шалған ақсақалдық дәуіріне дейін әріптесіне дес бермеген Зият ақын ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермей, белдескеннің белін опырып отырған. Ақынның ел арасында таралған айтыстары сансыз, біз бұл еңбегімізде Шыңжаң халық баспасы

жағынан жарық көрген: «Ақындар айтысы» [1–4] 《阿肯对唱选》 деген кітаптағы уәкілдік шығармаларынан мысал келтіруді жөн көрдік.

1990 ж. шілденің 15 күні Санжы облысының IV-кезекті Ақындар айтысында (бұл Шонжы ауданының Дабанку жайлауында болған) Зият ақын Бижамаалмен жыр додасына түседі. Екі ақын өлең арқылы бір-біріне шабыт беріп, намысына тиіп, шабытын келтіріп, жебеп отырады. Өлең таудан аққан тас бұлақтай өрши түсіп, арнасына сыймаған асау толқын іспетті жағасын шарқ ұрып, аласұрған дауыс алысқа кеткендей болады. Сол сәттерде сөз кезегін алған шашасына шаң жұқпаған Зият ақын иығын қомдап алып, сұлу жырын былай деп ағытады:

*Ала сұрған дегенің не дегенің,
Осы ма мен құрбыңды жебегенің?
Келмей жатып ақынды шиыратып ап,
Ұшы тиіп кетпесін селебенің.
Келмей жатып ат қойып айдар тақпай,
Болғаның жөн жаршысы өнегенің.
Күлкілі іс емес пе ақын жанын,
Оп-оңай сөз құндаққа бөлемегің.
Көп іздеп қиналыпсың бер таман кел,
Қырандай алдыңда отыр көрегенің.
Сөзім кіріп ішіңе толғатқанда,
Басын санап қаларсың керегенің, — дегенде,*

Бижамаал:

*Ақыным, сені қашан сыйламадым,
Жөн болмас бір сөзіме ширағаның.
Бірде қанжар, біресе қыран болып,
Батып кетті жаныма тырнағаның.
Жаралған затым әйел болғаннан соң,
Емес пе ана жолын бұлдағаным.
Келмей жатып түсірген керіс сөзге,
Зікеңнің де табармын бір амалын.
Береді сөз кезегін өзіңізге,
Мінеки, әріптесің — Бижамаалың.*

Бұл өлеңде екі ақын айтыс бастала салған жерде-ақ бірінің сөзін бірі қағып әкетеді де, өздерінің оңай әріптес емес екендігін ескертеді. Бұрыннан-ақ топтық ортада бөгелмей өлең айтатын сөз майталманымын деп әріптесінің десін басуға тырысады.

Зият Көбегенұлының өлеңдерінде халық арасында сақталып отырған зұлымдық, надандық, тоғышарлық, бейбастықтарды шенейді, оларды сын тезіне алады, партияға, халыққа, армияға алғыс жаудырады, мұндай мазмұндар ақын жырларында айқын айшықталып отырады. Мұнда ысырапшылдықты жою, байлығын бұлдап тарихта жоқ жол шығаруға қарсы тұру, үнемшілдікпен отбасын басқару, той бәсекесін жүргізбеу, арқандай адамдар шамасына қарай шарықтау, қазақ ұлтында жоқ салт жасап жасанды жол шығармау, өлім-жітім істерінде лайықты істеу, аста-төк болмау қатарлы мазмұндар айтылады. Зият ақын Бижамаалмен айтысының бір жерінде шектен асқан жебірдей құдалыққа қаны қайнап, қызды мал орнында сатып отырған адамдардың ертерек идеясынан қайтып, теңін тауып тегін беру жағын дәріптейді. Мәселен,

Бижамаал:

*Сен айтпай-ақ бұл істі ел біледі,
Қалам хаты қайралған ер біледі.
Шектен асқан жебірдей құдалықтың,
Ауылыңда қандай бар белгілері?*

Зият:

*Біреуінен барады біреуі асып,
Көрсетпек боп байлығын бас таласып.
Құдасының құлқыны тоймаған соң,
Кетіп жатыр кейбіреу алып қашып.
Біреу байға құда боп сыйланып жүр,
Өмірлік мол қазына жисғалы жүр.*

Кедейлердің мұң болып бас құрауы,
 Жоны терлеп, бұрлығып қиналып жүр.
 Кейбіреулер бітіспей соттасып жүр,
 Жеті атасын қалдырмай боқтасып жүр.
 Қызын тартып аламыз бермесе деп,
 Оннан, бестен жиылып топтасып жүр.
 Кісі өлтіріп, мал шауып кетер еді,
 Заңнан ғана именіп тоқтасып жүр.
 Тірелгенін тұйыққа бір байқамай,
 Жер орнына кейбіреу шоқ басып жүр.
 Бүйте берсе кетпей ме жазаланып?
 Іздегені шыныдай азап анық.
 Қысылған жастарды көріп тұрып,
 Кейде ұйықтамай кетемін назаланып.

Ақын бұл өлеңдерінде құрғақ атақ пен қу байлықтың құлы болып жүрген мақтаншақтықты қатты масқаралайды, «бай мен байдың арасына жорға жүреді, кедей мен кедейдің арасына дорба жүреді» демекші, қолы жеткен төрт түлігі шалқыған байлар ақшаның көзіне қарамай, қалың малды еселеп беріп, қыздарды сатып алғандай болып жатса, кедей байғұстың балалары берерге түгі жоқ, қу басын құшақтап бойдақ жүргендері, «қызы барлар қыраң асатын, қызы жоқтар тыраң асатын» жексұрын салт-дәстүрдің тамырына әлі де балта шабылмай отырғандығына қатты ызаға булығады. Қыз алып қашудың себебіне нақтылы талдау жасайды, ақшаны құр бекерге шашпай, өнер үйренуге насихаттайды.

Бижамалмен жыр додасында өліспей-беріспейтін қайратына мініп, ақындық шабытын жанып, ерлігін шыңдай түскен қыран ақын өлеңін тіпті де арындата түсіп:

...Өз ауылымның шалымды жүйірігімін, —
 Деп ойлама, бөркемік, саспақ қара,
 Қыз қуардың ұшқыры деп ойлама,
 Шыдаймын ұзақ сонар аш-тоққа да.
 Түлеп ұшқан бозданың қыранымын,
 Құтқармастан ұстайтын бас сап қана.
 Тоғысай деп ойлама түлкі алмайтын,
 Сенімім зор, мақсатым тіпті де айқын.
 Бүкней-ақ айтарымды айтып салар,
 Әдетім бар ішіме ірке алмайтын.
 Көдек сөзбен түйгіштеу әдетің бар,
 Жылы сөзбен құрбыңды жылта алмайтын.
 Мейлі қысқарт, мейлі сөз айтарыңды,
 Қанаттымын мың ұшсам бір талмайтын.
 Әлі келмес істерге әлек болып,
 Мен емес тай, байталша тыртыңдайтын.
 Жаратсаң жақсы сөзбен әзілдесем,
 Жас емеспін шымышылап жыртыңдайтын... —

деп жырлай келіп, өзін қанаты талмас қыран етіп көрсетеді, ол көкте шарықтаған қыран секілді, жерге қонса да жемтікке қонбайды, өз қару-қайратына сүйенеді, көкке ұшса жел аудармайды, ол — өлеңінде «тоғысай деп ойлама түлкі алмайтын, мен емес тай, байталша тыртыңдайтын» деген сияқты көп сөзділікті ерекше ықшамдай білген шешен ақын. Бұл жолдардағы теңеу, эпитет, салыстырулар жарастығы өз алдына, мазмұны да мәнерлі.

Айтыстың бір ерекшелігі — өлең арқылы тәлім-тәрбие беру болса, енді, бір жағынан, ақынның тап бермеде тауып айта алатын қабілетін сынау болмақ, сан мыңдаған көз тігіліп қарап отырғанда әріптесінің сұрағына дәлме-дәл жауап тауып, сүрінбей өтіп кету кез келген адамның қолынан келе бермейтін шаруа. Міне, соның мысалы ретінде Бижамал мен Зияттың айтысын айтуға болады. Сөз кезегін алған Бижамал:

Құдалыққа кім болды қормал бүгін,
 Қорғалды кім, некеде қорланды кім?
 Неке ісінің осынша бұлғануы,
 Айтып кет қайсы жақтан болғандығын.

Зият:

*Соны білмей тұрсың ба, сиқыр қатын,
Ұмыттың ба қанған соң ұйқың қатын?
Аударылмай сұм заман тұрған болса,
Бұл күнге шек болар ең, тигыл қатын.
Бәйбішелік саған жоқ, тоқал болып,
Кеберсіп кетер еді сиқың, қатын.
Күйбіңмен күндестік күнің өтіп,
Қайыстай созылар ет тұрқың, қатын.
Сол қоғамның қалдырған уы емес пе,
Салып кеткен наданды қу егеске.
Дәуірінің ұмыттырған қамқорлығын,
Ап-айқын аз байлықтың буы емес пе?
Ұрпақтарым теңдікті аңсап туған,
Өзін-өзі көрсетер мансап қуған.
Кезіксе басты жағы надан байдан,
Болып жатыр бір жағы мансаптыдан.
Арақ ішіп сөйлейді қызып бастап,
Заң-жарлықты жоқ қылып сызып тастап.
Түйе менен биені місе тұтпай,
Отырат көп машина тізіп тастап.
Ауызда айтып зарлаған неке заңын,
Атақ құмар, парақор, ұры, залым.
Саясатты ауызда қорғағансып,
Айдап жатыр астыртын қалың малын.*

Ақын бұл өлеңінде қара түнек қоғам мен жаңа дәуірді салыстыра келіп, партияның абзал саясатына алғыс жаудырады, шектен асқан парақорлықты, мансапқұмарлықты, арақкештікті, жағымпаздықты қатты сынайды, ауыз жүзінде көлгірсіп, артынан жалғанды жалпағынан басатын көз бояушылыққа сөгіс айтады.

Қазақ айтысының енді бір ерекшелігі — әзіл-қалжыңда. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деп атамыз қазақ айтқандай, айтыс майданына шыққан үлкен-кіші, кәрі-жастың — барлығы жарасымды қалжындарын айтысып, сөзбен қағысады, бірін-бірі жебеп, демеп отырады. Мұндайда тартыну, қысылып-қымтырылу деген өте аз ұшырасады. Мәселен,

Жәміш:

*Түсінемін, ағатай, алыбыңды,
Ерентауға ақынсыз танылулы.
Үйіренейін деп келдім өзіңізден,
Үлкенмін деп баспаңыз арынымды...*

Зият:

*Сөзіңізге болмаймын әрі-сәрі,
Қарамайды өнерге жас пен кәрі.
Өнер, шіркін, жарасар иесімен,
Көп адам айырмай жүр мұны әлі ...*

Мұнда Зият ақын мен Жәміш жас парқына қарамастан, әзіл-қалжыңын араластырып, өнер алдында барлық адамның тең екендігін айта келіп, бірі ұстаз, бірі шәкірт болып айтыс сахнасында додаға түседі.

Жинақтап келгенде, қазақ халқы қазақ болғалы өлеңнен қол үзген емес. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» демекші, өлеңді жанындай жақсы көретін дана халқымыз айтыс өнерін де ардақтап, көзінің қарашығындай қорғап келген. Жоғарыдағы айтыс ақындары да дәл осындай қазақ өнерін жалғастырып, кейінге жалғаушылар, олар халқымыздың көңілінде мәңгі сақтала бермек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Касейұлы Б. Айтыс – сөз барымтасы. — Бейжің: Ұлттар баспасы, 2005.
- 2 Байболатов А. Қазақтың байырғы айтыстары. — Шыңжаң: Жастар-өрендер баспасы, 1996.
- 3 Қазақстан: XIX ғасырдағы қазақ ақындары. — Алматы: Ғылым, 1988.
- 4 Қалиұлы Ә. Қазақ ауыз әдебиеті туралы. — Шыңжаң: Шыңжаң халық баспасы, 1985.

Д.Алимакынулы

Жизнь и творчество поэта Зията Кобегенулы

В статье представлена биография болеющего душой за народ Зията Кобегенулы — авторитетной среди казахов Шынжын личности. Дана его родословная, проанализированы творчество, своеобразный поэтический стиль, рассмотрены некоторые неизвестные стороны его жизни. Автором показана способность поэта посредством своих песен критиковать негативные явления в обществе.

D.Alimakynuly

Life and creativity poets Ziyat Kobegenuly

This article considers the biography of Ziyat Kobegenuly, authoritative personality among Shinzhin Kazakhs, sick at heart for the people, his family tree, creativity, some unknown side of his life, a kind of poetic style that distinguishes it from other poets, his cleverness. The author shows the poet's ability to distinguish among other aitys singers due to his songs, epithet of negative phenomena in society with the help of comparative analysis. The article also discusses and analyzes the contents of collections of different years.

References

- 1 Kaseiuly B. *Aitys — verbal competition of poets*, Begin: Nacionalna publ. house, 2005.
- 2 Baybolatov A. *Ancient Kazakh aitys*, Xinjiang: publ. house of the Population-youth, 1996.
- 3 Kazakhstan: the poets of the XIX century, Almaty: Nauka, 1988.
- 4 Kaliuly A. *Kazakh folklore*, Xinjiang: Xinjiang people's publ. house, 1985.

G.M.Abilkassov¹, A.K.Zhakhan²¹Karaganda State Technical University;²Ye.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: bek_29_98@mail.ru)

Formation of Youth Elocution in the Technical Higher Education Institutions

There is considered the improvement of teaching methods of Kazakh language and development of the students rhetoric who are training in the highest technical educational institutions in Russian. After mastering the state language as a means of relationship and its social parties, internal content, there follows the formation of a communicative developed language personality. There are also considered the question of need for use of the texts which improve the process of quality improvement of the records management maintenance in the state language in the technical organizations with introduction of professional terminology by the profession. These technical are based on development of scientific and professional speech of the students of the higher education institutions. The main goal is the increase in number the experts and professionals in the technical sphere who possess the large vocabulary of Kazakh language. Today it is important to create the condition for the students of technical specialties for independent learning both the speech oratory and scientific terminology for what it is necessary to follow the system of training.

Key words: technical, program, culture, combination, scientific, national, spiritual, emphatically, society, orpho-epic.

In the groups which are studied in Russian in higher education institutions the discipline Kazakh language according to the approved calendar plan has been thought for twenty years. Gaining of fame of Republic of Kazakhstan as an independent state, Kazakh language's raise up to the status of state language, adoption of the State program of languages development of republic of Kazakhstan require reforming of the whole knowledge system, especially in order to form from today's youth of our society the citizens who know the national language, culture and for that to raise them up to level of an individual it is very significant to know the state language.

One of the large gifts of God to the people is language. «Language is a superiority of man's humanism, one of his weapons» — said the great scholar A. Baitursynov [1]. A man is distinguished from all creatures by his consciousness and language. By means of language it is perceived man's mental world. It seems that in language it is hidden the whole existence. Language is a treasure of the human being which is passed from generation to generation, his great wealth. Each language is a world in itself. The backbone, basis of national consciousness, foundation, and attribute of noble rank and motive power of any nation is its language. In expansion Kazakh language's field of application and social role as the state language the development of spoken language of Russian-speaking audience, especially of the students is becoming the present-day demand.

A man reaches the goal through his mother tongue. Language is the basis of our nation. This is power of the language: it is able to make completed the never-ending, achieved the inapproachable, and to continue the discontinued. As it is said «Nation's language is nation's belief», any nation and any ethic group should be able to honor its main value — the mother tongue. Turning the attribute of our state, independent country — the mother language into the basis of all human being is the primary duty of each patriotic person. If any Kazakh who knows his national dignity can understand his being a descendant of a Kazakh, nevertheless where he studied will never forget his language. We should understand where is national education, national dignity there it is a language.

Language in the human society serves as a means of conversation and relation. Language and society are closely interconnected, firstly, no one society can live without the language. Without the language a nation disappears. Secondly, the language can exist only where society exists. For society's living language is necessary.

Language is real history. It contains the best practices and wisdom of the nation which are gathered for centuries. Despite whether large or little its senses, each nation in own language described its desired wishes and beautiful inner world, respect to all beneficence, imprecation to all existence preventing its happiness. Language is a history of creating it nation, its genealogy, reminiscence and sounds of its life. M.Zhumabayev said the following phrases about that very quality of language: «The wide Kazakh steppes, now quiet

as breathless night, then vertiginous and passionate history, in the broad prairies suddenly migrating way of life, tranquil and quiet enduring disposition of Kazakh people — everything is describes and shown in Kazakh language [2]. Consequently, language is very valuable phenomenon which objectively lives in the life of human society, serves as communication tool, and is considered as a tool of thoughts. In that case language development is very responsible and complex branch of methods of teaching mother tongue. The cause of its complexity is that it is directly depends not only on the mother tongue which carries out duties of development of baby language and on literature, but also on its speaking activity. The main subject of research of language culture is a word, right pronunciation of word, its orthographic spelling. As a result the thought's clearly and distinctly, emotionally and beautifully sinking in.

Expressiveness of the word is designation of emotional state of a person during conversation, in the other words, ability to correctly pronounce each sentence.

A. Makarenko said about that: ... «You should be able to speak that by your words everyone could feel your will, your culture and your identity» [3].

To speak expressively and meaningfully is a regularity leading from the ancient spoken literature patterns and oratorical speech. It is necessary to write a word as correct as telling it listenable, melodiously, and impressively.

It is known that most necessary factor for the language to become language is thinking, reasoning. Thoughts accumulated in the mind of a person are reflected by means of language, and even it is expressed by speech any number of times it is incomprehensible if doesn't comply with a certain speech system. Thought influences on language, and language influences on the words, the word generates speech.

The language is a system of verbal labels. And a label is a particle denoting reality and entity. With the help of the language we express our thoughts. The highest comprehension and instinct which is the performance of intelligence and that provide depiction of life is inherent only to a man, and it is a form directly connecting with act of speech. In other words, when forming these images people use language, make conversation with each other with the help of language, and to describe the whole essence of a figure and express it they break language blocks. If to take into consideration the scholars who told about language and speech, there is a special conclusion — conclusion of F. de Soussure. In his opinion, language is sound itself, its sounding. Meaning that language is symbolization of all the sound marks. Distinguishing the language and word, F. de Soussure precisely indicated the differences inherent to each of them. Language is social, and speech is separate phenomenon. Language is a constant and long-term tendency, and speech is inconstant and changes frequently.

From there, the scholar differentiated the language and speech and said that they were closely connected with each other. T. Kordabayev defined the problems concerning language and speech in Kazakh language and tried to show their differences: «Speech is use of language in the process of communication for the purpose of expression the own thoughts. Telling that he explained that language and speech act in concordance with each other.

Honoring the language, enriching and improvement is not only expansion of its field of usage, but also preserving its harmony and concordance and clarifying its substantive overtone. Sometimes even an educated adult person speaking to the public inserts such the excessive words as jigamy, whatsit, what-d'ye-call-it, whatchama-callit, sort of like, kind of like, you know etc., and speaks incoherent, ungainly, and bothers his listener. As our elder scientists told not just ones, language culture is observance of language norms and writing correctly, not only speaking corresponding to norms of pronunciation. To exercise skills of using the set expressions and synonyms, to display erudition and comprehensive knowledge, to speak coherent using phrases of emphatic speech, skill of getting across his opinion, exactly and understandably, expressing the logical thoughts correctly, orthographically, expressively and metaphorically are referred to the language culture. Today the language of our youth is boilerplate, too ordinary and even straightforward. They did not master the language flexibility of our nation, artistical device of the language, and tone of voice. The problem that in their conversational speech the proverbs and sayings, aphorism, synonymous and proverbial expressions are hardly ever met deliver us troubles. We can even hear that today there are many old people who are not able to speak with a speech full of meat. Opposite to that it is said that in the time past the young generation who grew up hearing the sensible and rational words from the oracular forcible speakers, listening to them for a few hours without missing a beat and took them for a model, and in such a manner those generation satisfied their thirst for knowledge, mastered the secrets and all diversity of oratorical art and could express their thoughts by the literary language. When there were not the TV and all people were illiterate the young generations could retell the valuable words and significant expressions and trained themselves

to talk expressively and correctly. They could bear in mind and be able to use the proverbs and sayings, conceptual poems and pieces of art. The population was like a school where they deeply learned the art of speech. According to the old people the youth who grew up in such an environment were very responsible for their words, reached the main content of thoughts, and tried to speak better less, but of higher quality. About our people of that time one said «The one of each Kazakh is akyn». Unfortunately, with the passing of the years there are lesser both the people with aganippe and those who understand poetry and can feel it.

Preaching of our ancestries is also considered to be the epideictic words which have been passed through from generation to generation for many centuries and where performed among our nation. The preachments and morals of the great people were said with a view to educate and bring up our generation, acquiring such high and noble qualities as honor, compassion, kindness, respect to the elders and dignity, etc.

As it is said «Mother's milk enlarges body height, and mother's tongue enlarges consciousness», it is known that the young generation of those days in the proper time understood the meaning of the loaded words of the wise, all-knowing old people and their instances which they learned during whole life, and tickles their ears by the thoughtful, cognitive, silver-tongued eloquence, by significant narratives, eposes, emotionally thrilling, teaching the young generation to the moral and aesthetic well-being. Mother's tongue and national education are similar notions. I can say that by the language the young generation is thought and trained for many things.

We quote the following passages for the purpose of that the young generation which keeps in memory the commandments of our forefather Abai as: «A man who takes into consideration quips of the wise men will be wise itself» [4], had respect to the wise words, learned and read the beautiful thoughts and edificatory, «immortal» words about the splendid particular qualities of mother tongue.

Today such passionate speeches of individuals are widely spread among the people, constantly repeated and became eloquence told by wise men. They are: «A gentle answer turns away anger, but a harsh word stirs up wrath», «A word spoken is past recalling», «All doors is past courtesy», «Fair words break no bones», «First think, then speak», «Many words hurt more than swords», «A gentle response diverts anger, but a harsh statement incites fury», «Handle them carefully, for words have more power than atom bombs», «To speak and to speak well are two things. A fool may talk, but a wise man speaks», «Language has three important uses — it expresses thought, conceals thought, and takes the place of thought», «After all is said and done, more is said than done», «The words we say will teach if we practice what we preach», «When you are arguing with a fool, make sure he isn't doing the same thing», «Words are a pretext. It is the inner bond that draws one person to another, not words», «But if thought corrupts language, language can also corrupt thought», «The limits of my language means the limits of my world», «The words. Why did they have to exist? Without them, there wouldn't be any of this», and the others. In such a way our ancestries influenced on upbringing and educating the young generation to humanity and beneficence. What is more powerful than word? In order to express the own opinion exactly and precisely there are very important keeping the ethic norms, good manners, courtesy, simple-heartedness along with correctly choosing the expressions and clues in finding the solutions, and talking with coherent speech at the ordinary communication with the people. By means of power of the word our people taught and educated the young generation the correct life. Culture is ability of the people to think and analyze themselves and the others all around. It is very culture which turns us into the persons who take responsibilities for benevolent, reasonable and moral obligations. Culture is a total of man's moral and material consciousness and features by which his sense qualities are clearly defined. Any culture is storage of our peculiar, unique, unmatched value, because each people is recognized and perceived by his tradition and moral constitution. Culture is the main belief and the basic heart of our nationality.

The people who cannot appreciate its language, belief, arts, in other words its national values can lose his dignity and merit. Undoubtedly, a man who lives for his land, his people and his own nation can understand these words.

Our President N.A. Nazarbayev splendidly said the following phrase: «Intellectual wealth and culture are the main values of society». Now it is better to tell in full about the culture: in order to answer the question «What is culture?» I think it would be reasonable to dwell on the etymology, that is to say, on the history of emergence of this word meaning the complex notion. To Kazakh language this term (Madeniyet) came from Arabian word «Madaniyat» — «city». It is connected with the notion which was formed at the time of Muslim culture prosperity.

In the ancient time the notion «culture» meant «to cultivate the land». Later, more precisely in the proceedings of Cicero (45 B.C.) meaning of this word became more profound and stood for «Soul perfection».

In the course of time in the European languages the word «Culture» began gaining the meanings as «to educate», «to develop», «ability», «to respect». In the all fields of culture it should be observed the national identity. Especially to preserve the language culture, to know the mother's tongue very well is civil duty of everybody, backbone of service to society. On the pages of the press the different issues are brought up concerning the modern cultural and moral conditions of our people, development of traditions and mother's tongue. One of such problems is enrichment of the language which is the backbone of the people's cultural life, their value, and it is indisputable that only in case they open-up their inner possibility in order to still more enrich, update and improve the language our culture will prosper. «Language culture is correctly using the words when speaking to adjust, harmonize them and express correctly, to observe the rules of orthography and punctuation, to write orthographically correct, to appropriate apply all beauty of elocutionists and the other such procedures».

«Language culture, if to say by scientific language, is abiding the lexical, grammatical, orthographical, orthoepic, stylistic norms, improvement of that law without any breach» — said the corresponding member of NAS RK, Professor Syzdykova R.

Language culture is the degree of development and improvement of language norm, language methods. Language culture denotes «culture of word», reasonably using the word.

Speaking along with fulfillment of communicative function discloses the spiritual wealth of the man's inner world, discovers the inward man. The word displays your views, standard of culture, knowledge, and judgment.

For this reason to the speech culture there always has been paid particular attention. Speech culture is also referred to the art of word.

A silver-tongued person speaks in a civilized manner and skillfully.

The science language culture can also be divided into oral speech culture and writing culture — using the words.

The culture of oral speech is closely connected with eloquent speech and the speech at which orthoepic norms are observed. Speech norms do not depend on orthography. And the words are not always read how they are written. Because Kazakh language in its nature is sonorous and melodic language. To talk meaningfully and expressively is one of the laws of verbal literature's treasures. When communicating both observing peculiar laws of language and knowing elocution techniques, also having rich vocabulary is very important.

And if your speech is just boilerplate it will be like in case which the great akyn Abai said: «The beautiful reflections in your heart tarnish at expressing».

You should not constantly repeat a word, but try to use equivalents and synonyms, and your thought will become understandable and impressive. We should take for a model eloquence of the pundit men and great scholars who spoke beautifully using the simple phrases. The intellectuals read, heard, and they know that M. Auezov in his speech and written works offered the masterful pattern of using the proverbs and sayings, phraseological combinations and popular expressions which are considered to be the people's wisdom [5]. He used the epitomes, the best samples of mythological products, of the great writers of his time, of peoples' speech, of the best pieces of the world literature and tried to express his own reflections beautifully and impressively, for this reason he is considered as a master of eloquence. And what is more we can say the same about the works of Gabit Musyrepov, Gabiden Mustafin. When improving speech culture it is important to use the dictionaries, normative directories, reference books, orthoepic dictionaries. And dictionaries of synonyms, phraseologies, homonyms, and grammatical definition dictionaries. At the time of communication people understand and communicate with each other not only by the words, but also using body language, which include their face, eyebrow, hands and some other facial gestures. In addition, a speaker speaks changing his vocal rhythm. Because of these reasons at conversational speech there are often met finishing the speech without ending of the sentence, replacing the members of sentence, speaking without choosing expressing and so forth. In the lexicon of conversational speech there is a peculiar equivalent of synonymous words.

Ability to talk is ability to think. In that case, to think correctly should offer an opportunity to write correctly.

References

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 320 б.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 160 б.
- 3 Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. — Алматы: Ана тілі, 2008. — 216 б.
- 4 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Ғылым, 1977. — 454 б.
- 5 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеу. — Алматы: Санат, 1995. — 320 б.

Г.М.Әбілқасов, Ә.К.Жақан

Жоғары техникалық оқу орнында жастардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Мақалада қазақ тілін оқыту және жоғары техникалық оқу орындарында орыс тілінде білім алатын студенттердің риторикасын дамыту әдістерін жақсарту жолдары қарастырылды. Өзара қатынастар құралы ретінде мемлекеттік тілді және оның әлеуметтік жақтарын, ішкі мазмұнын меңгерген соң, коммуникативті-дамыған тілдік тұлғаны қалыптастыру керек. Сондай-ақ мамандық бойынша кәсіби-техникалық терминологияны енгізіп, техникалық ұйымдарда мемлекеттік тілде іс жүргізу сапасын жоғарылату барысын жақсартатын мәтіндерді пайдаланудағы қажеттілік туралы мәселе зерттелді. Берілген техникалық мәтіндер жоғары оқу орындарының студенттеріне ғылыми-кәсіби сөйлеуді дамытуға негізделді. Басты мақсаты қазақ тілінің сөздік қорының кең көлемі бар техникалық саладағы білікті мамандар мен кәсіпқойлар санын ұлғайту болып табылады. Бүгінгі күні техникалық мамандықтар студенттеріне сөйлеу риторикасын да, ғылыми терминологияны да өз бетімен зерделеу үшін жағдай тудыру маңызды, ол үшін оқыту жүйелілігін қолдану қажет.

Г.М.Абилкасов, А.К.Жакан

Формирование культуры речи молодежи в высшем техническом учебном заведении

В статье исследовано совершенствование методов преподавания казахского языка и развития риторики студентов, обучающихся в высших технических учебных заведениях на русском языке. С освоением государственного языка как средства взаимоотношений и его социальных сторон, внутреннего содержания, отмечено в статье, формируется коммуникативно-развитая языковая личность. Авторами рассмотрен вопрос о необходимости использования текстов, улучшающих процесс повышения качества ведения делопроизводства на государственном языке в технических организациях, а также внедрения профессионально-технической терминологии по специальности. Подчеркнуто, что данные технические тексты способствуют развитию научно-профессиональной речи у студентов в высших учебных заведениях. С целью увеличения количества квалифицированных специалистов и профессионалов в технической сфере, обладающих широким объемом словарного запаса казахского языка, авторы делают вывод, что на сегодняшний день важно создать условия студентам технических специальностей для самостоятельного изучения как риторики речи, так и научной терминологии.

References

- 1 Baitursynov A. *The image of the inner world*, Almaty: Ana tili, 1992, 320 p.
- 2 Zhumabayev M. *Education*, Almaty: Ana tili, 1992, 160 p.
- 3 Zharykbaev K. *Author. Ore other*, Almaty: Ana tili, 2008, 216 p.
- 4 Kunanbaev A. *Collected works in two volumes*, Moscow: Nauka, 1977, 454 p.
- 5 Auevov M. *Abai Kunanbaev. Monographic research*, Almaty: Sanat, 1995. — 320 p.

Қ.С.Қалыбекова, Қ.М.Хамзина

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
(E-mail:jako199473@mail.ru)

Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы тартыс пен характер

Мақалада Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы тартыс пен характерді ашу үшін, ең алдымен, Абай өмір сүрген заман жан-жақты қарастырылды. Р.Тоқтаровтың шығармашылық жолы, әр жылдары жарық көрген романдарының тақырыптық, көркемдік сипаты туралы қысқаша айтылады. Ең бастысы — осынау романдар шоғырында «Абайдың жұмбағы» шығармасының алар орнына ерекше екіпін түсірілді. «Абайдың жұмбағы» романының құрылымы мен кейіпкерлер жүйесі, мінез бен тартыс т.б. пайымдала келіп, авторлық ұстаным, негізгі идеяның жүзеге асуы, Абай феноменінің даналыққа ұласып, жалпақ жұрт үшін жұмбаққа айналуы, басқа да мәселелер авторлық көркемдік тәсілдер аясында қарастырылды.

Кілт сөздер: тартыс, тәсіл, таным, бейне, ізденіс, көркемдік сипат, ұлттық әдебиет.

XX ғасырдың 60-жылдары ұлттық әдебиетіміздегі жаңа бір кезеңнің бастауы болды. Бұл кезеңде әдеби жанрлар барынша дамыды. Проза жанрындағы елеулі ізденістер өз жемісін бергеніне осы кезеңде жазылған әр түрлі тақырыптағы романдар мысал. XX ғасырды ұлттық жазба әдебиетіміздің алтын ғасыры деп түрлі мазмұндағы, көркемдік сапасы жоғары шығармалардың дүниеге келуімен бағалап жүргендігіміз белгілі. Бұл кезеңдегі проза ұлт өмірінің әр қилы қырларын бейнелей отырып, көркем бейненің бай галереясын жасады. Проза жанры бүгінгі күн тақырыбы мен тарихи дәуір шындықтарын игере отырып, ұлт өмірінің шежірелі болмысын бейнелеп берді. Бұл салада 60-жылдары әдебиет әлеміне келген Ә.Кекілбаев, О.Бөкей, М.Мағауин, Т.Әбдіков, Қ.Жұмаділов, Д.Досжанов, Р.Тоқтаров есімдерін ерекше атауға болады.

Аталған кезеңдегі прозаның ең басты табысы — оның көркемдігінде. Дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік келбетін суреттей отырып, жазушыларымыз оны көркем бейнелердің мінезі, қарым-қатынасы, әрекеті, ой-ансары, мақсаты, ішкі жан-дүниесі арқылы бейнелеп берді. Жазушылар қаламына көп іліккен тарихи тақырып әр қырымен көрініп, ұлт тарихындағы ұлы оқиғалар мен ұлы тұлғаларды бейнелеп-сомдауда әдебиетіміздің тамаша табыстарға қол жеткізгені белгілі.

Филология ғылымының докторы, әдебиет сыншысы Бақытжан Майтановтың айтуынша, жазушы Рамазан Тоқтаровтың шығармалары жаңашылдық сипатымен ерекшеленеді.

Ендеше, Рамазан Тоқтаров «Абайдың жұмбағын» жазуға үлкен дайындықпен келген. Тоқтаров жазушы Мұхтар Әуезовтен шыққан «Абай жолы» романын негізге ала отырып, бес кітапты біріктіріп, жаңалығымен «Абайдың жұмбағы» атты роман-хамсасын қалың оқырманға ұсынды. Бұл шығарманы жазуда үлкен мән бар. Себебі, туындыны оқи отырып, «Абай жолында» жазылмай қалған кейбір тұстарын байқаймыз және Абайдың өміріндегі айтылмай қалған маңызды оқиғаларды анық аңғарамыз.

Абайдың әдеби мұрасын өз деңгейінде тереңірек танып ұғынуымыз үшін, алдымен, Абай өмір сүрген, ұлы ақынды қоғам қайраткері етіп қалыптастырған отбасы тәрбиесі мен сол заманның саяси-әлеуметтік болмысын, қоғамдық ортасын жете танып-білудің мәні айрықша болмақ. Ол үшін Абайдың өзі ғұмыр кешкен заманы мен оның атасы Өскенбай мен әкесі Құнанбайдың заманын салыстыра қарап, сын көзімен қарасақ, көптеген саяси-әлеуметтік мәселелердің астарлы сыры ашыла түсетінін аңғарамыз [1; 1].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде әдебиетімізге алдымен келіп қосылған ірі туындылардың бірі — Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» атты шығармасы. Автордың өзі роман-хамса деп айдарлаған бұл еңбегі жазушы қаламының әбден төселген кезінде жазылған [2; 20].

Роман-хамса, автордың пайымдауынша, ақынның әдеби бейнесін толымдырақ етіп жеткізу үшін әлі де қамтылмай келе жатқан жайттар баршылық. «Бір Абайдан сан кісінің саралы өмірі тұр. Абайдың не бергені — біздің қолымызда. Өзінің өмірден не алғаны, қалай алғаны — жұмбақ. Ол жұрт көрмегенді көрді, жұрт сезінбегенді сезінді. Қалай көрді, қалай сезінді, түсінік-түйсігі қай

дәрежеде қалыптасты? Не нәрселерге көбірек әсерленді? Абайдың достығы, мейірбанды жүрегі, махаббатығы, сүйініш-күйініші — бәрі өзгеше».

Абай өз заманынан озық туса да жапа-жалғыз тіршілік еткен жоқ. Дүние жүзінде әдебиет пен мәдениет күрт өркендеген кезеңде өмір сүрді. Өзінің оқып білуі арқылы сол тұстағы Еуропа мен Ресейдің небір ғұлама ойшылдары мен дарынды сөз иелерінің шығармаларынан сусындады. Өз топырағында не бір аты әйгілі болған жақсылармен, сөз қуған шешендермен, елге ес көсемдермен диалог болды. Олардың көбін кешегі кеңестік заманда Абай айналасында көрсетпек түгіл аттарын атауға да тыйым салынған-ды. Роман-хамсада соларды жөн-жосығымен толығырақ көрсетуге мол мүмкіндіктер бар еді.

Автордың абыройына қарай, роман-хамса бастан-аяқ жоғары көркемдік дәрежеде жазылып, қалың оқырман қауымның ойынан шықты, жаңа дәуірдегі әдебиетімізге сүбелі үлес болып қосылды.

Ілтифат-хат түрінде жазылған пролог пен роман-хамсаны түйіндеген эпилогтың арасында әрқайсысы жеке-жеке кітап түрінде ұсынылған бес бөлімнен тұратын бұл ілгері туынды ұлы Абайдың жарық дүниеге келген күнінен бастап бақиға аттанғанға дейінгі бүкіл өмірін қамтиды. Онда өзінен бұрынғы айтулы эпопеяның егініне түсіп еркінсу де, онымен бой теңестіремін деп тыраштық білдірген әдепсіздік те жоқ, өз тынысы мен өз әуені өзінде дара туынды.

Енді ой көзін Абай дүниеге келген кездегі қазақ елінің тарихи жағдайына қарай бұрайық. XIX ғасырдың орта шені [2; 21]. Орыс патшасының бодандығына кіргелі ғасырдан астам уақыт өткен кез. Сол мерзімнің өн бойына дерлік қыр елдің ұзын арқан, кең тұсаумен алдарқатып ұстаған патшалық оны сыртқы жаудан аман сақтап, ішкі өміріне араласпайтын сыңай танытқанымен, бірте-бірте оның шекараларын айнала қоршай ірі-ірі қалаларын салып, тірек бекіністерін нығайтып алғанды. Сөйтіп оның ішкі өміріне тікелей араласып, әкімшілік билікті үкіметтің өз қолына алуына жол ашылған. Соның алғашқы шарасы ретінде қазақ жерінде хандық билік жойылып, әр өңірде шағын көлемді округтер құрылған. Олардың билік басына аға сұлтан деген алдамшы атақпен хан тұқымының бас көтерер пысық мырзалары тағайындалған да, олар түгелімен ішкі қалалардағы ояз бастықтарына бағындырылған.

Қазақ даласында патшалықтың ашық отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің алғашқы ұшқыны батыс өңірде сақталып қалған хан билігінің сарқынына қарсы XIX ғасырдың отызыншы жылдары Исатай-Махамбет қозғалысы арқылы тұтанса, сол өрт бірден-бірге жалғаса келіп, қыркыншы жылдардың орта кезінде Арқадағы Кенесарының қайсар қарсылығына ұласқаны белгілі. Бірақ ержүрек батыр қаншама қайрат көрсетсе де, патшалықтың от қарумен жасалған жүйелі әскеріне төтеп бере алмай, оңтүстік өлкелерге қарай жылыстыруға мәжбүр болған.

Роман-хамсаның ұзақ сонар оқиғалары маң далада уақытша тіккен шатырын жығып, Арқадан ауғалы тұрғанда айтқан Кенесарының қоштасу сөзімен ашылады.

— *Уа, кір жуып, кіндік кескен туған елім! Сарыарқа сары белім! Абылай атам ту тіккен, алты Алашқа кең жазира қоныс болған алтын босағам... Кер миықтым кеңестен, кертторы атым жүрістен қалып барады. Жасанған жаудан емес, жағадан алған өз иттерімнен жеңіліп, мен кетіп барамын. Қош-қош, енді айналып келгенше. Жеңсек — қазы, өлсек — шейітпіз. Шашылған күлің мен жапырылған шалғының кейінгі өсіп-өнетін ұрпағыма көрінсін. Боз інгенім ботасынан, боздауық бура жетесінен қалып бара жатса да, үйелменім аман болсын! Абылайдай атағы жер жаратын ұл тұсын Сарыарқамда. Сол бастасын халқымды салқар ұлы көшке. Есіңде сақта осы сөзімді, қайран ел-жұртым, қазағым! Мен кетпеспін біржолата. Тірі болсам өзім, өлсем аруағым қайтып кеп қалар. Қош-қош енді...* [2; 22].

Осыдан сәл ғана бұрынырақ Кенесары ел тағдырын ойлап қамығып отырғанда, өзін-өзі жұбату үшін болса да және бір ауыз сөз айтып еді: «Халық қасиетін жоймау үшін дана тууы керек», — деген ол. Жаңағы қоштасу сөзінде сол ойын жаңғырта қайталап айтқан.

Жаратқанның ісіне адам пенде шек келтіріп бола ма? Тәңірінің немесе бір тылсым табиғат құбылыстарының ішкі сырларында әлдеқандай таң-ғажайып сабақтастық байланыстар болатынына адам ақылының болжамы жете алмай жатса, оған не айтуға болар еді?

Хан Кененің жаңағы бір таусылып тұрып тәуба қылғандай көрегендік сөзі айна-қатесіз дәл келгендей екен. Дәл сол күні, Кенесарының қалың қолы қазақ даласының төскейінен төмен қарай жылжыған сәтте, Құнанбайдың екінші бәйбішесі Ұлжан ана қатты толғатып, үш күн, үш түн қиналғаннай кейін, шекесі торсықтай бір ұл туыпты. Қазақтың мандайына біткен болашақ данагөйі ұлы Абай дүниеге осылай келген екен.

Роман-хамсада Абайдың нәресте сәби күнінен бастап, ес кіріп есейген жасөспірім кезіне дейінгі балғын балалық шағы соншалықты сүйкімді де тосын мінез-қылық ерекшеліктерімен, ешбір әсірелеусіз, ғажайып ертегі, аңыздарда кездесетіндей алып-қашпа қоспарларсыз, мамыражай маңғаз көңілдің ұстамды тілектестігімен әсерлі етіп баяндалады.

Міне, ол қырқынан шығар-шықпас шарана күйінде, тал бесікте үстіне төне еңкейген ананың ақ омырауын мейірлене еміп жатып, сол бір жылы жүзді кісінің бет-ажарынан көз айырмай, қас қақпай, қадала қарайды. Әлгі тәтті сусыннан ауық-ауық өзі татырмаса, бұл қыңқ деп дыбыс білдірмейді. Қасында анасы жоқ болса, жоғарыда шаңырақтан дөңгелектеніп көрінген көк аспанға немесе киіз үйдің жабығынан түскен жарық сәулеге қарап, тағы да тып-тыныш жатады.

Сегіз айдан аса бергенде ол бесіктен шығып, құйрығынан отырған кезде өз аяғынан тұратын болыпты. Бірақ ілгері қарай еңкейіп еңбектемепті. Бір халықтың болашақ данышпанын тағдыр жер бауырлап жорғалатқысы келмеген болар, ол бесігіне сүйеніп тік түрегелген бойда қаз басып ілгері қарай аттап кеткен дейді. Тілі жаңағыдай аяқтағаннан едәуір кешеуілдеп шыққан сияқты. Сондағы тағы бір оқшау мінезі — ол үйге келген адамның бет-жүзіне көз тоқтата қадалып, ұзақ уақыт қарайды екен [2; 23].

Осыдан секем алған анасы Ұлжан бір күні оны Зере енесіне сыр қылып айтады ғой. Сонда өмірден түйгені көп ақылды қария бұл құбылысты өзінше түсіндіреді. Немересінің ақыл-есі кермей тұрғанда кісіге әуелі екі көзін тоқтатып алып қарайтын әдетін ол да байқап жүреді екен. «Мыйға қонатын ақыл ішке сәулемен, көз арқылы енеді. Сәуле — ақылдың азығы. Баланың есі кіре бастағаннан жыламайтыны, кісі жатырқамайтыны да содан, күнім!».

Соңғы кездері бала мінезінің бәрінен де күштірек таңырқатып жүрген тағы бір қылығы бар. Ол — кешкісін ауыл шетінен қып-қызыл боп туатын дөңгелек ай. Күндіз жоқ еді, жер шегінде кетпей қонақтап тұрып алған бұл не қылған жұмбақ шар. Өзі мұны «кел-кел» деп өзіне шақырғандай бола ма, қалай?

Толған айды бар ғажайып сәнімен тұңғыш көріп тұрған әсершіл сәби кішкентай саусақтарын көкжиекке созып:

« – Апа... әпе... әпе... », — дыбыс білдіреді. Соны әркім әрсаққа жүгіртіп, өздерінше жорамалдап жатқанда, анасы былай деп тоқтау айтады:

«Толған ай — баланың көңіліне орнаған тұңғыш жұмбағы. Аманат жаны аман болса, оны да түбі өзі шешеді» [2; 24].

Абайдың тілі әбден шыққаннан кейінгі кейбір қылықтары таң-тамаша. Ес білгелі кісіден жатырқамайтын үйірсек жас, сырттан келген адамдардың бет-ажарына көз кідіртіп қадала қарайтын мінезі өз алдына болғанда, сол кісілердің аузынан шыққан сөздерді қалт жібермей, есінде сақтап қалады екен. Сон соң кісі кеткеннен кейін бір сөзін қалдырмастан, түп-түгел қайталап бере алады екен [2; 25].

Осыдан Абайдың бала кезіндегі естілігін аңғаруға болады. Сол естілікті Абай, өзінің он тоғызыншы қара сөзінде былай деген екен. Қазақта мақал бар: «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың».

Абайдың атасы Өскенбай Ырғызбайұлы (1773–1850) тобықты руының атақты биі болған. Өскенбай заманы тәуелсіз Қазақ хандығы мен Ресей империясының отаршылдық заманында өмір сүрген. Құнанбай әкесі Өскенбайға 1851 ж. ас бергенде 6 жасар Абай әжесімен бірге сол асқа барған еді. Бала Абай жастайынан атасы Өскенбай заманын, онда болып өткен түрлі оқиғалар мен ру таласын, саяси-әлеуметтік мәселелерді сезініп өссе, олар жайлы тарихи әңгімелерді ел аузынан естіп, көкірегіне түйіп өсті. Өйткені ол заман әлі де болса қазақтың көшпелі өмірі мен әдет-ғұрпын, ұлттық салт-санасы, дүниетанымы сол қаз-қалпында сақталып, өзгеріссіз тұрған кезең еді [1; 1].

Осындай ерекше зерек зейін-зердесі арқасында ол бес жасында ауыл молдасының алдынан дәріс алып, тез арада хадим әліппесін игереді. Көп ұзамай Құранға түседі. Оның сыртында «Бозжігіт», «Құламерген мен Жоямерген» сияқты ертегі-хиссаларды да зуылдатып оқи беретін болады.

Бұл жасөспірім баланың сегізден тоғызға қараған шағы еді. Бір күні оған пейілі түсіп отырған әкесі қасына шақырып алып:

– Балам, сені алдағы жаз оқуға апарам, — дейді. Содан кейін сәл кідіріңкіреп, толғанып отырып сөзін жалғастырады: — Ендігі жерде білекті емес, білімді алатын заман келе жатыр. Сен Семей шаһарындағы үлкен мешіт қасынан ашылған Ахмет-Риза хазіреттің медресінен оқып білім аласың.

Әке сөзі екі болмайды. Келесі жылдың жазында Құнекең Абайды Семей қаласындағы медресеге алып барып, оның хазіретіне өз қолынан тапсырған. Кетіп бара жатқанда әке өсиеті мынадай еді:

– *Балам он қой жарысса біреуі озып келеді, ол емес жүйріктік. Қатарыңнан жарысып озба, бойыңнан өнер шығарып оз. Өнбейтін нәрселерге ұмтыламын деп, отыңды өшіріп алып жүрме* [2; 25, 26].

Дүние жүзіндегі ең бір шытырман, ең бір қиын, мағынасыз оқу — діни сабақтар жүретін медреседе Абай да оңай азап тартқан жоқ. Мағынасы жат діни кітаптардың әрбір харпіне шұқшиып, жаттап алуға мәжбүр болды, медреседе ересек адамдар да оқушы еді. Олар да құранның түсініксіз сөздерін жаттап, ораза тұтып, намаз оқығаннан басқа өмірге жуысатын пайдалы ілім ала алмаушы еді. Бар әңгімелері діни ереже болатын осындай ойсыз ортада жүрсе де, жас Абай олардың ауқымында, ықпалында қалып қоймады. Ислам дінінің кертартпа қағидалары оны қанағаттандыра алмады. Өмір үшін туған Абай сол діннің күнгірт дүниесінде адасып қалмай, сәулемі, нұрлы дүниеге қарай талпынды. Поэзияға ерте әуестенді.

Әрине, медреседе жүрген шәкірт Абайдың алғашқы өлендері, әсіресе тіл жағынан шұбарлау, халық тұрмысынан жырақтау еді. Кейінгі өте нәрлі, татымды піскен поэзиясына келе алған жоқ-ты [3; 8, 9].

Медреседе хазірет Абайдың құран мағынасын еркін шығаратын сауаттылығын ескеріп, оны өзінен көп үлкен ересек балалардың тобына қосып қойды. Ондағы сабақ беретін молдалар — Сүлеймен қалпе, Шәріпжан қалпе, Әлкембай хажы сияқты өңдері салқын болғанмен, үндері құлаққа жағымды, дүние ісі мен сөзінен мол хабардар ғұлама адамдар болады. Олар араб, парсы тілдерінен дәріс береді. Одан басқа тарих, жағрапия, есеп сабақтары оқылады екен.

Солардың ішінде Абайды ерекше баурап әкеткені жаңағы аталған қалпелер жүргізетін араб, парсы тілдерінің сабағында айтылатын өлең-жырлар: тілге жеңіл ғазелдер, қысқа шумақты рубаяттар, ұзақ-ұзақ айтылатын ғашықтық жырлары. Абай алғашында оларды өзінен өзі туған, Құран сияқты көктен түскен дайын дүниелер деп есептейді. Сөйтсе оларды Науаи, Сағди, Фирдоуси, Жәми, Руми, Хафиз, Хайям сынды ақын, шайырлар шығарған екен.

Бір күні хазірет Абайды қасына шақырып алып, өз үйіне ертіп барады. «Келешекте ғалым болатын балаңыз осы ғой, молда? Өз үйің бұл», — деп жайдары жүзбен қарсы алған абызтай апасынан қысылыңқырап, сыпайылық сақтап тұрған жігіттің көңілін бөлейін дегендей, хазірет әуелі шәкіртінің әкесі туралы сөз бастайды.

– Құнанжан екеуміз бір жылдың төліміз. Қара қазақта өзінің тұрғыласынан сенің әкеңнің алдына шығар тірі пенде жоқ. Тек Құдай бойына қуат, жанына саушылық берсін. Алда тұрған көп ықылым замандарға кетеді оның ғибратты істері», — деп алады да, хазірет өзінің негізгі айтпақ ойына көшеді.

– Тауарихтан айтсақ та, дала тіршілігін таратып сөз етсек те, әуелі ғылымға, даналардың ғаделет заһиріне көбірек үңілеміз... Бай бол, бағылан бол, — бір ғылымнан басқаның бәрі кесеп, асылық етеді. Бір күнде қапысын тауып, алдан тосады. Сонда да һаммаға харекет беретін бір Алла тағаламның хикметі ғой.

Сөзің ерте піскен зерек ойыңнан кәмелет — ғазаматтық таныдым мен, Ибраһим. Пайғамбардың хадис-шарифінде айтылған ол, «зеректік — ерте есеюдің белгісі » деп...» [2; 27, 28].

Роман-хамсада Шоқанмен Абайдың алғаш кездесуі жасы сегізден тоғызға аса бергенде, өзінің айтуы бойынша, ақыл-есі кірген кезде, Құнанбай ауылында болған еді. Ат аяғы жетер жердегі игі жақсылардың біразы бас қосқан үлкен жиынға Шыңғыс Омбыдағы оқуын бітіріп, генерал-губернатордың карамағында қызмет істеп жүрген баласы Шоқанды ерте келген. Сонда ол ауыл молдасынан сабақ алып, хат танып қалған бала Абайды ұнатып қалып, бойына үйір еткен. Оған өзі білетін біраз хиссалардан жатқа үзінділер айтқызып, өте риза болған. Оның келер жаз Семейге барып оқитынын естігенде, соған шын ниетімен қуанып, ағалық тілектестігін білдірген.

Келесі жылы қызмет бабымен Гасфортқа еріп Семейге барған сапары кезінде, қасында Достоевский бар Шоқан Ахмет-Риза медресесіне шәкірт Абаймен екінші рет кездесті. Өзін алғаш көргеннен бері бір бүйірінен шықпай қойғанын айтып:

– Қалай оқуың көп пе, әлде тоқуың көп пе? — деп сұрағанда, Абай іркілместен:

– Сол екеуі де аздық етпесе, көптік қылмас деп ойлаймын, Шоқан аға, — деп ұшқыр жауап беретіні бар.

Сонда Шоқан оның қолынан алып, салалы ұзын саусақтарына сүйсіне қарап тұрып:

– Аздық етеді, бауырым! — дейді. Мұндағы оқуының үстіне орыстың оқуын қоса оқуға кеңес береді. Жарты әлемнің сонда тұрғанын айтады. Және соған Абайдың өз аузынан уәдесін алып кетеді [2; 29, 30].

Медреседе бес жыл болған Абай сол жылдардың соңғы кезінде, бір жағынан, Семейдегі орыс мектебіне түсіп оқиды. Медресенің діни қаталдығы оны қаймықтыра алмайды. Бұл Ресей

патшалығына бағынған қазақ халқы орыс мәдениетінің дәмін толық тата бастаған, орыс тілін білу үлкен өнер саналған кез еді. Абай өз заманының жаңа оянған тілегіне орай, ерен талпынушылардың бірі болды. Бірақ Абай сол орыс мектебінде үш-ақ ай оқыды. Оны ел билеу ісіне араластырмақ боп, әкесі ауылға алып кетеді.

Құнанбай ол кезде қаншама дәуірлеп тұрса да, қарсылыққа көп ұшырап, бар күнін тартыспен өткізген еді. Қарапайым халықтың ішінен бас көтере бастаған адамдар болып еді. Соны сезген, содан қаймыққан Құнанбай ең алдымен балаларына арқа тірмек болады. Әрқайсысына әр тайпаны, әр руды басқартып, күллі өлкені шеңгелінде ұстай беруге күш салады. Сол балаларының ішінде Абайдың өрен алғыр, тапқыш, шалымды екенін кәміл аңғарған Құнанбай оған ерекше зер салады, өзінің төл мұрагері еткісі келеді [3].

Құнанбайдың ертеден және аға сұлтан болып сайланған дәуірден басталатын қызметтері жайлы да марағат қорынан бірнеше құжаттар табылды. Құнанбай мен Бөжей екеуі бірігіп, 1840 ж. шекара начальнигі Михаил Васильевич Ладыженскийге жазған арызынан олардың 1831 жылдан бастан-ақ ел басқару ісіне араласып, Ресей өкіметімен қарым-қатынаста болғандығын аңғартады.

«1831 жылы Қарқаралы округі құрамына ендік. Келесі жылдан бастап-ақ, елдің тандаулы адамдарын ұйымдастыра отырып, қара бұқараға ықпал жүргізіп, алым-салық жинап өткізу ісін жүзеге асырдық. Әр уақытта оларды жоғары ұлықтарға бағынуға, оларды тыңдауға үйретіп отырдық. Өткен үш жыл ішінде бүлікшіл сұлтан Кенесары Қасымовтың және оның сыбайластарының әрекеті кезінде біздің ел қазақтары оларға ешқандай көмек көрсетпеді және оларға қатыспады. Біз бұған ресей еліне беріле қызмет ету нәтижесінде жеттік. Ресей өкіметінің ішкі қарсылас жауларына сақтықпен қарап отырдық» — деп айта келіп, осы еңбегімізді бағалап, наградаға ұсынсаңыздар деп өтініш жасайды (18 декабрь 1839 ж.) [4; 103, 104].

Құнанбай — ауыл басқарған старшина, болысты басқарған управитель, округті басқарған аға сұлтан. Жер дауы, барымта, жесір дауы, ел билігі, сауда ісі, егін шаруасы, оқу ісі сияқты шешуі қиын түйінді мәселелердің бәрінің қиындығы мен азабын басынан кешірген феодалдық қоғамның өкілі. Әкімшілік басқару ісінде патша өкіметінің шенеуніктеріне үнемі арқа тіреп, солардың жәрдем-қолдауымен жүріп отырған. Ел басқару оңайлыққа түскен жоқ. Оның аталас қарсылас жаулары үнемі оған қарсы шығып, арыз үстіне арыздар жазып, талай рет тергетіпті де. Құнанбай тартып алған жерлерін, айдап алған малдарын төлетіп қайтарып алған кездер аз болмаған. Құнанбайды інісі Майбасар, баласы Құдайберді мен басқа да аға-іні туыстарын сабап жарақат түсірген қарсыластары әр уақытта табылып отырған. Бүкіл тобықты елінің болыстары мен билері әскери губернаторға арыз жазып, Құнанбай мен Майбасарды қызметінен түсіріп, түрмеге қаматып тексерген істері әлденеше том болған. Ол бірде жеңіп, бірде жеңіліп өмірін арпалыста өткізген. Құнанбай қызметіндегі бір көрініс беретін ісі — оның оқу-ағарту жұмысына мән бере қарауы.

Құнанбай дінді мықтап ұстанып өткен адам. Діни оқуды, сонымен қоса орыс оқуын да үйрету ісіне өз тарапынан кейбір жұмыстар жасағаны байқалады. 1845 жылғы январь айындағы арызында Құнанбай шекара басқармасынан қазақ балаларына және өз балаларына азиатша, орысша тіл үйретіп, білім беру үшін аулымнан училище ашамын. Балаларды оқыту үшін қазақша-орысша сөйлей алатын, жаза білетін бір орыс мұғалімін жіберуді сұраймын деп жазады [4; 106, 107].

Академик Мұхтар Әуезов: «Шынайы күрделі, қиын қақтығыстар тұсында ғана адам сезімінің, талайының, талабының, мінездерінің, тағдырдың, барының түгел ашылып, тартыс қатал айқасқа айналады. Осындай ғана қақтығыстар барлық повесть, роман, драма атаулының ең сенімді қаңқасын, арқа сүйер тұлғасын тұрғызады», — деп жазды.

Ендеше, ең үздік, шебер жасалған адам образын алдымен қою тартысқа құрылған қалың оқиғадан іздеуіміз абзал. Осыдан келіп сюжет пен характердің өзара байланысы туады.

Жазушы, әуезовтанушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың айтуы бойынша: «Негізі «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкер Абай мен кейіпкер Құнанбайдың өмірі бір басқа да, тарихтағы Абай Құнанбайұлы мен Құнанбай Өскенбайұлының жеке өмірі бір басқа. Романды оқып отырып «егер, Құнанбай бөгет болмаса, Абай көксеген арманына жететін еді», деп ойлайсың. Бірақ бұл өмірлік те, тарихи да шындық емес. Абай, өзге балаларына қарағанда, еркін өссе де, әкесі орнатқан тәртіпке бағынған. Олар бір-бірімен өштесіп өмір сүрмеген. Абай сынды адам Құнанбайдай әкеге қарсы шыға ма? Мұндай қылық біздің ұлттық қасиетімізде жоқ. Бірақ Әуезов әке мен бала арасындағы тартысқа саналы түрде барған. Өзінің «Абай жолын» ақтап алу туралы мақалаларында: «Мен өзімнің романиімде әке мен бала арасындағы қақтығысты негізгі тартыс етіп алдым. Абай — жаңа заман, Құнанбай — ескі заман. Екі заман тартысын әке мен баланың тартысы арқылы суреттедім», — дейді.

Бұл орайда жазушыны кінәлаудың реті жоқ. Өйткені Кеңес үкіметінің ол тұстағы идеологиясы сондай еді.

«Абай жолы» эпопеясы кейіпкердің, яғни шәкірт Абайдың, мүшел жасқа толар-толмас, небәрі он үштегі кезінен басталады. Елге асығып, оны сағынған жас жеткіншек Қодар-Қамқа трагедиясына тап болып, әке қатыгездігінен қатты түршігеді. Міне, осы тұстан Абай әке озбырлығы мен өктемдігін көріп, жамандықтан жиренеді, жақсылықты мұрат тұтып, өмірге көзқарасы қалыптаса бастайды [5].

Сол трагедияға қысқаша тоқталайық. Мұхтар Әуезовтің «Абай» романында Құнанбайдың ел шетінде отырған Қодар есімді батыршалыс жігітті келінімен қоса түйеге асып өлтірген қатал үкіммен басталатын оқиға бар. Бұл оқиғаны жазушы тартыс үшін әрі бояуын қалыңдатып, әрі шын мәніндегі болған оқиғаны роман желісіне орай сәл өзгертіп, иіп келтіріп алғаны рас. Шындығына келсек, Қодар баласы өлген соң әлде күйіктен, әлде басқа бір жағдайдан, бұл арасы зерттеушіге беймәлім, өзінің туған келінімен жақындасып қояды. Үлкен бір жиында бөтен рудың биі Құнанбайдың алдына дәл осы оқиғаны кесе көлденең тартып: «Елінде дінді бұзған, салтты аттаған адам бар», — деп бетіне басады. Құнанбай тосылып қалады. Елге оралған соң Қодар қонысына сенімді шауыпкелін аттандырып «біліп келші, әлгі бидің сөзі рас па екен», — дейді. Шауыпкелі «Рас екен», — деп келеді. Содан Құнанбай қаһарға мініп, ашу, ыза, жын, шайтанын шақырып, әр рудың ақсақалын соңына ілестіріп барып, «діннен безген тентекке өлім жазасын бұйыртқаны» сол болатын. Тарихи боямасыз шындық осы [6].

Жазушы, әуезовтанушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Айқын» газетіндегі сұхбатында бұл туралы былай дейді:

Мұхтар Әуезов күнделігінде: «Абайдың «Қодар мен Қамқа» оқиғасын естуі мүмкін», — деп жазады. Ол «Қодар мен Қамқа» оқиғасының «тонын теріс айналдырып беру» арқылы Абайдың кіршіксіз мінезін айқындай түскен. «Қодар мен Қамқа» оқиғасы Абай тұлғасы үшін қызмет етіп, оның бүкіл дүниежүзі сүйінетіндей жағымды, адамгершілік қасиетін беріп тұр емес пе?!

Бұл оқиға Абай өмір сүрген кезеңде болмағанымен, сол қоғамда болған. Атасы мен келінінің арасындағы зинаны тыю үшін Құнанбай дала заңына сүйене отырып, оларды қоғамнан аластау туралы үкім шығарады. Екеуін дарға асып, болашақта басына жастардың келуі мүмкін деп қауіптеніп, опасыз оқиғадан ескерткіш қалмау үшін денелерін қара жерге де бермей, өртеп жіберген. Бірақ романда Қодар жазықсыз кедей ретінде суреттеліп, күнәсіз жандарды Құнанбай жер үшін өлімге қиған болып, өмірлік шындық көркемдік шындыққа айналып кете береді [7].

Рамазан Токтаровтың романында Абайдың бойында адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына Ұлжан анасы мен Зере әжесінің берген тәлім-тәрбиесі зор екені байқалады. Соның бір көрінісі ретінде мына оқиғаны келтіруге болады:

Абай жас ортасына қарай келіп, кемелденген шағында мына бір жәйтті еске алып, күліп отырады екен:

— Менің ақыл-есім сегізден тоғызға қараған күнгі бір таң қараңғысында, үй-ішімізбен көк арба үстінде кетіп бара жатқанымызда кірді, — дейді екен.

Бұл оқиғаның мәнісі былай болады. Бала Абай, оның анасы Ұлжан, әжесімен емшектегі Оспан төртеуі бір көлікте отырып, көшке ілесіп келе жатқанда, жанағы өзі айтқан таң қараңғысы кезінде, бұлардың арбасы ауып, құлай жаздайтындай қатерге ұшырайды. Сөйтсе арбаның артқы бір тегершігінің мұрындығы түсіп қалып, доңғалағы бірге құлаған екен. Ересектер сол кедергіні жөндеп, көш ілгері жылжығанда, күн көзі едәуір көтеріліп, дала табиғаты мамыражай қалпына келіп тұрған бір шақта, арбада бейқам отырған Абайдың алдына бір нәрсе топ етіп құлап түседі. Кіп-кішкентай, жып-жылы, тірі жан иесі. Дір-дір етеді. Соны аңғарып үлгергенше, тағы бір нәрсе өзіне қарай оқтай атылып жақындай бере, зу етіп өте шығады. Бұл байқап қалады, құйрығы шолтаң еткен тұрымтай екен де, алғашқы құлаған нәрсе содан қашып, жан сақтаған торғай екен. Екі көзін бұдан айырмай, діріл қағып, тұла бойы қалт-құлт етеді. Бұл аяушылық білдіріп, соған қарай екі алақанын жайып, қолын соза берген.

— Тиме балам. Тұрымтайдан ығып, сені пана тұтты ғой, бейшара! — дейді осы оқиғаны көзімен бағып жатқан анасы. Сәл есін жиып, қатерден құтылған торғай сол кезде пыр етіп ұшып кетеді.

«Шамаң келгенше, әлсіз нашардың бәріне қорған бола жүр, балам!» — деген сол көш үстінде Ұлжан анасы. Осы сөз Абайдың азамат болып, өмірінің ел ісіне қызмет ете бастаған алғашқы кезеңінде ана өсиетіндей болып есінде қалып еді. Соның жемісіндей болып, жас жігіт, әке қызметінде жүргенде, әр түрлі дау-шарға араласып, төрелік айтқан кездеріндегі әділдігіне, жәбір көрген нашарларға болысқан жанашырлығына ұласқан. Бұл қасиеттері әсіресе Құдайберді ағасы қайтыс

болып, соның кандидаты ретінде болыс болған кезінде айқын танылып еді. Сондағы оның жанына батқаны ел ішіндегі атқамінер пысықтардың баспайдасын ойлап, бас араздықтың ырқымен іс етіп, халық арасында жік туғызғаны және солардың айтқанын істеп, бұқараға зорлық-зомбылық істеген патша ұлықтарының заңсыз қылықтары еді. Ол соған қарсы ашық наразылық танытқан [2; 34, 35].

Біздің пайымдауымызша, «Қодар мен Қамқа» оқиғасы Абайдың өмірге деген енді-енді қалыптаса бастаған көзқарасына үлкен әсер етті. Әкесінің шешімін түсінбеген ол, неге олай істеді? Оныкі дұрыс па? Жоқ па? деген сияқты сұрақтарға жауап іздей бастады.

Ұлы ақын Абайдың он үш жастан өмірінің соңғы күніне дейінгі өмір жолы аға сұлтандық билік жүйесінің соңы мен елді ала тайдай бүлдірген болыстық биліктің заманында өтіп жатты. Сондықтан да Құнанбайды терең танып білмейінше, Абайды жете танып білудің өзі қиынға соқпақ. Құнанбай Абайды он үш жасынан бастап ел билеу жұмысына баулып, ел өмірімен, халықтың тұрмыс-болмысымен мидай араластырып жібереді. Абай осы ортада ер жетіп, отбасы тәрбиесі мен халық өмірін танып-білу жолымен қалыптаса бастады.

Ел билеу жолындағы әкесінің тапсырмаларын орындай жүріп, елдің әдет-ғұрып, салт-санасы мен әңгімешіл қарттарымен сырласа жүріп, халқының рухани қазынасына қаныға түсті. Аты шыққан замандас ақындары Дулат, Шортанбай, Шөже, Балта, Тәттімбет, Қазақбай, Жанақ, Түбек, Біржан, тағы басқа ақындардың алдын көріп, Сарыбай ақынмен сыр шертіп сырласуы Абайдың әдеби ортасының алғашқы бастау көздеріне жатпақ. Осы ортада жүріп, өзінің тұңғыш ақындық талпынысы Абайдағы бойына біткен ақындық өнердің бүр жара бастаған кезеңін оның бозбала шағындағы экспромтты өлеңдері мен құрбыларымен сөз қағыстыру өнеріне төселе түскен қалпын танимыз. Медреседе оқыған жылдары мен әкесінің ел билеу жұмыстарымен айналысқан бозбала Абай жігіттік шағында шығыстық классик ақындарын оқып, ақындық рухани қазынасы да күн асқан сайын нәрленіп қорлана береді. Ауыл қарияларынан, ел ақсақалдарынан да әңгіме үстінде шешен, тапқыр сөйлеудің сырын танып, сөз өнерінің тыңдаушыға әсер ету қуатынан сабақ алып, көркем сөздің қоғамдық ойдағы алар орнына мән бере бастайды.

Бұлардың бәрі де Абай мұрасының рухани көздері немесе өзгеден алған рухани нәрлеріне жатады.

«Дүниені көздеп, ғылымды іздеп, Екі жаққа үңілдім», — дейтін Абайдың Шығыс пен Батыстан, яғни екі жақтан алған рухани бұйым белгілері де Абайдың әдеби ортасына жатады. Осы екі салаға қоса Абайдың қазақи қалпын танып білмейінше, кетпен тұяқ кемеңгер ақынның ұлттық, халықтық, ақындық өнер болмысындағы ерекшелігін танып біле алмаймыз. Өйткені Абайдың өзі күнделікті іздену үстінде нәр тартып, тікелей араласқан, танысып біліскен, шығармаларымен бала жастан қанығып, жаттап өскен әдеби ортасы абайтану саласында айрықша мәнге ие болмақ. Себебі Абайдың әдеби ортасы да өзіне нәр алған рухани қазына көздерінің біріне жатады. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Абай мен Қадырбайдың (Садырбайдың) кездесу кешіне аса мән беруі себепті: «...Екі күн, екі түн бойы әңгімеде Абай ылғи ғана Қадырбай көрген ақындар жайлы сұрастырған. Қадырбайда үлкен мінезділік, кеңдік бар. Сонысы ...осы кәрі ақын есіне алып отырған Садақта, Шүмекте, Барласта да бар сияқты. Қадырбай қасиеттерінің түбіне бойласақ, ақындық дарыған күш тегінде заманның қасіретін айтады екен. Абайдың жақсы көрген ақындарының бірі Барлас еді. Беріде Шөжені біледі, Балтаны көрді. Абай Қадырбайға ұстаз алдында алмаған азық алғанын айтты» (М.Әуезов Шығармалар 4-т., 176-б.), — деп Абай тербеліп өскен ақындық бесігі болған әдеби ортаның рухани әсерін анық аңғартады. Абай араласқан қазақи әдеби ортаның аумағы Түбек ақынның Алатауды жайлаған Сүйінбай, Жамбылдармен айтысып жүруі әдеби ортаның географиялық кең өрісін де айғақтап тұрады [1; 1, 2].

Роман-хамсада Шоқанның Абайға айтқан ақылы, білімге жол сілтеуі, бағыт беруі екеуінің әңгімелерінен айқын аңғарылады. Соның мысалы ретінде мына бір жайтты келтіруге болады:

Арада біраз жыл өткеннен кейін Абай Шоқанмен үшінші рет кездеседі. Шоқан Қашғар сапарына барып қайтқаннан кейін, тарихи-ғылыми тұрғыдан үлкен жаңалық ашып, атақ-даңқы дүрілдеп тұрған шағы. Енді елге қызмет етпек болып, билік үшін шарға түсіп жатқанда, Құнанбай Абайды Атбасарға ерте барған. Бұл оның жігіт жасына келіп, үйленген, әке болған кезі болатын.

Екеуі ескі достардай шұрқырасып көрісті. Он жас үлкендігі бар, оқығаны, көрген-білгені көп Шоқан ағасы болашағынан зор үміт күттірер інісіне кездескен бойда өзіне керек сұрақты бірден көлденең тартқан.

– Арманың, мақсұтың не алдыңа қойған?
– Көргенімді, сезгенімді ішіме тығып, жинап келемін. Солардан босанғым келеді, — дейді Абай.

– Алға қойған өмір жоспарың қандай? Кім болғың келеді? — деп тағы да тосынан қойылған сұраққа нақты жауап тауып үлгермеген інісі:

– Халқыма қадары-қал қызмет етсем деймін, — деп сәл мүдіріңкіреп тұрып: — Ептеп өлең жазамын, Шоқан аға, — дегенде, ақ тілеулі ағасы жан дүниесімен елең етіп: — Бәлі, әкел қолыңды, інішегім! Бірден осыдан бастауың керек еді ғой! — дейді. Бұл талабын қатты қолдай келіп, өлеңді жазып шығарған дұрыс екенін алдымен ескертеді. Абайдың арғы ойынан дөп түскендей, орыстың ұлы ақындары Пушкин мен Лермонтовты үлгі қылып ұсынады. «Ақ қағазға түскен сөз маржаны ғана адамды мәңгілікпен тілдестіреді» деген бір шындықты санасына ұғындырып айтады.

Рамазан Токтаровтың «Абайдың жұмбағындағы» Абай өмірі — ғажап өмір. Бесікте әнмен әлдиленген ол көшпелі елде, әр түрлі рулардың салтында әсершіл боп өседі. «Бахаббат пен ғадауатқа» ерте қанығады. Тіршіліктің шұғылалы жағымен көлеңке жағын түгел таниды. Бармағынан бал тамған өнерпаздарға қызыкса, қарапайым жандардың ішкі сұлулығына сүйсінсе, үй ішіндік, рулық, таптық шәркездіктерге жауап іздеуге тиісті болады.

Міне, осынау аса ауқымды міндеттерді шешу үшін Абайдың дүниені тануына аса мән бердік. Себебі Абайдың өмірге деген көзқарасы оның дүниені тануы арқылы қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Мырзаахметұлы М.* Абай. — 2010. — 2 қазан.
- 2 Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. — Алматы: Арда, 2009. — 392 б.
- 3 *Әлімқұлов Т.* Жұмбақ жан. Зерттеулер мен мақалалар. — Қайта бас. — Алматы: Жазушы, 1978. — 9, 10-б.
- 4 *Бейсенбаев М.* Абай және оның заманы (Абай ізімен): Әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. — Алматы: Жазушы, 1988. — 136 б.
- 5 *Хамзин М.* Қазіргі қазақ романы: Оқулық. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. — 40-б.
- 6 *Досжан Д.* Абай айнасы. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 23, 24-б.
- 7 Айқын: Респ. қоғам.-саяси газет. — 2012. — 21 шілде.

К.С.Қалыбекова, К.М.Хамзина

О романе Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы»

В статье проанализирован роман Р.Токтарова «Абайдың жұмбағы». Кратко изложены творческий путь писателя, его позиция по теме произведения. Рассмотрены структура романа, характер и поступки его героев на фоне эпохи, когда жил и творил великий Абай. Авторы статьи подчеркивают, что мудрость Абая, сквозившая в каждой строке его произведений, была загадкой для современников поэта, не можем мы ее разгадать и сегодня.

K.S.Kalybekova, K.M.Khamzina

About Ramazan Toktarov's novel «Riddle of Abay»

In this article the conflict and character in Ramazan Toktarov's novel «Riddle of Abay», first of all in concerning of an era of accommodation of Abay, was considered. It is shortly told about a career of R. Toktarov, thematic, art character of the novels published in different years. And the most important — special attention is paid to the place taken by the novel «Riddle of Abay» among other works. Having considered structure and system of heroes, character and the conflict, etc. in the novel «Riddle of Abay», an author's position, execution of the main idea, wisdom of Abay and its transformation into a riddle for the public, and also other problems were considered by means of author's artistic methods.

References

- 1 Myrzaakhmetuly M. Abay, 2010, November, 2.
- 2 *Tradition of Abay and modern Kazakh literature*, Almaty: Arda, 2009, 392 p.
- 3 Alimkulov T. *Mysterious soul. Researches and articles, re-edition*, Almaty: Zhazushy, 1978, p. 9, 10.
- 4 Beysenbayev M. *Abay and his epoch (following Abay). Literal-critical articles and new facts*, Almaty: Zhazushy, 1988, 136 p.
- 5 Khamzin M. *Modern Kazakh novel: Manual*, Karaganda: KSU publ., 2001, p. 40.
- 6 Doszhan D. *Reflection of Abay*, Almaty: Kazakhstan, 1994, p. 23, 24.
- 7 *Ақын*. Republican public-social newspaper, 2012, July, 21.

УДК 070

В.Т.Абишева

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: vera.abisheva@mail.ru)*

Концепция толерантности как норма в системе отечественной журналистики

В статье отмечено, что в процессе развития информационного общества вопросы толерантности приобретают всё большую значимость. В условиях многоязычия, поликультурности и полиментальности населения Республики Казахстан проблема чрезвычайно актуальна для отечественной журналистики. В то же время, подчеркивает автор, критерии толерантной и интолерантной информации неодинаково проявляются в разных по формату масс-медиа. Результат деятельности журналиста, распространение тенденций, принципов и норм культуры толерантности может быть оценен на основе анализа его произведения.

Ключевые слова: профессиональная культура, речевая агрессия, средства массовой информации, толерантность.

Толерантность и солидарность, как духовные ориентиры, издревле были базовыми принципами Великой степи, наиболее существенными характеристиками казахского национального самосознания. Коллективизм, наряду с такими непреходящими гуманистическими ценностями, как добро, человечность, справедливость, позволял выстоять в довольно суровых условиях жизни. Наша республика сумела стать примером подлинной толерантности, стабильности и согласия для всех постсоветских государств. Именно эти качества народа являются основой в полиэтническом обществе. В то время как некоторые наши соседи по СНГ столкнулись с межнациональной враждой, нетерпимостью и вытекающими отсюда печальными последствиями, унаследованная из культурно-этических традиций казахов терпимость в духовной сфере обернулась огромным преимуществом в современном мире.

Сегодняшний Казахстан — это уникальная модель добрососедского, мирного, конструктивного взаимодействия культур и религий народов, проживающих на его территории. Является очевидным, что для нашего государства характерен широкий спектр национальных традиций, вероисповеданий. Важной задачей казахстанской политики является не только сохранение и укрепление межэтнического согласия, мира среди многонационального населения, но и упрочение религиозной толерантности, межконфессионального взаимопонимания. Лишь одно из подтверждений этого — религиозные праздники Курбан-айт и Рождество Христово объявлены в республике выходными днями. По инициативе Президента Казахстана Н.А. Назарбаева в Астане проводятся съезды лидеров мировых религий. В эпоху глобализации понятие «толерантность» свидетельствует о многомерности и многообразии мира.

Несмотря на актуальность темы, на многообразие публикаций, отечественные и зарубежные теоретики и практики не сформировали единого мнения о феномене толерантности. Разные люди, представители разных профессий, социальных групп, научных школ вкладывают в него свой смысл. В медицине этот термин буквально означает «выносливость», «способность без значительного ущерба для организма переносить боль и иные неблагоприятные факторы». Психологи используют его для обозначения способности понять другого человека, осмыслить ощущения других людей.

В этом случае толерантность раскрывается через представления о дружелюбии, спокойствии, мирной настроенности, как антипод агрессивности, злобности и раздражительности. Политологи рассматривают толерантность как способность человека, сообщества, государства слышать и уважать точки зрения других, невраждебно встречать мнение, отличное от своего. В обыденном представлении — это способность быть снисходительным к поступкам других людей, принимать иное мнение, быть устойчивым к конфликтам.

Современный словарь иностранных слов [1], Словарь иностранных слов [2], Большой энциклопедический словарь [3] и другие справочные издания трактуют понятие «толерантность» примерно одинаково: «терпимость к чужим мнениям, иного рода взглядам, снисходительность к кому-либо, чему-либо». В этих научных источниках основным является морально-нравственная установка человека на понимание другого, на согласование разнородных интересов, точек зрения, мировоззрений, верований, привычек, поведения без применения какого бы то ни было давления извне. Во многих культурах понятие «толерантность»: латинское — *tolerantia* — терпение; английское — *tolerance, toleration*; немецкое — *toleranz*; французское — *tolerance* — является своеобразным синонимом понятия «терпимость».

Очевидно, это толкование явления (терпимость) стало определяющим в статье «Освещение проблем толерантности в деятельности телеканала СТС», которую мы обнаружили на одном из Интернет-сайтов [4]. Ссылаясь на исследования известных учёных, аспирант одного из российских вузов излагает свою позицию: «Начиная разговор о таком сложном, противоречивом понятии, как «толерантность», следует отталкиваться от общих определений. Под «толерантностью» чаще всего подразумевают морально-нравственную установку на терпимость, снисходительность и понимание другого. Толерантный человек — это «человек, который с уважением относится к интересам, привычкам, верованиям других людей, стремится понять их и достичь взаимного согласия без применения насилия и давления» [5]. Многие не согласны с таким узким определением и пытаются смотреть глубже, рассматривая толерантность как «характеристику любых социальных структур — отдельного человека, социальной группы, общественного института или общества в целом — фиксирующую специфическую ориентацию на разрешение конфликтных ситуаций, возникающих в процессе взаимодействия с другими социальными структурами. Специфичность этой ориентации заключается в стремлении понять позицию другой стороны, объяснить ей свою позицию и в процессе диалога найти взаимоприемлемое компромиссное решение» [6]. Отталкиваясь от этих представлений, делаем вывод, что *в современной журналистике нет и не может быть понятия «толерантность»* (курсив наш. — В.А.), равно так же, как и не может быть терпимости и компромисса. Во-первых, терпимость — это смирение и всепрощение. Но всё ли нужно терпеть? В этом ли истинное назначение журналистики, которая привыкла обострять проблемы и обнажать конфликты? Эти процессы в большей или меньшей степени уже заложены в основе функций журналистики. Чтобы в этом убедиться, обратимся к полифункциональной системе журналистики, предложенной профессором Е. П. Прохоровым. Выделяя ряд функций, автор называет исходной функцией журналистики «коммуникативную – функцию общения, налаживания контакта» [7].

Мы позволили себе привести довольно обширное высказывание, чтобы показать, что, опираясь на серьёзные труды ведущих учёных, автор цитируемой статьи излагает, на наш взгляд, совершенно противоположную мнениям этих исследователей, собственную точку зрения по вопросу о толерантности. Другими словами, представлено умозаключение, основанное на софистическом способе рассуждений.

Сегодняшняя пресса, радио, телевидение, на самом деле, нередко предлагают адресату тексты, которые можно отнести к категории интолерантных на основе той или иной методики или вариантов диагностики: о проявлениях нетерпимости, насилия, национализма, экстремизма, терроризма, человеческой агрессии, отсутствия желания осмыслить. «В последнее время определяющим в выборе языковых средств оказался общий тон современных СМИ — очень часто иронический, скептический, насмешливый, а подчас издевательский, — отмечает Л.В. Рацибурская. — В результате газетно-журнальный язык приобрёл характер речевой агрессии» [8].

Известно, что агрессия речи, как правило, приводит к отчуждению, враждебности и непониманию между собеседниками, демонстрируя отсутствие профессионализма, низкий интеллектуальный уровень и, соответственно, низкую речевую культуру адресанта. Поэтому она недопустима в этическом отношении и неэффективна с коммуникативной точки зрения. Между тем, в настоящее время

имеется немало исследований, научных трудов, публикаций с практическими рекомендациями по преодолению агрессии слова.

Таким образом, представляя собой структурно сформированную совокупность норм и принципов, толерантность — это, отнюдь, не пассивная покорность мировоззрению, мнениям, взглядам и действиям других и вовсе не требование постоянного терпения несправедливого порядка и неконструктивных ограничений. Это активная нравственная позиция и психологическая готовность к СОучастию, СОтрудничеству, СОратничеству, в результате — к взаимопониманию между гражданами, различными социальными группами во имя позитивного взаимодействия с людьми иной культурной, национальной, религиозной или социальной среды.

В этой связи убедительна точка зрения профессора Е.П. Прохорова, который считает, что «толерантность — не равнодушие к иным», не притерпелость ко «всякому», не дозволенность «всего». Как свобода предполагает признание и творческое использование объективной необходимости на гуманистической основе, так и толерантные отношения допустимы и необходимы между органичными для общества социальными группами, представляющими их интересы общественными объединениями и вырабатываемыми ими идейными концепциями» [9].

В Казахстане толерантность является не только нормой политической культуры, но и одним из ключевых принципов построения демократического общества. Об этом, кроме других известных фактических измерений, свидетельствует анализ публикаций государственных средств массовой информации в республике.

Обретение статуса независимого государства, проведение в Республике Казахстан общественно-политических, экономических и социальных реформ способствовали появлению на информационном рынке разных и по направлениям, и по формату, и по материальному носителю, и по качеству средств массовой информации. В условиях многоязычия, поликультурности и полиментальности населения проблема толерантности чрезвычайно актуальна для отечественных масс-медиа. СМИ, бесспорно, влияют на формирование массового сознания. Будет ли в стране и её регионах согласие, стабильность, мир, в немалой степени зависит не только от умения журналиста правильно расставить приоритеты, ясно и доступно сформулировать мысль, но и от эффективности подачи материалов, от их результативности.

Следует подчеркнуть, что для казахстанской журналистики в целом присуще распространение в обществе тенденций, принципов и норм культуры толерантности. Примеров этого великое множество. В то же время в современном мире, представляющем собой разные социокультурные уклады, социально-политические условия, критерии толерантной и интолерантной информации неодинаково проявляются в разных по формату средствах массовой информации. Результат деятельности журналиста может быть исследован и оценен на основе анализа его произведения. Так, партии, фракции, политики в ряде популярных периодических изданий нередко предстают перед читателем в гиперболически-смешном виде: активисты нередко изображаются беспомощными, а деятельность их — бессмысленной: «*Гордые борцы за идею умудрились* установить красный флаг даже на высоковольтном столбе». Автор другого еженедельника так рассказывает о митинге коммунистов: «Руководство города, не мудрствуя лукаво, отказало в проведении сего мероприятия в парке Победы, *напнув* коммунистов в глухомань на танцплощадку, мол, *тусуйтесь* там со своими красными флагами, у нас другие цвета нынче в почёте. *Однако*, коммунисты... нашли себе пристанище не где-нибудь, а у несокрушимого (они так надеются) памятника В.И. Ленину».

Цивилизованные формы взаимоотношений людей, групп, партий, средств массовой информации, как конструктивная база толерантности, заключаются в смягчении, недопущении или, если возникла необходимость, в разрешении противоречий и конфликтов в общих интересах, учитывая коллективную ответственность. Один из пунктов этического кодекса журналистов гласит: «Журналист должен... сделать всё возможное для того, чтобы избежать даже невольного стимулирования дискриминации на основе политических или иных взглядов» [10; 173].

В текстах целого ряда популярных изданий, каналов, рассчитанных на массового читателя, слушателя, зрителя, так или иначе затрагивающих темы, находящиеся в проблемном поле толерантности-интолерантности, наблюдается определённая степень агрессии. Адресат вынужден сталкиваться в прессе, на радио, в телевизионных программах с образами «чужих», изображаемыми в негативном свете. Эксплуатируется стереотип «богатые», «олигархи», «финансовые воротилы», «собственники», от моральной нечистоплотности которых, по мнению и описанию авторов публикаций, страдает большое количество населения. Нередко таковыми предстают в прессе представители вла-

сти — крупные и мелкие чиновники: «В субботу чиновники областных департаментов и городских отделов вместе с учителями и студентами *махали* граблями и метлами на благо Караганды. Они, *не привыкшие к физическому труду*, раз в год показывают горожанам пример для подражания». Журналист словно ведёт с кем-то полемику, выражая сарказм, свои отрицательные эмоции, возможно, несогласие с действиями либо с поведением тех, о ком рассказывает.

Наблюдения показывают, что отдельные журналисты и фотографы ищут темы анекдотичные, сенсационные, объясняя тем, что именно такого рода сюжеты привлекут потенциального читателя, которого в популярной газете интересует не официоз, а материалы незаурядные, написанные к тому же доступным языком. Этим стремятся оправдать и сниженный стиль. «Держись, *старичё*», — так называется материал о результатах проверки «применения законодательства, направленного на защиту и поддержку прав и интересов инвалидов и тех, кто находится в домах престарелых». Из контекста понятно, что у автора благие помыслы — выступить в защиту конкретных пожилых людей, оказавшихся в бедственном положении, заступиться за тех, к кому проявлена несправедливость. Но слово («старичё» — разг.-сниж., прост., пренебр.) в заголовке и словосочетания «стариковские комнаты», «стариковские пенсии» не выполняют намеченных пишущим функций, а работают на обратный эффект в силу своей некорректности.

Во многих кодексах журналистской этики находим предупреждение: «Журналист должен избегать насмешек и иронического отношения к людям по признакам пола, возраста...» [10; 187].

Толерантность, как один из фундаментальных признаков цивилизованности, в применении к средствам массовой информации предполагает уважительное отношение к персонажам публикаций. Основой идейно-политической корректности должна быть осознанная толерантность, понимаемая как искусство компромисса, как терпимость к чужим мнениям и формам поведения. Толерантное сознание должно быть направлено на недопущение конфликтных ситуаций. Особенность этой направленности — в общей культуре, в желании и необходимости понять позицию другой стороны, объяснить ей свою точку зрения и в процессе диалога найти взаимоприемлемое компромиссное решение.

Многие исследователи языка и стиля средств массовой информации констатируют увеличивающуюся в последнее время субъективность в публицистическом дискурсе, что, разумеется, можно расценивать как одну из сторон этического диссонанса коммуникации. Другая его сторона — это несоблюдение основного постулата речевого общения — уважительного отношения к персонажу публикации. В то же время теоретически легко формулируемые идеи на практике, к сожалению, трудно осваиваются, в связи с чем на информационном рынке ещё появляются сомнительные материалы, отражающие стремление во что бы то ни стало, ради интересов учредителя либо владельца издания или канала, привлечь аудиторию, объясняя поступки наступлением эпохи «независимости» и «свободы». Это одна из причин, почему реальное состояние СМИ, менталитет и привычные формы деятельности сотрудников пока не в полной мере соотносятся с принципами внедрения идей толерантности. Актуальность вопроса увеличивается в условиях глобализации, когда в медиапространстве происходит формирование определённой информационно-коммуникативной культуры.

Поскольку журналист в силу своей профессии призван быть посредником между людьми, разьединёнными физическими, социальными границами, общественными системами, поколениями и эпохами, среди других качеств, ему, безусловно, должны быть присущи коммуникабельность, внутренняя культура и толерантность, тесно связанная с правами человека и являющаяся существенной частью демократического общества.

Толерантный журналист — это человек, который с уважением относится к многообразию культур, суждениям других людей, формам самовыражения и способам проявлений человеческой индивидуальности. *Не ограничивая свободу слова и оперативного распространения актуальной, объективной, достоверной информации, этико-коммуникативные нормы накладывают особую ответственность на деятельность представителя конкретного масс-медиа, который призван не замалчивать проблемы, а помогать созиданию стабильного общества.* Несмотря на всю прагматичность нашего времени, создатель СМИ должен не просто непредвзято и честно излагать факты, способствовать самоопределению общественного мнения, но и думать о последствиях своих выступлений, учитывая, что умение говорить на языке толерантности — это умение говорить с уважением к оппоненту.

Конструктивная база толерантности состоит в цивилизованных формах и духе взаимоотношений людей, групп, партий, этносов, средств массовой коммуникации, обеспечивающих смягчение,

недопущение или, при необходимости, разрешение противоречий и спорных ситуаций в интересах всех и, что немаловажно, их коллективную ответственность в достижении согласия. Следовательно, средства массовой информации должны способствовать распространению в обществе принципов и норм культуры толерантности, что в целом характерно для казахстанской журналистики. *О чём бы ни сообщали средства массовой информации, какие бы вопросы ни высвечивали, главной целью журналистских произведений является демонстрация высоких человеческих ценностей и социально полезных мотивов, проповедь добра и справедливости.*

Вызывает уважение конкретная, принципиальная позиция качественных отечественных средств массовой информации, выражающаяся в следующей концепции: на Земле будет меньше жестокости и ненависти, если люди будут искать и находить компромиссы, чаще произносить, читать и слышать позитивно оценочные тексты, видеть проявление примеров благородства на экране, совершать гуманные поступки.

В настоящее время толерантность как определяющий этический принцип социальных взаимоотношений — важное условие для оптимального действия механизмов саморегулирования, качество которых зависит от позиции адресанта. Мировым сообществом разработано множество этических кодексов, положений и других соответствующих документов, где декларируются нормы и принципы деятельности и поведения журналистов. В них предписывается, что, осознавая свой долг перед обществом, автор должен прилагать максимум усилий к тому, чтобы все противоречия и недопонимания, если они по каким-то причинам возникают между согражданами, разрешались мирно, в конструктивном диалоге и не приводили к конфликтам, чтобы журналистское произведение не нанесло ущерба миру и согласию в обществе.

Согласно первому пункту Кодекса этики журналиста Казахстана, разработанного по предложению Главы государства и принятого на совместном заседании правления Союза журналистов Казахстана и Клуба главных редакторов 30 октября 2012 г., журналист должен действовать в интересах профессии, свободы слова и информации, сохранения внутривластной стабильности, национальной информационной безопасности, межконфессионального и межэтнического согласия [11].

Принятый сообществом журналистов Кодекс ориентирован на укрепление ключевых профессионально-этических принципов казахстанской журналистики и является инструментом самодисциплины и морально-этическим ориентиром журналиста. Будучи значимой составляющей профессиональной культуры журналиста, толерантность может проявляться как внутреннее отношение адресанта к ситуации и как поступок.

На наш взгляд, необходимо рассматривать толерантность не просто как структурный элемент, а как существенный фактор, одну из центральных концепций в системе отечественных масс-медиа. Требование толерантности должно стать обязательным в повседневной практике всех средств массовой информации. В условиях свободы слова особенно важно, чтобы речевые действия, осуществляемые в сфере речевой коммуникации и в широко понимаемой сфере политики, соответствовали этическим и эстетическим требованиям, а также реализовывались с высокой степенью ответственности и профессионализма. Важнейшая задача средств массовой информации — помочь людям услышать друг друга.

Список литературы

- 1 Современный словарь иностранных слов. Около 20 000 слов. — СПб.: Дуэт, 1994. — С. 610.
- 2 Словарь иностранных слов. Около 10 000 слов. — СПб.: ООО «Виктория плюс», 2004. — С. 651.
- 3 Большой энциклопедический словарь: В 2 т. / Гл. ред. А.М. Прохоров. — М.: Сов. энцикл., 1991. — Т. 2. — С. 589.
- 4 [ЭР]. Режим доступа: <http://www.ipk.ru/index.php?id=2223>.
- 5 Дзялошинский И.М., Дзялошинская М.И. Российские СМИ: как создается образ врага. — М.: Московское бюро по правам человека: Academia, 2007. — 168 с.
- 6 Диагностика толерантности в средствах массовой информации / Под ред. В.К. Мальковой. — М.: ИЭА РАН, 2002. — 352 с.
- 7 Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики. Учеб. пособие для студентов вузов, обуч. по направлению и специальности «Журналистика». — М.: РИП-Холдинг, 1995. — 324 с.
- 8 Петрова Н.Е., Рацбургская Л.В. Язык современных СМИ: средства речевой агрессии: Учеб. пособие. — М.: Флинта: Наука, 2010. — 160 с.
- 9 Прохоров Е.П. Журналистика и демократия. — М.: Изд-во РИП-холдинг, 2001. — 296 с. / Ю.И.Пиголкин. — М.: ГЭОТАР-МЕД, 2004. — С. 119.
- 10 Правовые и этические нормы в журналистике / Сост. Е.П. Прохоров, Г.М. Пшеничный, В.М. Хруль. — М.: Аспект Пресс, 2006.
- 11 [ЭР]. Режим доступа: <http://inform.kz/rus/article/2506438>

В.Т.Абишева

Отандық журналистика жүйесінде толеранттылық тұжырымдамасы қалыпты норма ретінде

Ақпараттық қоғамды дамыту үрдісінде толеранттылық мәселесі үлкен маңызға ие болуда. Қазақстан Республикасында көптілді, көпмәдениетті, көпменталды халқы жағдайында аталған мәселе отандық журналистика үшін де өте өзекті. Сондай-ақ толеранттылық және өзгетолеранттылық ақпарат талабы масс-медианың форматтары бойынша біркелкі емес. Толеранттылық мәдениет нормалары мен қағидаларын, заңдылықтарды таратуда журналист қызметінің нәтижесі оның шығармаларына жасалған талдау негізінде бағалануы мүмкін.

V.T.Abisheva

The concept of tolerance as norm in system of domestic journalism

In development of information society questions of tolerance gain the increasing importance. In the conditions of multilingualism, polylevel of culture and polymentality of the population of Republic of Kazakhstan the problem is extremely actual for domestic journalism. At the same time criteria of tolerant and intolerantny information aren't equally shown in mass media, different in a format. The result of activity of the journalist, distribution of tendencies, the principles and norms of culture of tolerance can be estimated on the basis of the analysis of its work.

References

- 1 *Modern dictionary of foreign words*: Apprx. 20 000 words, Saint-Petersburg: Duet, 1994, p. 610.
- 2 *Dictionary of foreign words*. About 10 000 words, Saint Petersburg: JSC Viktoriya plus, 2004, p. 651.
- 3 *Big encyclopedic dictionary*, in 2 v., Hl. edit. A.M. Prokhorov, Moscow: Sov. entsyklopedia, 1991, 2, p. 589.
- 4 [ER]. Access mode: <http://www.ipk.ru/index.php?id=2223>.
- 5 Dzyaloshinsky I.M., Dzyaloshinskaya M.I. *Russian mass media: as the image of the enemy is created*, Moscow: The Moscow bureau on human rights; Academia, 2007, 168 p.
- 6 *Diagnostics of tolerance in mass media*, under the edit. of V.K. Malkova, Moscow: IEA Russian Academy of Sciences, 2002, 352 p.
- 7 Prokhorov E.P. *Introduction to the theory of journalism, the manual for students of the higher education institutions which are trained in the direction and the specialty «Journalism»*, Moscow: RIP-holding, 1995, 324 p.
- 8 Petrova N.E., Ratsibursky L.V. *Language of modern mass media: means of speech aggression*, manual, Moscow: Flint; Nauka, 2010, 160 p.
- 9 Prokhorov E.P. *Zhurnalistik and democracy*, Moscow: Publ. house RIP-holding, 2001, 296 p., Yu.I.Pigolkin, M.: GEOTAR-MED, 2004, p. 119.
- 10 *Legal and ethical standards in journalisms*, originators E.P. Prokhorov, G.M. Pshenichny, V.M. Hrul, Moscow: Aspect Press, 2006.
- 11 [ER]. Access mode: <http://inform.kz/rus/article/2506438>

Ю.А.Демьянова

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: ydemyanova@list.ru)*

Очеркист Жуковский: штрихи к речевому портрету

В статье рассмотрены особенности портретного очерка на примерах публикаций Петра Жуковского. Представлен обзор очерковых материалов, выделены особенности публицистического мастерства журналиста. Творчество каждого крупного публициста — это своеобразная школа мастерства для собратьев по перу, для начинающих журналистов. Социологический анализ личности, дополненный психологическим, безусловно, расширил возможности портретного очерка в плане целостного изображения человека. В удачном портретном очерке характер героя дается, как правило, в нетривиальной ситуации. Поэтому для автора очень важно обнаружить такой «участок» на жизненном пути героя, который содержит некие неординарные трудности, обладает драматическим характером. Именно здесь можно обнаружить конкретные проявления характера героя, его таланта, упорства, трудолюбия и других значимых с точки зрения достижения цели качеств.

Ключевые слова: очерк, портрет человека, факт, публицистика, творчество, проблема, личность.

Наиболее массовым и общедоступным средством для привлечения внимания к важным событиям современности является пресса. Поэтому закономерен интерес, проявляемый к научному изучению журналистики, в том числе публицистики. «Сама природа публицистики в том и состоит, само её существование тем и обусловлено, что она способна исключительно активно отражать действительность, особо непосредственно воздействовать на эту действительность» [1].

По мнению Анатолия Аграновского, «...публицистика призвана будить общественную мысль». «Концепция даёт возможность газетчику идти к своему герою с мыслью, что вовсе не исключает и другой возможности — за мыслью. Да, за мыслью. Но я полагаю, истинным журналистом можно считать того, кто умеет искать и находить факты в подтверждение собственных идей, которые он намерен донести людям» [2].

«Публицистика — одно из важнейших идеологических средств, нацеленных на освещение злободневных проблем, формирование общественного мнения. Активное вмешательство в жизнь позволяет журналистам оперативно откликаться на происходящие события в регионе, мире, выражать дух времени, мысли и чувства народа» [3].

Чем же полезно исследование практической публицистики, что оно даёт? Во-первых, публицистика пишет историю современности. Значит, её изучение есть тем самым пристальный взгляд во время, о котором она пишет, проникновение в проблемы, волнующие общество. Во-вторых, поскольку публицист не только отражает действительность, но и непосредственно воздействует на неё, очень важно выявить различные пути и методы этого воздействия, дабы закрепить полезное в дальнейшей практике работы. Совершенно не случайно поэтому популярными стали во многих периодических изданиях печати современные социологические лаборатории, выясняющие путём открытого опроса читателей и с помощью специальных анкет, какие материалы больше нравятся, приносят наибольшую отдачу. Такая связь с читателем, несущая оценочный характер, указывает на тесное привлечение к анализу деятельности прессы самой широкой аудитории, различных слоёв населения. Существует и ещё одна важная деталь, из-за которой становится явной полезность исследования практической публицистики. Творчество каждого крупного публициста — это своеобразная школа мастерства для собратьев по перу, для начинающих журналистов.

Данное исследование обращено к изображению человека в публицистике, преимущественно в очерке — жанре, который востребован в практической журналистике. Главной темой очерка остаётся человек.

Слово «очерк», по мнению ряда ученых, было придумано писателем А.М.Горьким. Он образовал его от глагола «очерчивать» (т.е. описывать определенный круг явлений). Сам же тип таких публикаций существовал задолго до Горького. Очерк, как считают исследователи, — один из самых старых жанров журналистики и литературы, считают, что его зачатки видны уже в «Повести временных лет».

В XIX в. очерки писали Г.И.Успенский, В.К.Короленко, А.П.Чехов. Прекрасными очеркистами были журналисты и писатели XX в.: М.Кольцов, Б.Полевой, К.Симонов, В.Песков и другие.

Личность с её интересами и устремлениями всегда находилась под пристальным вниманием журналистов. Однако в настоящее время обозначилась противоречивая тенденция, выражающаяся в том, что при общих установках современного общества на повышенный интерес к личности человек и его внутренний мир пока не стали приоритетной темой для современных масс-медиа. Внимание журналистов часто оказывается сконцентрированным на комплексе политических, экономических проблем. На страницах газет и журналов в целом уменьшилось число художественно-публицистических произведений, возросла роль более динамичных, информационных жанров, таких как информация, интервью, репортаж.

Отметим ещё одну грань проблемы: очерк вытесняется зарисовкой, которая раскрывает различные стороны жизни менее глубоко.

Объектом исследования послужили портретные очерки публициста Петра Жуковского, Почётного журналиста Республики Казахстан. Жуковский — очеркист, настоящий газетный очеркист, каких в современной охлократической прессе и не осталось. Он мастерски владеет словом, обыгрывает факты, находит «изюминки». Привлекает эмоционально-образный язык его очерков и актуально-просветительские проблемы нашего времени, звучащие во всех его статьях. Поражает доскональное изучение им той или иной проблемы, её историческое прошлое, настоящее и, конечно же, будущее предвидение. Связь времён в каждом очерке налицо. Главные герои — наши современники, которые преданно служат своему делу: руководители подразделения индустрии, директора крестьянских хозяйств, рабочие, труженики села и т.д. В своих очерках публицист Жуковский стремится раскрыть самое главное — показать, каким ценностям служат его герои, в чём видят смысл своей жизни, ибо это является исключительно важным моментом для каждого человека. А знание «смыслов жизни» необходимо для того, чтобы сверить свои цели с целями других людей.

И ещё немаловажная деталь, обусловившая объект изучения творчества Петра Жуковского, — отсутствие литературы о нём. Он исколесил в поисках тем и героев территорию бывшего Советского Союза почти вдоль и поперёк. За 45 лет журналистской деятельности накоплен обширный материал. Назрела возможность и — более того! — необходимость в комплексном идейно-тематическом анализе публицистики и особенностей мастерства публициста. Поскольку только такое изучение может дать объективную оценку его творчества и иметь практическое применение для журналистики наших дней.

Очерк издавна считали «королем жанра». Анализируя очерки Жуковского, понимаешь, публицист хорошо разбирается в предмете, о котором идет речь, умеет видеть не просто те или иные факты, но и осмыслить, проанализировать их и воплотить полученное знание в такую форму, которая называется очерковой. Очеркист может писать практически обо всем: событиях, поступках, людях, проблемах. Основа очерка — факт.

Что же лежит в основе очерков Жуковского? Судьба конкретного человека, которую публицист «пропустил» через себя. Это не пересказ биографии. Наоборот, с особой тщательностью публицист отбирает из биографии человека именно те факты, которые способствовали бы раскрытию основной идеи. А эта идея должна быть обязательно! Очерки Жуковского не терпят голословных утверждений. Любое высказанное им мнение подтверждается правильно подобранными фактами.

Журналист Жуковский раскрывает творческие ресурсы именно очерка, в частности портретного. Он, рассказывая о людях, предлагает своё видение конфликтов и событий через участие, искреннюю заинтересованность судьбами героев. Автор умеет душевно беседовать, задавать людям нужные вопросы, искренне радоваться вместе с ними и, когда надо, негодовать. Он может быть единомышленником. Это всегда вызывает доверие как собеседника непосредственного, так и опосредованного — читателя. И ещё одна важная мысль — журналист утверждает самоценность жизни как таковой при всех трудностях и житейских заботах. Это важно делать всегда, но сегодня — особенно. Вот почему для исследования выбрано творчество именно этого публициста.

Известно, что очерк как жанр базируется на реальных событиях. Обратим внимание на одну из разновидностей очерка — портретный, в котором дается описание жизни исторической личности или реального человека-современника с выделением, подчеркиванием черт характера. Обычно очерк о человеке строится в хронологической последовательности событий его жизни. Для портретного очерка нет нужды описывать всю биографию, следует отобрать значительные события, в которых во всей полноте раскрывается характер личности.

Исследование показало, что в любом материале Жуковского обязательно присутствует живой человек: всегда сам автор и люди, с которыми журналисту приходится встречаться. Оно и понятно, ведь основная идея, пронизывающая, как стержень, творчество корреспондента «Индустриальной Караганды», — воспитание современного человека, утверждающего в себе новый этический и эстетический комплекс, новое понимание прекрасного, в частности в человеческом характере. И естественно, один из действенных путей такого воспитания — воспитание примером жизни человека.

Герои Жуковского разные по возрасту и роду занятий. Каждый человек чем-то интересен, своеобразен. Журналист как бы доказывает, что обыкновенных людей у нас нет, а есть открывшие или ещё не открывшие себя. Для анализа выбрано несколько, на наш взгляд, самых характерных материалов, в которых проявляется своеобразие таланта публициста.

Обратимся к очерку «А родина — у родника...». Герой очерка — Аслан Кудайбергенов. С рождения врачи боролись за его жизнь, ставя приговор: долго не проживёт (ребёнок родился без диафрагмы). И выжил Асланчик, вопреки медицинским прогнозам. Так что в жизнь он вцепился, слава Аллаху, крепко.

Перед нами предстаёт нелёгкая судьба человека, который с малого возраста должен был находиться в постоянном напряжении, чтобы завоевать себе право на нормальную жизнь.

Всю историю автор рассказывает просто, как бы нанизывая факты, эпизоды один на другой, ведь именно так, эпизодически, предстают перед человеком прожитые годы. Он не пытается анализировать психологическое состояние героя, потому что считает, что никакие громкие слова не могут сравниться с убедительной силой простых фактов. И факт — молодой фермер не перестаёт низко кланяться мысленно и при встречах за широкую профессиональную науку своему родному дяде Мейраму Баданову, часто вспоминая «дядины университеты»: «Я ведь в дядины университеты не сразу поступил — первые два года после школы работал с отцом на земле, в его КХ пробовали заниматься зерновыми. И я понял: выращивать хороший урожай пшеницы — это непростая наука. А вот животноводство — это как раз то, что надо».

Журналист выделяет в герое, главным образом, не то, как и что он делает, а ради чего. Автор очерка рассказывает об упорстве Аслана в преодолении жизненных трудностей, о трудолюбии молодого человека, который никогда не хнычет, не жалуется, верит, что его хозяйство прочно встанет на ноги, разрастётся. И, возможно, наладятся у него деловые связи со Страной восходящего солнца на предмет поставки туда конины, поскольку серьёзно занимается лошадьми. Японцы же — страшные её поклонники и готовы дать за этот диетический ценнейший продукт сказочную по нашим понятиям цену. Это не фантастика...

«Родительский дом Кудайбергеновых, к которому прикипели сердцем и душой дети, внуки, приходится в Аксу-Аюлы. Да и не только дети — уже дети детей, внуки тоже. А уж семья Аслана — тем более. Их маленькие сыновья, Ерасыл и Темирлан, с самого своего рождения у бабушки и дедушки, в райцентре, ходят в садик. А летом всё-таки перебираются по выходным, иногда и подольше, на джайлау к папе с мамой. В совершенно замечательный уголок почти нетронутой живой природы, где чуть выше, в сопках, есть родник с самой вкусной водой, сбегаящей в маленькое озерцо, окружённое зелёным колком деревьев и кустарников, а напоённым степными ароматами воздухом невозможно надышаться».

Именно в этом уголке Аслан мечтает построить обязательно красивый просторный дом в два уровня с широкими верандами, детской спальней и... Существует даже набросок этого дома на бумаге. Ребятишки ведь растут. Да и хозяйство тоже постепенно набирает силу, прирастает корнями именно к этому уголку с родником. Вот и пусть со временем здесь появится дом для Ерасыла и Темирлана. Родительский дом, родина — у родника...» [4].

Разные человеческие судьбы. Трудно сказать, чья жизнь значительней. Герои по-настоящему интересны, ибо они своей жизнью утверждают: тому, кто её любит и понимает, она дарит жизненный оптимизм.

«Сел писать очерк об этом человеке и — не мог собраться с мыслями, вычленив: что же у него главное? Однако ж, разложив по полочкам все свои записи о нём, взвесив мысленно каждое из начал и ещё раз взглянув на «повествовательный» в лучах весеннего солнца портрет Балтабая Бохайтеги, всё же определился. Чему, кстати, помогла и доносившаяся из репродуктора, выпеваемая кем-то из современных бардов строчка: «Вот и опять наступила пора думать о Вечном...». И вспомнившийся

почему-то шекспировский Гамлет, выносящий в осуждение своей эпохи и созвучного, совпавшего с ней своего внутреннего состояния этот горький вердикт: «Распалась связь времён...»[5].

Правда, гамлетовской трагичности в моём герое и напрочь нет. Глубокая озабоченность по поводу наблюдающейся порой потери исторической памяти – безусловно. Но и то в минуты редкого откровения. А в житейской обыденности Балтабай — это весельчак (улыбка, кажется, никогда не покидает его губ), балагур с искромётным чувством юмора (в его компании смех звучит постоянно) и бьющей через край жизненной энергией.

Но в глубине души, как основополагающий стержень, — удивительная, редчайшая для нашего суетного (одним днём) времени углубленность в реальную жизнь далёких (для него недавних) лет. Откуда в нём это — обострённое чувство Времени, вернее — постоянная тяга к сохранению его непрерывности?» — повествует журналист Жуковский.

Как почти во всех очерках о людях, так и в очерке «Чтоб не прервалась связь времён...», рассказывая о Балтабае Игенулы, акиме Тагыллинского сельского округа из Шетского района, журналист даёт описание обстановки, места, где живёт человек. Это немаловажная и очень необходимая деталь, так как быт человека, то, что его окружает в повседневной жизни, являются его неотъемлемой частью, весьма ярко характеризуют человека.

При встрече Балтабай Игенулы с болью говорил, что мельчает народ, утрачивается великая, святая, духовная связь поколений, некогда неразрывная, особенно в ауле.

Что больше всего поражает в доме Балтабая? На этом заостряет внимание заключительный штрих очерка: огромный, занимающий почти всю стену в гостиной, «генеалогический портрет» 329 его родственников, созданный руками хозяина, «возглавляемый» фотографиями отца и матери. «Фотодереву» семьи получилось на загляденье.

«Оторвавшись от «фотодерева», взгляд задерживается на соседней стене, на продольной цветной фотографии семи сопков, окружающих Жумыскер. Хозяин дома может пройти по ним с закрытыми глазами, поскольку обошёл-облазил все окрестности, будучи ещё мальчишкой. И хочет, чтобы по его походным стопам прошагали теперешние ребята, чтобы знали свою родину до былинки. Тогда и любить её станут крепче.

Чтобы привлечь внимание односельчан к природе родного края и его людям, собирается Балтабай в скором времени украсить первый этаж сельского клуба фотографиями семи сопков, а второй — портретами аксакалов. Думаю, эти природно-исторические штрихи весомо дополняют «портрет» сельского очага культуры.

Читаешь очерк и чувствуешь уважение к Балтабаю всех сельчан. Правильно говорят: «Как ты к людям — так и они к тебе». Пока в наших аулах будут жить такие акимы, не прервётся связь времён, уверен автор.

Журналист сознательно «находит» почти у каждого своего героя чувство единения с родной землёй, ведь из неё человек вырастает. И это высокое счастье.

Гельвеций как-то изрёк: «Люди не рождаются, а становятся теми, кто они есть». Журналист своими материалами о людях утверждает: люди становятся настоящими людьми в процессе жизни, если они поставили перед собой высокую гуманную цель и умеют идти к ней настойчиво, шаг за шагом.

Цикл «А родина — у родника...» объединяет материалы о людях. Знакомясь с героями Жуковского, мы сравниваем их с собой, перенимаем те качества характера, которые становятся определяющими у человека наших дней.

Очерки Жуковского позволяют ярко, наглядно, доходчиво раскрыть образ интересного человека, дать портрет коллектива, рассказать о быте, нравах, обычаях людей региона, своей страны. Природа очерков такова, что в них может быть «пересечение» самых разных жанров — репортажа, отчёта, зарисовки, корреспонденции, что свидетельствует о жанровой свободе, подвижности очерка, позволяет автору при условии композиционного, сюжетного и стилистического единства материала вести разговор непринуждённо, меняя тональность повествования, ритмику изложения.

Создавая портретный очерк, автор хочет познакомить читателя с живыми людьми, героями нашего времени. В нём раскрывается умение журналиста найти наиболее характерное в жизни, мыслях, поступках конкретного человека и показать его читателю так, чтобы на его примере могли учиться другие.

Список литературы

- 1 *Литвинов В.* Мир глазами публициста. — М.: Знание, 1967. — С. 3.
- 2 *Аграновский В.* Вторая древнейшая: Беседы о журналистике. — М.: Вагриус, 1999. — 415 с.
- 3 *Абишева В.* Современная региональная газета: язык и стиль. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2003. — 753 с.
- 4 *Жуковский П.* А родина — у родника... // Индустриальная Караганда. — 2006. — 11 апр.
- 5 *Жуковский П.* Чтоб не прервалась связь времён // «Индустриальная Караганда». — 2010. — Май.

Ю.А.Демьянова

Очеркист Жуковский: сөздік портреттің кескіні

Мақалада Петр Жуковский шығармалары мысалында портретті очерктің ерешеліктері қарастырылды. Автор очерк материалдарына шолу жасап, тілшінің публистикалық шеберлігін көрсете білген. Әрбір ірі публицист шығармашылығы — ол жаңа бастаған тілшілер үшін, қалам бойынша жақтастар үшін шеберліктің өзіндік мектебі.

Yu.A.Demyanova

The essayist Zhukovsky: touches to the portrait of the speech

In the article the authors deal with the features a portrait sketch on the examples of publications of Peter Zhukovsky. An overview of the essay materials are submitted, marked features journalistic skill of a journalist. Creativity of each major publicist - a kind of school of excellence for fellow writers, for young journalists.

References

- 1 Litvinov V. *The world through the eyes of a journalist*, Moscow: Znanie, 1967, p. 3.
- 2 Agranovsky V. *The second oldest: Talks about Journalism*, Moscow: Vagrius, 1999, 415 p.
- 3 Abisheva V. *The modern regional newspaper: language and style*, Karaganda: KSU publ., 2003, 753 p.
- 4 Zhukovskiy P. *And homeland — in the spring...*, Industrial Karaganda, 2006, April, 11.
- 5 Zhukovskiy P. *To not interrupt connection between times*, Industrial Karaganda, 2010, May.

В.Т.Абишева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
(E-mail: vera.abisheva@mail.ru)

Ирония как способ выражения мировоззренческой позиции

Автором рассмотрены роль и место иронии в публицистических текстах, а также осмыслены лингвистические механизмы формирования иронического эффекта, результативность интеллектуального и эмоционального воздействия на адресата. Актуальность темы обусловлена не только малоизученностью данного феномена, но и недостаточной осознанностью механизмов создания иронического эффекта самими авторами.

Ключевые слова: журналистика, воздействие, ирония, публицистический текст, средства массовой коммуникации.

Ирония — категория довольно ёмкая и многоаспектная, богатая множеством оттенков, чем объясняется отсутствие единства в интерпретации и противоречивость оценок. Научный анализ этого феномена имеет междисциплинарный характер. В разные эпохи её изучали и продолжают исследовать учёные различных направлений науки.

В философии преобладает взгляд на иронию как на форму мировосприятия, эмоционально-оценочного, критического постижения действительности; её определяют также как способ мышления, как выражение умонастроения. Учёные рассматривают её как эстетическое, нравственное понятие, отмечая, что ироническая позиция, занимаемая автором, является одной из форм отстранения, обособления индивида от общества, и в то же время в определённых ситуациях — способом выражения скептического отношения личности к окружающей действительности.

Логики установили связь иронии с умственными способностями, эрудицией, природной склонностью к остроумию, показали, что и логичность, и алогичность работают на создание смысла. Доказано, что богатство, оригинальность ассоциации образов и идей, на которых основана ирония, определяются уровнем интеллекта личности.

Психологи утверждают, что ирония не является врождённой эмоцией, она возникает у человека с приобретением определённых мыслительных способностей, опыта, с появлением иронического мироощущения. Для такого субъекта характерны природная предрасположенность к юмору, креативное мышление, высокий творческий потенциал, но в то же время ему свойственно проявление пристрастного, скептического отношения к миру.

В литературоведении ирония понимается как часть парадигмы комического. В системе жанров и изобразительных средств языка ей отведено место между сатирой и пародией. Категория иронии рассматривается как проявление скрытой субъективной авторской оценки, а иронический образ может быть адекватно интерпретирован только на уровне высказывания или текста. Как интеллектуальная эмоция, участвующая в формировании смысла текста, ирония повышает выразительность художественного произведения и его значимость для восприятия, усиливает полемический тон речи, её эмоциональное воздействие на адресата.

Лингвисты чаще рассматривают иронию как стилистическую фигуру и способ коммуникации, как средство выражения в речи эмоциональных состояний, как возможность более полного раскрытия образа автора. Языковые проявления иронии как чувства являются одним из своеобразных признаков речевого поведения. Ироническая полифония создаётся с помощью тропа, благодаря переносному значению наименования или целого высказывания — по контрасту, по полярности семантики, которые способствуют повышению образности речи. При этом наблюдается некоторое противоречие между буквальным значением слова или понятия и их скрытым смыслом.

Существуют интересные исследования этого феномена с точки зрения культурологии, этики, эстетики, семиотики и других наук, описывающие процесс формирования и выражения иронического отношения к действительности.

Толковый словарь русского языка определяет иронию (от греческого *eironeia* — «притворство») как «тонкую, скрытую насмешку; стилистический оборот, фразу, слова, в которых преднамеренно утверждается противоположное тому, что думают о лице или предмете» [1]. Согласно Словарю лите-

ратуроведческих терминов, ирония — это «осмеяние, содержащее в себе оценку того, что осмеивается; одна из форм отрицания. Отличительный признак иронии — двойной смысл, где истинным будет не прямо высказанный, а противоположный ему, подразумеваемый; чем больше противоречие между ними, тем сильнее ирония» [2]. Предельно ёмкое определение, достаточно глубоко раскрывающее языковую природу иронии и возможности её проявления в контексте произведения с новым оттенком значения слова, даёт Д. Э. Розенталь: ирония — это «употребление слов или выражений в смысле, обратном буквальному, с целью насмешки» [3].

В различных словарях находим для объяснения этого речевого средства и другие категории: «риторический троп», «фигура речи», «сатирический приём», «порицание, осуждение, под видом одобрения или же похвалы», «явно притворное изображение отрицательного явления в положительном виде» и др.

Ироничность — характерная черта современной журналистики. Неизменный интерес к этому феномену закономерен, понятен и объясним. Ирония, обладающая функцией оценки, наряду с интертекстуальностью и языковой игрой, относится к наиболее существенным стилеобразующим чертам публицистического дискурса, что «свидетельствует о возросшей в целом экспрессивности данного дискурса, в котором реализуется установка современного автора-публициста на творчество, а не на стереотип» [4].

В последние три десятилетия ирония становится основной стилевой доминантой в средствах массовой информации. При этом она тесно связана с оценочностью, которая является движущим фактором развития публицистики, соединяя несоединимое с целью создания новых экспрессивных образов, выражающих отношение журналиста к лицу, событию, явлению. В силу многих обстоятельств взгляд наблюдательного журналиста информационной эпохи на картину мира оказался острым, критически насмешливым, ироничным. «И в этом нет ничего случайного, — считает А.А. Тертычный. — Современная действительность даёт вполне достаточно оснований для того, чтобы, оглядевшись вокруг, вдруг понять: «Не все ладно в королевстве Датском!»» [5].

Ирония как непрямая оценка, как личностная черта равнодушного субъекта помогает автору выразить своё отношение к тому, что кажется ему несовершенным, ущербным, требующим исправления. В медиатексте с иронической направленностью смысловая неоднозначность может создаваться журналистом преднамеренно, поскольку он стремится достичь определённого стилистического эффекта с помощью активизации интеллектуальной стороны восприятия текста. В отличие от сатиры, пародии, сарказма, гротеска, для которых характерно сознательно резкое высмеивание недостатков, а также от юмора, который создаёт лишь образ явления, задача иронии — дать характеристику как в целом сущности предмета, лица, ситуации, так и отдельным их сторонам. При этом авторами используется, как правило, нейтральная лексика. Как категория субъективная, ирония трудно уловима. Установлено, что понимание иронии — активный процесс, возможный только при условии интенсивной мыслительной деятельности.

Анализ публицистических произведений, созданных разными авторами в различные исторические отрезки времени, убеждает, что она возникает, скорее, подсознательно, и зачастую степень ироничности зависит больше от таланта, способностей, интеллектуального потенциала, творческого вдохновения автора, чем от рационального использования лингвистических средств. Безусловно, на иронию, как форму оценочного, критического и эмоционального освоения действительности, существенно влияют мировоззрение журналиста, его способ мышления.

Покажем на примере из популярного еженедельника, как журналист, вкладывая в текст смысл, обратный буквальному, использует приём сведения информации к абсурду для того, чтобы помочь читателю обнаружить неистинность суждения: «Улицу Фестивальную убрали. Бульвар Мира укоротили. Вообще надо заметить, в последнее время в Караганде появилась *замечательная традиция* — переименовывать не целые улицы (бульвары, проспекты), а их части. *И это, безусловно, правильно.* На всех улиц не напасёшься. Достойных людей у нас, ой, как много. Одних только бывших акимов и их заместителей — десятки. А сколько их ещё будет! Поэтому в целях экономии места улицы просто необходимо делить. *И раздавать их в соответствии с заслугами*» (НВ).

Этот отрывок из публикации имеет отчетливый социально ориентированный характер, поскольку выражает позицию автора по отношению к действиям местных властей. В данном случае использован приём выражения в своеобразной форме несогласия, протеста против действительности, когда ирония скрывает за собой социальную оценку. При этом ирония предстаёт как особая форма мышления адресанта, основанная на притворном одобрении критикуемого. Разумеется, несогласие с

чем-то или с кем-то журналист может выразить иначе, есть немало других возможностей. Однако ему хочется сделать это в какой-то степени завуалированно. В этом помогает ирония.

Ирония, как правило, работает на парадоксах. Непрямые формы общения способствуют более тесному и живому общению с адресатом без назидательности и декларативности. Особенно серьёзным оружием становится ирония в современной политической борьбе либо в решении социальных вопросов. Осознанное её использование в публицистических текстах ведёт к формированию определённого (позитивного или негативного) имиджа того или иного человека или события: «Квартиры получили *самые бедные и незащищённые* слои нашего общества — работники акимата и другие высокопоставленные государственные служащие. У некоторых из них *нужда была так велика*, что они брали сразу по две квартиры. Кое-кто умудрился выбить недвижимость и на несовершеннолетних детей» (НВ). Здесь ирония используется как риторический приём, позволяющий, с одной стороны, подвергнуть избранный объект осмеянию в форме скрытого намёка, а с другой — не переходить «на личности». Она построена на преднамеренном утверждении противоположного тому, что думает о событии и героях автор.

Ирония является содержательной концептуальной категорией текста, позволяющей передать эмоционально-оценочное отношение к отображаемой действительности. Журналист обращается не столько к эмоциям читателя, сколько к его разуму, используя приёмы интеллектуального воздействия, особенно когда выступает в качестве аналитика. Критикуя то, что считается несовершенным, автор активно воздействует на окружающих, на их образ мысли и на линию их поведения. Такого рода тексты действуют, скорее, на подсознание адресата, активизируют умственную сторону восприятия и способности читателя критически оценивать действительность, поэтому и отличаются высокой степенью воздействия.

Ирония, как довольно сложный механизм передачи мысли, требует от журналиста концептуального видения, тонкого языкового чутья и остроумия. При этом не каждый из адресатов способен сразу понять неуловимый переход шутки в серьёзное высказывание и серьёзного обращения в шутку: «Почему налог называют *подходящим*? Многие мои сограждане твёрдо уверены: потому, что уплатил его и *подох* (Вр.).

Наблюдения над механизмом воздействия иронии показывают, что у читателя, зрителя, радиослушателя, способных понять «второе дно» в тексте журналиста, возникает некое чувство удовлетворения, возможно, даже превосходства как осознание своей интеллектуальной способности, догадливости. Следует отметить, что в силу этого адресат, испытывающий такие чувства, становится в какой-то степени союзником автора текста СМИ, его единомышленником и тем самым уже невольно встает на его сторону.

Создавая иронический образ, журналисту необходимо ориентироваться на конкретную аудиторию, предполагая, кому адресовано его выступление, как на него будет реагировать адресат, поскольку важны факторы, влияющие на прагматику использования иронии. Аудитория, где большая часть людей не поддерживает его позицию, не просто не поймёт чувств выступающего, но может даже воспринять высказывание автора как оскорбление. Адресат, безусловно, должен обладать языковой компетентностью, чтобы декодировать ироничное высказывание, заметить неожиданный, скрытый аспект текста. Анализ показывает, что существенную роль играют экстралингвистические факторы: уровень образования, эрудиция автора и адресата, их социальный статус, хорошее знание языка, индивидуальный темперамент, а также менталитет, национальная и культурная принадлежность, позволяющие воспринимать прецедентные тексты.

О психофизиологических основах иронии как интеллектуальной эмоции мы имеем возможность судить по комплексному анализу текста — продукта речевой деятельности журналиста. Многоплановость иронии позволяет взять за основу её классификаций разные признаки. Исследователи подвергали рассмотрению иронию текстовую и вербализованную, ситуативную и ассоциативную, явную и скрытую, цитатную и нецитатную и т.д. В то же время, несмотря на популярность этого феномена, и сама ирония как многогранное, сложное явление, и механизмы создания иронического эффекта в медиатекстах остаются мало изученными.

Не претендуя на создание полной классификации средств выражения иронии по признакам принадлежности к различным уровням языковой структуры (фонетические, морфологические, словообразовательные, лексические, синтаксические и т.д.), выделим лишь некоторые из них, довольно часто используемые журналистами в текстах современных средств массовой информации, для создания иронического эффекта:

– иронические эпитеты, которые служат выражением авторского отношения к факту действительности: «В течение недели пресс-служба ДВД обещала мне устроить встречу с загадочным Ф-ным. Но суровый подполковник, очевидно, так занят по ночам *секретными* операциями, что днём у него совершенно нет времени на журналистов» (Вр.);

– антитеза — соединение в словосочетании позитивно-оценочной и негативно-оценочной лексики: «После того как гайшники *форменно измордовали* мирное население своей *вежливостью*, всем стало ясно, что испытанные на дорогах этические принципы требуют внедрения в общегосударственном масштабе» (Вр.). Сочетание несочетаемого создаёт новую языковую среду для выражения иронии. Иронический эффект строится на контрасте между двумя значениями: «Как говорил *пролетарий умственного труда* дворник Тихон из «Двенадцати стульев...» (И.К.);

– омонимия и полисемия: «Наши герои, как известно, в каждой амбразуре затычка, но забыл, видимо, Е.К., что *процесс съёмки* одной голливудской звезды может обойтись стране гораздо дороже, чем *процесс съёмки* с должности одного министра» (Вр.). Ирония в медиатексте служит средством создания новых, неожиданных экспрессивных образов, языковой игры, выражающих отношение журналиста к освещаемым событиям, описываемым явлениям, что, безусловно, привлекает внимание читателя. В данном случае ироническое звучание фразе придает игра слов «съёмка фильма» и «съёмка с должности»;

– ирония в виде астеризма — похвалы в форме порицания: «В Караганде — строительный бум. В любом квартале города ясно слышишь рёв тракторов, гул мощной строительной техники. *Особо ласкает слух отборный мат* ремонтников и инженерного состава, который *только таким образом* может донести до рабочего ход архитектурной мысли. ... *С чувством глубокого удовлетворения* засыпает народ Михайловки, когда прямо *под окнами закладывается* фундамент очередной стройки. *Души жителей наполняются гордостью* за светлое капиталистическое будущее района» (НЯ). Иронический эффект, который подчёркивается удачно выбранной автором интонацией, создаётся притворным восхвалением того, что, по существу, должно быть отвергнуто. Поэтому текст имеет двойной смысл, понятный адресату;

– использование сниженной (разговорной, просторечной, жаргонной) лексики при описании личности или события: «Карагандинская *сочинительница* одаривает Шаинского сборниками своих песен» (НВ);

– трансформация крылатых слов и выражений, пословиц и поговорок, цитат из художественных произведений, целенаправленное разрушение фразеологизмов также создаёт эффект пародирования.: «Если знание — сила, значит, знание есть — ума не надо»; «Если жизнь тебя бьёт, значит любит»; «Рождённый ползать птичьим гриппом не заразится»; «Если звёзды зажигаются, значит кто-то на этом греется»; «Человек сам кузнец своих цепей»; «Я вас любил. Чего ж я болен» (Вр.).

В публицистической лексике выделяется большая группа слов-определений, наделённых иронической окраской: «деятели», «новоявленный», «новоиспечённый» и др. Так называемые иронизмы и вне контекста сохраняют ироничное значение. Вместе с тем бесспорна важность контекста, а также невербальных средств, своего рода сигналов, для выражения иронии в устной и письменной речи.

В средствах массовой коммуникации выделяются внешние по отношению к языку указатели, во-первых, снимающие избыточность языковой информации, во-вторых, несущие некоторую дополнительную информацию. Если на радио и телевидении это достигается с помощью интонации, то в газетном тексте ирония может быть передана графически с помощью шрифтов или кавычек как средств непрямого выражения оценки. Эти элементы, выполняя экспрессивно-выделительную функцию, оказывают воздействие на читательское восприятие: «Центр территории между дворами *украшает* мусорная яма»; «Оказалось ночью *добрые люди* срезали провода» (А.); «Сейчас *герой* задержан и проверяется на причастность к подобным преступлениям»; «Остаётся только надеяться, что подобных *умников* у нас не так много (В.). При этом слова и выражения, связанные обычно с положительной оценкой, получают в тексте порицающее звучание. Ирония помогает создать новую реальность.

Многие исследователи связывают увлечение разговорной лексикой, наличие игрового момента в текстах со своеобразным вызовом официальному тону средств массовой информации недавнего прошлого. Неофициальность, нестандартность обстановки не только не препятствуют ироническому мировосприятию, но, напротив, часто провоцируют коммуникантов на скрытую насмешку, осмеяние. Поскольку в основе иронии всегда лежит оценка, поэтому, если говорить о речевых приоритетах,

она в первую очередь присуща тем журналистам, которые демонстрируют свое критическое отношение к лицам, описываемым событиям, явлениям. В этой связи использование журналистом иронии в какой-то степени свидетельствует об особенностях характера личности, создаёт его речевой портрет. Такие телевизионные ведущие, к слову сказать, кумиры начинающих журналистов, как Иван Ургант (1 канал, Россия), Артур Платонов («Хабар», Казахстан), основываясь на максимально доброжелательном и уважительном отношении к персонажам и гостям своих передач, умело и ненавязчиво используют для речевого воздействия самые разные виды иронии — от одного слова до развёрнутого высказывания, выполняя при этом широкий спектр коммуникативных задач. И задачи их иронии выполняет разные: выражение своей оценки, собственного отношения к описываемым явлениям и героям передач, снятие эмоционального напряжения и т.п.

В последние десятилетия журналистская профессия помолодела. Заметно понятное стремление начинающих авторов быть оригинальными, не похожими на своих предшественников. В то же время снижение уровня культуры речи в последние десятилетия, «расшатывание» литературных и этических норм, ставшие предметом беспокойства ученых, общественности, журналистов, порой влекут за собой чрезмерно свободный стиль изложения. Современному автору не всегда присуще чувство меры, предостерегающее от так называемой «стебной» подачи информации, вызванной желанием независимо от обсуждаемой проблемы высмеять всё без исключения, не задумываясь о последствиях. Не думая о том, что иронией надо пользоваться крайне осторожно, поскольку она тоже имеет границы, в ироничном тоне пишут о политике и об армии, об экономических и социальных проблемах, о кражах и убийствах и т.д. — о таких вещах, которые никак не могут быть поводом для смеха. Тем более не может быть уместной ирония в материалах, где описываются случаи с трагическим исходом. Необходимо подчеркнуть, что данная манера изложения нивелирует мысль и стиль, опошляет общение журналиста с аудиторией. Если всё подвергается осмеянию, то ценность сообщаемой информации теряется. Практика показывает, что чаще всего цинизм становится типичным проявлением стихийного протеста против перемен, неожиданно изменившихся социальных условий, в которые автора поставили внешние, возможно, в какой-то мере враждебные ему обстоятельства.

Иронию, конечно, нельзя назвать новым приёмом публицистического творчества. Но при смене, например, политической ситуации, в период проведения реформ она приобретает новое звучание, проникая во все типы текстов СМИ, включая даже материалы информационного характера, несмотря на то, что их жанрово-стилевая специфика не предполагает субъективно-оценочного отношения автора. Поскольку язык средств массовой коммуникации отражает ситуацию в обществе и подвержен довольно быстрым изменениям, особенно в переходные периоды жизни общества, ирония в масс-медиа играет важную роль, как инструмент и катализатор переоценки культурных ценностей.

Как одна из форм оценочного, критического и эмоционального освоения картины мира, ирония способствует выражению индивидуальности, творческой позиции, мировосприятию автора. Ироническое мировоззрение можно рассматривать и как состояние души, позволяющее не относиться слишком серьёзно к банальным утверждениям и стереотипам. Многие современные журналисты не без основания полагают, что быть ироничным — свежо, модно, креативно. Безусловно, удачно использовать в произведении иронические высказывания, как воздействующие средства, не переходя «на личности» и проявление агрессии, адресату должны помочь чувство меры и природного такта.

Условные сокращения названий газет

А. — «Авитрек-регион»; В. — «Взгляд»; Вр. — «Время»; И.К. — «Индустриальная Караганда»; НВ — «Новый вестник»; НЯ — «Наша ярмарка».

Список литературы

- 1 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка / Российская академия наук. Ин-т рус. языка им. В.В.Виноградова. — 4-е изд., доп. — М.: Азбуковник, 1999. — С. 398.
- 2 Словарь литературоведческих терминов / Ред.-сост. Л.И. Тимофеев и С.В. Тураев. — М.: Просвещение, 1974. — С. 234.
- 3 Розенталь Д.Э. Практическая стилистика русского языка. — М.: Высшая школа, 1997. — С. 297.
- 4 Клушина Н.И. Язык публицистики: константы и переменные // Русская речь. — 2004. — № 3. — С. 54.
- 5 Тертычный А.А. Ирония — извилистый путь к истине // Журналист. — 2004. — № 3. — С. 77.

В.Т.Абишева

Мысқыл дүниетанымдық ұстанымды білдіру тәсілі ретінде

Автор публицистикалық мәтіндердегі мысқылдың орны мен маңызын қарастырды, сонымен қатар кекесін әсерді қалыптастырудың лингвистикалық тетігін, адресатқа эмоционалды және интеллектуалды әсер етудің нәтижелілігін сарапқа салды. Тақырыптың өзектілілігі аталған феноменнің аз зерттелуімен ғана емес, авторлардың ирониялық әсерді жасаудағы механизмдерді жеткілікті меңгермеуіне де байланысты.

V.T.Abisheva

Irony as way of expression of the world position

The author considers a role and a place of irony in publicistic texts, and also comprehends linguistic mechanisms of formation of ironical effect, productivity of intellectual and emotional impact on the addressee. Relevance of a subject is caused not only low-study of this phenomenon, but also insufficient sensibleness of mechanisms of creation of ironical effect by authors.

References

- 1 Ojegov S.I., Shvedova N.Yu. *Russian Academy of Sciences. Institute of Russian of V.V. Vinogradov*, 4 prod., added., Moscow: Azbukovnik, 1999, p. 398.
- 2 *Dictionary of literary terms*, edit. originators. L.I. Timofeev and S.V. Turayev, Moscow: Prosveshcheniye, 1974, p. 234.
- 3 Rosenthal D.E. *Practical Russian stylistics*, Moscow: Vysshaya shkola, 1997, p. 297.
- 4 Klushina N.I. *Russian speech*, 2004, 3, p. 54.
- 5 Tertychny A.A. *Journalist*, 2004, 3, p. 77.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 811

Н.Ж.Құрман

*М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Қазақстан филиалы, Астана
(E-mail: nessibeli_k@mail.ru)*

Қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту негіздері

Мақалада қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері жүйесінің моделі сызбалар арқылы көрсетілді. Автор қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік беретініне тоқталды. Зерттеуде психология және педагогика ілімдері байланыстырыла қарастырылды.

Кілт сөздер: әдістемелік жүйе, функционалдық сауаттылық, жағдаят, модель, анықтама, ұйымдастыру тәсілдері, жүйе.

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін төмендегі модельден көруге болады (1-сызба).



1-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықтың (ФС) белгілері

Бұл белгілерді бір аяға жинақтап модель ретінде көрсетуде функционалдық сауаттылыққа берілген анықтаманың құрамындағы белгілер негізге алынып отыр.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері жүйесінің моделі төменде көрсетілді (2-сызба).



2-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздері

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздеріне психология және педагогика ілімдері, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағдарланған жаңа оқыту технологиялары, қазақ тілінің функционалдық грамматикасы, мектепте қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру тәсілдері, мектеп оқушыларының білімін құзыреттілік негізде бағалау жүйесі алынып отыр.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздері. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз — оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру — теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады.

Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі — баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі — баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан, оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін.

Қоғам дамуы барысында балаға әсер ететін ықпалы зор күштер болады. Бала соның негізінде белгілі бір даму жетістіктеріне ие болып, қалыптасады. Бірақ оқу-танымдық процесс білім беру мен тәрбиелеуді бір тізгінде ұстайтын болғандықтан, баланың сыртқы және ішкі даму барысындағы тепе-теңдікті бұзып алмау жағына сақ болу керек.

Ол үшін оқушы тіл туралы алған білімін интериоризациялауы тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады. Әрине, оқушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін

коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген оқушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. *Баланың дамуға бейім таным күштерін* байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн.


Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді [1].

Абайдың 7-қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте оқушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігінің оны белгілі бір шынайы ситуацияларға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек [2].

Осы кезеңдегі оқушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол.

М.Мұқанов білім мағынасының бәрі де ақпараттан тұратынын атап көрсетеді. Сондықтан да ақпараттың шығатын көзі, келетін мекенжайы болады. Ақпарат шығатын жерінен келетін мекенжайына канал байланыстары радио, телеграф немесе хабар адамның рецепторларына берілсе, онда шетке және ортаға тебетін нервтер арқылы жіберіледі. Нысандардан рецепторлар арқылы адамға келген ақпарат оның басында сан алуан өзгерістерге ұшырап, белгілі жүйеге келтіріледі де, осының нәтижесінде келген хабарлар әр түрлі білім дәрежесіне айналады [3].

Оқушының білім алу және танымдық үдерісі төмендегі суретте көрсетілгендей реттеліп отырады.



Оқушы тиісті оқу нысандарынан білімдік ақпарат алғанда, көп мағлұматтардың ішінен өзіне керек хабарды іріктеп алады. Адамның басында осындай іріктегіш, селективтік аспап бар. Егер оқушы рецепторларына жеткен мағлұматтарды іріктеп алмай, оған не әсер етсе, соны түгел қабылдаса, мақсатына жете алмас еді. Ол көп хабардың ішінен ненің қажет, ненің қажет емес екендігін ажырата алмай, оқи алмас еді. Сондықтан көп мағлұматтардың ішінен өзіне керекті ғана іріктеп таңдап алу — оқу тапсырмасын орындаудың негізгі шартының бірі.

М.Мұқанов таным үдерісінің элементтерін мыналар деп көрсетеді: қабылдау; зейін; ес пен жады. М.Мұқанов жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікте оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек бірдеме қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну [3].

Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз — мағлұматтарды тұтастығымен бейнелу. Егер қамтылатын материал қызықты болса, онда оқушылар осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін.

Жеткіншектің зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір нысаннан екінші нысанға аударып отыруға толық мүмкіндігі бар. Жеткіншектің жады мен есі едәуір дамыған және де білім мазмұнын мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілінен берілетін білім мазмұны 11-жылдық мектеп бойынша және 12-жылдық білім беру моделі бойынша, түптеп келгенде, қазақ тілінің жүйесіне және тіл жүйесінен әр сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім мазмұнын іріктеу мен сұрыптаудан өткізу талаптарына және білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру заңдылықтарына тығыз байланысты болады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5–7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, уики, покаст, твиттер, ютюб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек [4, 5].

Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі. Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша *тілдік тұлға қалыптастыру* қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары — меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден — тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі — өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» мен Құдайберген Жұбановтың «5-класқа арналған қазақ тілі грамматикасы» оқулығындағы тілдің кіші бірліктерінің кірпіш ретінде сипатталып, ең кіші кірпіш дыбыс делініп, одан буын, олардан сөз құралатыны айтылуы қазақ функционалдық грамматикасының бастау көздерінің қалыптасуы екенін көреміз.

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз — коммуникациялық актідегі

сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де — коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде «коммуникацияның мақсаты» леп аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты — қазақ тілінің төменде көрсетілген басты қызметтерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, өмірлік жағдаяттарда еркін әрі сауатты қолдануға дағдыландыру.

- 1) Қазақ тілінің қатынас құралы ретіндегі қызметін ұғындыру және меңгерту.
- 2) Қазақ тілінің адамның сезімді білдіру қызметі ерекшелігін меңгерту.
- 3) Қазақ тілінің танымдық қызметін меңгерту.
- 4) Қазақ тілінің адам ойын білдіру қызметін меңгерту.
- 5) Қазақ тілінің кумулятивтік, яғни қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жинақтаушы, қызметін меңгерту.

Қазақ тілі жүйесінің барлық ішкі элементтері мен категорияларының қызметі, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі мәтінді құруға бағытталады, соған арналады. Қазақ тілінің иегері болып табылатын әрбір адамның танымдық үдерісін санасына тіл арқылы таңбалауы, ішкі сезімін тіл көмегімен сыртқа шығаруы, басқа адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсуі — қазақ тілі жүйесіндегі кішісінен бастап ең ірісіне дейінгі элементтердің түрлі грамматикалық байланыстарға түсуі арқылы сөйлеуші адамды «коммуникантқа» айналдыру қызметі деп түсініледі.

Қазақша сөйлеуші адамның толыққанды коммуникантқа айналуы үшін оның тек сөздің тура мағынасын біліп қоюы, сол тура мағынадағы сөздерді ғана грамматикалық байланыстар мен қатынастар арқылы сөйлем етіп құра алуы тым жеткіліксіз. Бұл мәселе тек қазақ тілін үйренуші өзгетілді адамдарға ғана байланысты деп ойламауымыз керек. Қазақ мектебіндегі, қазақы ортадағы қазақтарға да қазақ тілін коммуникативтік бағдарда оқытудың маңызы тіл дәрежесінің биіктігін ойы мен сана биіктігіне теңдестіре алатындай жүйе жасау және тәжірибеде қолдану болып табылады.

«Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту әдістемесі» мен «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі» салалары зерттелуі күн тәртібінде өзектілігімен қойылып келеді. Бұл әдістемелердің әрқайсысында да қазақ тілінің коммуникативтік құзыретті қалыптастыру міндеті басқы орынға қойылып қарастырылуы керек.


Қазақ тілін оқыту жүйесіндегі сабақ формасы мен түрлерін, әдістерді жетілдіріп отыруға баса назар аударатыны бүгінгі күні көпшілік назарына тегіс танымал болып келеді.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болуы белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен білімінің жан-жақтылығы, деңгейі жоғары болуы бұл ретте үлкен орын алады.

Сабақ жоспарын әзірлеу — сабақтың әдістемелік сценарийін жасау — мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес таланттылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзінді ролі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» — «екеу» — «үшеу» — «төртеу» — бесеу немесе «топ» — «команда» — «сынып» — «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс.

Қазақ тілі сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест-сабақтар», «Жоба сабақтар», «Ойын сабақтар» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін түрлермен көбірек ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілі меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол болады. Осы айтылғандармен қатар, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың «рефлексиялық жаттығулар» орындауына, білімін тексерудің тестілік түрін қолдануына, жаңа ақпараттық технологияларды мұғаліммен және өз бетімен қолдануына, жоба жұмыстарын түрлі формада қорғауына, өзара пікірталастар мен семинар-сабақтар ұйымдастыруына жағдайлар жасап, белсенділігін арттыру жолдары көзделеді.

Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оқытуды ұйымдастыруда сабақтың мынадай түрлерін тиімді нәтижеге қол жеткізеді деп ұсынуға болады.



Оқушылар білімін құзыреттілік негізінде бағалау. Қазақ тілін оқытудың сапасын дамытудың басты бағдарларының бірі тіл үйренушілердің білімділік деңгейін бағалау технологиясын жаңашаландыру болып белгіленді. Қазақ тілінен алған білімін бағалау мәселесі өзекті тақырып ретінде көп зерттеліп келеді.

Жалпы, адам баласының еңбегін шынайылықпен бағалау мәселесі адамзат үшін әлі де болса өзекті болып табылатыны белгілі. Соның қатарында оқушының ой еңбегінің бағалану мәселесі де күн өткен сайын ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында адамгершілік талаптарымен шешілу жолдарын іздестіруде.

Қазақ тілінен тіл үйренушілердің білімін шынайылықпен бағалаудың мақсаты:

- білім алушылардың оқу қызметі нәтижесінде қолы жеткен шынайы ақпарат туралы мәлімет алуы және ол табыстарының білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуі;
- қазақ тілі мұғалімінің оқыту қызметіндегі жайлы және теріс үрдістерді анықтау;
- білім алушылардың қол жеткен табыстарының жоғары не төмен көрсеткіште болу себептерін нақтылау және оларды болашақта түзету амалдарын қарастыру.

Қазақ тілін білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытында оқыту барысында білім алу нәтижесін бағалау және тексерудің қазіргі жүйесінің пәні негізгі құзыреттер деп аталады.

Қазақ тілін оқыту үдерісін білім алушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру арнасына қарай бұрудың жалпы білімді тексеру мен бағалау жүйесіне тигізетін әсері үлкен болмақ. Білім алушылардың құзыреттілігінің сипаттамасы оның көпқырлы, көпқұрылымды болмысын көрсетеді. Құзыреттілік пән бойынша алынған білім мен білік-дағдының жайы жиынтығы емес. Бұл білім алу, оқу барысында оқушының түрлі ақпараттармен жұмыс жасау әдістерінің арқасында және ол білімді өмірде қолдануы арқасында топтастырыла жинақталған жаңа бір сапалық қасиеті болып табылады.

Бұл мәселе арнайы қарастырылуы керек. Дегенмен де, атап кететін жайт бар. Ол — білім алушының алған білімін бағалаудың жаңа түрлері олардың репродуктивтік білімін емес, оның өз бетімен болашақта өз өмірінде және басқалар үшін қолданбалы маңызы бар өнім тудыра алатын біліктілігін бағалайтын жүйе ретінде қалыптасып келе жатқандығында.

Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиялары білім алушыны білім алу-білім беру үдерісінің маңызды орталық нүктесі ретінде танып, өз бетімен білім ізденуіне мол уақыт пен мүмкіндіктерді қарастыруда. Осы ретте көп орын білім алушының өз оқу іс-әрекетін өзі бағалай алуына беріледі, ондай жаңа жүйе «білім алушының портфолиосы» деп аталады. Сонымен бірге білім алушылардың білім алу барысында қол жеткен табыстарын рейтингтік бағалау моделі де жетілдіріліп келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.
- 2 Абай. Қара сөздері. — Алматы: Ғылым, 1995. — 306 б.
- 3 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. — Алматы: Атамұра, 1982. — 204 б.
- 4 Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.
- 5 Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. — Астана: Таным, 2008. — 162 б.

Н.Ж.Курман

Основы развития функциональной грамотности в изучении казахского языка

В статье показана модель системы теоретических основ в формировании функциональной грамотности учеников в ходе изучения казахского языка. Автор подчеркивает, что в процессе обучения казахскому языку теоретические основы функциональной грамотности дают возможность для развития у учащихся систематического мышления, а также помогают создать эффективную методическую систему, позволяющую тем знаниям, которые были получены в школе, быть опорой в какой-либо отрасли жизни.

N.Zh.Kurman

Basis for the development of functional literacy in the study of the Kazakh language

The article shows the system model of theoretical foundation in formation of functional literacy. The author emphasizes that in the process of the Kazakh language learning theoretical foundations of functional literacy give the opportunity for developing of students' systematical thinking and also give the opportunity to create the effective methodical system that provides to be the basis in some branches in knowledge that was taken from school. of students in the process of the Kazakh language learning.

References

- 1 *Functional literacy development for the 2012–2016 National Plan of Action Decree No. 832 of June 25, 2012*, the Government of the Republic of Kazakhstan.
- 2 Abai. *Words of edification*, Almaty: Nauka, 1995, 306 p.
- 3 Mukhanov M. *Developmental and educational psychology*, Almaty: Atamura, 1982, 204 p.
- 4 Kurman N., Essenova G. *Kazakh language, communication exercises and methods of application of scientific and methodological basis*, Aktobe, 2010, 144 p.
- 5 Kurman N. *Methodological foundations of teaching Kazakh language*, Astana: Tanum, 2008, 162 p.

Г.А.Масақова¹, Б.М.Айтбаева²

¹Гумбольдт атындағы Берлин университеті, Германия;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: beibarys@mail.ru)

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі

Мақалада қазақ тілін шет тілі оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі жан-жақты талданып көрсетілген. Сонымен қатар авторлар тіл оқытуда инновациялық технологиялардың атқаратын қызметі айрықша екендігін айтқан.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, шет тілі ретінде оқыту, зерттеу, коммуникативті тапсырмалар, құзыреттілік, ғаламтор, әдіс, тілдік құзыреттілік.

Шет тілін үйрену жаһандану кезінде заман талабына айналды. Қазақстанда ағылшын, неміс, қытай тәрізді шет тілдер үйретілсе, Еуропа мен Америкада қазақ тілі үйретіледі. Кейінгі он жылдың ішінде қазақ тіліне деген қызығушылық артып, бірқатар мемлекеттің университеттерінде шет тіл ретінде оқытылып жатыр. Нақты айтатын болсақ, қазақ тілі көршілес Қытай Халық Республикасы мен Түркиядан басқа, Германияда, Польшада, Швецияда, Венгрияда, Оңтүстік Кореяда, сонымен қатар Америка Құрама Штаттарында Орта Азия немесе Түркітану бөлімдерінде оқытылады. Оның басты мақсаты — студенттерді қазақ тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарымен таныстыру және оларға жан-жақты білім беру. Осылайша жан-жақты білім алып, қазақ тілін үйреніп жүрген студенттерге болашақта халықаралық деңгейде мансабы жоғарлауға орасан мүмкіншіліктерге жол ашылады.

Тілдік орта болмаған жағдайда тілді қалай үйретуге болады деген заңды сұрақ туындайды. Ең алдымен, тілді сөйлеуші мен тыңдаушының өзара түсінісуге арналған қарым-қатынас құралы ретінде қарастырғанымыз жөн. Екіншіден, оқыту үрдісінің қаншалықты жүйелі және мазмұнды ұйымдастырылғандығы назарымыздан тыс қалмауы қажет. Үшіншіден, үйренушілердің ынтасы мен уәждемесі орасан рөл атқарып, тіл үйрету үрдісін жеңілдеті әрі жеделдеті түсетіні бәрімізге белгілі. Төртіншіден, тіл үйренуші мен оқытушының ортақ мақсатына жетуіне, яғни, үйренушінің тілді неғұрлым жатық меңгеруіне жағдай жасау. Дәлірек айтсақ, оқытушы шығармашылық өнерімен үйренушіні қазақ тіліне баурап, үйренушінің лингвомәдени құзыретін қалыптастыруға, яғни, лингвомәдени білімін толықтыруға өз үлесін қосуы абзал [1].

Тіл — қоғамдық құбылыс. Тіл — қоғам өмірінің танымы мен білімін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал, ал сөйлеу болса іс-әрекеттің бір түріне жатады. Қоғамдағы іс-әрекеттер белгілі мақсатқа негізделген. Сол сынды сөйлеу әрекеті де бір мақсатты көздейді. Кез келген сөйлеу әрекеті қандай әлеуметтік байланыста іске асып, қай қалыпта және қандай үмітпен орындалатыны туралы құзырет өзара түсінісу үрдісін табысты болуына жауапты [2]. Жеке тұлғалар қоғамдағы іс-әрекеттерге белсене араласып, алдына қойған мақсаттарына ұмытылады. Шет тілін меңгеру де үйренушінің көздеген мақсаттарынан, ал мақсат қоғам мүшесінің қажеттіліктерінен туындайды. Сондықтан тіл үйрету үрдісі ең әуелі дара тұлғаға бағытталып, ересек тіл үйренушінің іскерлік сапаларын, коммуникативтік құзыретін, әлеуметтенуге бейімділігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатады.

Есин Иллери өзінің «Түрік тілі шет тілі ретінде» атты еңбегінде дара тұлғалар тілді қызмет орынында және бос уақытында басқалармен қарым-қатынас жасау үшін меңгеретіндігін айта келе, шет тілдерді үйрету әдістерінің тарихына шолу жасап, коммуникативті-прагматикалық әдіске төмендегідей сипаттама береді. Шет тілі — қарым-қатынас, яғни коммуникация, құралы. Ал коммуникация сөйлеуші мен тыңдаушы, олардың коммуникациядағы өзіндік рөлі мен бір-біріне деген қарым-қатынасы, сондай-ақ берілген жағдаят, ой-ниетті сөйлеу актісі сынды компоненттерден тұрады. Сонымен қатар тілді үйрету барысында оқу материалы емес, тіл үйрену үрдісі мен сол үрдістің субъектісі болып тұрған үйренуші маңызды орын алады. Автордың айтуы бойынша, шет тілі сабағының мақсаты — коммуникативті дағдылар мен шеберлікті, сондай-ақ тыңдап-түсіну мен сөйлеу дағдыларын дамыту. Тіл үйретудің коммуникативті-прагматикалық әдісі ХХ ғасырдың жетпісінші

жылдарында қолдана бастады. Ханс-Еберхард Пиефо неміс тілді аудиторияға ағылшын тілін шет тілі ретінде үйретуде коммуникативті әдісті негізгі мақсат етіп, шет тілін үйрету үрдісінде тілдің өзін емес, оның қолданысы мен мазмұнын нысанаға алған. Ханс-Еберхард Пиефонның пікірінше, грамматика тек қосалқы рөл атқарып, шет тілін үйрету мен барынша жетік меңгеру мақсатына жету амалы ретінде пайдаланған.

Қазақ тілін неміс тілді аудиторияға үйретуде коммуникативті әдісті қолдана отырып, қатысымдық тапсырмаларды пайдаланамыз. Осы тапсырмалар кешенін жағдаяттық тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыстар, рөлдік ойындар, пікірталас пен шығармашылық жұмыстар құрайды. Аутентикалық жағдаяттық тапсырмалар үйренушілердің талаптарына, тілдік білім деңгейіне байланысты мақсатты түрде құрастырылып, мәнмәтінге сай берілуі қажет. Ал жұптық және топтық жұмыс жасау барысы үйренушіге қазақ тілінде өз ойын жеткізіп, біреудің айтқанын түсіне алатын дәрежеге жету мүмкіншілігін арттырады да, тіл үйрену үрдісінің қызықты өтеуіне себепкер бола алады.

Сабақта берілетін коммуникативті тапсырмаларды орындау барысында үйренуші тілдің құрылысымен танысып, жағдаятқа байланысты оның қолданысы мен ішкі мағынасын түсінуге талпынады. Осылайша ол тілдің өзіндік ерекшеліктерін ажырата бастайды. Оқытушының міндеті – үйренушілерді берілген тақырыпқа байланысты көбірек ақпарат алуға сұрақтар қоюға, басқалардың айтқан ойлары дұрыс екендігін құптауға, сондай-ақ талқылап жатқан жағдаятқа баға беруге талпындырып, тілдік әрекеттің мағынасын түсінуге қол ұшын беру. Сонымен қатар вербалды және нонвербалды амалдар арқылы үйренушіге қолдау көрсету. Тілдің коммуникативті функциясын грамматикалық форма мен сөздер жиынтығы арқылы емес, керісінше, іс-қимыл арқылы оңай үйретуге болады. Берілген жағдаяттар, берілетін тапсырмалар мен сабақта қолданылатын материалдар мәнді және шынайы өмірге жанасатын болса, тілді үйренуге тиімдірек болады. Үйренушілердің уәжінің қалыптасуына келетін болсақ, оның бірнеше жолдары бар:

- баспасөз материалдарын оқу, оқығаны туралы пікірталас жүргізу;
- үйренушілердің тілдік деңгейіне байланысты ғаламтор торабынан қазақ тілінде телебағдарламалар көріп, оларға талдау жасау;
- ұлттық тағамдарды дайындау кештерін ұйымдастыру;
- қазақ фильм кешін өткізу;
- қазақ тілін үйрену жедел курстарына қатысу;
- Қазақстаннан келген студенттер мен қонақтармен кездесу өткізіп, әңгімелесу.

Сондай-ақ сабақ барысы қатаң түрде емес, керісінше, көңілді өтсе, үйренушілердің тапсырмаларды белсенді орындауға және табысты болуына жағымды әсерін тигізеді. Қазақша әндер үйретіп, ұлттық би элементтерін қолдана отырып, үйренушілердің зейіні мен жана ақпаратты қабылдау, есте сақтау функцияларын арттыруға болады. Осылайша тіл үйренушілердің өздеріне деген сенімдері, қызығушылықтары арта түседі. Қазақ әндерін үйретуде 2012 ж. «Ұлас-Электрон» жиіс нарыққа шығарған электронды қазақ үйін пайдалануға болады.

Грамматика — негізгі мақсатқа жету құралы. Олай болса, тілдердің құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, неміс тілі флективті, ал қазақ тілі агглютинативті тіл, неміс тілді аудиторияға қазақ тілінің грамматикасын формулалар арқылы оқыту өте тиімді. Дайын формуларды тіл үйренуші есте сақтайды да, осы формула арқылы кез келген өзі білетін, сөздерін грамматикалық дайын қалыптарға салып, оларды тіркестіріп, сөйлемдер құрай алады. Мысалы: ауыспалы осы шақтың формуласы төмендегідей:

<i>Verbstamm + -a, -e, -ï + Personalendung</i>
<i>Емістіктің түбірі + -a, -e, -ï + жіктік жалғау</i>

Тілдік орта болған жерде коммуникативті шынайы өмірге лайық тапсырмаларды кеңінен пайдалануға болады. «Танысу» тақырыбын өтіп, оны машықтау үрдісінде тіл үйренушілермен бірге көшеге шығып, кез келген адаммен танысуға болады. Мұндай тапсырма үлгілерін Қазақстанның бірнеше қалаларында өткен Германия университеттерінің студент, магистрант және докторанттарына арналған қазақ тілін үйрену жедел курстарында жүргізген болатынбыз. Тілдік орта болмаған жағдайда не істейміз? Мысалы, «Сауда үйі» атты тақырыбын машықтау барысында «Карштадт»

сауда орталығына барамыз. «Карштадт» сауда орталығы Германияның кез келген қаласының әр ықшам ауданында бар. Үйренушілерге берілетін тапсырма бірнеше кезеңнен тұрады:

- тақырып бойынша алдын ала беріліп қойған сұрақтарды оқып, түсіну;
- «Карштадт» сауда орталығының мекенжайын анықтау;
- сауда орталығына барып, бөлімдерін аралау;
- сауда бөлімдерінің тауарларымен танысу;
- тапсырманың 1,2,3 және 5 сұрақтарына жауап беріп, айтатын ойды жүйелеу;
- 4 сұрақ бойынша құрбыларымен рөлдік ойын ойнау.

Міне, осындай коммуникативті тапсырмалар тіл үйренушінің өз ойын жүйелеуге, еркін сөйлеуге, сондай-ақ қазақ тілін тереңдетіп оқуға үлкен үлес қосады.

Сонымен қатар қазіргі кезеңде компьютерлік технологиялар қоғамдық өндіріс, ғылым және білім саласында белсенді қолданылады. Компьютерлік технология дегеніміз — компьютерлердің көмегімен ақпаратты жинақтауды, өңдеуді, сақтауды, таратуды және көрсетуді қамтамасыз ететін әдістердің, өндірістік үдерістердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы. Компьютерлік технологиялар типтік бағдарламалық-бағдарланған бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілетін операциялардың белгіленген топтарында іске асырылады. Осы бағдарламалық құралдардың арасында мәліметтердің мәтіндік, кестелік, графикалық өңделуін және ақпараттың (мәліметтер базасының) жинақталуы мен сақталуын қамтамасыз ететін бағдарламалар, электрондық коммуникация құралдары, компьютерлік баспа жүйелері, автоматты аудару жүйелері, білім берудің әр алуан салаларының сараптамалық жүйелері және т.б. бөлініп шығады. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру және оқу өнімі болып табылмаса да, оқыту құралдары жүйесінің құрамына кіреді. Оларға мыналар жатады: Интернеттің қолданбалы электрондық ресурстары (анықтамалық-ақпараттық, ақпараттық-білім беру және мәдени), Интернеттің білім беретін электрондық ресурстары, инструменталдық құралдар (электрондық оқу материалын жасауға болатын бағдарламалар), Интернеттің коммуникациялық қызметтері (e-mail, форум, чат)» [1].

Оқытудың ақпараттық (компьютерлік) технологиясы түсінігінің астарында білім алушыға компьютердің көмегімен ақпаратты дайындау және беру үдерісі жатыр. Компьютерлік технологияға оқытудың әр түрлі әдістері кіреді: бағдарламаланған оқыту, интеллектуалдық (проблемалық) оқыту, сараптамалық жүйелер, оқу коммуникациясы жүйелері және т.б. оқытудың ақпараттық технологиясының маңызды сипаттамалары мыналар:

1) компьютерлік жүйелерді меңгерудің теориялық негіздері (бағдарламалау, проблемалық оқыту, тестілеу);

2) қолданыстағы оқыту құралдары (гипермәтін, мультимедиа, байланыстың компьютерлік құралдары);

3) инструменталдық жүйелер (бағдарламалау тілі, авторлық жүйелер, мәліметтер базасы, мәтіндік редакторлар, электрондық пошта және чаттар, мультимедиа, бейнеконференциялар).

Оқу үдерісінде компьютерді қолданудың негізгі бағыттары мыналар:

1) модельдеу, тілдік, тілдесімдік, әлеуметтік-мәдени құбылыстарды немесе үдерістерді көрнекті көрсету жолдары арқылы оқыту мақсатында қолдану;

2) оқу материалын қолдануда дайындықты (іскерлікті, дағдыны қалыптастыру) ұйымдастыру;

3) дағдыны, іскерлікті, білімді бақылау және бағалау;

4) статикалық ақпаратты жинақтау, өңдеу және сақтау;

5) оқу үдерісін ұйымдастыру үшін ақпаратты автоматтандырылған түрде іздеу;

6) оқытушымен, оқыту орталығымен диалогты және компьютерлік желілер арқылы коммуникацияны қамтамасыз ету.

Компьютерлік технологиялар негізінде оқытуды ұйымдастыру үшін, үш негізгі компонент қажет, олар: аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету, дайындығы бар педагогикалық кадрлар және электрондық оқу материалдары (мысалы, желілік ресурстар, мультимедиа, тренингтік компьютерлік курстар, тесттік жүйелер және т.б.). Бұл компоненттердің барлығының маңызы бірдей.

Компьютерлік технологиялардың оқытудағы ерекше қыры оқытуда әр алуан қолданбалы бағдарламалардың — мәтіндік редакторлардың, орфографияны тексеру бағдарламаларының, кестелердің, мәліметтер базасының, электрондық энциклопедиялардың және кітапханалардың, электрондық баспа жүйелерінің, ойын бағдарламаларының және т.б. қолданылуында болып табылады. Арнайы дайындалған оқу материалдары білім беру үдерісінде сирек қолданылады.

«Компьютерлік лингводидактиканы қазіргі кезеңде дамытудың басты ерекшелігі интеграцияланған компьютерлік оқыту ортасын құру мақсатында әр түрлі типтегі (оқу, қолданбалы, инструменталдық, телекоммуникациялық) компьютерлік бағдарламаларды жаппай және мақсатты қолдану болып табылады, сол арқылы білім алушылар тілді оқытатын ортада толық жұмыс істейді және білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігі тиімді дамиды» [2].

Тілдерді оқытуда қолданылатын дербес электронды-есептеуіш машина (ДЭЕМ) қолданудың бірнеше негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1) Бірінші бағыт ақпаратты жылдам өңдеуге, жадының үлкен көлеміне негізделген, оқыту үдерісін ақпараттық қолдауға есептелген (электрондық сөздіктер, мәліметтер базасы, электрондық кітапханалар).

2) Екінші бағыт тілдерді меңгерумен және оқытумен байланысты әр алуан интеллектуалдық үдерістерді модельдеуді көрсетеді. Мысалы, оқу материалын түсіндіру және тұсаукесер жасау, тіл иелерімен қарым-қатынасты модельдеу, тілдік ортаны модельдеу, тілді меңгеру деңгейін бақылау және бағалау және т.б. (электрондық оқулықтар, компьютерлік жаттығулар, тесттер).

3) Үшінші бағыт байланыстың компьютерлік сызықтары арқылы оқытушымен немесе оқу орталығымен оқу ісі бойынша өзара әрекеттің ұйымдастырылуын көрсетеді (форумдар, чаттар, бейнеконференциялар).

Тілдерді оқытатын қашықтық курстарында бұл бағыттардың барлығы қандай да бір дәрежеде іске асырыла алады.

Қазақ тілін оқытуда компьютерлік оқу бағдарламаларын жасау және қолдану бірқатар мәселелерді қарастыруды және шешуді қажет етеді. Соның ішінде:

1) педагогикалық мәселелер (педагогикалық үдерістегі, оқытушы және білім алушы қызметіндегі, тұсаукесер формаларындағы және оқу материалын дайындаудағы өзгерістер);

2) әдістемелік мәселелер (компьютердің қазақ тілі сабағындағы функциялары, бағдарламалардың және жаттығулардың типтері, компьютерлік бағдарламалардың басқа оқу құралдарымен өзара әрекеті және қатынасы, оқытуды компьютерлік қолдаудың тиімділігі және т.б.);

3) білім алушылардың, оқытушылардың компьютерлік бағдарламалармен, бір-бірімен байланыстың компьютерлік сызықтары арқылы өзара қатынас жасаудың психологиялық мәселелері;

4) кәдімгі тілде компьютермен диалогты ұйымдастырудың лингвистикалық мәселелері;

5) ұйымдастырушылық мәселелер (компьютерлік зертханада сабақты ұйымдастыру, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру) және т.б.

Компьютерлік жүйемен өзара әрекет етудің қандай да бір аспектілері бірінші орынға шығуы мүмкін:

1) ақпаратты алу;

2) коммуникацияны ұйымдастыру;

3) бақылауды ұйымдастыру;

4) оқу үдерісін ұйымдастыру.

Бұл мәселелердің барлығы компьютерлік технологиялар тұрғысынан оларды шешудің ерекше тәсілдерін, жолдарын және кезеңдерін көрсетеді. Компьютерлік технологиялар саласындағы мамандар әдетте компьютердің көмегімен шешілетін міндеттерді қарастыруды және шешудің келесі негізгі кезеңдерін бөліп көрсетеді:

1) оқыту мақсаттарын, оқыту міндеттерін қалыптастыру, пайдаланушылар ортасын және сипатын анықтау;

2) кіріс және шығыс мәліметтерді формалдау, мәліметтерді өңдеу үдерісін сипаттау;

3) міндеттерді жеке топшаларға бөлу;

4) міндеттерді шешудің әр түрлі модельдерін сипаттау;

5) шешілетін міндеттердің практикада қолдану технологияларын, әдістемелерін сипаттау;

6) болжалды нәтижелер.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда қолданылатын бағдарламалардың бірнеше негізгі топтарын бөліп көрсетуге болады:

1) меңгерілетін материалдың формалданған дайындығы негізінде құрылған компьютерлік жаттықтыру бағдарламалары;

2) Интернетке негізделген коммуникациялық бағдарламалық құралдар;

3) тесттік жүйелер;

4) ақпараттық сипаттағы мультимедиа жүйесі (энциклопедиялар, елтанымдық материалдар, мультимедиалық тұсаукесерлер);

5) электрондық оқулықтар;

6) мәліметтердің ақпараттық базасы және «Қазақ тілі» пәні бойынша анықтамалық ресурстар.

Тілдерді оқытуда бағдарламалардың әр түрлі типін қолдануға болады [3]:

1) оқыту мақсатында құрастырылған оқыту бағдарламалары;

2) құжаттамамен жұмыс істеуге арналған офистік бағдарламалар: мәтіндік редакторлар, мәліметтер базасы, телекоммуникациялық бағдарламалар;

3) «ақпараттық» бағдарламалар – электрондық кітапханалар, энциклопедиялар, каталогтар;

4) көңіл көтеру бағдарламалары – ойындар (оқиғалық, модельдік).

Оқыту үдерісін ұйымдастыруда компьютерлік бағдарламалардың интерактивтілік, оқытудың диалогтық сипаты сияқты мәнді қасиеттерге ие болуы маңызды. Бұдан басқа компьютер төмендегідей параметрлер бойынша тестілеуді тіркеуге (статистикалық ақпаратты жинауға) және жүзеге асыруға қабілетті:

1) жеке оқушының жаттығуды немесе тапсырманы орындауға жұмсаған уақыты;

2) қателер саны және сипаты;

3) тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға ұмтылу саны;

4) білім алушы орындаған жаттығулар мен тапсырмалардың жалпы саны;

5) оқу мәтіндерінің типтері, сипаты және олармен жұмыс істеу реттілігі;

6) оқу материалдарына жүгіну саны, оқыту уақыты және т.б.

А.В. Осиннің [4] пікірінше, компьютерлік электрондық басылымдар және ресурстар келесі негізгі сипаттарға ие: интерактив, мультимедиа, моделинг, коммуникативтілік, өнімділік. Моделинг — шынайы нысандар мен үдерістерді оларды зерттеу мақсатында модельдеу. Коммуникативтілік — тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, ақпаратты ұсыну жылдамдығы. Өнімділік шығармашылық емес операциялардың автоматтандырылуын білдіреді. Мысалы, ақпаратты жылдам іздеу, мәтінді өңдеу, есептеу.

Зерттеушілер Е.С. Полат, А.Н. Богомолов Интернетте ұйымдастыруға болатын оқу қызметінің бірнеше түрін ұсынды және сипаттап берді [4]:

1) ақпаратты іздеу – браузерлермен, мәліметтер базасымен, анықтамалық жүйелермен және т.б. жұмыс істеу;

2) қарым-қатынас жасау, тілдесу — электрондық пошта, чаттар, сілтемелер тізімі, форумдар, бейнеконференциялар;

3) желідегі жарияланымдар — веб-бет, сайт, блок ашу.

Компьютерлік технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері тілдерді қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда ерекше үлгіде іске асырылады. Олардың негізгілері мыналар:

1) оқу ақпаратын жүйелі жинақтау, ақпаратты Интернетте редакциялау және сақтау, оны статистикалық жағынан өңдеу;

2) білім алушы мен оқытушының, білім алушылардың бір-бірімен, сонымен қатар басқа елдегі серіктестермен интенсивті коммуникацияда болу мүмкіндігі;

3) оқытушыға оқу үдерісін оперативті, дистантты басқару құқығын беру;

4) білім алушының жағдайды, уақытты және оқыту қарқынын таңдау мүмкіндігі.

Интернеттің технологиялық мүмкіндіктері қазақ тілін меңгеретіндер үшін шынайы тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта тіл иесімен кейінірек (электрондық пошта, off-line-телеконференциялар) немесе сол мезетте (телеконференциялар, Chat, бейнеконференциялар) қарым-қатынасқа түсудің арқасында пайда болады. Бұдан басқа бұл жеке ақпаратты жариялау, жеке web-бетті құру, ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, мықты іздеу жүйелері арқылы желіде жандандыру мүмкіндігі болып табылады. Аталған бірегей мүмкіндіктер шын мәнінде қашықтықтан оқыту формасында қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыруға барлық жағдайды тудырып отыр.

Қашықтықтан оқыту (ҚО) нұсқасы, бір жағынан, білім алушыға оның жеке мүмкіндіктері мен қабілетіне сәйкес көлемде қажетті білімді ұсынады; бірақ, екінші жағынан, мұнда есту дағдысына сүйену, яғни білім алушылардың бір мезгілдегі кері байланысында ауызша практикаға сүйену шектеулі. Бұл заңдылықты практикада тек бейнеконференциялар ғана іске асыруға мүмкіндік береді. Барлық ақпарат клавиатураның көмегімен, жеке жағдайларда дауыспен енгізіледі. Сол сияқты мәтін немесе дыбыс түріндегі ақпарат қабылданады. ҚО туралы сөз болғанда жаттығуларды ауызша орындау, жанды қарым-қатынас мәселесі әзірше желілік және басқа да ақпараттық технологиялардың

мүмкіндіктерінен тыс қалып отыр. Сондықтан егер оқыту мақсаты тек грамматикалық және лексикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар фонетикалық дағдыларды; сондай-ақ тек оқылым, жазылым, тыңдалым дағдыларын ғана емес, айтылым дағдыларын да қарастырса, онда қашықтықтан оқыту модельдерін интеграциялау анағұрлым дұрыс болып табылады. Мұндай жағдайда дағдыны қалыптастыру, мәтінді оқу және басқа да жазбаша қызмет түрлерін қашықтықтан оқыту формасына ауыстырып, ал дәрісханада оқытушы мен білім алушылардың арасындағы тікелей көзбе-көз байланыста айтылымға (монолог, диалог, полилог) көп көңіл бөлу қажет. Егер оқыту мақсаты айтылым саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізуді көздемесе, онда оқытудың өзге модельдерін, соның ішінде тек желілік модельдерді қолдануға болады. Егер қалыптастырылып отырған коммуникативтік құзыреттіліктің деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса, онда фонетикалық дағдыларды қалыптастыру және оларды жетілдіру туралы айта кету керек. Мұның барлығы фонетикалық дағдыны, яғни операциялық бақылауды қалыптастырған жағдайда да жанды, тікелей байланысты талап етеді. Пәннің ерекшелігі осындай. Тілдік қызметтің басқа да түрлерін қатар меңгеру қажетті дағдыларды қалыптастыру тиімділігіне, сөзсіз, әсер етеді, дегенмен, жазбаша қарым-қатынас қаншалықты қарқынды болғанмен, ол айтылым дағдысын сәтті қалыптастыруға көмектеседі.

ҚО табыстылығы және сапасы көп жағдайда тиімді ұйымдастыруға және қолданылатын материалдардың әдістемелік сапасына, сондай-ақ осы үдеріске қатысатын басшылыққа, педагогтардың шеберлігіне байланысты болады. Егер оқытудың бұл түрін тиімді деп есептейтін болсақ, онда олардың кез келген түріне тән бірқатар сипаттамаларды бөліп көрсетуге болады:

- қазақ тілін қашықтықтан оқыту курстары білім алушының қызметін өте ұқыпты және егжей-тегжейлі жоспарлауды, оны ұйымдастыруды, оқытудың мақсаттары мен міндеттерін нақты қоя білуді, алдыңғы тапсырмалардың орындалуына қарай қажетті оқу материалдарын жеткізіп беруді қарастырады;

- интерактивтілік — ҚО білім беру бағдарламаларының негізгі ұғымы. Қазақ тілі бойынша ҚО курстары білім алушы мен оқытушы арасындағы интерактивтілікті, білім алушы мен оқу материалы арасындағы кері байланысты максималды дәрежеде қамтамасыз етуге, топтық оқыту мүмкіндігін ұсынуға міндетті, себебі пән ерекшелігі үнемі қарым-қатынас жасауға, үдерістің интерактивтілігіне негізделген;

- білім алушылар білім алу жолындағы іс-әрекеттерінің дұрыстығына сенімді болуы үшін, тиімділігі жоғары кері байланысты қарастыру аса маңызды. Мұндай кері байланыс операциялық, оперативтік (дағдыларды қалыптастыру кезеңінде) және оқытушы тарапынан сырттай бағалаудың кейінге қалдырылған түрінде болуы керек;

- уәжділік — кез келген ҚО курсының маңызды элементі; қазақ тілі бойынша курстарда оған көп жағдайда мәдениетаралық компонентті есепке алудың негізінде, сондай-ақ табиғи тілдік ортаны қалыптастырудың негізінде қол жеткізіледі;

- ҚО курсын құрылымдау модульды болуы керек, себебі білім алушы өзінің модульдан модульға дейінгі даму деңгейін саналы түрде сезіне алу, өз қалауы бойынша немесе білімді меңгеру деңгейіне байланысты жетекші педагогтың қарауы бойынша кез келген модульды таңдай алу мүмкіндігіне ие болады.

Қазақ тілі бойынша ҚО курстары, бір жағынан, қашықтықтан оқытудың жоғарыда айтылған барлық моделін көрсете алады, екінші жағынан, олар пәннің ерекшелігіне қарай құрастырылады. Нақтырақ айтқанда:

- қазақ тілі бойынша оқушыларға арналған негізгі курс;
- барлық тілек білдірушілерге қазақ тілі курсы;
- бизнес-курстар;
- тереңдетілген курстар.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі оның болашағы маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогы, оқу-әдістемелік кешендегі тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беру.

Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту жүйесін қолдану тілді оқытуды жандандыруға мүмкіндік береді.

1. Қашықтықтан оқытуда оқытушы оқу бағдарламасын беру арқылы тіл үйренушіні өзіндік оқуға жетелеу.
2. Оқу-әдістемелік кешенге материалдарды мамандыққа байланысты сұрыптап беру.
3. Қашықтықтан оқыту курсына тілді жеке немесе топтық меңгерту.
4. Тіл үйренушілердің тілді білу деңгейін бақылау және бағалау.
5. Тілді үйрену уақытын үнемдеу.
6. Әр түрлі компьютерлік ойын элементтері арқылы тіл үйренуге қызығушылығын арттыру.

Қашықтықтан оқытуда тіл үйретуші мен үйренуші қарым-қатынасы үзілмейді. Қашықтықтан оқыту уақыты жоқ адамдарға қызметтен қол үзбей тілді меңгеруге мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуда өзіне керек білімді меңгеретін, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі басқара алатын, белсенді тұлға қалыптастыру көзделеді. Қазіргі таңда қашықтықтан оқытудың осындай мүмкіндіктерін мемлекеттік тілді үйретуде кеңінен қолдану қажет. Бұл тіл үйренушілерге өте тиімді технология, өйткені қашықтықтан оқыту кезінде тыңдаушы өзіне қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді қарқында өз бетінше жұмыс құрай алады. Яғни, топта оқу мен сабақ кестесі өзіне тиімсіз деп санайтын жұмыс жасап жүрген ересектер үшін сырттан ақпарат алуға мүмкіндік беретін қашықтан оқытудың пайдасы орасан зор деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ehlich Konrad, Rehbein Jochen. Wissen, kommunikatives Handeln und die Schule. In: Goeppert, Herma C. (Hrsg.) Sprachverhalten in der Schule. Zur Kommunikation von Lehrer und Schüler in der Unterrichtssituation. München: Fink, 1977, p. 36–114.
2. Massakowa G. Rezeptive Mehrsprachigkeit in der intertürkischen Kommunikation. — Münster: Waxmann Verlag, 2014.
3. İlleri Esin. Türkisch als Fremdsprache. Geschichte und Voraussetzungen. In: Fittschen, Maren & İlleri, Esin (Hrsg.) Türkisch als Fremdsprache unter sprachwissenschaftlichen Gesichtspunkten. — Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 1994. — P. 1–29.
4. Piepho, Hans-Eberhard. Kommunikative Kompetenz als übergeordnetes Lernziel im Englischunterricht. — Dornburg-Frickhofen: Frankonius, 1974.

Г.А.Масакова, Б.М.Айтбаева

Эффективность информационных технологий в преподавании казахского языка как иностранного

В статье отмечено, что сегодня в условиях информатизации и модернизации образования вопросы оптимизации и интенсификации преподавания казахского языка в русскоязычной аудитории приобретают все большую актуальность. Современные требования образования, ориентированного на результат, подчеркнута авторами, создают необходимость постоянного совершенствования содержания, средств, методов и приемов обучения. Выделено, что решение этой важной задачи напрямую связано с умением учителя использовать новые технологии и методики в соответствии с целями и условиями обучения.

G.A.Masakova, B.M.Aitbaeva

The effectiveness of information technology in teaching kazakh as a foreign language

Today in conditions of information and modernization of formation questions of optimization and an intensification of teaching of the Kazakh language in a Russian-speaking audience get the increasing urgency. Modern requirements of the formation focused on result, create necessity of constant perfection of the maintenance, means, methods and receptions of training. The decision of this important problem directly is connected with skill of the teacher to use new technologies and techniques according to the purposes and conditions of training.

References

- 1 Ehlich Konrad, Rehbein Jochen. *Wissen, kommunikatives Handeln und die Schule*. In: Goeppert, Herma C. (Hrsg.) *Sprachverhalten in der Schule. Zur Kommunikation von Lehrer und Schüler in der Unterrichtssituation*, München: Fink, 1977, p. 36–114.
- 2 Massakowa G. *Rezeptive Mehrsprachigkeit in der intertürkischen Kommunikation*, Münster: Waxmann, Verlag, 2014.
- 3 İlleri Esin. *Türkisch als Fremdsprache. Geschichte und Voraussetzungen*. In: Fittschen, Maren & İlleri, Esin (Hrsg.) *Türkisch als Fremdsprache unter sprachwissenschaftlichen Gesichtspunkten*, Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 1994, p. 1–29.
- 4 Piepho Hans-Eberhard. *Kommunikative Kompetenz als übergeordnetes Lernziel im Englischunterricht*, Dornburg-Frickhofen: Frankonius, 1974.

Қ.Ж.Балапанова, Г.Ш.Мизанбаева, Б.С.Сатеева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: aikanum_2007@mail.ru)*

Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияның қолданылуы

Мақалада қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияны қалай қолдану керектігі туралы айтылған. Қазіргі технология заманында жоғары оқу орындарында, мектептерде сабақтарда, оның ішінде қазақ тілін оқытып-үйрету кезінде технологияны көп қолдану керек. Бүгінгі күні көп сұранысқа ие дүние болып тұр. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты оқушылардың сөздік қорын, сонымен қатар сауатты жаза білуге баулу болып табылады.

Кілт сөздер: оқыту, мультимедиялық сабақтар, ақпараттық технологиялар, модульдік оқыту технологиясы.

Әр халықтың өзінің ана тілі болады. Сол сияқты қазақ тілі — қазақ халқының ана тілі. Кезінде қазақ тілін зерттеген атақты ресейлік шығыстанушы-ғалым В.В.Радлов өзінің жазбаларында қазақ тілімізге мынадай анықтама беріп кеткен екен: «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен, сауатсыздарының өзі, ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі».

Уақыт өтіп жатыр, жаңа заман, заманына қарай жастардың да дүниетанымы өзгерген. Соған орай, қазіргі технология заманында жоғары оқу орындарында, мектептерде сабақтарда, оның ішінде қазақ тілін оқытып-үйрету кезінде технологияны көп қолдану керек, бұл қазіргі уақытта көп сұранысқа ие дүние болып тұр. Білім мекемелерінде оқытылатын пәндер арасында қазақ тілі пәнінен алатын орны ерекше. Қазақ тілі өте бай тіл. Дегенмен де, бір жағынан, өте күрделі тіл. Себебі бір сөзінің өзі сан алуан мағынаны білдіруі мүмкін. Өзге ұлт өкілдерін оқыту барысында ұстаздың оқушыларға осыны түсіндіруде көп қиындықтарға тап болатындығы анық. Қазіргі таңда оқу мекемелерінде қазақ тілін оқыту басты мақсаттардың бірі болып отыр. Оқыту әдістерінде әр түрлі жаңа технологиялардың пайдаланылып жатқаны белгілі. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты оқушылардың сөздік қорын байыту, сонымен қатар сауатты жаза білуге баулу болып табылады. Сол себептен барлық ұстаздар білім берудің жаңа тәсілдерін білуге міндетті. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын басты ақпараттық технологиялар интерактивтік тақта, теледидар, электронды оқулықтар болып табылады.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі, сөзсіз, түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өндеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру — міндет.

Жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Инновациялық процестерді енгізу үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен [1].

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да, әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ

мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері — кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды.

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады;

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

- саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады;

- ақпараттық бағдарламалап оқыту — оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала — субъект», «бала — объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады.

Жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге білуге болады.

Модификациялық инновация — бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация — бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация білімге мемлекеттік стандарттарды енгізумен сипатталады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады [2].

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқытушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация — нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», — дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте, инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Р. Масырова, Т. Линчевская «жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару — белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея».

Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір білек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жүктемесінде инновацияны, қайта жаңғырту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын) [3].

Инновациялық технологияларға *мультимедиялық сабақтар* да жатады. Ағылшын тілінде *multimedia*, латын тілінде *multum* — көп және *media, medium* — жинақ дегенді білдіреді, яғни құрамына бірнеше мәтін, сурет, бейне, көрініс, анимация кіреді. Мультимедиялық сабақтарда қойылатын мақсаттар: студенттердің компьютерлік технологиясын қолдану арқылы оқыту, үйрену, танымдық әрекетін жүзеге асыру және өз бетінше жұмыс істеу дағдысы мен шығармашылыққа қабілеттерін дамыту. Сабақта келесі қажетті шарттар орындалуы керек:

- студенттің жеке тұлғасын дайындау;
- ойлау қабілетін жетілдіру;
- эстетикалық тәрбие;
- нақты бір шешім қабылдауға қалыптастыру;
- пәнаралық байланыстарды тереңдету.

Мультимедиялық сабақ өткізу кезінде студенттер ақпаратты тек қана қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге оны өндеп, жеткізу әрекеттерін орындайды. Бұл кезде оқытушының мақсаты студенттерде қажетті ақпаратты табу, сұрыптап, оны жүйелеу мен жеткізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ол оқу пәнінің тақырыбын қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстар мен жағдайларды және проблемаларды шешумен байланыстыра отырып, студенттерге жобаны дайындау тапсырмасын ұсынады. Бұл тапсырманы орындау мен оны қорғау кезеңі студенттердің топ алдында сөйлеу мәдениетін, ойын жүйелей білу мен өзіндік көзқарастың және ой-пікірлерін қорғай білу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмаларды қорғау топтың алдында орындалады және олардың өзара қарым-қатынасын талап етеді. Сонымен, мультимедиялық жобаны көру студенттерге қажетті теориялық білім мен танымдық қызығушылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді әдіс болып табылады.

Инновациялық технологияларға бүгінгі кезде *электрондық оқулықтар* да жиі қолданылуда. Оқытушы бағдарламаға сай өз электрондық оқулығын дайындайды. Білім саласында компьютер студент үшін құрал, ал оқытушы үшін ол күнделікті қолданылатын жұмысшы болып табылады.

Электрондық оқулықтар — ғылыми негізінде дайындалған педагогикалық-ақпараттық өнім. Электрондық оқулық арқылы студенттер тапсырманы қызыға орындайды, кейде қателерін өздері табады. Электрондық оқулықтар — оқытушылар үшін күннен күнге дамытылып отырған ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Мұны пайдалану барысында оқытушы ғылыми-әдістемелік электрондық оқулықты пайдаланғанда сабақтың ыңғайына қарай қосымша материалдарды кірістіруге болады. Электрондық оқулық көрнекілік ретінде де, оқу мен компьютер арасындағы байланыс жасауда да студенттерге көп көмек көрсетеді.

Студенттердің тілін дамыта оқытудың нәтижесінде студент қазақ тілінің сөз байлығын толық игеру, тілдің фонетикалық және сөзжасам жүйесін жақсы меңгеру, морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді игеріп, оларды практикалық тіл жасау дағдысында дұрыс пайдалана білуі тиіс. Сонда ғана студент тілді күнделікті өмірінде дұрыс пайдаланумен қатар, тілдің қатысымдағы стильдік, эмоциялық, көріктеу, көркемдеу қызметтеріне де түсініп қолдана алады. Сондықтан, студенттердің тілін дамыту үшін, ең алдымен, олардың сөздік қорын байыту; әдеби тілдің нормасында сөйлемдерді дұрыс құрауды үйрету; ойларын жүйелі ауызша, жазбаша жеткізе білу дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруы қажет.

Қалыптасқан білім беру жүйесін жетілдіру ісінде қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың маңызы жөніндегі мәселе соңғы екі онжылдық бойына өзекті болып отыр. Әрбір педагогтың, мектеп мұғалімі немесе жоғары оқу орнының оқытушысы болсын, басты мақсаты — білім беру сапасын қамтамасыз ету. Ал ол үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қолданылуы үлкен дәрежеде септігін тигізетіні сөзсіз.

Жоғарыда көрсетілген инновациялық технологиялардың түрлері қазіргі жағдайда жоғары оқу орнының оқу процесінде қолдануға өте тиімді. Білім берудің мемлекеттік стандарттарында анықталған оқытудың мазмұнына ешбір нұқсан келтірмейді, керісінше, оқу пәндерінің бағдарламасында көрсетілген мақсатқа оқытудың бұрыннан қалыптасқан әдістерімен өзара бірлікте қол жеткізуге мүмкіндік береді.

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі деген мағынаны білдіреді. Бірінші кезеңде білімді көмекші құралсыз берген; екінші кезеңде оқулық арқылы; ал бүгінгі заманда оқыту технологиясы үлкен өзгеріске түсті. Бүгін біз сабақ барысында тірек сызбалардан қалып, ақпараттық технологиялар арқылы (компьютер, электрондық оқулық, Интернет) оқытамыз.

Оқыту технологиясы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қалай сабақты ұйымдастыру керек, қандай принциптер арқылы, қандай факторларды үнемі ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді. Сондықтан оқыту технологиясы оқытудың мақсат, мазмұн, принцип, әдіс және құралдармен тығыз байланысты.

Қоғам талабына сай инновациялық технологияны меңгеру ғалым В.Максимов өз зерттеулерінде келесі инновациялық технологияларының түрлерін ұсынады:

- құрылымдық логикалық технология;
- интеграциялық технология;
- ойындар технологиясы;
- тренингтік технологиясы;
- ақпараттық технология;
- сұхбаттық технология.

Бүгінгі кезде әдістеме саласында жоғары аталған технологиялар жиі қолданылуда. Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей шарттар қажет:

- оқу үрдісін белсендіру және басшылыққа алу;
- студенттердің ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарға алу;
- жаңа пәндік білім стандартымен танысу.

Осы шарттарды үнемі ескеріп жүрсек, педагогика ғылымы жаңа технологияны тиімді пайдаланумен ерекшелінеді. Білім беру барысында оқыту, тәрбиелеу бағыттарын инновациялық технологиямен жетілдіру қажет. Студенттердің өзіндік жұмыстарының орындалуын бақылап, бағалауымыз керек.

Қазіргі инновациялық технологиялардың жиі қолданылатыны — *ақпараттық технологиялар*. Оларды пайдалану барысында бұрыннан біз көбінесе компьютерді қолданып, сабақты түрлендіріп, студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын дамытамыз. Осындай сабақтар өткізгенде оқыту процесін дараландырады және студенттердің ойын дербестігі мен белсенділігін арттырады.

Компьютердің әдістемелік және дидактикалық мүмкіншіліктерін пайдаланып, ақпараттық технологияларды қолдану студенттердің танымдық және өзіндік белсенділігін арттыратын ойын элементтері арқылы үйрету оқыту процесін тұрақтандыруға мүмкіншілік береді. Компьютер арқылы мәтінді теру, берілген қателерді түзету, мәтін бойынша тапсырмалар орындау және тағы басқа сабақ түрлерін өткізуге болады. Кейде студентпен де жеке жұмыс жасай аламыз. Оқу барысында студенттердің ақпараттық технологияларды пайдалануы, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзіндік сараптау, жоспарлау мүмкіндіктеріне негізделген оқытылу мүмкіндігін береді.

Студенттің дамуын үйлесімді нәтижеге жеткізу үшін оқу жүйесі ғылыми-педагогикалық негізінде жасалуы қажет. Сабақ кезінде *модульдік оқыту технологиясын* қолдана отырып, студенттердің жеке дамуына көңіл бөлуге болады. Модульдік оқыту технологиясы жаңа технологиясының әр пән бойынша ерекше қолдануда. Оқу модулі 3 құрылымдық бөлімнен тұрады: кіріспеден, негізгі бөлімінен және қорыту. Әр модульге оқытушы өз уақытын бөліп, қойылған мақсаттарына жетуге тырысады. Оқытушы сабақты ұйымдастыру түрлерін ойластырады. Оқу материалдарын тақырыптың мазмұнына сәйкес деңгейлік тапсыру болуы қажет [4].

Қорыта келгенде, қазіргі кездегі жаңа технологияны қолдана оқыту қазақ тілін оқытуда жақсы нәтиже береді. Ол нәтиже бүгінде көрініп те, айтылып та жүр. Болашақта бұған да жаңаша бір көзқарас, ой қосылады деген ойдамыз. Ал ол жаңаша ойды әрі қарай жалғастырып дамыту болашақтың үлесінде деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әміргалина Н. Білім берудің инновациялық технологияларының бірі — тірек конспектілері // Білім. — 2009. — № 4. — 17–19 б.
- 2 Амандықова Г. Шет тілін оқыту әдістемесі. — Алматы: РИИЦ Азия, 2007. — 103–105 б.
- 3 Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану // Білім. — 2006. — № 5. — 22–24-б.
- 4 Такисьева Г. Модульдік оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігі // Білім. — 2009. — № 4.

К.Ж.Балапанова, Г.Ш.Мизанбаева, Б.С.Сатеева

Использование информационных технологий в обучении казахскому языку

В статье рассмотрено использование информационных технологий в процессе обучения казахскому языку. Авторы подчеркивают, что при современном бурном развитии технологий предлагаемые методы и приемы эффективны при обучении казахскому языку на уроках в школе и на занятиях в высших учебных заведениях. Это веление настоящего времени. Выделена главная цель использования информационных технологий — привитие обучающимся навыков правописания и пополнение словарного запаса.

K.Zh.Balapanova, G.Sh.Mizanbaeva, B.S.Sateeva

Use of information technology in teaching the Kazakh language

This article discusses the use of information technology in learning the Kazakh language. With the rapid development of modern technologies, the proposed methods and techniques are effective in teaching the Kazakh language in the classroom in the school and in the classroom in higher education. This is the imperative of the present time. The main purpose of the use of information technology is to impart skills to students spelling and heightening vocabulary.

References

- 1 Amirgalina N. *Bilim*, Almaty, 2009, 4, p. 17–19.
- 2 Amandykova G. *Foreign language teaching methodology*, Almaty: RIITs Aziya, 2007, p. 103–105.
- 3 Saduova Zh. *Bilim*, Almaty, 2006, 5, p. 22–24.
- 4 Takisheva G. *Bilim*, Almaty, 2009, 4.

М.І.Әбдуов, Т.Б.Қазбеков

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: abduov_m@mail.ru)*

**Кенесары көтерілісінің қаһарманы Мәнжі
батыр туралы зерттеу**

Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған, бір ауыздан айтылып, кең көлемді шарлаған «туған ел» ұғымы бар уақытта да қан-тамырымыздың лүпіл-бүлкіліндей естіледі.

Жүгі нарда, қазаны теңде болып көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы үш нәрсені бойтұмардай қасиет тұтып, қадірлеп өткен. Олар — туған ел, туған жер, ата-анамыз, қасиетті ана тіліміз. Тәуелсіздік үшін қасық қаны қалғанша күресіп жауды жағадан алған бабаларымыздың аманаты, бойтұмары — Жер ана. Жер-ананың төл туындылары — айдын-шалқар көлдер, құпияға шомылған қайнарлар, асау таудай толқынды серік еткен өзендері мен ғажайып кеңдігінен бәріміз де бастау алдық.

Кешегі кеңестік идеологияның пәрменінен именіп, том-том тарихымыз архивтердің қабырғасынан аса алмай қалған еді. Тәуелсіз елдің таңы атқалы көне заманның көшінде тарау-тарау ізі қалған толғақты оқиғалардың тереңіне бойлайтын да уақыт жетті. Шүкір дейміз. Осындай оқиғалардың бірі XIX ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ хандығының ұлт-азаттық көтерілісі болды. Хан Кене алдында болған көтерілістерден сабақ алып, қорытынды жасаған еді. Біріншіден, ол белгілі бір аймақты ғана қамтыған қарсылықтар ешқандай нәтиже бермейтіндігіне көз жеткізді. Сол себепті бүкіл халықты көтеру қажеттілігі айқын болды. Екіншіден, қазақтардың ұлт-азаттық қозғалыста Ортаазиялық хандықтармен одақтасудың қауіптілігін түсінді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері, күні бүгінге дейін «халық жауы, бүлікші» аталып келген ұлт-азаттық көтерілісінің бастамашысы — Кенесары ханды тарихшылар ақтап алып, оның қазақ халқының азаттығын көксеген көсемдігін жария етуде.

Туған елі мен жерін таптап, жермен-жексен етуге ұмтылған жат жерлік отаршылдарға қарсы қай халық болсын, қашан да қарсылық көрсететіні, ешкімнің де езуге көнгісі келмейтіні аян. Қорлық-зорлыққа көнбей ашынып, ең алдымен, қарсы тұратындар — әлбетте, көкірегі ояу көшелілер, көсемдер мен батырлар. Сондай батырлардың бірі — Кенесары Қасымұлымен бірге сары даланың шаңын шығарып ат үстінде өткізген Мәнжі батырдың туғанына биыл 200 жыл толды. Ол өз халқының сүйікті перзенті бола тұра, Кенесары хан заманындағы азаттық пен бостандық идеясын бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздегі қазақстандық патриотизм рухы өз бастауын осындай танымал перзенттердің ғұмырынан, өнегелі істері мен абыройлы тағылымынан алады деп тұжырымдауға толық негіз бар. Батырдың мерейтойына арнап белгілі ғалым Рашит Әл-Каренидің (Кареновтың) «Хан Кене көтерілісінің қаһарман сардары — Мәнжі батыр (туғанына 200 жыл толуына орай)» атты монографиясы жарық көрді*.

Академик Р.С. Кареновтың осы еңбегінде қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресі тарихындағы Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің ерекше орны көрсетілген. Кітапта Хан Кененің батасын алған, өжеттілігі мен ерлігі, алғырлығы мен айбары, ақылы мен айласы асқан хас батыр Мәнжі Күржікейұлы жайлы жан-жақты зерттеу жүргізілген.

*Рашит Әл-Карени (Каренов). Хан Кене көтерілісінің қаһарман сардары — Мәнжі батыр (200 жыл толуына орай): Монография. — Қарағанды: «Арка и К» ЖШС, 2015. — 276 б.

Монография он бөлімнен тұрады. Алғашқы үш бөлімде 1837–1847 жылдары Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық қозғалыс, оның халық әдебиетіндегі және тарихи зерттеулердегі бейнесі, ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан атақты қазақ батырлары жайлы сөз болады.

Кітаптың ортаңғы тарауларында хан Кененің сенімді серігі, сайын даланың сардары — Мәнжі батырдың туғанына 200 жыл толғандығы туралы, Мәнжі батыр ерлігіне арналған дастандар, жырлар, естеліктер жайлы, Мәнжі батыр атындағы мектептің бірқатар игі бастамаларға мұрындық болып жүргендігі жөнінде айтылған.

Соңғы бөлімдерде Мәнжі батырдан тарайтын Жәментік, Шәуе, Қара (Оразбек), Ырысбек аталарымыздан шыққан әулеттер тарихы туралы жазылған.

Монографияда зерттеуші-ғалым екі мәселеге айрықша ден қойған. Оның бірі қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалысы болса, екіншісі — сол қозғалыстағы қол бастаған халық батырларының әлеуметтік келбетін ашып көрсету, олардың биік рухы мен айбындылығын алты Алашқа жария ету.

Ұлт-азаттық қозғалысының сипатын зерттей келе, автор оның үш мәнді белгісін ашып көрсеткен: біріншісі — қозғалысқа жалпы ұлттық идеяның тән болуы; екіншісі — қозғалыс алға қойған негізгі мақсаттың анық та, ашық түрде мемлекеттік билік мәселесіне келіп тірелуі; үшіншісі — қозғалыстың басында ұлт зиялыларының саяси көрегендік, қолбасшылық кемелдік, дипломатиялық қасиеттері бойында бар көрнекті өкілдерінің тұруы.

Автордың пайымдауынша, Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстарының жалпы ұлттық идеясы отарлық езгіден құтылуға елдің елдігін, тұтастығын сақтауға сайды. Ел — байырғы түркі заманынан бері желісі үзілмей келе жатқан, қадірлеп, қастерлеп ұстауды талап ететін қазақтың санасында берік орын тепкен құндылық. Ал, елдің негізі — жер. Осы тұрғыдан келгенде Е. Бекмахановтың «Кенесары патша үкіметі, Қоқан мен Хиуа тартып алған қазақ жерлерін қайтару, Ресей қарамағында қазақ халқының біртұтас мемлекетін құру ұранымен күреске шықты. Өздерінің мақсаттары үшін, ең алдымен, тартып алынған жайлауларын, жайылымдарын қайтару үшін күрескен қалың бұқараның қатысуы көтерілістің кең өріс алуын қамтамасыз етті», — деген байламында терең әдістемелік түйін бар. Жерден айырылу елдің экономикалық негізін шайқалтуға әкеледі және керісінше. Саяси дербестік халықты экономикалық кіріптарлықтан қорғауға, кемел экономикалық әлеует өз кезегінде саяси тәуелсіздіктің іргетасын бекемдеуге мүмкіндік туғызады деп ой түйіндейді автор.

Кітапта қозғалысқа тартылған әрбір әлеуметтік қауымдастық азаттықтың, тұтастықтың мәнін дөп басып танығанмен, берері мен болашағын өздерінше болжағандығы да сөз болған. Азаттықтан алар ханның сыбағасы би, батырлардың сыбағасынан, ал соңғыларынікі бай мен қараның сыбағасынан өзгеше болатын әрқайсысы ұғынғандығы да айтылған. Автор, әрине, Ресейдің бодандығына кірген күннен бүкіл қазақ даласы, барлық қазақ баласы бір кісінің отбасындай тек азаттықты, тәуелсіз мемлекет шаңырағын көтеруді аңсады деген, себебі бұл тарихымызды тым әсірелеп жіберген болар еді. Расында да, ақ патшаға жан-тәнімен қызмет еткен итбайлар, қоңырқұлжалар есімдері қағазға қатталып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыр. Бұлардың қатары тек ағасұлтан, сұлтан-правитель сияқты ресми лауазымды қызмет басындағылардан тұрды деген тұжырым да әдістемелік жаңсақтыққа апарары сөзсіз.

Монографияда отарлаудың сорақылықтарын біле-көре тұра туған елінің өсіп-өнуін империя тағдырынан тыс көз алдына елестетпеген, Ресей құрамында қала беріп, өркениетке жетуді мүмкін санаған, тұлғалардың әлеуметтік қауымның әр кезеңдегі — XVIII, XIX ғасырлардағы, XX ғасыр басындағы дүние танымы арнайы зерттеуді талап ететіндігі көрсетілген.

Автордың тағы бір байқағаны — өлке болашағын Ресеймен байланыстыра қарастырғандар маңызды мәселе ретінде бірде саяси тәуелсіздікті, ұлттық қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық дамудың, өнеркәсіптік-индустриалды жолға түсудің мүмкіндіктері мен нұсқаларын сөз қылса, екіншіде ағартушылыққа, оқу-білімге үлкен үмітпен қараған.

Патшалық билік тұсында мемлекеттілігінен айрылған Қазақстан бірнеше әкімшілік-аумақтық бағыныштылық пен талапайға ұшырады. Елдің ақпараттық тұтас кеңістігінен айрылып, оған демографиялық діни жаңа үдерістер қосылған соң, жалпы ұлттық идея өзінің міндеті мен көздегені жағынан әр аймақта әр түрлі болғанына әдістемелік мән беру қажеттігі туралы ұсыныс жасалған. Мысалы, отарлық қанаудың күшеюімен Орта жүз бен Кіші жүзде 1836–1838 жылдары Исатай-Махамбет, 1837–1847 жылдары Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық қозғалыс жүріп жатқанда, оңтүстік аймақта патшалықтың өктемдігі әлі орныға да қойған жоқ болатын. Мұнда дәурені өткен,

ертең өзі де отарға айналатын ортаазиялық билеушілер Ұлы жүз қазақтарын зар илетіп мықтымысынып жүрген еді.

Автордың көрсеткеніндей, қазақ даласының әр аймағында қалыптасқан нақты тарихи ахуалға қарай мұраты бір, міндеті әр алуан қазақ идеясы осылайша дүниеге келген. Тек XX ғасыр басында ғана, яғни отар өлкеге айналу аяқталғаннан жарты ғасырдай уақыт өткенде, бүкіл өлкенің азаттығын, қазақ мемлекетін құруды, оянуды ту еткен жалпықазақ идеясы Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап кетті. Ал оның бастау бұлағында бұрындары, кеңес заманында айтқандай пролетарлық төңкерісті дайындаған большевиктер емес, аз таралыммен-ақ қазақтың тілі, құлағы, көзі бола алған — «Қазақ», «Айқап» сынды газет-журналдар, Алаш автономиясының идеясын ұсынған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов басқарған либералды-демократиялық зиялылар тұрды.

Монографияда ұлт-азаттық қозғалысының мемлекеттік билік мәселесімен байланысы да егжей-тегжейлі талданған. Мемлекеттік билік мәселесін күн тәртібіне қоймаған әлеуметтік сілкініс бар болғаны ашыну, бүлікшіл, қарақшылық дәрежесінде қалады деп есептейді автор. Әрісі түркілер, берісі қазақтар көшпелі өмір салтын кеше жүріп, мемлекеттік билік тәрізді құндылықтардың парқы мен нарқын ежелден-ақ терең ұғынған. Әйтпесе жер-суын, тауы мен даласын, қағандығын, хандарын, батыр-билерін, заңдарын дәріптеген, мадақтаған, ұлықтаған жыр-аңыздарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізбес еді, мәңгі тасқа қашап жазбас еді.

Мемлекеттік билікті қолға алмай ұлт-азаттық қозғалысының діттеген мақсатына жетпейтінін идеологиялық шығармашылық тұрғыдан бекемдеген Махамбет тұжырымы Кенесары бас болған әлеуметтік сілкіністерде нақты шешімін тапты деп ой қорытады автор.

Автордың бағалауынша, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің маңызы да, салмағы да, төл тарихымыздан ойып алар орны да ерекше. Өйткені аталмыш алапат айқас алдына қойған арман-мақсатының айқындылығымен де, ауқымдылығымен де күллі Алашты ортақ мүддеге жұмылдыра білген жалпыхалықтық сипатымен де дараланып тұрады.

Автордың көңіл аударған бір мәселесі, Кенесары Қасымұлының бастаған көтерілісінің басқа көтерілістерден басты ерекшелігі Қазақстанның барлық аумағын, яғни Үш жүзді қамтуы еді. Көтеріліс барысында Кенесары әскерінің саны 20 мыңға дейін жетті. Хандық билік қалпына келтіріліп, Қазақ хандығы қайта құрылды. 1841 ж. қыркүйекте қазақтың Үш жүзі өкілдерінің Ұлытауда өткен Құрылтайында Кенесары Қасымұлы бүкіл қазақ ханы болып жарияланды. Хан Кене әскері Қоқан хандығының қол астындағы Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт, Жүлек бекіністерін қоршауға алды. Бұл бекіністерді азат ету көтерілісшілердің жігері мен жауынгерлік рухын көтерді. Қазақ жерінің аумақтық тұтастығын қалпына келтіру, оның дербестігін сақтау туралы Кенесарының саяси талаптары Ресей императоры І Николайға, Орынбор губернаторлары В. Перовскийге, В. Обручевке, Сібір губернаторы П. Горчаковқа, Орынбор Шекаралық комиссиясының төрағасы А. Генске жолдаған хаттарында ашық баяндалды.

Кітаптың мазмұнына арқау болған екінші келелі мәселе — елі мен жерін жаудан қорғаған өжет, қайтпас күш иелері, ата-мекенде елдіктің уызын ұйытқан, халқының еңсесін көтерген батырлар тұлғасының сыр мен сынға толы әлеуметтік бейнесі.

Батыр туралы сөз бастаудың, ой тастаудың басты шарты — қазақты тану және қазақты таныту, осы түйінді міндеттердің басты жолы мен өтімді тәсілдерін өзара үйлестіру. Қала берсе, батыл ізденіс-әрекетті жасампаздық күшпен әлеуметтік қауымның құралына айналдыру. Ұрпақ ұсақтап, халық жалтақтап, жастар арасында ездік пиғыл орныққан сайын ерлердің тәжірибесінен тәлім алудың, ерлердің өнегесінен үлгі алудың, ерлердің өнегелі дәстүрі мен тәсілін меңгерудің маңызды екендігі анағұрлым артуда.

Халқымызда батырлар туралы аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар өте мол. Себебі қазақ тарихының бағдары мен беттерін, оның батырлары — қолбасшылары, ел басшылары, би-шешендері, мәмлелерлері, саясаткерлері әрі қарай ұштастырды. Олар батылдығы басым, күшті әрекеттің басы-қасында болды, халқымен бірге қоян-қолтық өмір сүрді, халқының салт-дәстүрін сақтай білді.

Сан алуан батырлар елдің тірегі де, тұтқасы да болғандар. Олар — жігерлі де намысқой жауынгерлер, абыройы бір басынан асқан ерлер. Ел-жұрт батырлардың ерлігімен, естілігімен, ептілігімен бақытты, беделді болған, өсіп-өнген. Батырлар қаншама көп болмасын, олар — халық дәстүріндегі ескіліктің жәрдемшісі, жаңалықтың жаршысы, естіліктің белгісі, ерліктің үлгісіндей. Батырлар ерлігінде халық өнегесінің ізі, тарих оқиғасының қисыны суреттеледі. Батырлар әрекетінде ел мінезі, ұрпақ ұғымы, ел қиялы қабаттасып жатады. Батылдық қара күште ғана емес, епті қайратта, айла-амалда. Батыр басы сонысымен бағалы, батыр аты сонысымен ардақты еді. Батырлар бейнесі

ұрпақтар арасында сомдалған, ел қиялынан туындаған тұлғалық, батырлар беделі — ел хикаясындағы естеліктер мен әңгімелер.

Автордың бірнеше жылдар бойы дайындаған осы еңбегінде қалың қазақты атқа қондырған ұлт-азаттық көтерілістің бас сардарларының бірі, ақтық демі біткенше Кене ханның ең сенімді серігі бола білген мыңбасы — Мәнжі Күржікейұлы баһадүр жайлы сыр шертілген. Кенесарының құрметіне бөленген Мәнжі батырдың хан сарбаздарын даярлап, жаттықтырып, дайындаудағы сардарлығы бір бөлек; жекпе-жекке шығып, жау жыққаны бір бөлек; жеке шауып, шеп бұзғаны бір бөлек сараланған. Олардың әрқайсысы жеке-жеке талданып, зерттеліп, кейінгі ұрпаққа өнеге ретіндегі үлгілі істердің басы болары сөзсіз.

Қазақтың хас батырларының бірегейі, туған елінің тәуелсіздігін көксеп, басын бәйгеге тіккен, елінің бостандығы үшін ажалға қарсы шапқан, арыстандай арпалысқан аяулы, ардагер батыр Мәнжі Күржікейұлы 1815 ж. қазіргі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында дүниеге келіп, шамамен 1911 ж. қайтыс болған. Арғын-Алтай тайпасының Қареке руынан шыққан.

Автордың байқағанындай, Мәнжі батырдың өмірі — небір қиындыққа, қыспақ пен қиянатқа толы ғұмыр. Ол — патшаның отарлау саясатына қарсы шығып, қол бастаған атақты батыр. Оның бүкіл өмірін, ерлікке толы іс-әрекетін XIX ғасырдың орта кезінде өткен әйгілі оқиға — Кенесары хан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысынан бөліп алып қарауға болмайды. Мәнжі батыр — өз ғұмырында туған елінің тәуелсіздігі мен бостандығын, еркіндігі мен егемендігін армандап өткен тарихи тұлға.

Кітаптағы хан Кене әскерінің шешуші шайқастарда жеңіске жетуі қол бастаған батырдың тапқырлығы мен шеберлігіне байланысты десек, Мәнжі батыр бойына сондай қабілеттерді жинай білген сардар. Осындай ерлердің ерлігі арқасында қалың елдің бірлігі сақталып, жүгірген аңның тұяғы тозып, ұшқан құстың қанаты талатын ұланғайыр даланың ұлтымызға ұя болғанын бүгінгі ұрпақ біле жүргені жөн. Оның себебі кешегі кеңестік жүйе кезінде дала қазағы «жабайы» саналып, елі мен жеріне соқпай, батыры мен бегі жоқтай айтылып, жазылып, тұтас ұлт сауатсыздар санатында саналғаны жасырын емес. Ал, ел тәуелсіздік алғаннан кейін оң-солымызға қарап, өткенімізді саралап, өшкенімізді іздеген кезде асылдарымыздың тот баспай жарқырай көзге түскенін көріп жүрміз.

Монографияда айтылғандай, патшалық Ресейдің озбыр отаршылдығы салдарынан көптеген ұсақ халықтар жер бетінен жойылып кеткені бүгінде тарихи ақиқат. Арманы көп аз халықтардың амалсыз күресінің алдыңғы шебінде атойлап, қашан да алға шығатындар — тағы да сол айтулы батырлар.

Хан Кене секілді, Ұлы тұлғамен үзеңгілес жүріп, жосын жорықтарда қалың қолды бастаған Мәнжі батырдың тұлғалық ерекшелігін сомдау, оның ұлағатты ісін ұрпаққа таныту — бүгінгі буынның алдында тұрған үлкен міндет. Осы бағытта, ең алдымен, ел тарихындағы Кенесары хан жайлы қатталған деректерді қазбалап, сол арқылы батыр бабамыздың болмысын ашу мақсатында аймағымыздың ғалымдары мен тарихшылары, ақындары мен ұлтжанды азаматтары үлкен шығармашылық ізденіспен еңбек етуде.

Соңғы уақытта Мәнжі батырдың асқан ерлігіне арналған бір кітап, екі тарихи дастан жазылды. «Азаттықтың қаһарманы Мәнжі батыр» атты кітапты жарыққа шығарған, осы монографияның авторы көрнекті ғалым Рашит Саттарұлы Каренов болса, дастандардың біреуінің авторы белгілі ақын Сәбит Бексейіт, екінші дастанды жазып қалдырған ақын, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі марқұм Солдатхан Орайханұлы. Бұл туындыларды оқып отырып ұлтжанды азаматтар қатты тебіренеді. Ойлардан көкіректері өксіп, көздеріне жас тығылады. Ал жас ұрпақ үшін бабаларымыздың батырлығы мен ақыл-парасаттылығын көрсететін батырлар жырының Отанға деген сүйіспеншілікті оятудағы, туған елді ардақтаудағы, ұлттық рух пен идеологияны қалыптастырудағы, туған тілді құрметтеудегі, бабалар аманаты мен ел тағдыры үшін өзінің де жауапты екендігін сезінудегі тәрбиелік тәлімі мен берері мол. Өткен күнге ой жіберсек, осыдан 10 жыл бұрын Мәнжі батырдың 190 жылдық тойы аталып өтті. Бұл тойдың алдында бізге қуанышты хабар жеткен еді: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы № 497 Қаулысы (№ 1 қосымшасы) бойынша Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Қаражар ауылындағы орта мектепке Мәнжі батырдың есімі берілді. Батыр тойын өткізуге арнайы қабылданған бағдарламаның аясында бірінші кезекте Мәнжі Күржікейұлының болмысын бейнелейтін танымдық, тағылымдық шаралар қолға алынды. Расында, бұл іс-шаралардың маңызы ерекше. Себебі олар ұлт тарихын жастарға ұғындырады; 1837–1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің алдыңғы шебінде айқасып, арбасқан жаудан айбынын асырған, ерлігімен елді аузына қаратқан Мәнжі Күржікейұлының батырлық болмысының бірте-бірте биіктей түскенін көрсетеді. Мәнжі Күржікейұлын тек батырлық бейнесінде қалдырмай, оның

шешендігін, өз дәуіріндегі әлеуметтік ахуалды қалыптастыруға бағытталған көсемдік келбетін де таныстыру үшін мектепте «Мәнжі батыр мұражайы» ашылды.

Автордың ойынша, басты назарда болатын, әрбір адам үшін ерекше қағида болып қалыптасқан мәселе — бүгінгі әр қазақтың, әр қазақстандықтың тәуелсіздік, дербестік жағдайында өмір сүруі; сол тәуелсіздіктің күні кешегі батыр-бабаларымыздың төгілген қанымен, ғажайып әдеби, мәдени мұраларымен келгендігі.

Сөз соңында айтарымыз, оқырман қауымға жол тартқан бұл еңбек ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы аңсаған арманы — Тәуелсіздік үшін жүргізген ұлт-азаттық қозғалыста басшылық жасаған Кенесары хан Қасымұлының отаршылдыққа қарсы көтерілісінде бас сардарлардың бірі болған, ақтық демі біткенше Кене ханның ең сенімді серігі бола білген мыңбасы — Мәнжі Күржікейұлы баһадүр жайлы жазылған мәңгілік құндылығы бар шығарма. Сондықтан отансүйгіш әрбір қазақ азаматы өскелең ұрпақты елжандылық рухында тәрбиелеу үшін осындай қаһарман Мәнжі батырдай ұлдарының есімдерін асқақтата беруге үлес қоса отырып, жылдар мен ғасырлар өткен сайын баһадүрдің Отаны үшін жасаған керемет ерліктерін уағыздай берген абзал.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Abduov, M.I.** — Dean, Professor of Kazakh literature, Doctor of philological sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Abduova, N.M.** — Master of a practical course of the Kazakh language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Abilkassov, G.M.** — Candidate of philological sciences, Karaganda State Technical University.
- Abisheva, V.T.** — Doctor of philological sciences, Professor, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Aitbaeva, B.M.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of philological sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Alimakynuly, D.** — Professor, Ile Pedagogical University, Shynzhan, China.
- Azharbekova, E.N.** — Senior lecturer, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Balapanova, K.Zh.** — Master of a practical course of the Kazakh language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Demyanova, Yu.A.** — Senior lecturer, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kalybekova, K.S.** — Candidate of philological sciences, Docent, Karaganda State Technical University.
- Karenov, R.S.** — Marketing professors, Doctor of economical sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kazbekov, T.B.** — Candidate of economical sciences, Docent, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Khamzina, K.M.** — Candidate of philological sciences, Docent, Karaganda State Technical University.
- Kenzhebekova, Zh.A.** — Master of a practical course of the Kazakh language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kurman, N.Zh.** — Doctor of pedagogical sciences, M.V.Lomonosov Moscow State University, Kazakhstan branch, Astana.
- Masakova, G.A.** — Candidate of philological sciences, Gumboldt Berlin University, Germany.
- Mizanbaeva, G.Sh.** — Senior lecturer of a practical course of the Kazakh language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Rakhymberlina, S.A.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of philological sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Sateeva, B.S.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of philological sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Takirov, S.U.** — Candidate of philological sciences, Docent, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Timoshenko, V.** — Master of Philology, teacher of English and Linguadidactics, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Shamshiyeva, Zh.N.** — Master of 1 course, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Zhakhan, A.K.** — Senior lecturer, Ye.A.Buketov Karaganda State University.